



Философия ғылымдарының докторы, профессор
Алтаев Жақыпбек Алтайұлының 75 жылдығына арналған
**«ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ:
ОЙШЫЛ, ФИЛОСОФ, ҒАЛЫМ»**
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
Алматы, Қазақстан, 21 сәуір 2023 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«АЛЬ-ФАРАБИ В МИРОВОЙ КУЛЬТУРЕ:
МЫСЛИТЕЛЬ, ФИЛОСОФ, УЧЕНЫЙ»**,
посвященной 75-летию профессора, доктора философских наук
Алтаева Жакыпбека Алтаевича
Алматы, Казахстан, 21 апреля 2023 г.

COLLECTION OF MATERIALS
international scientific and practical conference
**«AL-FARABI IN WORLD CULTURE:
THINKER, PHILOSOPHER, SCHOLAR»**,
dedicated to the 75th anniversary of Professor, doctor of Philosophy Zhakypbek Altaev
Almaty, Kazakhstan, April 21, 2023



**Философия ғылымдарының докторы, профессор
Алтаев Жақыпбек Алтайұлының 75 жылдығына арналған
«ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ:
ОЙШЫЛ, ФИЛОСОФ, ҒАЛЫМ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
Алматы, Қазақстан, 21 сәуір 2023 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
«АЛЬ-ФАРАБИ В МИРОВОЙ КУЛЬТУРЕ:
МЫСЛИТЕЛЬ, ФИЛОСОФ, УЧЕНЫЙ»,
посвященной 75-летию профессора, доктора философских наук
Алтаева Жакыпбека Алтаевича
Алматы, Казахстан, 21 апреля 2023 г.**

**COLLECTION OF MATERIALS
international scientific and practical conference
«AL-FARABI IN WORLD CULTURE:
THINKER, PHILOSOPHER, SCHOLAR»,
dedicated to the 75th anniversary of Professor,
doctor of Philosophy Zhakypbek Altaev
Almaty, Kazakhstan, April 21, 2023**

**Алматы
«Қазақ университеті»
2023**

Бас редактор:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мейірбаев Б.Б.

Редакциялық топ:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканның ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Альчимбаева А.Б.

Әл-Фараби орталығының ғылыми кеңесшісі, философия ғылымының докторы, профессор Алтаев Ж.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының кандидаты Құранбек Ә.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі философия ғылымының докторы, профессор Құрманәлиева А.Д.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі Иманбаева Ж.М.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Алтаев Жақыпбек Алтайұлының 75 жылдығына арналған «Әлем мәдениетіндегі әл-Фараби: ойшыл, философ, ғалым» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Алматы, Қазақстан, 21 сәуір 2023 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 210 б.

ISBN 978-601-04-6486-5

«Әлем мәдениетіндегі әл-Фараби: ойшыл, философ, ғалым» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы (Алматы қ., 21 сәуір 2023 ж.) әлемдік философия мен ғылымдағы әл-Фараби мұрасы, түрік халықтарының философиясы, заманауи Қазақстан философиясының өзекті мәселелері мен болашақ даму бағытын зерттеуге арналған баяндамалар мен мақалаларды қамтиды.

Басылым әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласының зерттеушілеріне, ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, магистранттар мен докторанттарға арналған.

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланады.

Мазмұны

ҚҰТТЫҚТАУ ХАТТАР

<i>Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев</i>	7
<i>Дархан Жазықбаев</i>	8
<i>Саясат Нұрбек</i>	9
<i>Жансейіт Түймебаев</i>	10
<i>Дархан Қыдырәлі</i>	11
<i>Әлімжан Құртаев</i>	12
<i>Серік Сейдуманов</i>	13
<i>Ранда Ризк</i>	14
<i>Жанар Темірбекова</i>	15
<i>Ерлан Сыдықов</i>	16
<i>Қуат Баймырзаев</i>	17
<i>Дария Қоғамжарова</i>	18
<i>Мейрам Бегентаев</i>	19
<i>Марат Баяндин</i>	20
<i>Сәлима Құнанбаева</i>	21
<i>Қайрат Құрманбаев</i>	22
<i>Бекжан Мейірбаев</i>	23
<i>Нұржан Қуантайұлы</i>	24
<i>Әсет Құранбек</i>	25

1-СЕКЦИЯ

ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯ МЕН ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ

FARABİ'DE GRAMER VE MANTİK	
<i>Айдынлы Я.</i>	26
Ж.АЛТАЙҰЛЫ – ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ	
<i>Раев Д. С.</i>	32
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ	
<i>Нұрмұратов С. Е., Тайжанов А. Т.</i>	36
УНИВЕРСАЛИИ ЭТИКИ И НРАВСТВЕННЫЕ ЦЕННОСТИ КАЗАХСКОГО НАРОДА	
<i>Ғабитов Т. Х., Қожан А.</i>	41
АЛЬ ФАРАБИ И ФИНАНСОВАЯ ПОЛИТИКА В КЫРГЫЗСТАНЕ: СВЯЗЬ МЕЖДУ ТЕОРИЕЙ И ПРАКТИКОЙ	
<i>Назаркулова Н. О.</i>	47
АЛЬ-ФАРАБИ И КЫРГЫЗСКАЯ ФИЛОСОФИЯ	
<i>Дыйканбаева Г. К.</i>	51
ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ГУМАНИТАРНОЙ КУЛЬТУРЫ В СВЕТЕ ФИЛОСОФИИ И ДУХОВНОСТИ МУСУЛЬМАНСКОГО ВОСТОКА И РЕНЕССАНСНОГО ЗАПАДА	
<i>Шадманов Қ. Б.</i>	54
ПРОФЕССОР ЖАҚЫПБЕК АЛТАЕВТЫҢ ҒАЛЫМДЫҚ ТҰЛҒАСЫ	
<i>Құранбек Ә., Қошқарбаев Е.</i>	59
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҰЛЫЛЫҒЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ	
<i>Ахметжанова К. Б.</i>	64
ӘЛ-ФАРАБИ - ӘЛЕМНІҢ ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ, ФИЛОСОФ ӘРІ ҒАЛЫМ	
<i>Медетбаев Т.</i>	69
ВКЛАД АЛЬ-ФАРОБИЙ В НАУКУ И КУЛЬТУРУ	
<i>Нишанова Н. Р.</i>	74
ТВОРЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРОБИЙ В МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ И НАУКЕ	
<i>Кулуева Ф. Г.</i>	78
ДОБРОДЕТЕЛЬНЫЙ ГОРОД АЛЬ-ФАРАБИ КАК РЕЦЕПЦИЯ СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОГО ИДЕАЛА АНТИЧНОЙ ФИЛОСОФИИ	

<i>Кулбашева Г. К.</i>	82
ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАҚЫТ МӘСЕЛЕСІ	
<i>Игисина Н. Б.</i>	85

2 СЕКЦИЯ

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ТҮРК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ

ӘЛ-ФАРАБИ ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕ	
<i>Телебаев Ф. Т.</i>	92
ТҮРКІ ҒҰЛАМАЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ОЙЛАР	
<i>Молтобарова К. И.</i>	95
М.МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР СИПАТЫ	
<i>Сембаева Г. М.</i>	99
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ	
<i>Әлиев Ш., Қанашев Р.</i>	103
КОНЦЕПЦИЯ «СОВЕРШЕННОГО ЧЕЛОВЕКА» В ЭТИЧЕСКОЙ ФИЛОСОФИИ АЛЬ – ФАРАБИ	
<i>Нығметова А. Т., Көшербаева Ә.</i>	108
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ САЯСИ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
<i>Наурузбаев Д.</i>	111
ӘЛ-ФАРАБИ КОНЦЕПЦИЯСЫ: «КЕМЕЛ АДАМ» МОДЕЛІ ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫ АДАМ	
<i>Сәрсенғали Б. Ж.</i>	114
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛАСЫ» ЖӘНЕ ҚАЗАҚ УТОПИЯСЫ	
<i>Сыздықова М. Б., Бимаханов Т. Д.</i>	118
ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ	
<i>Жиенбекова А. А.</i>	123
ДІНДАРЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ	
<i>Алтайқызы А.</i>	128
СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ	
<i>Әпенев Б. М., Қожамбердиев Б. Қ.</i>	132
ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ КЫРГЫЗСКИХ НОМАДОВ И ИХ ОТРАЖЕНИЕ В СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ И ФИЛОСОФСКОЙ МЫСЛИ	
<i>Бектанова А. К.</i>	136
АЛЬ-ФАРАБИ ОБ УБЕЖДАЮЩЕЙ СИЛЕ РИТОРИЧЕСКОЙ АРГУМЕНТАЦИИ	
<i>Файзиходжаева Д. И.</i>	142
ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ	
<i>Жапаров Д. А.</i>	146

3 СЕКЦИЯ

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ФИЛОСОФИЯСЫ: НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХИ ХРОНОТОПТАРЫ МЕН АРХЕТИПТЕРІ	
<i>Сатершинов Б. М.</i>	151
СОВРЕМЕННАЯ КАЗАХСТАНСКАЯ ФИЛОСОФИЯ: ВВЕДЕНИЕ К НАУКОМЕТРИЧЕСКОМУ АНАЛИЗУ	
<i>Лифанова Т. Ю., Вережкин А. В.</i>	155
ФИЛОСОФСКИЕ АСПЕКТЫ МЕЖРЕЛИГИОЗНОГО ДИАЛОГА В КАЗАХСТАНЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ	
<i>Мацюк Д. А.</i>	160
ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАШЫҚТАНУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫНЫҢ РӨЛІ	
<i>Бияздықова К. Ә.</i>	164
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
<i>Серікбай Г. Ж.</i>	167
ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЦИФРЛЫ ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ МЕН МОТИВАЦИЯСЫ	

<i>Бекенова Ж. Н.</i> КАТОЛИЧЕСКАЯ ЭСТЕТИКА В ДУХОВНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КАЗАХСТАНА	171
<i>Мкпо Д. С.</i> ОНТОЛОГИЯ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ И ВИРТУАЛЬНОСТЬ	175
<i>Лифанов С. А.</i> КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТТЕГІ УАҚЫТ ҚҰРЫЛЫМЫ	181
<i>Нарымбаев Қ. Д.</i> АНАЛИЗ СОБСТВЕННОСТИ В ЦЕРКВИ И В ИСЛАМСКОМ ПРАВЕ	186
<i>Мелисова Б.</i> ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ЭКСТРЕМИЗМА И ТЕРРОРИЗМА: ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ	189
<i>Амирова А. А.</i> ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫ - ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПШІ	194
<i>Бекдербек А. А.</i> РЕЛИГИОЗНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТУРЦИИ И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА СРЕДНЮЮ АЗИЮ	200
<i>Хишанло Р. Ш.</i>	201

ҚҰТТЫҚТАУ ХАТТАР
ПОЗДРАВИТЕЛЬНЫЕ ПИСЬМА
CONGRATULATORY LETTERS

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

Астана қаласы, Ақорда

Философия ғылымдарының докторы,
профессор, фарабитанушы
Ж.А. Алтаевқа

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді мерейтойыңызбен құттықтаймын!

Өзіңізді отандастарымыз белгілі ғалым және қоғам қайраткері ретінде жақсы біледі және құрметтейді.

Қазақстан ғылымының ілгері басуына сіңірген еңбегіңіз өте мол. Қазіргі қазақ философиясының негізін қалау жолында тыңнан түрен салдыңыз. Шығыс ойшылдары мен ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабиді бүгінгі заманмен байланыстыра отырып, терең зерттеуге сүбелі үлес қостыңыз.

Үлкен ізденістердің нәтижесінде қол жеткізген табыстарыңыз айтарлықтай. Ғасырлар өркениеті, философия тарихы, Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұралары, тағы басқа тақырыптарды қамтыған ғылыми еңбектеріңіз бен оқулықтарыңыз жоғары бағаланады. Сізден тәлім алған ізбасар шәкірттеріңіз биік белестерді бағындырып, оқу-ағарту саласында жемісті жұмыс жасап жүр.

Алдағы уақытта еліміздің рухани-мәдени байлығын арттыруға белсенді атсалысып, әрдайым ел-жұрттың сый-құрметіне бөлене беруіңізді тілектестігімді білдіремін.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін.

Қасым-Жомарт Тоқаев

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймын!

Сіздің өмір жолыңыз, ұзақ жылдар білім және ғылым саласындағы атқарған еңбегіңіз, философиялық пайым-парасатқа толы шығармаларыңыз ұрпаққа үлгі, мол рухани қазына.

Сіз қырық жылдан астам ғылыми-педагогикалық салада еңбек етіп, өмірлік тәжірибеңізді жас ғалымдардың тұтас бір буынының қалыптасуына жұмсап келесіз.

Өзіңіз тұрақты қызмет атқарған философия кафедрасы бүгінде еліміздегі философиялық білім берудің іргелі ғылыми-әдістемелік орталығына айналып отыр. «Әл-Фараби орталығы» аясында жүргізген ғылыми ізденістеріңіздің нәтижесінде бірнеше жобалардың жүзеге асып, бірқатар ғылыми жинақтардың жарық көруі – фарабитану ғылымына қосқан қомақты үлесіңіздің айқын көрінісі. Әл-Фараби мұрасын зерттеп, насихаттау жолындағы еңбегіңіз елімізге ғана емес, әлемнің іргелі ғылыми орталықтарына да аян.

Бүгінде өзіңіз ұстаздық етіп, тәрбиелеп өсірген шәкірттеріңіз еліміздің түкпір-түкпірінде жемісті қызмет атқаруда.

Әрдайым осындай сыйлы да, абыройлы қалпыңызбен ел игілігі жолында еңбегіңіздің еселеніп, нәтижелі жетістіктерге қол жеткізе беруіңізге шынайы көңілмен тілектестік білдіремін.

Жыпырағын кең жайған алып бәйтеректей болып, 75 жастың асқарына шығып отырған осы бір айтулы күнде сізге зор денсаулық, шығармашылығыңызға табыс, отбасыңызға амандық тілеймін!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ**

Астана қаласы,
«Министрліктер үйі»

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұжымының атынан және өз атымнан бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Жақыпбек Алтайұлы, Сіз бүкіл саналы болмысыңызда табанды ізденістің өнегесін көрсете жүріп, қазақ философиясы ғылымының қалыптасуына, өркендеп канат жаюына атсалысып келесіз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия кафедрасын 2003-2013 жылдары басқара жүріп, философия мамандығы бойынша мемлекеттік стандарттарды дайындап, философиялық пәндер бойынша бағдарламалар жасап, министрлікке ұсындыңыз. Сол қабылданған стандарттар мен бағдарламалар бүгінде Республика көлемінде басшылыққа алынып келеді. Министрлік тарапы да Сіздің ерен еңбегіңізді ескеріп, «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен марапаттады. Сіздің «Жылдың үздік оқытушысы» (2011ж.) грантының иегері атанғандығыңыз біздің жадымызда. Қазіргі таңда елімізде қазақ философиясы тарихы, мәдениет тарихы мен теориясы, әлеуметтік философияның өзекті мәселелерімен айналысатын ғалымдар мектебінің қалыптасуы Сіздің еңбегіңіздің нәтижесі.

Жақыпбек Алтайұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы «әл-Фараби орталығын» (2008-2020ж.) басқара жүріп, ғылыми зерттеулермен түбегейлі айналысқандығыңыз баршаға аян. Оған Сіздің жетекшілігіңізбен ғалымдар тобы бірнеше рет Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантын жеңіп алып «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мәдениеті» (2009-2011ж.), «Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі: әлеуметтік-философиялық аспектілері» (2012-2014ж.), «Заманауи әлемдік және қазақ мәдениеті дамуындағы әл-Фараби мұрасы» (2015-2017ж.) тақырыбында тыңғылықты жүргізілген зерттеулер куәлік етеді. Осы кезеңде өркениетін Ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани мұрасын зерделеумен айналыстыңыз. Өзіңіз авторы болып саналатын 500-ден астам ғылым еңбектеріңіз, оның ішінде 20 шақты монография, 10 оқулық пен 17 оқу құралдарыңыз ғылым жолындағы жастарға дұрыс жол тауып, рухани нәр беретіндігіне кәміл сенеміз. Сіздің тікелей жетекшілігіңізбен 30 ғылым кандидаты, 4 ғылым докторы, 7 PhD ғылыми ізденісін сәтті қорғап шықты. Бұның бәрі ұстаз-ғалымның қандай болуы керек екендігін аңғартса керек-ті.

Жақыпбек Алтайұлы, біз Сізді ұстаз-ғалым мен адамгершілік қасиеттерді тұла бойына үйлестіре білген азамат ретінде қадірлейміз. Бүгінгі 75 жасқа толған мерейтойыңыз құтты болғай! Деніңізге саулық, отбасыңызға бақыт пен ырыс-береке, ал ғылыми ізденістеріңіздің табысты болуын тілейміз. Мерейіңіз асқақтай берсін!

Ізгі ниетпен,

Саясат Нұрбек

Жансейіт Түймебаев
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы-Ректор

ҚҰРМЕТТІ ЖАҚЫПБЕК АЛТАЙҰЛЫ!

Сізді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және өз атымнан мерейлі 75 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз бұл белеске халқымыздың зиялы тұлғасы, көрнекті ғылым қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор, ардагер ұстаз-ғалым ретінде үлкен абыроймен көтерілдіңіз.

Сіз еліміздегі философия ғылымын жаңа бағытта зерттеп, Түркі әлеміне ортақ ғылыми еңбектер жаздыңыз.

Іргелі зерттеулер жүргізіп, мазмұнды монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырып, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырдыңыз.

Сіз қажымас қайрат пен күш-жігеріңізді аямай қазақ халқының мәдениеті мен философиясының қалыптасып, өркендеп дамуына сүбелі үлес қостыңыз.

Қазақ фәлсафа тарихын әлемдік философиямен ұштастырып, ұлттық ойлауды зерттеудің теориялық-әдіснамалық үлгісін қалыптастырдыңыз.

Қарашаңызарқ ҚазҰУ-да құрылған «Фараби орталығын» басқарып, ғұлама ғалымдардың ізденіс көшін абыроймен жалғастырып келесіз.

Сіздің қаламыңыздан туындаған 500-ге жуық ғылыми еңбектеріңіз, оның ішінде 10 оқулық, 17 оқу құралы, 20 монографияларыңыз ғылым мен білім жолын таңдаған жастарға бағыт-бағдар сыйлап, рухани азық болды.

Сіздің жетекшілігіңізбен 30 ғылым кандидаты, 4 ғылым докторы, 7 PhD және көптеген магистранттар мен бакалавр студенттер ғылыми жұмыстарын сәтті қорғап шықты.

Терең ізденістеріңіз бен бүгінге дейін қол жеткізген табыстарыңыз халықаралық ғылыми қауымдастықта мойындалып, жоғары бағасын алды.

Сіздің еңбекқорлығыңыз бен жеткен жетістіктеріңіз ізбасар ғалымдар үшін үлгі-өнеге.

Университетіміздің дамуына белсенді араласып, қайраткер ғалым ретінде білім ордасындағы игі бастамаларға үн қосып келесіз.

Әрдайым жастардың жанашыр тәлімгері болып, шәкірттеріңізге өнегелі білім беріп, ел алдында мәртебеңіз биіктей берсін!

Мерейлі тойыңызда Сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға құт-береке, еңбегіңізге табыс тілеймін!

Дархан Қыдырәлі
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді мерейлі 75 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Өзіңізді ғылым саласында ұзақ жылдан бері қажырлы қызмет етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз, көрнекті фарабитанушы ғалым ретінде жақсы білеміз!

Сіздің жетекшілігіңізбен философия мамандығынан мемлекеттік стандарт пен және философиялық пәндерден типтік бағдарламалар жасалып, ғылыми айналымға түскені баршаға аян.

«Қазақ философиясы», «Қазақ халқының рухани мұралары», «Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы» сынды еңбектеріңіз еліміздегі ғылыми қауымдастық пен қалың оқырманға ғана емес, шетел ғалымдарына да кеңінен танымал.

Ұзақ жылдар атқарған ұстаздық еңбегіңіздің нәтижесінде көптеген шәкірттеріңіз философия ғылымның дамуы мен өркендеуіне зор үлес қосып келеді. Әлі де талай шәкірттер тәрбиелеп, ғылыми ізденістеріңізді жалғастыра беруіңізге тілектеспіз.

Бүгінгі мерейлі жасыңызда сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін!

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді бүгінгі 75 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Жалпы Жақаңмен мені таныстырған Әбу Насыр әл-Фарабидің рухы десем қателеспеймін. Әл-Фараби бабамыздың тарихын зерттеу мен үшін жас кезімнен алып келе жатқан дүниемнің бірі.

Ғұламаның еңбектерімен танысуға А.Машановтың, А.Қасымжановтың, Ә.Дербісәлінің т.б. ғалымдардың еңбектерімен қатар Жақыпбек Алтайұлының Әл-Фараби туралы жарық көрген көптеген туындылары маған рухани азық болды.

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы, қазақ елінің нағыз ер азаматы ретінде, ұлағатты өмірлік жолыңызда атқарған еңбектеріңіз кім-кімге болсын үлгі-өнеге, жас ұрпақ үшін даналықтың қайнар көзі! Ел руханиятының дамуына қосқан үлестеріңізді, жаңа ұрпақтың бейбітшілікте бақытты өмір сүруі жолында аянбай барын салғаныңызды және ұлтжандылық пен төреге тән ерлік қасиетіңізді халық ыстық ықыласпен қабылдап отырады.

Қазақ философиясы, мәдениет тарихы мен теориясы мәселелерін зерттеумен шұғылданып, көптеген еңбектеріңіз бүгінгі жас буынға үлкен ғылыми негіз болуда.

40 жылдан астам уақыт білім беру саласында аянбай еңбек етіп, қажыр-қайратын, қарым-қабілетін білімге құштар жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсаған жанның қандай құрмет-қошеметке болса да лайық екені сөзсіз. Осы жылдарда қарапайым оқытушыдан ең үздік тәлімгер дәрежесіне өзіңнің ақыл-парасатыңызбен, адалдық-іскерлігіңізбен көтерілген ағамыз ретінде білім беру саласына сіңірген ерен еңбегіңіз лайықты бағаланды. Білім және ғылым министрлігінің «Үздік оқытушы» гранты, Қазығұрт ауданының «Құрметті азаматы», Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін ҚР Білім және Ғылым министрлігінің медалі, Фарабитану ғылымына қосқан үлесі үшін «әл-Фараби» алтын медалі сияқты марапаттарға ие болған едіңіз.

Сонымен бірге, есімі күллі әлемге белгілі, бүгінгі қазақ жерінде дүниеге келген Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерін зерттеуге, әлеуметтік философия мен адам мәселесіне талдау жасауға сүбелі үлесіңізді қосып, студенттер мен әл-Фарабиды зерттеуде шетелдік ғалымдармен тығыз байланыс орнатып, Қазақстанда бұрын-соңды жарияланбаған тың деректерді алуға ықпалыңызды тигізіп, Қазақ ұлттық университеті жанынан әл-Фараби атындағы ғылыми орталықтың ашылуына мұрындық болған едіңіз. Ғылыми орталық құрылған уақыттан бері халықаралық конференциялар ұйымдастырылып, әл-Фараби шығармашылығын зерттеуді жандандырып келесіз.

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы, Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін. Алдағы уақытта қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз!

Серік Сейдуманов
Философия, саясаттану және дінтану
Институтының Бас директоры,
э.ғ.д., профессор, Ұлттық ғылым
академиясының академигі

ҚҰРМЕТТІ ЖАҚЫПБЕК АЛТАЙҰЛЫ!

Сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймын! Шығармашылық саласында үлкен табыстар тілейміз!

Сізді халқымыздың сан ғасырлық философиялық ойының тарихын, қордаланған мәдени және рухани мұрасын бір жүйеге келтіруге белсенді араласқан, өзінің ғұмырын іргелі ғылымға, оның ішінде философия тарихы саласын дамытуға арнаған көрнекті ғалым, жоғары оқу орындарында табысты қызмет атқарған ұлағатты ұстаз ретінде білеміз. Белгілі қазақстандық философ, данышпан ғалым Ағын Қасымжановтың шәкірті ретінде әл-Фараби ілімін жан-жақты зерттеген маман ретінде отанымызда ғана емес, сонымен қатар шетелдерде белгілі кәсіби мамансыз.

Сіздің көптеген ғылыми еңбектеріңіз топтама түрінде бірнеше томдық жинақ түрінде жарық көргені белгілі. Біздің институтта жарияланған «Қазақ даласының ойшылдары» еңбекте автор болдыңыз. Бірнеше мақалаларыңыз шетелдерде жарық көргенін атап өтуге болады. Америка Құрама Штаттарында тағылымдама өткеніңізді, талай шетелдік беделді мамандарды елімізге тартып, дәрістер оқуды ұйымдастырғаныңыз белгілі. Сіздің ғылыми еңбектеріңіздің негізі философия мен мәдениет тарихы, философиялық антропология, қазақ халқының дүниетанымы мен этикасын зерделеуге арналған. Осы салалар бойынша дайындалған көптеген шәкірттеріңіз қазіргі кезеңде еліміздің түкпір-түкпірлерінде сапалы қызмет атқаруда.

Сіз Философия, саясаттану және дінтану институты ауқымындағы өткізілген ғылыми форумдарға қатысып, «Қазақ даласының ойшылдары» топтамасының авторларының бірі болдыңыз. Сіз философия тарихының өзекті мәселелерін талқылаумен ғана шектелмей, қазіргі заман үшін маңызды ғылым философиясының сан қырларын, адам болмысының мәдени кеңістіктегі орнын анықтауға тырысып келесіз. Сізге ғылым мен білім саласындағы ерекше еңбегіңіз үшін көптеген мемлекеттік марапаттар берілгенін, әсіресе, «Әл-Фараби алтын медалінің» иегері болғаныңызды біздің әріптестеріміз жақсы біледі. Алдағы уақытта одан басқа да лайықты атақтарға жете беріңіз, беделіңіз арта берсін!

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы, Институттың ғалымдар қауымы Сізді жетпіс бес жылдық мерейтойыңызбен құттықтай отырып, өзіңізге және сіздің жақын-жуықтарыңызға ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, зор денсаулық тілейді!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!
Әлемдердің Раббысы Аллаға мақтаулар болсын!

Алдымен ұлы философ әл-Фарабидің философиясын жаңғыртқан осынау үлкен халықаралық конференцияны ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін, әсіресе, профессор, доктор Жақыпбек Алтаевқа философия саласындағы ғылыми ізденістері мен ғылыми зерттеулері үшін алғысымды, ризашылығымды, сәлемімді және шынайы құрметімді білдіремін.

Мәдени мұра кеңістікке де, уақытқа да байланысты емес, сан алуан саналардың ортақ өнімі екені даусыз. Сонымен қатар, бұл идея адамзат тарихындағы әртүрлі өркениетті мәдениеттерде, соның ішінде Қазақстанның тарихында, әсіресе, әл-Фарабиде пайда болып, орныққан. Әл-Фараби — қазақ халқының ғана емес, бүкіл әлемнің мақтанышы, өйткені ол ұлы ойшылдардың қатарына жатады, оның ақыл-парасаты жоғары болғандықтан адамзатқа көптеген қызмет етті, өнерін дарытты.

Мысыр Араб Республикасының Президенті Абдул Фаттах Әл-Сиси 2016 жылы 26 ақпанда Қазақстанда «Қазақ даласының ұлы перзенті, әйгілі философ Әл-Фараби Қазақстанның да, Мысырдың да ортақ мақтанышы болып табылады» деп атап өтті.

Мысыр жазбаларында Әл-Фараби туралы ғылыми зерттеулер жүргізу үшін Каирге барған қазақ ғалымдары үшін пайдалы көптеген әл-Фараби еңбектері бар.

2019 жылдың қаңтар айында Мысырдың Қазақстандағы, Қырғызстандағы және Өзбекстандағы елшілігінде мәдени атташесі болған кезімде Каир университетінің ғимаратында Әл-Фараби атындағы ғылыми-білім беру орталығы ашылды.

Қорытындылай келе айтарым, мен Қазақстандағы Мысыр елшілігінде дипломатиялық қызмет атқарған кезде Қазақстанда тұрдым, әл-Фараби университетінде өткен ғылыми форумдарға қатыстым, университетке мәдени орталықты Мысыр кеңсесіне сыйға тарту құрметіне ие болдым. Қазақстандық студенттер мен Мысыр университеттері мен Қазақстан қалаларының көптеген университеттері арасындағы бейбіт қатар өмір сүру бағдарламаларына қатыстым. Атап айтқанда, әлемдегі ең ірі 150 университеттің қатарына кіретін әл-Фараби университетіне алғысымды білдіремін. Мен Қазақстандағы ең үлкен және ең көне университетте жұмыс істейтін профессор, доктор Алтаевқа алғыс айтамын және оның дені сау, бақытты болуы үшін дұға етемін.

Құрметті профессор Алтаев, туған күніңіз құтты болсын! Ораза айтыңыз мүбәрак болсын, құрметті тұлғаңызға, университет басшыларына, үлкен ғылыми конференцияға қатысушылардың барлығына және құрметті баршаңызға шын жүректен сәлем мен алғыс айтамын. Алланың сәлемі, мейірімі және берекеті болсын!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, философия ғылымдарының докторы Ж.Алтаев мырзаға

Құрметті Жақыпбек аға!

Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз сонау студент кезде профессор Л.Е. Гарбердің жетекшілік етуімен, кейін, қазақстандық философия мектебінің ең ірі өкілдерінің бірі профессор Ағын Хайруллаұлы Қасымжановтың қасында жүріп ғылым жолына түстіңіз. Одан кейінгі кезеңдегі бүкіл шығармашылық жолыңыз, ғылым мен еңбек жолында жеткен табыстарыңыз Қазақтың білімі мен ғылымының қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен байланысты болды.

Ғылыми орта өзіңізді теориялық білімі терең, күрделі ғылыми тақырыптарға еркін баратын, ғылыми зерттеу методологиясын жетік меңгерген ғалым-ұстаз ретінде жақсы таниды. Біз сізді жоғары мәдениетті, парасатты, зиялы, өзінің айналасындағы адамдарға үнемі қамқоршы болып жүретін жүрегі кең ағамыз ретінде сыйлаймыз.

Көп жылдан бері қазақ философиясы тарихын, мәдениет теориясы мен тарихын, фарабитану мәселелерін зерттеумен айналысып, осы сала бойынша көптеген құнды ғылыми еңбектер шығарып, шәкірттеріңізді дайындап келесіз.

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы! Бүгінгі қуанышты мерейтойыңызбен Сізді шын жүректен құттықтай отырып, өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін!

Сіздің еңбекқорлығыңыз бен жеткен жетістіктеріңіз ізбасар жас ғалымдар үшін үлгі-өнеге. Әрдайым жастардың жанашыр тәлімгері болып, шәкірттеріңізге өнегелі білім беріп, ел алдында мәртебеңіз биіктей берсін!

Ғылым жолындағы бастамаларыңыз ел игілігіне қызмет ете берсін. Ізгі армандарыңыз бен алға қойған мақсаттарыңыз орындалсын.

Еліміздегі философия ғылымының дамуы жолында жемісті еңбек ете беріңіз демекпіз. Әрқашан осы жігерлі, қуатты қалпыңыздан таймай, абырой биігінен көріне беріңіз! Мерейіңіз әрқашан үстем, жүзіңіз жарқы болсын!

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Басқарма төрағасы-Ректоры

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессор-оқытушылар құрамы атынан құттықтаймын!

Қазақстандық философия ғылымның көрнекті өкілі, ұлағатты ұстаз, белгілі фарабитанушы ғалым ретінде Сіздің есіміңіз елімізде кеңінен танымал. Саналы ғұмырыңызды қазақ философиясының сан қырлы терең тақырыптарына арнап оқулықтар, монографиялар, ғылыми көпшілік мақалалар жазып халқымыздың рухани кемелденуіне сүбелі үлес қосып келесіз. Ұлтымыздың дара тұлғаларының рухани жазбаларын зерттеп, бүкіл әлемге танытуға күш жұмсағаныңызды көпшілік біледі.

Әсіресе, әл-Фараби орталығының жетекшісі ретінде еңбегіңіздің орны бөлек. 2014 жылдан бастап Сіздің басшылығыңызбен әл-Фараби орталығы Халықаралық Фараби форумын ұйымдастырып, шетелдік және отандық фарабитанушы ғалымдардың басын қосып сұхбат алаңына айналдырды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің іргелі зерттеулерді гранттық қаржыландыруы аясында «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мәдениеті», «Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі: әлеуметтік-философиялық аспектілері», «Заманауи әлемдік және қазақстандық мәдениеттің дамуындағы Әл-Фараби мұрасы» тақырыбындағы ғылыми жобаларды жүзеге асырғаныңызды ғылыми қауымдастық білуі тиіс.

Сіздің қаламыңыздан «Қазақ философиясы», «Қазақ халқының рухани мұрасы», «Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы», «Ислам философиясы», «Әл-Фараби дәуірі және өркениеттер сұхбаттастығы», «Әл-Фараби шығыстың ұлы философы», «Фарабитану» атты оқулықтарыңыз студенттер үшін негізгі әдебиеттер қатарында.

Сізді шуақты көктеммен бірге келген мерейтойыңызбен құттықтап, зор денсаулық тілейміз, ғылым мен ұстаздық қызметті үйлестіріп жүрген еңбегіңіз еселене берсін!

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Сізді Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ұжымы және өз атымнан 75 жасқа толған мерейтойыңызбен ізгі ниет, шынайы ықыласпен құттықтаймын!

Бүгінгі мерейтойыңызға қошеметтеуге лайықты жетістіктермен келіп отырсыз. Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымның және әріптестеріңіздің құрметіне бөлендіңіз. Сізді өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы білеміз. Тынымсыз ізденіс пен білімге деген құштарлығыңыздың арқасында «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, Қазақ ұлттық университетінің «Үлкен әл-Фараби алтын медалімен», Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің Алғыс хаттарымен марапатталдыңыз.

Сіз қазақ ғылымының дамуына үлес қосқан зерделі ғалымсыз. Сіздің жетекшілігіңізбен қазақ философиясы тарихы, мәдениет тарихы мен теориясы, әлеуметтік философияның өзекті мәселелерін зерттейтін ғалымдар мектебі қалыптасты. Сіздің ғылыми кеңесшілігіңізбен отандық және шетелдік кинокомпаниялар түсірген бірнеше деректі және анимациялық фильмдер жарық көрді. Өміріңіз нағыз майталман маманның, ұлағатты әкенің, еліміздің абзал азаматының өнегесі.

Ғылыми-педагогикалық қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесінде осы күнге дейін 500-ге жуық ғылыми еңбектің авторы атандыңыз. Сіз жазған монографиялар, оқу, оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми мақалалар өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып келеді.

Сонымен бірге 50 жылға жуық жемісті қызметіңіздің барысында 4 ғылым докторын, 32 ғылыми кандидатын, 6 PhD, 25-тен астам магистр дайындап, қазіргі уақытта 3 докторанттың ғылыми жұмысын басқарып, жастардың жанашыр тәлімгері болып, адамгершілік ізгі қасиеттеріңізбен кейінгі буынға үлгі-өнегеге көрсетіп жүрсіз.

Осындай мерейлі жасқа келіп жатқан Сізге тірлікте тұғырыңыздан таймай, әлі де талай асуларды табандылықпен алып, келер қиындықтарды қажырлықпен жеңіп, алға қойған мұраттарыңызға бойыңыздан қуат кетпей, амандықпен жете беріңіз демекпін!

Дария Қожамжарова
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ұжымы атынан 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізді әлемдік философияға үлес қосқан, тынымсыз ізденістеріңізбен қазақ философиясын мақтаныш ете жүретін ерен еңбегіңіз арқылы шәкірттеріңіздің сүйіспеншілігіне ие болған қоғам қайраткері, әлемдік деңгейдегі фарабитанушы ғалым-философ ретінде танимыз.

Сіздің өмір жолыңыз тынымсыз еңбекпен, үлкен ізденіс, табандылық пен парасатты қажырлықтан құралады. Сіз қызығы мен қиындығы қатар жүретін білім шаңырағында ерекше атқарған орны бар, ұстаздық жолдың барлық сатысынан өттіңіз. Сол үшін де сіздің еңбегіңіз ел алдында бағалы әрі құрметті деп санаймыз.

Қадірлі Жақыпбек Алтайұлы!

Бүгінгідей мерейлі сәтте ақ ниетпен құттықтап, зор денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе, дәулет тілейміз! Әлі де ғылымға қосар үлесіңіз мол болып, абырой беделіңіз артып, жанұяңыздың тірегі болып жүре беріңіз! Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы!

Осы қуанышты күні Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңыздың ырыс байлығын тілейміз!

Жақыпбек Алтайұлы қазақ философиясының қалыптасуына, оның әлемдік деңгейге танылуына тер төгіп келе жатқан тұғырлы тұлға. Бүгінгі мерейтойыңыз құтты болсын! Шәкіртке берер ұстаздық тәліміңіз таусылмасын! Өмір жолындағы еңбек сергектігіңіз, жауапкершілігіңіз ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлғасыз. Сіздің Әл-Фарабидің рухани мұрасын талқылап, танымал диалог алаңына айналуына қосқан үлесіңіздің өзі бір төбе екені сөзсіз.

Әл-Фараби әлемі арқылы қазақ дүниетанымының құндылықтарын әлемге танытуға үлес қосып, ұлттық құндылықтарыңызды қастерлеп карайтын тұлғалардың бірісіз. Бұл жылдар сіздің қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезең болды. Туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келесіз. Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей! Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз!

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры

Сізді 75 жасқа толған атаулы мерейтойыңызбен Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты ұжымы және өз атымнан шын жүректен құттықтаймын! Қазақтың білімі мен ғылымының, қара шаңырағы аталатын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында осы уақытқа дейін өткізген қызмет жылдарыңызда өзіңізді теориялық білімі терең, күрделі ғылыми тақырыптарға еркін баратын, ғылыми зерттеу методологиясын жетік меңгерген, педагогтық қабілеті жоғары маман ретінде керсетіп, ғалым-ұстаз болып қалыптастыңыз. Отандық философия тарихын жүйелі түрде толық баяндау мен ұлттық сананың қалыптасуына деген ерекше қажеттілікті ескеріп, ұлттық намысты жоғары ұстаз ретінде үнемі ізденісте, қажымай-талмай жемісті қызмет істеудесіз. Ұлттық философия тарихы, оның қайнар көздері, дүниежүзілік мәдениеттегі қазақ руханиятының ерекше орны, соған байланысты салыстырмалы зерттеулер сынды негізгі идеяңыздан туындаған еңбектеріңіз баға жетпес құнды дүниелер. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби Үлкен алтын медалімен» және де әл-Фараби еңбектерін зерттеуге қосқан үлесіңіз үшін ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың және ҚР Мемлекеттік хатшысы Қ. Көшербаевтың Алғыс хаттарымен марапатталдыңыз. Сіз жоғары мәдениетті, парасатты, зиялы, өзінің айналасындағы адамдарға қамқоршы, жан-жақты білімнің иесі, ізгі жан, қарапайым адамсыз. Сондықтан да өз әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің арасында шынайы бедел мен құрметке ие, көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз болып отырсыз. Сонымен қатар әріптестеріңіз, студенттер, шәкірттеріңізбен қарым-қатынасыңыздың өз орнықтылығы, байыптылығы, қатаң талаптармен қатар мейірбандығымен көзге түседі. Сіздің тұлғалық қасиеттеріңіз үлгі аларлық және мақтан тұтарлық. Сізді атаулы мерейтойыңызбен құттықтай отырып, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, жұмысыңызға шығармашылық табыс тілеймін!

ҚҰРМЕТТІ ЖАҚЫПБЕК АЛТАЙҰЛЫ

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 75 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сізді өмірде білікті, еңбекқор, табанды танымгер ғалым деп білемін.

Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық парасат Сізді зор құрметке бөледі. Өмірлік еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың кіршіксіздігі Өзіңіз, отбасыңыз үшін ғана емес, қатар жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой. Сіз жүріп өткен жол жас ұрпаққа үлгі тұтатын нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

Сіздің жетекшілігіңізбен қазақ философиясы тарихы, мәдениет тарихы мен теориясы, әлеуметтік философияның өзекті мәселелерін зерттейтін ғалымдар мектебі қалыптасты, 30 ғылым кандидаты, 4 ғылым докторы, 7 PhD даярланды.

Бұл жылдар сіз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, 2018 жылы ҚазҰУ-дің «Әл-Фараби Үлкен алтын медалімен» марапатталдыңыз. «Жылдың үздік оқытушысы» грантының иегерісіз.

Сіз туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келесіз. Ғылым саласына қосқан тың ойларыңыз бен жаңалықтарыңызды шәкірттеріңіз жалғастырады деген сенімдеміз.

Сіздің әл-Фараби еңбектерін зерттеуге қосқан үлесіңіз мемлекет басшылығы тарапынан да еленіп, ҚР Президенті Қ-Ж.К.Тоқаевтың және ҚР Мемлекеттік хатшысы Қ.Е.Көшербаевтың алғыс хаттарымен марапатталдыңыз.

Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашан да арта бергей!

Қадірлі ЖАҚЫПБЕК АЛТАЙҰЛЫ! Сізге осындай мерейлі күні шын көңілден мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, шаттық пен береке тілейміз! Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болғай.

Қайрат Құрманбаев

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры

Құрметті философия ғылымының докторы, профессор,
ҚР Жоғары мектебі ұлттық ғылым академиясының академигі
Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ұжымы атынан 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз білім саласында, оның ішінде қазақ философиясы, мәдениет тарихы мен теориясы мәселесін зерттеумен шұғылданып көп жылдар бойы өнегелі еңбек етіп, тындырымды істер атқарып келесіз. Сіздің түрік топырағынан шыққан аты әлемге әйгілі ислам философиясының біртуар өкілі – әл-Фараби мұрасын зерттеу мен насихаттаудағы еңбегінің еліміздің және алыс-жақын шет елдердің ғылым сүйер қауымына кеңінен танымал. Сондай-ақ Сіздің ислам философиясы саласындағы сүбелі еңбектеріңіздің еліміздің философиялық ой тарихында өзіндік орын алды.

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы! Сіз Қазақ ғылымы мен руханиятының қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы ұлттық университетінде ұзақ жылдар ұстаздық етіп, жастарымыздың біліммен сусындауына, философия мамандығының дамуына зор үлес қостыңыз. Шәкірттеріңізге осы бір қиын да, қызық саланың қыр-сырын үйретуден жалыққан емессіз. Сіз 7 монографиялық зерттеудің, 15-тен аса оқулық пен оқу құралдарының авторысыз, ғылыми еңбектеріңіздің жалпы саны 300-ден астам. 2018 жылы әл-Фарабидің 7 томдық шығармалар жинағын «Қазақ университеті» баспасынан шығаруға ат салыстыңыз. Сіздің жетекшілігіңізбен 30 ғылым кандидаты, 4 ғылым докторы, 5 (PhD) философия докторы қорғады, қазіргі уақытта 3 (PhD) докторантқа ғылыми жетекшілік етіп жүрсіз. Бүгінде әріптестеріңіз Сізді үлкен абырой-беделге ие болған тәжірибелі, үздік маман ретінде құрмет тұтып сыйлайды.

Денсаулығыңыз мықты, жүзіңіз жарқын, ғұмырыңыз ұзақ болуын тілейміз! Мәртебеңіз биік, мерейіңіз үстем болсын!

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінің ұжымы және өз атымнан 75 жасқа толған мерейлі тойыңызбен құттықтаймын! Тынымсыз еңбегіңіздің арқасында бірнеше буын шәкірт тәрбиелеп, өзіндік философиялық ғылыми мектеп қалыптастырдыңыз.

Сіз Қазақстан мәдениетімен ғылымына айрықша сүбелі үлес қосқан ірі ғалымсыз. Бүгінде көптеген жақын және алыс шетелдерге танымал философқа айналдыңыз. Шетелдік ғылыми қоғамдастық та есіміңізбен, ғылыми еңбектеріңізбен жақсы таныс. Халықаралық форумдар мен конференцияларда жасаған баяндамаларыңыз, ғылыми журналдарда жариялаған мақалаларыңыз – шын мәнісінде, сізді халықаралық философиялық ортаға танымал етті. Сол арқылы әлемдік философиялық қауымдастық Қазақ философиясына лайықты баға беру мүмкіндігіне ие болды. Өміріңіздің жарты ғасырға жуық уақытын ғылыми-педогогикалық қызметке арнап, қажырлы еңбегіңіздің арқасында 1985 жылдан философия кафедрасында доцент, 1998 жылдан профессор лауазымын атқарып келесіз. Әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығына басшылық еткен аралықта сіз жетекшілік еткен ғалымдар тобы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің іргелі зерттеулерді гранттық қаржыландыру аясында «әл-Фараби және қазақ халқының рухани мәдениеті», «Түріктердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі» және тағы басқа жобаларды табысты жүзеге асырды. Әл-Фараби орталығының іргелі ғылыми-зерттеу орталығына айналуына зор үлес қостыңыз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін шетелдік және отандық фарабитанушы ғалымдардың әл-Фарабидің рухани мұрасын талқылайтын танымал диалог алаңына айналуындағы да сіздің жанкешті еңбегіңізді бағаламау мүмкін емес. Қазіргі таңда да ұстаздық қызметіңізбен бірге әл-Фараби орталығының ғылыми кеңесшісі қызметтерін абыроймен атқарып келесіз. Сіздің ғылыми еңбек жолыңыз өскелең жас ұрпаққа үлгі.

Философиялық құндылықтармен қаруланған қазақстандық дарынды философтардың қатарына өз ойыңызбен, өз философиялық болмысыңызбен ене алдыңыз. Сол уақыттардан басталған ғалымдық жолыңыз бүгінде – 500-ге жуық ғылыми мақалалар және ондаған монографиялық еңбектеріңіз бен оқулықтарыңызды жазумен үлкен белеске көтеріліп отырсыз. Қазақ елінің философиялық қауымдастығының беделіне бедел қосатын зерттеу мақалаларыңыз ғылым кеңістігінде әлі де жариялануда. Біз мұны ғылымға және ұстаздыққа деген адалдық, өз ісіне деген үлкен жауапкершілік деп бағалаймыз. Сіздің философия тарихы, әлеуметтік философия, ислам философиясы қазақ философиясы және түрік философиясынан жазған көптеген мақалаларыңыз ғылыми ортада лайықты бағасын алды. Ол еңбектеріңіз туған еліңізбен қатар, бүтін Түрік Дүниесінің дамуына ықпал етері ешбір күмән туғызбаса керек.

Сонымен бірге әрдайым жастардың жанашыр тәлімгері болып, адамгершілік, ізгілік қасиеттеріңізбен кейінгі буынға үлгі-өнеге көрсетіп жүрсіз. Сіздің тағылымды өмір жолыңыз, адамгершілік ізгі қасиеттеріңіз бен ел алдындағы абыройлы қызметіңіз еліміз үшін де зор мақтаныш.

Құрметті, Жақыпбек Алтайұлы, бүгінгі 75 жасқа толған мерейтойыңызбен Өз атымнан тағы да шын жүректен құттықтаймын! Сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық, ғылыми ізденістеріңізге сәттілік және толағай табыстар тілеймін!

Нұржан Қуантайұлы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
Журналистика факультетінің деканы

Қадірлі Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді жеті асудың бел ортасы – мерейлі 75 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Осынау жылдар белесінде қазақ философиясы ғылымында атыңыз алтын әріппен жазылған айтулы тұлғасыз. Осы бағыттағы іргелі еңбектеріңізде қазақ дүниетанымындағы философиялық ой кешудің ерекшелігін зерделеген ғалымсыз. Фарабитану, ислам философиясы, философия тарихы саласында сүбелі еңбектер жаздыңыз. Мәдениет тарихы мен теориясы мәселелерін зерттеп, монографиялар, оқулықтар, оқу құралдарын жарыққа шығардыңыз.

Сонымен бірге әлемге әйгілі Шығыс ойшылдарының еңбектерін саралауыңыз – бөлек бір әлем десе, болады. Әл-Фарабиді зерттеушілерге бағыт-бағдар ұсынып, ересен еңбек сіңірдіңіз. Ұлттық университет жанынан Әл-Фараби атындағы ғылыми орталықтың ашылуына мұрындық болып, қазақтың ұлттық коды Әл-Фараби ілімінде жатқанын дәлелдеп, ғұлама шығармашылығын зерттеуді жандандырып келесіз.

Ал өмір жолыңыз болса, ізбасар шәкірттерге үлгі-өнеге болып келеді. Сіздің жетекшілігіңізбен қазақ философтарының тұтас бір буыны өсіп шықты.

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы! Тамыры тереңге тартқан бәйтеректей қазақ ғылымының тірегі болып, ортамызда аман жүріңіз, деніңіз сау болып, өміріңіз қуаныш пен қызыққа, шығармашылығыңыз толайым табыстарға тола берсін деп тілеймін!

Жаныңызда жанашыр жастар барда,
Зәу биікке шығыңыз, асқарларға.
Жетпіс бестің белесі артта қалып,
Сексен менен асыңыз тоқсаннан да!

Бақ пен шаттық сыйласа тағдыр дәйім,
Жібермей ме жайнатып жаның райын.
Мол мұраңыз көтеріп дәуірлерді,
Жүз жасқа, аға, жетіңіз Жамбылдайын!

Әсет Құранбек
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
философия кафедрасының меңгерушісі

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы!

Сізді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультеті Философия кафедрасының ұжымы және өз атымнан 75 жасқа толған мерейлі тойыңызбен құттықтаймын!

Сіз саналы ғұмырын хикмет пен даналықта өткізіп келе жатқан еліміздің біртуар азаматы, қайраткер қазанаты, ұлағатты ұстаз, айтулы ғалым, Ұлттық жоғары мектеп академиясының академигі, философия ғылымының докторы, профессор, фарабитанушы, қазақ философиясының негізін қалаушылардың бірі әрі бірегейі ретінде философияның асқаралы биігіне шығып, кейінгілерді де биікке жетелеп келе жатқан тау тұлғасыз.

Сіздің ғылыммен өрілген өнегелі өміріңіз ұстаздық, ғылыми, қайраткерлікті теңдей алып жүруімен ерекшеленеді. Ұлттық университетте кандидаттықтан, доценттікпен басталған ғалымдық қызметіңіз академиялық-ғылыми жағынан өсіп, докторлыққа, профессорлыққа, ЖОО үздік оқытушылығына, ҚР ЖМ ҰҒА корреспондент-мүшелігіне дейін ұласады, ұйымдастырушылық-басшылық қызметіңіз де кафедра меңгерушілігімен, әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығының директорлығымен сипатталады.

Сіз ұлт мүддесін алға қойып әлі де ешкім жүрмеген соқпақ – қазақ философиясына түрен салдыңыз. Ал бұл сүрлеу ғана емес көз ұшынан әрі түрік дүниесімен астасқан сайындайын кеңістіктін.

Сіздің фарабитанымдағы үлесіңізде айтып жеткізгісіз, телегей-теңіз. 2008 – 2020 жылдар аралығында «Әл-Фараби орталығы» ғылыми-зерттеу орталығын басқару кезеңінде шебер ұйымдастырушылық қабілетіңіздің арқасында министрлік назарын аударта отырып, талай іргелі зерттеулерге гранттық қаржыландыруға қол жеткізе білдіңіз. Осының арқасында «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мәдениеті», «Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі: әлеуметтік-философиялық аспектілері», «Заманауи әлемдік және қазақстандық мәдениеттің дамуындағы Әл-Фараби мұрасы» жобаларын табысты жүзеге асты. Әл-Фараби бабамызға қатысты жүздеген баспа табақ еңбектер, томдаған кітаптар басылып шықты, көптеген конференциялар, шаралар өткізілді, сандаған фильмдер түсірілді, шетелдермен барыс-келіс орнап, Фараби мәдени дәнекерге, сұхбаттар тақырыбына айналды. Ол игі істер науқанмен ғана шектелмей күні бүгінге дейін дәстүрге айналып үлгерді.

Сіздің философия тарихы мен теориясындағы және ғылымдағы үлесіңіз, сондай-ақ ел имиджін қалыптастырудағы үлесіңіз ұшан-теңіз! Тоқсаныншы жылдардан бергі басылып келе жатқан Философия, Философия тарихы оқулықтарыңыз студенттер үшін жағалаудағы маяк, бағдар іспетті. Сіздің оқырмандарыңыз ат төбеліндей академиялық орта, тар шеңберді маманданған кәсіп иелері, не тек философтар ғана емес. Олар қалың оқырман, бүкіл факультеттегі, еліміздің бүкіл оқу орнындағы, барлық мамандықтағы студенттер.

Сіз әл-Фараби арқылы Анахарсис, Қорқыт, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани сынды ғұламаларды да басқа қырынан танытқаны секілді, философия арқылы, қазақ философиясын, ал ол арқылы тұтас қазақ елін, оның имиджін қалыптастыруға атсалысып, Университетімізді, Елімізді әлемге танытып келесіз.

Құрметті Жақыпбек Алтайұлы! Бүгінгі кемеңгерлі 75 жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға баянды бақыт, ғылыми ізденістеріңіз сәтті де, табысты болғай деп тілейміз!

1-СЕКЦИЯ

ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯ МЕН ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ

FARABİ'DE GRAMER VE MANTIK

Яшар Айдынлы

PhD, Ұлыдағ Университеті теология факультетінің профессоры

Annotation. Al-Fārābī, who comprehensively addresses the problem of the relationship between grammar and logic and provides a certain solution, positions these two disciplines as distinct fields with different subjects and purposes. He differentiates between the two disciplines by asserting that the art of grammar provides rules for language and words, while the art of logic provides general rules for concepts/meanings. Therefore, in the debate between grammarians and logicians, he rejects categorically reductionist and denialist approaches to these two disciplines. According to him, the functions of grammar and logic are compatible, but this does not justify treating them as one and the same discipline or reducing one to the other. According to al-Fārābī, the subject of language is words and the rules regarding their proper use. However, the subject of logic is reasonable meanings and the rules that ensure their proper use.

Keywords: Grammar, logic, al-Fārābī, Abū Bishr Mattā ibn Yūnus, Yaḥyā ibn ‘Adī

1. Arka plan

Mantık ve mantığa dair meseleler, onuncu yüzyıl boyunca Bağdat'ta bulunan filozofların ortak konusu olmuştur. İlgi duydukları problemler, benimsedikleri yöntemler ve geliştirdikleri hassasiyetler itibarıyla bazı ortak özelliklere sahip olan bu filozoflara Bağdat Meşşai Okulu, Bağdat Okulu, Bağdat Mantık Okulu veya Bağdat Çevresi olarak işaret edilmektedir [Endress-Ferrari, 2017: 421]. Bu okul, mensuplarının hoca-talebe ilişkisi yoluyla doğrudan veya dolaylı olarak Fārābī ile irtibatlı olması hasebiyle, “Fārābī Okulu” olarak da isimlendirilmiştir [Netton, 2005]. Bu filozofları okul, medrese veya benzeri bir ad altında toplamamızı ve mütecanis bir yapının mensubu olarak görmemizi sağlayan birleştirici unsur, felsefenin diğer alanlarına yönelik ilgilerindeki yakınlık değil, felsefi faaliyetlerinin merkezine Aristocu mantığı yerleştirmiş olmalarıdır. Burada Fārābī'nin okul ile ilişkisi bağlamında bir hususu belirtmekte fayda vardır. Söz konusu okulun çoğu Hıristiyan olan ve Süryanice mantık geleneğine bağlı bulunan mensuplarıyla Fārābī arasında belirgin bir amaç farklılığı bulunmaktadır. Fārābī, okulun diğer temsilcilerinden farklı olarak, sadece bir mantıkçı değil, aynı zamanda İslam dünyasında felsefi etkinliğin çerçevesini ve ana yönelimlerini belirleyen kuşatıcı bir felsefi sistemin de sahibidir. Onun sisteminde mantık incelemeleri, sadece, Hıristiyan mantıkçılar tarafından tedris edildiği şekliyle geleneğin akademik çizgisinde ortaya çıkan problemlerle sınırlı kalmaz fakat aynı zamanda kelimeler ve fıkıh gibi dini ilimleri de kendi bünyesine katan geniş bir alanı kuşatır [Street, 2016: 31]. Dolayısıyla Fārābī'nin, mantıkla ilgili olarak kendisini Süryani-Hıristiyan topluluktan ayrı olarak konumlandığı ve Bağdatlı mantıkçıları yetersiz bulan İbn Sînâ'nın kafasında da böyle bir ayrımın bulunduğu söylenebilir. Bu okulun belli başlı temsilcileri şunlardır: İbrahim el-Mervezi (ö. 480/920), Ebû Bişr Mettâ b. Yûnus (ö. 328/ 940), Fārābī, Yahyâ b. Adî, Ebû Süleyman es-Sicistani (ö. 374/985), İsa b. Zura (398/1008), İbnü'l-Hammar (ö. 407/1017) ve İsa b. Ali (ö. 391/1001). Bu listeye, Ebû Hayyan et-Tevhidî ve Ebu'l-Ferec İbn et-Tayyib gibi başka isimler de eklenebilir [Halifat, 1988: 39]. Ancak biz okulun üç büyük temsilcisi olan Mettâ b. Yûnus, Fārābī ve İbn Adî'nin görüşlerine temas etmekle yetineceğiz.

Başta Mettâ b. Yûnus, Fārābī ve İbn Adî olmak üzere Bağdat Meşşailerinin mantığı, Galen'den itibaren kabul edildiği üzere, sadece tıp sanatı için değil bütün bilgi alanları için gerekli bir disiplin olarak görmüşler

ve bu anlayışın yaygın kabul görmesi hususunda gayret sarf etmişlerdir. Bağdatlı mantıkçıların eserleri, mantığın müstakil ve meşru bir disiplin olarak varlığını, hatadan koruyan ve hakikate yönlendiren bir alet olarak faydasını, doğru ve kesin bilginin yegane ölçütü olarak lüzumunu savunan açıklamalarla doludur. Bu çerçevede hem Arapça mantık terminolojisinin yetkinleşmesi ve yaygınlık kazanmasında hem de mantık incelemelerinin Organon külliyyatının tamamını nazarı dikkate alan bir kuşatıcılığa ulaşmasında, başta Fârâbî olmak üzere asrın filozoflarının büyük katkıları olmuştur.

2. Fârâbî'den Önce: Metta b. Yunus

Ғалым ұстаздың қайраткерлігі өз алдына бір төбе. Білімді ғана місе тұтпай, керек кезінде батыл мінезін де көрсетіп келе жатқан есіл ер. Ақиқат талап еткенде мерзімді басылым беттерінен талай түйткілді мәселеге үн қосқан, өзіміздегі техникалық факультеттер мен басқа да техникалық, медициналық т.б.тектен оқу орындары кезінде аласұрып, қағынан жерініп, өзім болдым өзім толдым, философия қажет емес, алып тасталсын дегенде ректор, министрлікке сарабал ойлары мен ұсыныс тілектерін айтып, оларды сабасына түсіріп философия апологиясын атқарған да осы Жақыпбек ағамыз.

Жақыпбек Алтайұлы нағыз өз заманының тумасы. Жақыпбек Алтайұлы арагидік мақаласы жария болып жылдар салып не жылға салым кітабы шығатын ғалымдардан емес. Ғалым ағамызға нәтиже, жеміс, өнім, өнімділік, шапшаңдық тән. Жақыпбек аға рух лабораториясын, рух фабрикасы мен рухани конвейерін орнықтыра білген, кітаптарын жылма-жыл, мақалаларын айма-ай үздіксіз, ұдайы, үдете, өндірте шығарып келе жатқан феноменал қабілет иесі. Бәріне уақыт табады. Уақыт ішінен микроуақыт тауып ал ба дерсің ... Бұның өзі бәрімізге өнеге, түрткі хәм мотивация. Ғылымдағы сүбелі үлесінің сыры осы шапшаңдықта болса керек.

Жақыпбек Алтайұлының жауаптылығы мен өз ісіне берілгендігі өз алдына жеке әңгіме. Кафедраны басқарған тұста факультет Амангелді көшесіндегі қазіргі Біліктілікті көтеру институты ғимаратында еді. Кісілігі мен кішілігі өне бойынан көрініп тұратын. Құдды Иммануил Кант дерсің. Сағат 10-дар шамасында екінші қабаттағы оқу залына соғып мерзімді баспасөзді бір шолып шығатын. Маман, лаборанттар әкеліп берсе де болатын-ды. Жоқ, ұстанымы сол, артық ешкімді мазаламайтын. Студенттерден бастап өтініш қылғанның бәріне жайдары сөзін де, көмегін де аямайтын. Жұмысқа рингке шыққандай құлшына кірісетін. Сағат кешкі алтыдан ғимараттың самаладай шамдары бірінен соң бірі сөне бастағанда екінші қабаттағы кафедра шамы мен үстелдегі шамшырақ әлі де жанып тұратын. Бұл Жақыпбек ағаның күнтізбе парғына «орындалды, ертеңге қалды, ертеңгі кездесу, ертеңгі істер...» деп жазба түсіретін сәті. Вахта дәптеріндегі кілтті ерте алған не бәрінен кейін өткізген тұста «Алтаев» деген белгілер назар аудартатын. Осынысымен де Жақыпбек Алтаев кафедраның, философияның «кілтін ұстаушысы», шамын жаққан «шырақшысы» деуге тұрарлық.

Аға жайында айтарымыз да, жазарымыз да көп. Олар әлі де, алда да айтылы да, жазыла да береді.

Жасай беріңіз! Кемел жасыңыз құтты болсын Жақыпбек аға!

Панельді үйдің бөлмесі. Жұмыс столына нық қонған ғалым. Айнала жайыла қойылған қағаздар, қолжазбалар фестивалі. Сызылуда, толығуда, түзелуде.... Бұл парақтар жақында, тасқа басылып жарыққа шығады. Аядай бөлмеден шығып оқырманға жол тартады, жан бітіп фильмдерге айналады. Қазіргі том том кітаптар бастапқыда осындай қолжазбалар тын. Қағаздарды сөйлетіп, рухтандырушы алты алаштың алтайы – Жақыпбек ағамыз.

Шабыт беріп, жасампаздыққа итерген даналықтың жайы, ағаның ұшқыр ойы, қабілеті, қарымы, әрине Райхан жеңгеміздің қою күрең шайы, әсем алматының торғын ауасы.

Саф ауамен терең тыныстап ғалым ағамыз балконнан тамылжыған түнгі аспанға көз тастады. Шокжұлдыздар жымыңдайды ... Фараби, Ясауи, Баласағұни

Бұрын болмаған жұлдыздар шоғыры түзілген екен ...Машани, Көбесов, Қасымжанов, әне бір тұсы жаңа жұлдыздармен толығыпты... Дербісәлі, Нысанбаев ...

Мақаламызды, ұстазымыздың бірқатар ойларымен аяқтайық.

Жақыпбек Алтайұлының айтқан сөздерінен:

Адамның интеллектуалдық деңгейін сол мемлекеттің философиясы мен ғылымының деңгейіне қарап байқауға болады.

Тәрбиemen ұштастырылмаған білімді игерген адамнан интеллектуал шықпайды.

Философия мен ғылымы дамымаған ел өркениетті елдер қатарына қосыла алмайды.

Ғылымда жай сөздің бағасы жоқ, ғылымда нақты дәлел керек.

Мемлекетте интеллектуалды жаңаша ойлай алатын адамдар болмаса, қоғамның ешбір саласы сапалы жаңа деңгейге көтерілуі қиын.

Қай жерде білім мен ғылымға ерекше қамқорлық жасалса, сол елдің үлкен мемлекет бола алатынын тарихтың өзі де дәлелдеп отыр.

Біз қазір Марксті ұмытып кеттік. Оны қайталап оқып отыру керек.

Оқығанның бәрі зиялы бола бермейді.

Жоғары білімді оқыған немесе лауазымды адамдардың бәрін зиялы деп айта аламыз ба? Жоқ. Лауазымы жоғары болғанмен, білімі жетіскенмен, тәрбиесі, имандылығы, интеллектуалдық деңгейі, ұлтжандылығы кем адамдар аз емес.

Өкінішке қарай, қоғамымызда адамдарды лауазымына қарай, әл-ауқатына қарап бағалайтын жаман әдет қалыптасып келеді. Бұл өте қауіпті.

Бізде ғылыммен шұғылданама десен кейбіреулер күледі. Олар сені сыйлау үшін сен не банк қызметкері, не кәсіпкер болуың керек сияқты. Біздіңше кейбір адамдар санасындағы осындай психологияны өзгерту қажет.

Ұлтшыл дегеннен қорықпау керек. Мәселенің бәрі осында.

Ғылым да, ғалымдар да, болашаққа жұмыс істейді.

Ой-өрісі, санасы биік, ғылым меңгерген адам бақытқа өзі ғана жетіп қоймайды, айналасындағы досын, жұртын, халқың да бірге жетелейді.

Дамыған елдер білім мен ғылымды капиталға айналдырды.

Біз әл-Фарабиді тану арқылы ұлтымызды, шаң басқан тарихымызды түгендеп, тереңде жатқан кәусар білім бұлағынан шөл қандырамыз.

Әл-Фараби қазақ философиясының бастау бұлағы.

Фараби антик философиясы мен ислам философиясын байланыстыра білді.

Фарабидің кіндік қаны тамған жері – Отырар. Фараб қаласында туғанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Ортағасырлық ислам мәдениеті мен философиясы өз дәуірінен озып, бүгінгі күнде де адамзат игілігі үшін қызмет етуде.

Ортағасырлық Ислам ренессансының Еуропа ғылымына жасаған ықпалы Еуропалық ренессанс дәуірінің басталуына алып келіп, әсіресе, жаратылыстану ғылымдарының дамуына жасаған әсері еуропалық өркендеу дәуірінің бетін ашты.

Батыс Еуропа ірі ойшылдары Р. Бэкон, Д. Скот өздерінің теориялық шығармаларында әл-Фараби, ибн Сина, ибн Рушд еңбектерін пайдаланған.

Фараби Еуропада Ренессанс ұғымының шығуына түрткі болды.

әл-Фараби – Шығыс пен Еуропа мәдениеттерін байланыстырушы «рухани көпірге» айналған, ғылым әлемінің қайталанбас феномені болды.

Қазақстанның атын шығаратын бір жоба – Әл-Фарабиді ұлықтау. Абай аты мен мұрасы – қазақтың бренді. Абай мен Фарабиді қазақ елінің «бренді» ретінде көтеруіміз керек.

Әл-Фараби – Ұлы дала ақыл-ойының туы. Біз сол туды биікте желбірете ұстауымыз керек!

Адам тіршілігінің бірегейлігі, жердегі тіршілігінің құндылығы әр адам жанының қайталанбас сонылығы Абайдың адам концепциясының негізгі идеялары.

Әл-Фараби мен Абайдың ғылыми ой пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Еуропа халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық ой пікірін және өнердің дамуына, жалпы рухани құндылықтардың дамуына әсер етіп, үлкен ықпалын тигізіп отыр.

Егер біз әлемге Фараби мен Абайды таныта білсек, қазақты таныта аламыз.

Зиялы қауымда ұлтжандылық жетіспей жатады.

Менің ойымша, унитарлық мемлекет болғандықтан бізге бір палаталы Парламент жеткілікті сияқты.

Қазақ дәстүрлі қоғамына философиялық емес, өте жалпыланған, бейнелі түрде аяқталған ойлау түріндегі философия тән

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті-квинтэссенция және шаруашылықты жүргізудің ерекше номадтық типінің көрінісі.

Ендігі жерде әлем Қазақстан мемлекетінің дамуын қазақ ұлтымен байланыстыра қарайды», деген оның салиқалы пікірімен толығынан келісуге болады

Халықтың рухани дүниесін бағалауға Еуропаның, яғни технократтық өлшеммен келу ешқашанда өлшемге жатпайды, біржақтылыққа апарады

Мәдениеттің диалогы болмаса, әлем қатерлі жағдайдың босағасынан қадам аттар жерде тұратын болады. Болмашы себептен өрт басталуы мүмкін.

Қоғамның техникалық дамуы шарықтау шегіне жету барысында ғылымның адамгершілік өзегі азып, рухани тірегі құлаған кезде - ғылыми ойдың тоқырауға ұшырау мүмкіншілігі арта береді.

Философия ғылыми өмір жолымның бар мәні мен мазмұны.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҰЛЫЛЫҒЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Андатпа. Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің әлемдік философияға, мәдениетке және ғылымның дамуына қосқан үлесі баяндалады. Әл-Фараби еңбектері орта ғасырлық дәуірде қалдырған мол құндылықтарымен, рухани мұрасымен ақыл ойына сүйенген дүниетанымдық, философиялық ғылыми көзқарастарының қалыптасуы философия тарихына, дамуына мол ықпал етті. Әл-Фарабидің мұраларын, құндылықтарын, еңбектерін, мұрасын философия мен ғылымда зерттеулер жан-жақты жүргізілуде.

Түйін сөздер: әл-Фараби; құндылықтар; рухани мұралар; ғылымдағы ашқан жаңалықтары; философиялық еңбектер.

Бүгінгі біздің қазақ философиясында және ғылымында Фарабитану мұраларында әл-Фарабидің еңбектері, құндылықтары, деректі мәліметтері кейінгі ұрпаққа үлкен жүйелі философиялық еңбектерін оқып, танысуларына үлкен серпіліс береді. Әл-Фарабидің философиялық дамуына, қалыптасуына және жаңғыруына трактаттары мен араб тілінен аударылған еңбектері ерекше.

Әл-Фараби өз заманының ұлы, өз беделімен, абыройымен сыйлы болған тұлға. Бүкіл әлемге өз шығарма, трактаттары мен шығармаларымен танымал болған ойшыл, пәлсапашы, математик, әлеуметтанушы, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыканы зерттеген, өз артында ізін қалдырған ғалым. Әл-Фараби, философ, адамның бойында ойшылдық ізгілік болмайынша, ол ерікке байланысты пайымдалатын мәндерді, түпкілікті қал-жағдайды ашып көрсете алмайды дейді [1].

Әл-Фараби өз ұлылығымен қаншама ғылымды жан-жақты қарастырған, дамытқан, әлемді таңғалдырған ұлы адам. Әбу Насыр әл-Фараби Отырар қаласында дүниеге келген біртуар ғұлама. «Әл» сөзі әділ, ақылды дегенді білдіреді. Әбу Насыр әл-Фараби кейінгі ұрпаққа бай мұра қалдыра отырып, оның еңбектері әлемдік деңгейде үлкен мәнге ие болды.

Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани мұрасына деген көзқарас және қызығушылық арттағы ұрпақты қанаттандырды. Әл-Фарабидің көпқырлы мұрасын бүгінгі таңда жан-жақты зерттеуде. Зерттеуде әл-Фарабидің ойын, мұрасын, әлемдік даму үдерісінен игілікті істері, ізгі ниеттері, әлем туралы көзқарастары, қайырымдылығы, көтеріңкілігі философиялық және діни, эстетикалық дүниетанымына үлкен мән берілуде.

Әл-Фараби әлемнің мәңгілігін тұжырымдап, оның маңыздылығын айтқан. Әл-Фараби адамның ішкі дүниесінде өзіне ұғылмайтын әсемдікке деген талпыныс тән екендігін немесе оның дамуы міндетті түрде рухани дамуға, жетілуге алып келетіндігін пайымдаған. Әл-Фарабидің ізгілік пен әсемдіктің күрделі көрінісінің орнын алу процесінде әлемнің жаратылысын танытатын диалектикалық әдістермен қаруланған адамдарды әсемдіктің төменгі формаларынан адамның рухани байлығына көтерілуді үйреткен қайырымды қала билеушілеріне үлкен мән берген ойшыл. Осы ойларымен, тұжырымдарымен шектелмей, көпшілікке тараған ойларымен, пікірлерімен танымал болды. Ол өзінің дүниетанымымен, болмыс бітімімен халықтың өзгеруіне, әділеттілікті түсінуіне, теориялық ізгілік туралы пікірімен, білімімен халықтың көңілінен шыға білді.

Ол өзінің ақыл-ойымен таным процесіне, адам жанына, қабілетіне, интелектілігіне өз потенциалын көтеру үшін ақыл айтып, өзінің ойларымен бөлісті. Әл-Фарабидің тұжырымдауынша адам өз сұлулығын өзі жасаушы, сондай-ақ адам ғана әсемдікті жасауға қабілетті, себебі ол ізгілікті іздеу мен тудыру қабілетіне ие ұлы дана. Әл-Фараби өз ұлылығымен ғылымға, мәдениетке тигізген ойларымен, шығарма, трактаттарымен, еңбектерімен белгілі.

Батыс пен Шығысты терең біліммен, терең оймен бас идірген Әбу Насыр әл-Фараби ғылыми еңбектері мың жылдан асса да бүгінгі күнге дейін жеткен құндылықтары екенін білеміз. Оның рухани мол дүниесінің қолдан-қолға өтіп, бізге жетуіне ғалымның ұлылығының, данышпандығының білімпаздығының, еңбекқорлығының айғағы болып табылады.

Әл-Фараби оқыту, білім беру мәселелеріне үлкен мән беріп, көптеген түбегейлі мәселелер туралы терең пікірін айтқан. Оның еңбектері қазіргі кезде көптеген ұстаздарға өнеге болып жүр. Сондай-ақ, ол өз көзқарасында, тұжырымдарында қоғамның астарын сынай отыра, ақыл мен адамгершіліктің, еңбектің, тәртіптің ұстанымдарын түсіндірді.

Оның пайымдауынша, теорияда оқыту мен тәрбие өте тығыз да бірегейлі байланыста қарастырылатын олардың ерекшелігін, әрқайсысына тән ерекшелігін ажыратып білуді ұсынды. Ол тәрбие мен таным, білім мәселелері бірі мен бірі байланысты ажырамас диалектикалық байланыста жүретіндігін айтты. Ол өз заманындағы білімпаз, өнерпаз, кеменгер, ғұлама болды. Ол адамның іс-тәжірибесіне, дәрежесіне үлкен мән беріп, оларды ғылыми тұрғыда білімдері мен қоғамның ең керектісі болуларын айтты. Адам бір-бірімен байланысып, тіл табысу керек деген ой айтты.

Сондай-ақ, ол әділеттілік пен шындықтың қалыптасқан заңдарын жан-жақтылық ойларының қажет екендігін ескере келе, заңдардың тәрбие арқылы жүзеге асатындығын айтты. Әл-Фарабидің пайымдауынша, еңбексіз, заңсыз қоғам да ілгері дами алмайды деген пікірде болды. Ұлы ойшылдың заң, білім туралы сөздері қоғамдық келісімдерде оның идеялық алғашқы ұлылық сөздерін байқаймыз. Өз заманында Әл-Фараби шығармаларынан, еңбектерінен қоғамды сынап отырғанын көреміз. Ол «Қайырымды қала» еңбегінде озбырлықты, қаталдықты, ақыл мен адамгершілікті, еңбек тәрбиесін, нормалық ұстанымдарын бұрмалауда деп түсіндірді. Әл-Фараби білімге, оқуға, қоғамдағы мәселелерге үлкен назар аударып, солар туралы өз пікір-түсініктерін айтты.

Әл-Фарабидің еңбектері қоғамдық дамуымыздың және жаңа сапалық деңгейге көтерілуінің көрсеткіші ретінде атауымызға болады. Отандық білім салаларында философияда, мәдениетте, діни бағыттарда, әлемдік кеңістікте оның еңбектері, талаптары жастардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда интелектік дамуына үлкен ықпал етеді. Жас ұрпаққа берілетін білім мазмұны қоғам дамуының деңгейіне тікелей байланысты бола отыра оның еңбектерінің мәндік жағынан зор екендігін білеміз.

Әл-Фараби құнды еңбектері кешегі мен бүгінгі байланыстыратын білімділік мазмұны зор. Әл-Фараби еңбектерінің құрылымы жағынан, сапалық жағынан ғылыми білім мазмұны жағынан әлемдік үлгі екенін білеміз. Білім беру бағытында үлкен сапалы ықпал ете отырып, оның ұстанымдарының сапалық жағынан, әдіс-тәсіл жағынан маңызды екендігін біле тұра, басшылыққа аламыз.

Әл-Фараби еңбектері, өмірі, философиялық көзқарастары, ғылымның дамуына қалдырған мұралары мол. Бүгінгі зерттеулерде «Мәдени мұра» бағдарламалары аясында жарық көріп жатқан және зерттелініп жатқан еңбектері басқа тілден қазақ тіліне аударылып жатқан еңбектері бар. Отанымызда жарық көрген бұл еңбектер арқылы әр оқырман, ізденуші ғұламаның еңбектерімен танысып, мүмкіндіктер алуда. Әл-Фараби еңбектері шет тілдерінен аударылып, сыни көзқарасқа түсіп, философиялық жағынан, ғылым жағынан жақсы түсініктемелерге ие болуда. Сондай-ақ, әлемдік философияда және ғылымда Әл-Фарабидің шығармалары үлкен мәнге ие болуда.

Әл-Фараби, екінші ұстазымыз жазып кеткендей, мемлекеттің рухын, қоғамның адамгершілік, әділеттілік, тұрақтылығын, рухани құндылықтарын сақтай алған. Рухани құндылықтарды сақтай отыра, оның рухани мол дүниесінің қолдан-қолға өтіп бізге аман келуі ғалымның ұлылығының, данышпандығының, әрі білімпаздығының, идеяларының айғағы болып табылады. Оның еңбектерінің ерекшелігі ол адам мәселесін бірінші қойған, қоғамда адам ешқашан өзі жалғыз іс тындыра алмайды және бақытты өмір сүре алмайды дейді. Сол себепті бірлесіп, ынтымақтықта өмір сүру үшін қоғам мен мемлекет болып өмір сүру қажет деді.

Ойшылдың философия саласындағы ғылыми еңбектерімен, білімімен энциклопедист ғалым ретінде ортағасырлық ғылымдардың саласында даңқы шыққан ғұлама. Әл-Фарабиді бүкіл әлем біледі. Өзінің терең ойларымен, зерттеулерімен көпшілікті мойындатқан ойшыл түсініктерімен, дүниетанымымен ғылымды таныта білген.

Әл-Фараби бізге көп мұра қалдырған. Өзінің еңбектерімен, рухани мол дүниесімен, ұлылығымен, білімпаздығымен ерекшеленеді. Ол араб тілін, көптеген тілдерді біле отыра, философиялық басты мәселелер: білім, таным, дүниедегі ақиқат, ізденіс мәселелері туралы айтты.

Ғалымның ғылыми даму тарихында жинақталған еңбектерін сұрыптау сияқты істер бүгінгі таңда іске асырылуда. Ұлы ғұламаның еңбектерінің құндылығы, оны басқа халықтардың өз қажетіне

жаратуы, еңбек заңдарына, адамдардың өз жұмысына саналықпен, ұқыптылықпен қарауы, қоғамдық өндірісті дамытуы, жеке адамның еңбекке құштарлығын, ынта-жігерін арттыру мақсатында көзделіп, дамытылған. Ол өркендеген қоғамның ғылымына көптеген маңызды еңбектерін, білімін және үйрету жолдарын белгілеген ұстаз.

Ұлы ойшылдың түсінуінше, ғылым мен пәлсапа адамы болу үшін қойылатын сұрақтар мен ең негізгі ой- талаптары айтылады. Ол біріншіден адамның жаны мен арының тазалығы, екіншіден еліне деген адал махаббаты, үшіншіден ғылым саласына шексіз берілгендігі айтылады. Осындай пәлсапалық шарттар, заңдар болғанда адам қоғамдағы үрдістерді түсіне алады. Ал адам пәлсапаны меңгермесе, біреуге үйрете алмайды. Ғалым пәлсапаны екі түрде қарастырып, көрсеткен, теория жүзіндегі пәлсапа өзгермейтін құбылыстарды, үрдістерді, заттарды зерттесе, ал практикалық тұрғыдағы өзгеріске ене алатын заттарды қарастырған. Осыдан біз оның ғылымдағы білімпаздығын, әділеттілігін байқай аламыз.

Әл-Фарабидің құнды мұралары, асқар атағы әлемдік деңгейдегі ғылым мен мәдениет тарихындағы өз орны бар ғұлама екендігі мәлім. Сондай-ақ, оның шығармалары, еңбектері батыс пен шығыстың мәдениетін және философиясын жақындастырудағы алатын орны зор. Осыған байланысты оның еңбектері, шығармалары әлемдік деңгейдегі жоғарғы құндылықтарының көрінісі.

Әл-Фараби - мұсылмандық, исламдық тұтқасынан білім алып, нәрін алған ойшыл. Оның рухани санасында әлеуметтік саяси көзқарасына ықпал еткен ислам халифатының негізгі факторлары сол кезеңдегі азаттық қозғалыстар, рухани құндылықтар, түркі этникалық орта, тайпалар әсер етті.

Әл-Фарабидің еңбектеріндегі әлеуметтік-философиялық және мәдени, саяси көзқарастар сол заманда өмір сүрген дәуірдің ықпалы, әрекеті деуге болады. Сол кезеңдегі қоғамның басым дүниетанымы, діни идеологиясы, қоғамдық қатынастары және мемлекеттік құрылымның қалыптасуына ықпал етті. Әл-Фарабидің кітапханасында ол туралы бірнеше құнды мәліметтер, тарихы, мәдениеті, өмірі және білім алуы, шығармалары мен еңбектері бар.

Оның ақыл-ойының ұшқырлығы мен білімінің молдығына талай жан ерексіз таңдана қарап, ғылым жолындарындағы ізденістеріне, ойшылдығына таңғалған. Әл-Фараби ұлы данышпан, дана, өйткені оның сөздері көпшілікті өзіне жақындата алатындай тыңдармандары болды. Уақыт өте келе оны білім иелері мойындап, өз заманының бірегей ғұламасына, дара тұлғасына айналғандығын түсініп, қазылыққа тағайындайды. Ол қарапайым тіршілік кешкен, кей кезде қара сумен күнелткен кездері де болған. Ол киетін киімі мен тұрмысына назар аудармаған.

Ұлы ойшыл қазылық қызмет атқарып жүрген тұсында ғылымнан қол үзбеген. Ол таным өрісін дамытып, білімін молайтып, данышпандығын арттырады, бірақ қазылық мансаптан бас тартады. Оны ғұлама дейтін себебіміз, өмірінде ғылымның алуан түрлерімен, өнермен шұғылданып, білімін дамытқан. Осыдан біз оның жан-жақтылығын, ғалымдығын, ұлылығын, білімпаздығын, жасампаздығын көреміз. Ол өз дәуірінде материалдық және рухани мәдениет жетістіктерін жинақтаған озық ойшыл, философиялық жүйені дамытқан адам.

Сол себепті оның құндылықтық еңбектері, әлеуметтік философияда, этика, эстетикада жарытылыстану ғылымында өз ақылымен, ойымен бағалы үлестер қосқандығын білеміз. Әл-Фараби осылай өрісін кеңейтіп, данышпандық, ойшылдығын, ғылыми ізденістермен өркениетінде, логикада, өнер саласында жетік білімін көрсете білді. Осы еңбектерімен Әл-Фарабиден бізге жеткен көп асыл мұраларын байқаймыз.

Әл-Фараби - жаратылыстану ғылымында табиғат туралы, олардың негізгі принциптеріне, табиғи деректері мен элементерін анықтаған зерттеуші. Данышпан, ойшыл медицина, биология ғылымдарына да үлкен мән беріп, саналы ой айтқан. Ол ғылымдарды теориялық, философиялық тұрғыда негіздеді. Сонымен қатар, Әл-Фараби жақсы дәрігер болған, медицинаның жетілуіне ықпал еткен.

Ұлы ойшыл адам ағзаларының ерекшеліктерін білу туралы зерттеулер жүргізді, өзін дұрыс сақтау және қалпына келтіру қолданылатын шараларды білу қажет деді. Ол аурулардың түрлерін білумен қатар, оның себептерін, кеселді жою жолдарын білуге, ішкі организмнің әрекетін бақылауға алды. Сондай-ақ, дәрігердің сыртқы мүшелерінің айырмашылықтарын айқындап, орның басты белгілерін білу қажеттілігін айтты.

Сонымен қатар, тамақтану тәртібін, дәрілерді қолдану тәртібімен таныстырды, ауру адамның денсаулығын нығайтуға себепші болатын нормаларды меңгеру қажет деді. Осылай ол медицина туралы қызықты пікірлер, ойлар, деректерді айтты. Бұл ғылыми деректер адамның тіршілік қажеттіліктеріне пайдалану үшін қажет екендігін түсіндірді. Әл-Фараби сонымен қатар музыка саласында да ірі еңбектер жазды, «Музыканың ұлы кітабы» еңбегі жарық көрген соң оны дүниежүзінің барша ғалымдары Аристотельден кейінгі екінші ұстаз деп таныды.

Осылай Әл-Фараби өзінің еңбектерімен, ғылыми атақтарымен шығармадағы әдіс-тәсілдерімен адамдардың назарын аударды. Осылай әлемдік ғылымда атағымен әйгілі болды. Ғалым музыканы тек теориясын ғана зерттеп қана қоймай, тәжірибе жүзінде де қолданып, аспаптарда тамаша ойнады. Оның шеберлігі, орындауы шығыс халықтарының арасында күні бүгінге дейін құндылығын жоймай жүрген құбылыс.

Арабтар Әл-Фарабидің музыкалық шығармаларын осы уақытқа дейін пайдалануда. Араб музыкасының тарихын жазған белгілі ғалымдардың арасында Әл-Фарабидің да есімі бар. Осы Әл-Фарабидің халықтың көңілінен шығатындай еңбектері, өнер тәжірибелері және теориялары оның құндылықты еңбектерін көрсетеді. Оның дүние жүзі мәдениетінің дамуына із қалдырған ғұлама осы заманға дейін жеткен адамзат мәдениетінің бірлігін паш ететін ұлылығы.

Сол себепті, Әл-Фарабиді әлемдік тарихи тұлғалардың санатына қосуымыздағы оның еңбектерінің мәнділігінде. Әл-Фараби - өз заманында өнер білімнің, ғылымның ең асылын таңдай білген ойшыл. Ол өз заманында терең мағыналы пікір айтып, жан-жақты ғылымдарды зерделеген данышпан, болжам жасай білген білімпаз.

Сондықтан, Әл-Фарабидің философиялық жүйесінің пайда болуы қарсаңындағы дәуір ислам әдет-ғұрыптарын сақтаушылар арасындағы белгілі бір түсінбеушілікті білдіретін әртүрлі саяси ағымдар мен конфессиялар арасындағы қақтығыстар мен саяси көрсеткендері белгілі [2-9 б]. Әл-Фарабидің трактатты жазуы сол кездегі қайшылықтарды шешуге деген талпынысы еді. Әл-Фараби бойынша қоғам, соның ішінде қаланың бақытқа жету, кемелдену жолдары еді. Осылай, Әл-Фараби қайырымды қала арқылы адамның кемелденген болмысын, тіршілік ету мақсатын, қабілетін, жаратылысын көрсеткен.

Бүгінгі өтпелі дәуірдегі рухани ахуалдың өзгеруі Әл-Фарабидің мұрасы сияқты мәдени құбылыстың сарқылмас кенін ұғынуға және мүлдем жаңа түсініктер ашу мүмкіндіктерін береді. Ислам дүниетанымымен сусындаған Әл-Фарабиді материалистік сана басымдылығы еңбектерінде ислам негіздерін көрсетуінде. Аристотель заманынан бері мәнді белгі келісім, ортақ көзқарастар, жалпы қабылданған көзқарастар деп есептеп келген дәйекті білімге қол жеткізудегі аса маңызды деп санылды [3].

Осылайша, Әл-Фарабидің тлғамдық таным теориясы араб халифаты мен шығыстық перипатетизм дәуірінің өзінде-ақ пікірталастық талқылаулар барысында сұхбаттық пікір алмасуларының рөлі мен міндеттері туралы Әл-Фарабидің әділ, әрі тәжірибелі пікір айтқандығын айтамыз.

Сондықтан, қандай да бір мәселенің ортақ шешімі мен келісімге келуге бағытталған саясат ғылым мен мәдениеттің әрқилы салаларында қоғамдық талқылаулар мен пікірталастардың маңызының өскендігін біздің қазіргі уақытымызда сұхбаттың философиялық теориясына қосқан ортағасырлық шығыстық үлестің өзекті реңі.

Әдебиеттер тізімі

1. Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында.// Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар.- Алматы. «Ғылым». 1975.- 295- 372 б.б.
2. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары трактаты, Азаттық саясат. Әл-Фараби II том.- 404 б.
3. Бурабаев М.С., Кенисарин А.М., Курманғалиева Г.К. Проблема бытия и познания в философии аль-Фараби. Алматы, 1988. – с. 112-113.
4. Әл-Фараби-Шығыстың ұлы ойшылы. Аль-Фараби – Великий мыслитель Востока. – Алматы: «Сардар» баспаа үйі, 2020 .- 400 бет. (қазақ, орыс тілдерінде).

ӘЛ-ФАРАБИ - ӘЛЕМНІҢ ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ, ФИЛОСОФ ӘРІ ҒАЛЫМ

Медетбаев Тасбулат

Қызылорда ашық университетінің «Болашақ» құрылымдық бөлімшесі, филология ғылымының кандидаты, фарабитанушы – ғалым

Annotation. This article is devoted to the study of Kazakh scientists and foreign scientists. Al-Farabi's philosophy and philosophy «I don't know,» he said. «I don't know,» he said. Spinning. He I an expression to several work of Aristotle. Wrote. Thus, Arab aristotelism is considered to be a system. «I don't know,» he said. Foreign scientists in each branch of science, it is called «second teacher». «I don't know,» he said.

Keywords: Philosophy, science, music, Terence, civilization.

Бүгінгі түркі мұсылман философиясы мен Қазақстан философиясы әл-Фарабидің философиясы арқылы әлемдік рухани философияның құрамдас бір саласына айналды. Оның сан-салалы ғылымдарға қосқан үлесі әлемдік рухани мұра қатарында көрінді. Оның осындай биік рухани өсуі қазақ елінің оның өткені мен бүгінгі рухани даму тарихында әл-Фараби философиясы мен ғылымы қазақ елінің Ренессанстық жаңаруының нақты көрінісі болды.

Оның рухани мұрасын философиясы мен ғылымдарын барлық арналар бойынша: Қазақ ғалымдарының және шетел ғалымдарының зерттеуімен әл-Фараби философиясы мен әрбір ғылымның арнасы айқындалып, шет елдердің де біздің еліміздің яғни қазақ елінің рухани игілігіне айналуда. Осындай мақтаншық лайық ұлы тұлғаның рухани философиялық мұрасы сан қырлы, сан тарапты. Осы себептен оның мұрасы орта ғасырдағы бірнеше халықтарға ортақ рухани бастаудан өзіндік арна тауып, оны сол дәуірдің ең алдыңғы қатарлы озық философиясы мен ғылымына айналдырды. Еуропа халықтары да оның ішінде немістер де өздерінің бастан кешірген кезеңдерін Реформация деп, француздар Ренессанс деп, ал италияндар Чинивеченто деп Ф.Энгельстің атап көрсеткені белгілі [1.Ф.Энгельс,1991:6]. Сонымен Батыс Еуропа Ренессансы қай дәуірде туып, қай дәуірде аяқталды деген мәселеге Х.Ханди: «Егер Петрарканы Рим лаврымен құттықтаған кезден-1331 жылдың 8 сәуірі-Бэконның өлген күніне дейінгі (1626 жылдың 9 сәуірі) кезеңді анықтасақ» [2. Х.Ханди.1969:400], онда 285 жылға жуық созылған орта ғасырдан жаңа дәуірге өткен кезеңді табамыз. Ол кезең А.Мең айтқан «Мұсылман Ренессансы».

Біздің Қазақстан халқы да әл-Фараби арқылы Шығыс пен Орта Азия Ренессансын бастан кешіріп, Қазақстан өзінің Қазақстандық Ренессанстық өрлеу биігінде жарқырай көрінді.

Оның философиясы қазіргі Қазақстанның рухани мәдениетін дамытуда ерекше маңызға ие болып отыр. Оның жасап берген әлемдік философиялық энциклопедиясына көз салсақ, Қазақстан, Орта Азия және Таяу Шығыс елдерін сипаттайтын әлеуметтік, этикалық және мәдени процестер... IX - X ғасырдағы мәдени байланыстардың тарихи бейнесін көреміз. Оңтүстік Қазақстанда «мұсылман дүниесі» деп аталатын дүниенің мәдени - саяси өмірінің көшіп келіп орнаған орталықтардың біріне айналғанын ғана көрсеткен болар еді. «Мұсылмандардың, христиандардың және иудейлермен бірге өмір кешкендерін көрсететін орта ғасыр тұсындағы өзге діндегілерге деген құлақ естіп көрмеген төзімділік пен діндерді салыстыру тенденциясы мен ой еркіндігі тенденциясын тудырды, мұның бәрі сол замандағы Шығыста Екінші Ұстаз атанып кеткен әл-Фарабидің философиялық көзқарастарынан көрінеді» [3.Әл-Фараби.1975: XV].

Әбу Насыр әл-Фараби әлемдік философия, ғылым мен мәдениет тарихын жалғастырушы, адамзат ойының энциклопедиясын бойына жинаған үздік ойшыл, алып ой иесі. «Фараби өз заманындағы өнер – білімнің ең асылын таңдап ала білді, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған, бірде – бір білім саласы жоқ деуге болады.»[4. Әл-Фараби.1973: XLVI].

Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары ғылымға, оның танымындағы орнына, зерттеу әдіснамасына деген тарихи-философиялық көзқарастардың дамуындағы ерекше бағыт болып саналады. Ол ойшылдың энциклопедиялық шығармашылығының бір қырын әл-Фарабидің «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз» деген трактаты бейнелейді.

Ортағасыр ислам мәдениетінде ғылыми ізденістермен айналысатындар үшін бұл трактат міндет деп саналатын.

Ибн Сайд әл-Кифтидің айтуынша, бұл трактат «Ихса әл-улум уа-тағриф биаграда» яғни «Ғылымдарды жіктеу және мақсатты айқындау» атты белгілі еңбегін жазды. Бұл салада (ғылымдарды жіктеуде) әл-Фараби бірінші еді, өйткені, оған дейін ғылымның мұндай саласымен айналысқан ешкім болған жоқ. Сондықтанда ғылыммен, біліммен әуестенгендер оның кітабын жетекшілік етпей, яғни оның еңбектеріне соқпай өте алмаушы еді. Кейінірек барлығыда оның (әл-Фарабидің) ізімен кетті [5.Дербісалиев Ә.1982:89-90]. Ортағасырлық Шығыста ғылымдардың жіктелуіне әл-Кинди, Ибн Сина, әл- Ансари және т.б. өз еңбектерін арнаған еді.

Өз дәуірінде әл-Фарабидің есімі ең жарық жұлдыздай көрінді, өйткені ол шын мәнінде араб философиясының негізін қалады. Ал оған алғаш жол ашқан кісі әл-Кинди арабтарды антикалық философия қағидаларымен танысуға көп еңбек сіңірді. Дегенмен шығыстың Бірінші философы, - әл-Фараби болды [6.Әл-Фараби.1973:XV]. Сонымен бірге әл-Фараби өз еңбегінде әлем философиясын даму тарихында көрсетіп берді... Ерте заманда бұл білім (фәлсафа- М.Т) Иракты мекендеген халдейлерде болған, онан соң Мысырлықтарда пайда болған, бұдан кейін гректерге олардан Сириялықтарға, содан барып Арабтарға ауысқан деседі. Бұл ғылымның мазмұны грек тілінде баяндалған, сонан-соң сирия тіліне, одан кейін араб тіліне аударылғанын [7.Әл-Фараби.1975:357] айтқан.

Әл-Фараби дүниетанымы - екі әлемнің көшпенділер мен отырықшылар және мұсылман мәдениетін Шығыс пен Грек-Рим мәдениеттерінің байланыстарының нәтижесі. Әбу Насыр заманының әлеуметтік - саяси көзқарастарынан, тіл мәдениетінен философиялық гуманистік, философия, логика, этика, эстетика, саясат, социология, лингвистика, поэзия, шешендік өнер, музыка және жаратылыстану ғылымдары: астрономия, астрология, физика, химия, география, космология, математика, медицина ғылымдары салаларын терең меңгеріп, осы бағыттарда өзі де аса құнды ғылыми жаңалықтар ашты.

Әбу Насыр әл-Фараби өзінің философиялық көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол жаратылған дүниені мойындайды. Танымның жаратылған болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділіктің бастауларын және аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнімен, ақыл парасат пен адамның жан дүниесі мен зат пен формасының жаратылуының барлық себебін құдіретті Алланың иләхийа хикмасынан іздеді.

Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары ғылымға, оның танымындағы орнына, зерттеу әдіснамасына деген тарихи-философиялық көзқарастардың дамуындағы ерекше бағыт болып саналады.

Аристотельдің өзі де кезінде метафизика мен философияны бірге қарастырғаны оның шығармаларынан белгілі. Әсіресе, оның «Метафизика» еңбегінен анық аңғаруға болады.

Батыс Еуропа философиясынан орта ғасырдағы араб тілдес философияның (ғылымның) айырмашылығы сол: білім-ғылым мен дінді ол тұтастай алып, дінге сеніммен қарады да білім-ғылымды тану тұрғысынан алып қарады.

Дін мен ғылымның ара жігін ашып бөлуді, әл-Фараби ғана бастап берді. Оны екі ғылым саласына бөліп қарайды. Бірін метафизика, екіншісін философия (ғылым) деп атайды. Ол дінге сенім жолымен қарай отырып, сол кездегі тарихи жағдайларды ескере келіп, Оны (басқыштық ретпен) бірінші орынға қойып, оның ғылыми сипатын таныта алатын, әл-Хакимді әкелді. Мұның өзі Абайдың «Адаспай тура жол іздеген хакимдер болмаса, дүние ойран болар еді»,- деп айтқанындай, қазіргі өміріміздің негізгі аксиомасына айналды. Олар әл-Фараби мен Ибн Синаны философия мен діннің арасын байланыстырушы «шын мәніндегі мұсылмандар» деп қарады.

Әл-Фараби бабамыз философия мен ғылымның сан-саласына байланысты 160-қа жуық трактат қалдырған энциклопедист-ғалымның өз зерттеулерінің біраз бөлігін Аристотельдің еңбектерін түсіндіруге арнауы-дәуір сұранысынан туған ізденістер еді. Көрнекті шығыстанушы

Е.Э.Бертельс бұл туралы: «Аристотельдің араб тіліндегі алғашқы аудармалары мінсіз деуге келінкіремейтін. Ғылыми терминологияның қалыптаспағандығы, аудармашылар жұмысына едәуір бөгет жасады. Мәтінді игере алмағандықтан, олар көбіне грек тіліндегі түп нұсқаның синтаксистік құрылымын сақтауға тырысып, аударманы араб оқырманы мүлде түсінбейтін жағдайға жеткізді [8. Бертельс Е.Э.1965: С.112].

Әл-Фараби еңбектері ғана көне дәуір дүниелерін дұрыс түсінуге мүмкіндік берді. Ғалым Аристотельдің «Категориялар», «Герменевтика», «Бірінші және Екінші Аналитика», «Топика», «Риторика», «Софистика», «Поэтика» секілді еңбектеріне түсіндірме жасады. Осы еңбектері: Араб аристотелизмін система дәрежесіне көтерген әл-Фараби «Екінші ұстаз» атанды»- деп жазды неміс ғалымы Дитерици [9. Әл-Фараби.1973: XXIV].

Аристотель қағидаларын өз дүниетанымына жақындарын ғана қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді. Сонымен Ренессанс идеясы шығыста да батыста да ежелгі грек заманында да орта ғасырда да философия мен поэзияның ерекше дамуы арқылы айқындалады екен. Олай болса, грек жеріндегі философия мен өнердің дамуын Аристотельдің мұрасымен әл-Фарабидің орта ғасырдағы мұрасын байланыстыра қараймыз. Себебі, Бірінші ұстаздың мұрасын оның шәкірті, Екінші ұстаз ғылым мен өнер саласында дамытып, жетілдірді. Сондықтан да біз әл-Фараби мұрасын ренессанс идеясымен Аристотель мұраларымен (оқуымен) қатысты деп қараймыз. Әл-Фараби Аристотель философиясына сүйенген десек, бұл сөз оған қатысты айтылса керек, оның оқуын «мешайон» деп атаған. Арабша «мешайон», әл-Фараби өз еңбегінде оны перипатетиктер деп атаған.

Өйткені грек философиясының мықтап өркендеген жері Орта Азия мен одан бір ғана Орта Азия емес, бүкіл Таяу Шығыс, батыс Европаның өзі де оқыған деген Гегель, «Ғылым мен білім әсіресе философия батысқа, герман халықтарына Шығыс арабтардан ауысқан, шат көңілді еркін ой барған сайын терең тамыр жая бастағанын айтады». [10. Гегель.1935: С.339]

Сонымен қатар ол шығыс халықтарының әсіресе, арабтардың философия тарихы мен олардың бүкіл адамзаттың мәдениет тарихындағы орнын көрсетеді. Бірақ Гегель әл-Фарабиді тек қана Аристотельдің еңбектеріне түсініктеме беруші ретінде қарап, оның бір еңбегін ғана айтады.

Әл-Фарабидің музыка теориясында қарастырылған жалпы өнерлік (теориялық) ғылымды құру туралы әдісінің де алатын орны өте зор. Трактаттың басында әл-Фараби жалпы түрде осы әдістің сипаттамасын былайша берген.

Ғылымның қайсы бір саласын алсаңыз да жете теоретик болу үшін негізінен үш шарттың орындалуы қажет:

1. Ғылымның барлық негіздерін (усул) білу керек.

2. Осы негіздерден шығатын қажетті қорытындылар жасау және осы ғылымдарға қатысты мәліметтерді ала білу керек.

3. Қате теорияларға жауап бере білу, шындықты өтіріктен ажырату үшін қателіктерді түзете отырып, басқа авторлардың түсініктерін талдай білу керек. [11.Аль-Фараби.1993: С.74] Ал араб музыкасының жалпы тарихын жазған белгілі ғалым Г.Фармер былай дейді: «Барлық ғылымдар саласында әл-Фараби «Екінші ұстаз». Басқаша айтқанда музыка саласында әл-Фарабиге үлгі боларлық, Бірінші ұстаз боларлық адам болмаған. Ал сол Аристотель өзінің еңбегінде былай деген: «Музыка мәселесі ғылымда, өнерде зор орын алатынын білемін. Бірақ оны талдау үшін адамда музыкалық талант, дыбысты түсіну қабілеті болу керек. Ал ондай қабілет менде жоқ».

Ежелгі грек ойшылдары үндес интервалдар қатарына октава, кванта, кварталарды жатқызған болса, Ибн Сина әл-Фарабидің ізімен бұл интервалдарға терцияны қосады. Сөйтіп үндес интервалдар саны арта түседі. Бұл Ибн Синаның ұлы жаңалығы еді.

Осы жайды айта келіп грузин музыка зерттеушісі В.А.Гулисашвили: «Мұны тұңғыш рет орта ғасырлық шығыстың ұлы ойшылдары» әл-Фараби мен Ибн Сина жасады. Шығыс халықтарының өзінің ұлы ойшылы әл-Фарабиді мақтан тұтуларына әбден болады. Өйткені, ол Батыс Европаны екі ғасыр артта қалдырып, жер жүзінде тұңғыш рет терция **интервалын** үндес консонанстық дыбыстар қосты...

Ибн Сина болса Пифагор терциясынан таза терцияға өтудің жолын көрсетті,-деп жазған еді. Бұл пікір әлі де ескірген жоқ.

Әл-Фарабидің музыкалық теориясы Шығыс ғалымдары тарапынан үлкен қолдау тауып, әрі қарай дамытылды. Мәселен Ибн Сина еңбектерінде әл-Фараби идеялары барынша насихатталып, кемендендіріледі.

Шығыстың (7.11.1414-9.11.1492) ұлы ақыны және музыканты Әбдірахман Жәми «Музыка жайлы трактат» деген еңбегінде әл-Фарабиді ұлы музыка теоретигі және композитор деп бағалайды. Әбдірахман Жәмидің өзі әл-Фарабиден музыка жөнінде көп үлгі-өнеге алған.

Расында, әл-Фарабидің музыка жайлы айтқан ой-пікірлері, тапқан ғылыми жаңалықтары XII ғасырдан бастап Европада кеңінен мәлім бола бастаған.

Әл-Фараби «фәлсафа» терминін ғылымға ендіруші ғалым. Әл-Фараби философиясы да Иллаһи фәлсафадан бастау алады да ол жаратқан заңдылыққа сүйенеді де нақты ғылыми зерттеу барысында жүзеге асырылып, дамытылып отырады. «Ол белгілеген ойлау методы (әдісі) жеке заттарды байқау жолымен мейілінше нақты зерттеу теориясы арқылы, дедукциялық - аксиомалық әдіс негізінде құрылады да оны эксперимент арқылы, тексеру арқылы іске асады. Бұл әдіс кейіннен Р.Бэкон, Г.Галилей, Ф.Бэкон, Р.Декрат белгілеген методологияның негізгі бастамасы болды. Бұл жүйені Еуропаға жаңа философия мен Орта Азия арқылы бүгінгі Қазақстанның Ренессанстық дамуына жол ашты». [12.Әл-Фараби.1973: XXXIX,XL].

Әл-Фараби орта ғасырлардағы философиялық ойдың дамуында да рухани-діни ілімдерге сүйенді. Сол кезеңдерде мұсылмандардың Құран мен хадистерге негізделгенін ешкім жоққа шығара алмайды. Ал Әбу Насыр әл-Фараби Алланың даналығын танудың (хикма иләхийа) рационалдық жолын көрсететін ілімді дүниеге әкелді. Ол үшін әл-Фараби мубайиидилер арасына «Екінші ұстаз» деген құрметті атақ алды [13.Муминов А.К.1993: С.34-38].

Белгілі ғалым А. Көбесов өзінің «Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі» деген еңбегінде Әбу Насырдың «Ғылымдар энциклопедиясына» [14.Көбесов А.2002: 45] тоқталады. Мұнда ол Аристотельдің өзіне дейінгі 1300 жылдай уақыт ішінде өркендеген ғылымдарға талдау жасаған, олардың мазмұнын анықтаған, үйрену және үйрету жолдарын белгілеген бұл еңбек әл-Фарабиден кейін де 500 жыл бойы Шығыс, Батыс оқымыстыларының қолынан түспес кітабына айналды. Қазіргі Мысыр ғалымы профессор Осман Аминнің айтуы бойынша әл-Фараби «Екінші ұстаз» деген құрметті атақты осы еңбегі үшін алған көрінеді. Ол өзі талдаған ғылымдардың барлығын да жетік меңгерген және ғылымның барлық салалары бойынша еңбектер жазған.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығына қатысты зерттеуімізде айтарымыз: Рухани жаңғыру үрдісі жүріп жатқан қазіргі кезеңде өркениеттер арақатынасында рухани жаңару болып, шығыстың өркениеттік алтын бесігі, Еуропа қайта өрлеудің негізі болғандығы мойындалып, әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Халдун, Ибн Руштардың Европа философиясына қосқан үлесі баса айтылады.

Әл-Фараби «Алмагесте» қарастырылған астрономия және география мәселелерін математика жолымен шешудің ең жеңіл әдістерін ұсынады. Осыған қарағанда Әбу Насыр көп өлшемді абстракция геометрияның идеясын алғаш айтушылардың бірі, әрі оны қолданушы. Әбу Насырдың математикалық идеяларын, мұраларын Әбу-л-Уафа, Әбу Әли Ибн Сина, Әбу Райхан Бируни, Омар һайям сияқты шығыс ғұламаларымен қатар Р.Бэкон, Леонардо да Винчи тәрізді Европа ғалымдары көп пайдаланған. Әл-Фарабидің жоғарыдағы еңбегіндегі астрономия мен тригонометрия салаларындағы жаңа бастамалары шығыста бұл ғылымдардың жаңа қарқынмен дамуына үлкен ықпал жасады. Атақты ғалымдар Әбу-л-Уафа, Бируни және Ұлықбек (1394-1447) мектебі астрономия еңбектері арқылы астрономия мен тригонометрия жаңа сатыға көтерілді [15.Көбесов А.2002:130].

Сонымен әл-Фарабидің осы еңбегіне қарасақ, адамзаттың ақыл-ойының бастауында тұрған гректер ғана емес екен. Шығыстың ойшылдары адамзат ақыл-ойының дамуына жол салыпты. Біз білетін көне грек ойшылдары сол жолмен өз дәуірінің даналық биігіне көтеріліпті. Сондықтан болар, Парсы абыздарының, грек философтарына: «Сендер гректер әлі бос мылжындаған, атаққұмар балаларсыңдар, сендер өткен туралы түкте білмейсіңдер» [16.Дрэпер Д.1869: С.68] деп көзге шұқығандай етіп айтқанын, не болмаса грек философиясының негізін салушы Фалестің (біздің жыл санауымыздан бұрынғы 640 жылы туған) тарихын «Цивилизациялы елдің алдыңғы бекетіне жол

тапқан әлдебір ақылды жабайының тарихы» [17. Дрэпер Д.1869: С.68] деп бағалаған жолдарды оқығанда еріксіз ойланасыз.

Ойлана отырып, гректерге осылай деп отырған парсылардың өзі бір кезде Индиядан тарағанын оның ғылым бұлағынан нәр алғанын еске аласыз. Осының бәрін өзінің философиялық - ғылыми мұрасында алдымызға жайып салған ұлы бабамыз әл-Фарабидің өз ұрпақтарына Шығыстан келген үлкен мәдениеттің ұмытылып бара жатқан үлгісін қайта алға тартады.

Міне, осы тәріздес жолдарды оқығаннан кейін әл-Фарабидің «туған елінің мәдени байлығын араб, иран, үнді, антика мәдениеттерінің жемістерін» бойына дарытқанына кәміл сенесіз.

Ұлы ойшыл адамзат ақыл-ойының даму барысына жасаған өз талдауларын зерттей келіп, ел басқарудың әр мемлекеттегі өзіндік түрлерін, «ел басқарушысының даралық, оның білімі мен білігіне, ақылы мен парасатына тікелей байланысты екеніне көз жеткізе келіп», өзінің қайырымды қаласындағы әкімді үлгі ретінде ұсынады. «Нағыз әкім. Ол – бірінші басшы, сондықтан оның бойында ұштасқан алты қасиет болу керек: даналық, асқан пайымдағыштық, қалтқысыз сендіру (қабілеті), өте жақсы қиялдау (қабілеті), қасиетті (ғазуат), соғысты өзі бас болып жүргізу қабілеті...» [18.Әл-Фараби.1975: 235-236]. Егер ел билеуші білімді, білікті, ақылды, парасаты жоғары болса, ол дініне, тіліне, ұлтына қарамай халқына жақсылық жасап, оның ертеңгі келешегі үшін аянбай тер төгеді екен. Ал ел билеушісі олай болмай, әлгіге керісінше болса, онда ел азып-тозып күндердің күнінде өзіндей өзге елге тәуелді болады екен.

Мұның өзі әл-Фарабидің философиялық-ғылыми көзқарастарымен байланысты көрінеді.

Ол жаңа, әділетті қоғам жайлы сара, дербес ой пайымдайды. Өйткені өз ойларында жалпы теңдіктегі, өзара сыйласымы мен бақ-дәулеті бар тәуелсіз адамдар өмір сүретін «Қайырымды қала» жайында айтты. Оның ойынша, ол мінсіз мемлекет тек «парасат» деп аталатын білім, ол зерде жолымен ғана құрылуы мүмкін. Ол қазақ халқының ой-тарихында өшпестей идея қалдыратын осы ағартушылық бағытында әл-Фараби алғаш рет халықты әділетті қоғамға, жалпы халықтық бағытқа әкелетін жол ретінде рухани ізгілікке зор үміт артты.

Әл-Фараби сөз өнерінің даналығы мен тарихи маңыздылығы және оның қоғамдық мәнін халықтық тұрғыда қарап, оны халыққа қалай жеткізудің жолын көрсете білді. Осы кезеңде өнердің сан түрлері, поэзияның сан алуан үлгілері, сәулет өнері де халық үшін де, өзгелер үшін де қызмет жасады. Сондықтан да, оны әл-Фараби қоғамның (халықтың) асыл қазынасы ретінде қарап, оны теориялық жақтан негіздеу үстінде халыққа жеткізудің жолдарын өзінше іздестіре түсті.

Әл-Фарабидің ұстазы Аристотель де бұл мәселеге басқаларға қарағанда айрықша көңіл бөлгенін айта кетуіміз керек. Адамның жан-жақты мәдени және рухани дамуына ерекше роль атқаратын нәрсе, ол Аристотельдің ойынша, ақыл-ой болса, ол адамның табиғи жағынан тең болмауы. Бірі - екіншісіне бағынышты. Адамдардың өзара тең болмау себебі: оның бірі-ауыр дене еңбегімен, екіншісі ақыл-ой еңбегімен айналысады. Еңбекшілер қысымшылық көрмесе жақсылыққа қолы жетпейді. Олар тәлім- тәрбие алмағандар, оған өнерсіз жетуге болмайды. Сонымен тәрбиенің бір түрі-музыка болса, онымен айналысу тұрпайы жұмыс (қызметшілік) ол қолөнершілердің жұмысы [19.Аристотель.1983:С.635] ғылыммен тек «ерікті, өнегелі адамдар» [20.Аристотель.1983: С. 641] ғана айналыса алатынын айтады. Әл-Фараби ұстазынан озды. Өйткені, ізгіліктерді қабылдап алуда ол екі түрлі үрдіске сүйенеді: бірі-оқып білім алу; екіншісі әсіресе адамгершілікті қалыптастыру - тәлім тәрбиеге байланысты.

Демек, оның айтуынша, өмірді басқару өнерінің ізгілігі, сондай-ақ ол халықтар мен қала тұрғындарын тәрбиелеуде қайырымды да өнерлі адамдарды пайдалануға болатынын айтады. Олар «халықтар мен қалаларды (тұрғындарды) ерікті түрде оқытып, үйрету үшін пайдаланатын (адамдар) бойына ізгі қасиеттер мен шешендік өнері (дарыған) адамдар» [21.Әл-Фараби.1975: 348].

Әл-Фарабидің ойынша, теориялық білімдерді тек таңдаулылар ғана емес, (билеушілер мен имамдар) оны қалғандары да яғни қарапайым халық, қалың жұртшылық та пайдаланатын болады. Демек, иландыру әдістері және қиялда туатын түйсіктер мен қалалардағы қарапайым халықты, жай адамдарды оқытқанда ғана қолданылады, [22.Әл-Фараби.1975: 344-б.] ал енді соған дәлелдемелер келтіре отырып заттардың ішкі мәнін ақыл мен пайымдау әдістері таңдаулылар қатарына кіре алатын адамдарды оқытқанда қолданылады.

Сонымен бірге оны бөліп қарасақ: теориялық ізгілікпен (оқыту) практикалық ізгілікте (тәрбиелеу) керек және өнермен әртүрлі халықтар мен қалалар (мемлекет) айналысу керек.

Ол философияны (даналықты) қоғамды оятатын зерде, парасат шамшырағы ретінде қарап, халықты әділет қоғамға жеткізетін негізгі бағыт дейді. Біздің еліміздің алдында тұрған негізгі мақсат ол білікті маман даярлау қажет болса, ол азаматтық қоғамымыздың-иманды азаматы болмақ. Оның өзі екі мағынада қолданылады. Оның бірі-материалдық игілікпен бірге рухани игілікті қатар жасаушы қоғамымыздың иманды азаматы. Ол бүкіл азаматтық әлемді үйлесімді дамыту үшін әлемнің Екінші ұстазы атанған әл-Фараби бабамыздай ұлы данышпанның айтқанындай: Кемел адамды қалыптастыруымыз керек. Кемел адам Иллаһтың ілімін меңгерген адам.

Құран Кәрім қасиетті біздің рухани мұрамыз. Оның әрбір сөзін имандылық жүрегімізбен қабылдап, түсінуіміз аса қажет. Ол-келешек Еліміздің рухани тағдыры әрі болашағы. Бізді-ол әлемдік рухани биікке жеткізеді.

Әдебиеттер тізімі.

1. Ф.Энгельс. Табиғат диалектикасы А.1991.
2. Х.Ханди. теоретические проблемы восточных литератур. М.1969.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік -этикалық трактаттар. А. 1975.
4. Әл-Фараби. «Философиялық трактаттар.» А. 1973.
5. Дербісалиев Ә. «Шыңырау бұлақтар» А. 1982.
6. Әл-Фараби. «Философиялық трактаттар.» А. 1973.
7. Әл-Фараби. Әлеуметтік -этикалық трактаттар. А. 1975.
8. Бертельс Е.Э.Избранные труды. Т.3.М.,1965.
9. Әл-Фараби.Философиялық трактаттар. А. 1973.
10. Гегель.Сочинения, т .VIII. М. 1935.
11. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии» А.1993.
12. Әл-Фараби. «Философиялық трактаттар.» А. 1973.
13. Муминов А.К. Новые направления в изучении истории братства йасавийа// Общ. Науки Узбекистана. №10-12.1993.-Тошкент: ФАН.1993.
14. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі.А.2002.
15. Сонда.
16. Дрэпер Д. «История умственного развития Европы». С-Петербург. 1869.
17. Дрэпер Д. «История умственного развития Европы». С-Петербург.1869.
18. Әл-Фараби.Әлеуметтік- этикалық трактаттар А. 1975.
19. Аристотель. Соч. т.4. М.1983.
20. Сонда.
21. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. А. 1975.
22. Сонда.

ВКЛАД АЛЬ-ФАРОБИЙ В НАУКУ И КУЛЬТУРУ

Нишанова Нодирахон Райимджановна

И. А. Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік университетінің «Философия және ұлттық идея» кафедрасының меңгерушісі, профессор, философия ғылымының докторы

Аннотация. Abu Nasr Muhammad ibn Tarkhan (al-Farabi) Muslim philosopher, an outstanding commentator on Platonic and Aristotelian philosophy, leaned towards the Neoplatonic doctrine of emanation ("Gems of Wisdom", "A Treatise on the Views of the Inhabitants of a Virtuous City", "The Big Book of Music", a treatise on the classification of sciences). Creative Al-Farabi's heritage is very rich. He is believed to be the author a large number of works. His books were very popular. in the cities of the East (al-Farabi's

commentary on Aristotle's *Metaphysics* helped Ibn Sina to comprehend the wisdom of the book of the Stagirite). In the 12th 13th centuries. many treatises al-Farabi were translated into Hebrew and Latin. Farabi considered one of the great Arab philosophers; he was recognized as "Second teacher" (Aristotle was considered the first).

Keywords: Bagdat, philosophy, mathematics, classification of sciences, music

Абу Наср Мухаммад ибн Мухаммад ибн Тархан ибн Узлаг Аль-Фараби, известный на средневековом мусульманском Востоке как "Второй учитель" (т.е. второй после Аристотеля), родился в г. Фарабе, расположенном на Сырдарье при впадении в нее р. Арысь, в 870 г. в тюркской семье. Бассейн Сырдарьи - колыбель древней цивилизации, сыгравшей в истории Казахстана такую же роль, как Нил для Египта, Тигр и Евфрат для Месопотамии.

Фараб, согласно автору X в. Аль-Мукаддаси, был большим городом с населением около 70 тыс. душ мужского пола, с соборной мечетью, цитаделью и базаром. Город был расположен в Отрарском оазисе, который вместе с прилегающими к нему районами был древнейшим центром оседлости, ирригационного земледелия и городской цивилизации Казахстана. Как поселение городского типа Отрар возник в последние века до нашей эры. О масштабах экономического и культурного развития оазиса говорят руины свыше 60 поселений, замков-крепостей и городов, следы мощной и широко разветвленной оросительной системы, относящиеся к различным историческим периодам от раннего до позднего средневековья. Отрар привлекал к себе внимание средневековых арабо и ираноязычных авторов как важнейший узловой пункт караванных дорог. Он находился на стыке различных географических ландшафтов, занимая выгодную позицию с точки зрения орошения плодородных земель. В результате сюда переселения согдийцев, имевших большой опыт в области земледельческого труда и древних традиций градостроительства, в Южном Казахстане сложилась своеобразная городская цивилизация.

Аль-Фараби руководимый жаждой знания в молодые годы отправляется в путешествие. Многие годы он проводит в Багдаде. Здесь он основательно пополняет свои знания, входит в контакт с видными учеными и благодаря эрудиции, силе мысли и величю характера довольно быстро занимает среди них первенствующее положение. Но у догматически настроенных богословов возникает личная неприязнь к нему, смешанная с завистью, а главное - оппозиция ко всему строю его мыслей, ориентированному на познание реальных вещей и поиски достижения счастья в земной жизни. В конце концов Аль-Фараби был вынужден покинуть этот город.

Әл-Фараби адам өмірінің басты мақсаты бақытқа ұмтылу деп санады, оған жердегі өмірде қол жеткізуге болады деп сендірді. Оның ойынша, жоғары игілік, ең жоғары жетілу бақытқа шоғырланған, бұл адам өзімен үйлесімді өмір сүруі үшін қажет.

Ақылды, парасатты болу үшін адам өмір бойы оқумен, оқығандарын бойына тоқумен, жақсылардан үйренумен өтеді: «Үйрету дегеніміз - халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз». Жақсы тәрбиемен дұрыс бағытта берілген білім адамды кемелдікке, даналыққа қарай бастайды. «Даналықтың ерекшелігі - әрбір түпкі нәрсенің шекті себептерінің оған мәлімділігі болса және адам өмірінің мақсаты бақыт болса, ал мақсат сол себептердің бірі болса, онда, даналық дегеніміз, шын бақыт болып табылатын зат туралы білімнің бізге беретіні болып шығады. Даналық дегеніміз - шын бақыт туралы білім беретін нәрсе, ал пайымдағыштық - бақытқа жету үшін орындау керек болатын әрекеттер туралы білімнің беретін дүниесі» [4. 16 бет].

Бақытқа жету жолы Фараби үшін адамның ізгілігін дамытуда - ақылдың жүрекпен одағы, адамгершілікпен парасаттылық, ақыл мен жақсы мінез. Ғалым жаттығу, адамгершілік әдеттерді дамыту арқылы әр адам үшін ізгілікке қол жеткізу мүмкіндігін дәлелдеді, сонымен бірге жеке ерік-жігерді, таңдау еркіндігін, жеке адамның бастамасын дамытудың маңыздылығын атап өтті. Оның еңбектерінде әр адамның және барлығының шынайы бақытына қол жеткізу, жер бетінде бейбіт өмір сүру қажеттілігі, адамдар мен халықтардың достығы туралы адамдар мен халықтардың бірігуі мен өзара көмегі туралы жоғары гуманистік арман көрініс тапты.

Фарабидің ойынша, шынайы бақытқа бар заттар туралы барлық білімді игеру, олардың мәнін, олардың пайда болу және жойылу себептерін зерттеу арқылы қол жеткізуге болады, бұл барлық нәрсенің табиғаты мен түпкі себептерін білуге әкеледі.

«Бақыт - бұл абсолютті игілік. Бақытқа жету және оған қол жеткізу үшін қажет нәрсенің бәрі бірдей жақсы, бірақ өзіңіз үшін емес, бақытқа жету үшін қажет. Бақытқа кедергі келтіретін барлық нәрсе - бұл абсолютті зұлымдық. Жақсылық бақытқа жету үшін пайдалы». Шынайы бақыт кез – келген зұлымдық жойылған кезде пайда болады, ал адамның жаны мен ақыл-ойы өзінің білімінде ең жоғары деңгейге жетеді. Мәңгілік әлемдік ақылмен бірігу. Адам өледі, бірақ өмірде қол жеткізген бақыт, рухани және керемет құбылыс бола отырып, өлмейді, бірақ одан кейін қалады.

Бақытқа қол жеткізген адам жаны бір-бірімен байланысады, осылайша жалпыадамзаттық бақыт, кейінгі ұрпаққа қызмет ететін адамгершілік қасиеттері артады. Әрбір ұрпақ ортақ бақытқа бөленіп, оны байытып, толықтыратын, ұрпақтардың өмірін жеңілдететін құнды және керемет нәрсе қалдырады.

Ұрпақтан - ұрпаққа өтіп, рухани мәдениеттің бұл артықшылықтары біртіндеп жинақталып, әр ұрпақ жасаған ең жақсы зияткерлік және адамгершілік жетістіктер ұрпақтарымен дамып, жетілдіріліп отырады. Барлық жақсы, жарқын, мейірімді - жалпыадамзаттық рухани мәдениетті одан әрі дамытуға және жетілдіруге өзіндік үлес бар. Әр адам жақсылық, қамқорлық, игі істер жасау арқылы бақытқа қол жеткізе алады.

Аристотель әл-Фарабидің «этикасына» түсініктемеде жоғары игілік тек біздің әлемде ғана, ал ақылсыздар жер әлемінен тыс жерде деп қарастырады.

Әл-Фараби үшін ақыл - адамның жоғары және ерекше игілігі. Ол ақыл жаратылыстану, математика және метафизиканы қамтитын теориялық философия арқылы дамиды деп, «Біз бақытқа тек сұлулыққа тән болғанда ғана жетеміз, ал сұлулық бізге тек философия өнерінің арқасында ғана тән болса, онда біз философияның арқасында бақытқа қол жеткіземіз» деген екен.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» идеясында адамның бақытқа қол жеткізуі тек өзара көмек пен ынтымақтастыққа негізделген қоғамда ғана жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ адамның одан оқшаулануынан тыс жердеде жүзеге асырылады. Бақытқа жету адамдар дұрыс тәрбиеге, дұрыс басқаруға және дұрыс көзқарастарға жетелейтін «үйлесімді өмір сүруге» бірлескен кезде пайда болады.

Оның пайымдауынша, адам, сондай-ақ қоғам жақсылық пен жамандықты, және оның себептері не екенін біле отырып іс-қимыл жасайды, сондықтан ол өзара түсіністіктің негізін қалайтын принциптерді білуі керек. Адамдар мен олардың бірлескен «үйлесімді өмір сүру» үшін ұйымдастырылу тәсілі. Осылайша, ол мемлекеттегі мемлекеттік өмір мен билік туралы ұғымды адамдарды білімсіздік жағдайынан шығарып, ағарту идеологиясын білім мен мәдениеттің негізінде қалыптастырады.

Әл-Фараби басшылыққа бағынатын адамдарды қайырымды, абзал және бақытты адамдар деп санайды. Бұл адамдар халық болып құрылса, ондай халықты қайырымды халық деп, ал қоныстанып біріксе, қайырымды қала болып табылады деп көрсеткен.

Бұл қайырымды қаланы билейтін басшылардың тілектері, мақсаттары және оны іске асыру әрекеттерінің шынайы, бірыңғай болуының арқасында нәтижеге ие болатындығын және олардың өз бетінше орынды деп тапқан іс-әрекеттері болса, басқару бағытын өзгерте алатындығын, ондай басшының заң бойыншанағыз билеуші болып табылатынын көрсетеді.

Әл-Фараби қалаларды (және, тиісінше, адамзат қауымдастықтарын) ізгілік пен немқұрайдылыққа бөлген «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатты». Нашар қалалардың түрлері олардың тұрғындары ұмтылатын жалған тауарлардың түрлерімен анықталады: тарту, билік, құрмет, ойын-сауық.

Тек ізгі қаланың тұрғындары (әл-Мадина әл-Фадиля) шынайы бақытқа ұмтылады. Философтар басқа адамдарға бақытқа апаратын жолды көрсете отырып, олар қоғамға қала басшылары ретінде қажет екенін сипаттайды.

Қоғамның дамуы құндылықтар жүйесі негізінде әл-Фараби адамзат қоғамдастықтарының төмендегідей жіктелуін қарастырады:

1. Надан қала - оның тұрғындары шынайы бақыт бар екенін білмейді және ешқашан білмейді, сондықтан олар оған ұмтылмайды. Олар: «дене денсаулығы, байлық, ләззат, өз құмарлықтарына, құрмет пен ұлылыққа деген еркіндік», - деп құрметтейді. Бұл артықшылықтарға ие болуы - надан қала тұрғындары үшін бақыт.

Надан қалалар бірнеше түрде келеді:

- қажеттілік қаласы-олар өмір сүрудің шұғыл талаптарын ғана қанағаттандыруға тырысады;
- алмасу қаласы - тұрғындар үшін байлыққа қол жеткізу - бүкіл өмірдің мақсаты;
- төменгі және бақытсыздық қаласы-гедонизм билік еткен жерде оның тұрғындары әр түрлі ләззат алуға тырысады;
- менмендік қаласы - мұнда барлығы мадақтауға және тануға ұмтылады;
- билікке деген құштарлық қаласы-өмірдің мәні билікке жету, басқа адамдарды жеңу, оларды бағындыру және өзіне бағыну;
- Слостолюбия қаласы - мұнда доп толығымен билейді.

2. Азғын қала - оның тұрғындары шынайы бақыт пен ізгіліктің бар екенін біледі, бірақ оларды білмейтін сияқты әрекет етеді.

3. Өзгермелі қала - жақсы болды, бірақ кейіннен өзгерді.

4. Адасқан қала - оның тұрғындары «Бақыт осы өмірден кейін болады» деп санайды, яғни олар кейінгі өмірге үміттенеді.

5. Ізгі қала - «адамдарды біріктірудің мақсаты-шынайы бақытқа ие болған істерде өзара көмек», онда бейбітшілік пен өзара қолдау орнайды, онда «адамдар бір-біріне бақытқа жету үшін көмектеседі».

Игілікке бағытталған қалада адамдар бір-біріне көмектеседі, бақытқа жетуге ұмтылады. Ол қала кемеліне жеткен адамға ұқсайды. Сол сияқты адамдар да әртүрлі болса да, қала басшысына бағынып, бір-бірімен келісіп, іс-әрекет жасай отырып, өмір сүрулері керек. Мұндай қала орталықтандырылған түрде басқарылады, ал оның басшысы барлық қасиеттерге ие.

Әл-Фараби тек ізгі қалалардың болашағы бар деп санайды, ал қалғандары ыдырау мен өлімді күтеді. Оның пікірінше, егер оны мекендеген халықтар бақытқа жету үшін бір-біріне жағдай жасаса, бүкіл жер ізгілікті болады.

Бақыт дегеніміз - өзі үшін іздеген жақсылық... Бақытқа жетуге көмектесетін әрекеттер - бұл керемет әрекеттер. Оларды тудыратын әдет - ғұрыптар мен әдеттер - бұл жақсы қасиеттер»; «адам басынан бастап, табиғи түрде ізгілікке немесе жамандыққа ие бола алмайды, өйткені ол туған тоқушы немесе хатшы бола алмайды». Өлгеннен кейін адамдардың жаны босатылып, көкте біріктіріліп, бақытқа жетеді, ал олар көбейген сайын, олардың жалпы бақыты да артады.

Фарабидің пікірінше, бақыт рухани тәжірибе ретінде адамның жоғары қажеттіліктерін қанағаттандырудан туындайды. Дәстүр бойынша, адамның жоғары қажеттіліктері философия, өнер, дін құралдарымен, сондай-ақ моральдық, ғылыми және әлеуметтік-саяси қызметке қатысумен қанағаттандырылды. Бұл бақыт деген не деген сұраққа жауап бере алатын философия екенін білдіреді.

Әл-Фараби әрбір адам өзінің не үшін өмір сүріп жүргенін түсінуге, өмірден өз орнын іздеп, өмір сүрудегі басты мақсаты жайлы сұрақтарға жауап беруге тырысады дейді. Осы сұрақтарға жауап таба алса, бақытты болуы мүмкін екенін айтады. Егер адам жақсы мінез бен ақылға ие болса, сөзсіз, бақытқа қол жеткізетінін, жақсы мінез-құлық пен ақылдың күші бір арнаға тоғысып, адамның абыройын асырып, кемелдікке жол салатынын ерекше атап өтеді. Ол адамның жақсы-жаман қасиеттерінің бәрі туа болмайтынын, өмірді сүру барысында адам іс-әрекеттері мен ортасына байланысты қалыптасатынын, сәбиде аса мейірімді немесе зұлым болып келмейтінін айтады.

Ол бақыт дегеннің не нәрсе екендігін жан-жақты білімдарлығының, ойшылдығының арқасында жан-жақты түсіндіреді; әр түрлі қырынан сипаттайды: «Кейбіреулер ләззат алуды ең жоғары бақыт деп есептейді. Енді біреулер байлықты бақыт деп, санайды. Үшінші біреулер бақытты сол екеуінің ұштасуы»; «Бақыт дегеніміз - игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені...»; «...біз философияның арқасында бақытқа жетеміз. Ал оны біз жақсы ақыл-парасат арқылы меңгереміз» - деп өз ойын білдіреді.

«Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады.

Әл-Фараби идеяларының әлеуметтік мәдени негіздері, айтылған ой пікірлері осы күнгі өмір талабымен үндесіп жатқаны. Адам бойындағы, оның ішінде басшы бойындағы бұл қасиеттердің қазіргі басшылардың да бойына қойылатын талаптар екені анық. Адал болып, айналасындағы адамдарға жылылықтың нұрын шашып, бақыт сыйлап, қарамағындағыларды тең ұстайтын, өз жұмысын жақсы білетін білімді әрі адал басшыларға қоғам әлі де мұқтаж екені белгілі.

Ізгілікті қоғам дегеніміз бұл бақытқа ұмтылатын, өнегелік заңдары бойынша әрекет етіп, жасампаздық қызметпен айналысатын, адамдардың топтасқан қауымдастығы.

Келешегіміздің ашық, жарқын, қоғамымыздың «ізгілікті болуы» бұл ақиқат пен шыншыл адамдарды сүйетін адал, қайырымды, қамқоршы адамдар көп болса, елде, қоғамда, халқымызда бақытты болмақ. Сондықтан да, Әл-Фараби қоғам дұрыс болу үшін онда өмір сүретін адамдар дұрыс болу керек деп есептей отыры, «Адамзат кемелдігінің ең биік дәрежесіне жеткен» адамды бақытты адам санайды. Адам бақытты болу үшін ол өмір сүріп отырған елдің басшысы да кемел адам болуы керек», «Адамдар ішіндегі ең таңдаулы жан бірінші басшы болуға тиіс» деп есептеген.

Оның пікірінше, өмірге келген әрбір адам бақытты болу үшін өмір сүреді дейді: «Бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат...» (Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, «Ғылым», 1975, 3-бет), «Жан біткеннің бәрі ең биік кәмелеттікке жету үшін жаралған, ол бұған өзіне тән болмыс сатысына сәйкес жете алады» (Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973, 347-бет).

Әл-Фарабидің ойынша, адамның армандаған мақсатына жетуі, оның өзіне ғана байланысты екенін айқындайды. Әр адам бақытты өзінше түсінеді, өзінше күреседі, өзінше бағалайды.

Адамдардың мақсаттары орындалған кезде ғана, адам өзін бақыттымын деген ой қорытында жасайды.

Демек, ұлы ойшылдың қалдырған мұраларын есте сақтап, жас ұрпақтарымыздың бойына сіңіріп, жеткізуіміз керек деп ойлаймыз! Өсіп келе жатқан ұрпақтардың бақытты өмір сүруіне көмектесетін «өлмейтұғын сөз» қалдырған ұлылардың рухтары мәңгі жасай береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар // Алматы, 1975. – 5- 6 бб.
2. Әбу Наср әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика, Эстетика, Астана: «Лотос-Астана» ЖШС 2007. – 107 б.
3. Мәдени-философиялық энциклопедия /Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Өлімжанова және т.б. – Алматы: Раритет, 2007. – 46 б.
4. Әл-Фараби. Бақыт туралы кітап. Алматы, 2015, 16-бет.
5. «Әлемдік философиялық мұра». Шығыс философиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Жазушы», 2009, - 480 б.
6. **Фарабитану = Farabitanú : оқу құралы** / әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; әл-Фараби орталығы ; ред. бас. Ж. Алтаев ; авт. ұжымы: Ә. Құранбек, Л. Асқар, П. Сүлейменов т.б. – Алматы : Қазақ университеті, 2019. – 140 б.
7. Әл-Фараби – Шығыстың ұлы ойшылы. Аль-Фараби – Великий мыслитель Востока. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2020. - 400 бет -

2 СЕКЦИЯ ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ

ӘЛ-ФАРАБИ ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕ

Телебаев Ғазиз Тұрысбекұлы

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының профессоры,
философия ғылымының докторы

Annotation. The article analyzes the formation of the Turkic philosophical tradition by the philosophical categories in Farabi examining. This makes it possible to speak about a unified Turkic world view, which main elements are, in particular, the pursuit of happiness in this life, the prevalence of ethical beginning and controversially the idea of the futility of human existence.

Keywords: Turkic philosophical tradition, the philosophy of Farabi, ethical categories, the category «happiness», the category «measure».

Түркілік философиялық дәстүр ежелгі руникалық жазба дереккөздерінен бастап ғасырлар бойы қалыптасқан. Осы ескерткіштерде біз «Тәңір», «Көк», «Құт», «Ұмай», «Жер-Су», «Кісі», «Ел», «Өмір-өлім» сияқты ұғымдарды кездестіреміз. Содан кейін бұл ұғымдарды түркі философиясында кейінгі ойшылдар дамытты.

Бұл ретте түркі философиялық дәстүрі үшін негізгі категориялар жүйесін қалыптастыруда шешуші рөл атқарған қалалар орналасқан Ұлы Жібек жолы ерекше маңызға ие болды.

Ұлы Жібек жолы халықтар мен қалаларды, соның ішінде философиялық идеялармен алмасу арқылы байланыстырды. Бір жарым мың жыл бойы ол Орталық Азия, Қытай, Иран, Византия, Таяу Шығыс пен Еуропа арасында философиялық идеяларды таратудың негізгі арнасы болды.

Сонымен бірге, Жібек жолында философиялық диалогта ерекше орын алған қалалар болды: біз оларды «философиялық нүктелер» деп атай алғанымыз жөн болар. Бұл мәдени өмірі қарқынды, ірі кітапханалар мен қолжазбалар қоймалары бар және әлемге көрнекті ойшылдар берген қалалар. Біз үшін, Орталық Азияда, осы ойшылдардың көпшілігі әлемнің түркі бейнесін, түркі дүниетанымын, түркі ұғымдар жүйесін, түркі философиялық дәстүрін қалыптастыруға елеулі үлес қосқаны ерекше маңызды. Жібек жолы бойындағы осындай нүктелер (егер шығыстан бастап, батысқа қарай жүрсек) Сиань, Дуньхуан, Қашғар, Баласағұн, Испиджаб (Сайрам), Отырар (Фараб), Яссы (Түркістан) сияқты қалалар болып табылады.

Жібек жолы үшін де, түркі әлемі үшін де Отырар (Фараб) және Түркістан (Яссы) қалалары ерекше маңызға ие.

Бірнеше қалаларды қамтитын Отырар оазисінің өркендеуі I – XIII ғасырға жатады. Қалада әйгілі кітапхана және Қараханидтер әулетінің теңге шығаратын орындарының бірі болды, онда көптеген ғалымдар, философтар, жұлдыз жорамашылар, зергерлер мен шебер қолөнершілер өмір сүрді. Бұл қаладан түркі әлемінің мақтанышына айналған ғалымдардың тұтас бір тобы шыққан: әлемге әйгілі философ және математик Әл-Фараби Әбу Насыр Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан (870-950), сондай-ақ философ Әбу-Л-Қасым әл-Фараби (1130-1210), белгілі сопы Арыстан-Баб (XI-XII ғасырлар), астроном және математик Аббас Жаухари (IX ғасырдың бірінші жартысы), лингвист және географ Исхақ Әл-Фараби (951 қайтыс болған).

Түркі дүниетанымын түсіну үшін ең маңызды ұстаным тарихи болып табылады. Тарихи қалыптасқан ұғымдар бізге көп жағдайда тұрақты нұсқада келді, бұған ғасырлар бойы қалыптасқан түркі тілдес әдебиеттің жазбаша дәстүрі ықпал етті. Бұл әдебиет Орхон-Енисей дереккөздерінен бастау алады, содан кейін Тұрпан және Орталық Азия дереккөздерінен, содан кейін Қорқыт Ата кітабі, Махмуд Қашқаридің Диуани Лұғат-ат-түрік және Жүсіп Баласағұнның Құтты білік, Яссауидің Диуани Хикмет, Codex Cumanicus, және Орта ғасырлар мен жаңа уақыттағы кисса және дастандар.

Мысалы, «Тәңір» категориясы түркі философиялық сөздігіне де, түркі халықтарының дүниетанымына да терең енген. Тіпті исламды қабылдау және тәңіршілдіктен бас тарту кезінде түркі дүниетанымының негізгі түсінігі ұмытылмағаны белгілі. Көптеген жағдайларда түрік этностарының өкілдері өздерінің дұғаларында жоғары күшке «Тәңірі» деп жүгінетін. Бұл мағынада жоғары күшті білдіретін синонимдер-түсініктер бұлар: «Құдай», «Алла тағала», «Тәңір ием» және басқалар.

«Қорқыт ата кітабында» біз осыған керемет бір дәлел табамыз: «Тәңірге сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірісі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды. Тәңірі бәндесінің маңдайына не жазса, сол болады» [Қорқыт, 1986: 7].

Әбу Насыр әл-Фараби өзінің әлеуметтік-этикалық трактаттарында («Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары жайлы», «Бақытқа жол сілтеу», «Бақытқа жету туралы») түркі философиялық тілінің қалыптасуына әсер еткен көптеген философиялық категорияларды жазып кеткен. Оларға: «бақыт», «ізгілік», «жан», «кұт», «қанағат», «шындық», «даналық», «ақыл», «әділеттілік», «азап», «рақат» және басқалар жатады.

Фараби араб тілінде перипатетизм мен неоплатонизмнің философиялық дәстүрлерінде қалыптасып, Бағдад пен Дамаск философиялық мектептерінде оқығаны белгілі. Сонымен қатар, түркі ой дәстүрі мен ежелгі түркі менталитетінің архетиптерінің сөзсіз әсерін атап өтпеуге болмайды.

Мысалы, түркілік философиялық дәстүрде «Мәңгілік Ел» идеясы негізгі идеялардың бірі болып табылады. Бұл идеяда түркілердің кемел қоғам, өз қасиеттерінің арқасында өте ұзақ, «мәңгі» ғұмыр құра алатын, дұрыс ұйымдастырылуының себебінен тұрғындары үшін барынша тиімді жағдай жасауға мүмкіндік беретін қоғам туралы түсініктері қамтылған.

«Мәңгі Ел» өлшемдеріне сай келетін қуатты мемлекет құру идеясын теориялық тұрғыда әл-Фараби өз еңбектерінде негіздеген болатын.

«Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» трактатта әл-Фараби қаланы ізгі (қайырымды) ететін ерекше шарттарды бөліп көрсетеді. Бұл, ең алдымен, қала тұрғындары арасындағы қарым-қатынастар: ««Ізгі дейтініміз – бұл адамның шын болмысына, оның өмір сүруіне, тамақтануына, өмірін сақтауына байланысты ең үздік табыстарға жету үшін, өз тұрғындары бір-біріне көмектесіп отыратын қала» [Фараби, 2005: 165-166].

Әл-Фараби бойынша екінші басты шарт – қала басшысы, оған 12 «туа біткен табиғи қасиет» тән болуы қажет. Олардың арасындағы ең маңыздысы мыналар: «ешбір мінсіз мүшелері» болуы қажет, яғни дені сау болуы керек; есте сақтау қабілеті жақсы болуы керек; «зерек және алғыр ақылға ие болуы керек», өз ойын анық жеткізе алатын болуы шарт; «оқуға және танымға деген махаббаты болуы қажет»; шындықты сүйіп, өтірікке жаны қас болуы керек; «намысқор жаны болып, ар-ожданына сақ бола білуі қажет»; «әділетті, бірақ қыңыр болмауы қажет» [Farabi, 2014: 71-72].

Түркілік философиялық дәстүр әсіресе Фарабидің этикалық ілімінен жарқын көрініс тапқан. Бұл Фарабидің адам өмірінің мақсаты - бақытқа жету туралы анықтамасында көрінеді. «Бақыт – бұл әр адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол қандай да бір кемелдік» [Әл-Фараби, 1975: 3].

Бір ғасырдан кейін түркі ой-өрісі дәстүрінде жұмыс істеген Жүсіп Баласағұн өз еңбегін «Құтты білік» немесе «Бақытқа апарар жолды көрсететін білім» (немесе «берекелі білім», қазақ философы А.Х. Қасымжанов шығарманың атауын аударғандай) деп атады.

Бақыт, Фарабидің пікірінше, өмірдің мақсаты болып табылады, өйткені ол ең жоғарғы жақсылық, яғни, ол басқа игіліктерге, мақсаттарға және т. б. жету құралы ретінде емес, өзі үшін (бақыт үшін) қажет.

«Бақытқа қол жеткізгеннен кейін біз басқа мақсатқа ұмтылудың қажеті жоқ екенін көреміз, бұл бақыттың өзі үшін және ешқашан басқа нәрсе үшін емес артықшылық беретінін көрсетеді», - деп жазады әл-Фараби «Бақытқа жол сілтеу» деген трактатында [Әл-Фараби, 1975: 4].

Фарабидің бақыт тұжырымдамасы үшін маңызды тағы бір аспект - бұл бақытты релятивті түсіну: «... бақыт әр адамға өзінің көзқарасы бойынша көрінеді, әркім дәл осылай ойлайды» [Әл-Фараби, 1975: 5]. Әр адамның өзіндік ерекшелігі бар, бақыттың бірыңғай үлгісі жоқ. Біреу үшін бақыт байлық, біреу үшін денсаулық, отбасы, мансап және т. б. болуы мүмкін.

Бұл жерде Жүсіп Баласағұнның көзқарасының ұқсастығы таңқалдырады. Философиялық категориялардың мазмұнын аша отырып, Баласағұни бақытты талдайды. Оны ол «құттың құбылмалылығы» деп атады. Құт келесі метаморфоздармен өрбиді: оған адамдардың өмірінде орын

жоқ сияқты, ол баспанасыз, өйткені ол өзгермелі, «сұйық» (өзендер мен сөйлеу сияқты), сондықтан ол алдамшы және зұлым деуге келеді. Бірақ содан кейін оның тағы бір қыры бар екені назар аударды: бақыт бұл жақсылық пен бақыт, бұл байлық пен биліктің қайнар көзі, ол бәріне қол жеткізуге көмектеседі. Бірақ бұл да соңғы нүкте емес: бақыт - бұл жаңару, бұл жаңаға деген құштарлық [Баласағұн, 1986: 1045-1050].

Фараби бақытқа жетудің жолдарын қарапайым, қолжетімді етіп көрсетеді. Оларға мыналар жатады: өзін-өзі жетілдіру; әдемі әрекеттерді орындау және ұсқынсыздардан аулақ болу; жағымды қасиеттерді дамыту; ақыл-ой және жақсы мінез; қанағат, артық және жетіспеушілік шегінен аулақ болу.

Фарабидің этикалық идеялары, менің ойымша, түркі философиясына тән этикалық көзқараспен ұштасады, оны атараксия (бейтараптылық, кішкене нәрсеге қанағаттану, мазасыздықтан арылу) деп атауға болады. Бұл интенция Отырар ойшылының келесі сөздерінде жақсы көрініс тапқан: «Егер сіз қалаған нәрсеге қол жеткізе алмасаңыз, қол жеткізе алатын нәрсені қалауыңыз қажет». Демек, Фарабидің этикалық релятивизмінің басым бөлігі Қанағат категориясы екені анық.

Қанағатты негізгі этикалық құндылық ретінде түсіну жалпы түркі, атап айтқанда қазақ менталитетіне тән екенін атап өткен жөн. Қазақтың халық даналығында, мысалы, «қанағат» сияқты адами қасиет, яғни өлшем, үйлесімділік, дұрыс арақатынас маңызды орын алады. Сонымен бірге «қанағат» адамгершілік реттеуші ретінде әрекет етеді, ол адамды шектен шығудан, асыра сілтеуден сақтандырады. Бұл тұрғыда «қанағатты» моральдық қанағаттану және де «тағдырмен келісу» деп түсінуге болады.

Әл-Фараби «қанағатқа», «өлшемге» «Бақытқа жол сілтеу» атты негізгі этикалық трактатында басты назар аударды. Ең алдымен, ол әркімге қажетті моральдық мөлшерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жағдайларды анықтайды. Қалыпты болу үшін адамның әрекеті мыналарды ескеруі керек: әрекет уақыты; әрекет ету орны; әрекет кімнен пайда болады; әрекет кімге бағытталған; әрекет неден пайда болады; әрекет немен жасалады; нәліктен және не үшін әрекет жасалады [Әл-Фараби, 1975: 16].

Фарабидің өлшемді этикалық категория ретінде талдау ерекшеліктері адамның моральдік қасиеттерінің егжей-тегжейлі жіктелуінде айқын көрінеді. Сонымен бірге, Шығыс дәстүрі үшін екілік оппозицияларды (мысалы, жақсылық - жамандық) емес, үш бөліктен тұратын икемді қарама-қайшылықтарды бөлудің жалпы үлгісін жүзеге асыра отырып, Фараби әр адам қасиеті үшін оның кемшілігін, «идеалды», үйлесімді қалпын және артықшылығын көрсетеді. Мұндай әдіснамалық ұстаным, мысалы, осы моральдық қасиеттің жоқтығы емес, оның жетіспеушілігі немесе артық болуы сияқты көрінетін адамдардың моральдық кемшіліктеріне неғұрлым сараланған көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Әл-Фарабидің пікірінше, адамның адамгершілік қасиеттерінің жіктелуі өте маңызды, сондықтан оны егжей-тегжейлі келтіруге болады деп санаймыз. «Идеалды» адамгершілік қасиеттер, сондай-ақ олардың жетіспеушілігі мен артықшылығы мынадай болып келеді.

Абайсыздық (шамадан тыс батылдық) – батылдық (қауіпті істерге баруда және олардан бас тартуда көрінетін орташа батылдық) – қорқақтық (батылдықтың болмауы) [Әл-Фараби, 1975: 17]. Әрине, бұл қасиетті тарихи тұрғыдан сараптаған жөн. Мысалы, түркілер үшін батылдықтың жоғарғы шегі болмағаны белгілі, өйткені өмірлерінің басым бөлігі соғыстарда, шайқастарда өткен болатын.

Ысырапшылдық (шамадан тыс ысырапшылдық және жеткіліксіз үнемділік) – жомарттық, үнемшілдік – сарандық (шамадан тыс үнемділік және жеткіліксіз ақша жұмсау). Сонымен қатар, осы үштікті қарастырған кезде қызықты «айналып кету» пайда болады. Ысырапшылдықты артық деп түсінуге болады, ал сарандықты кемшілік деп түсінуге болады жомарттықты «мінсіз» қасиет деп анықтаған кезде ғана. Ал біз үнемділікті «мінсіз» қасиет ретінде таңдау оларды өзгертеді, яғни сарандық артық үнемшілдік болып кетеді, ал ысырапшылдық – үнемсіздіктің жетіспеушілігі болады.

Ашкөздік (ләззат алудың артықтығы) - абстиненция (тамақтан, әйелдерден ләззат алудың қалыпты деңгейі) - ләззат сезімінің болмауы (ләззат жетіспеушілігі) [Әл-Фараби, 1975: 18].

Шексіз әзіл-қалжың (әзілдің артық болуы) – көңілді болу (әзілді қалыпты пайдалану) – әзілдің жетіспеуі (өте қатал көңіл-күйде болу). Сонымен қатар, бұл жағдайда Фараби әзілдің артық болуы сияқты моральдық кемшіліктерге сабырмен қарауда: «адам өз өмірінде демалуы керек, ал демалу

эрқашан ондағы шамадан тыс жағымды немесе [кем дегенде] ауыртпалықсыз болатындай болады. Өзіл өзінің көптігімен жағымды немесе [кем дегенде] ауыртпалықсыз нәрселердің қатарына жатады [Әл-Фараби, 1975: 18].

Жалған менмендік (өзіне жақсы қасиеттерді, жоқ жақсы әрекеттерді жатқызу) - өзіне деген шындық (өзіне бар жақсы қасиеттерді, жақсы әрекеттерді жатқызу) – жалған әрекет (адам өзіне тән нәрсені емес, өзіне тән емес нәрсені жатқызады).

Жағымпаздық (қасиеттің асып кетуі) – достық көңіл (бір адамның басқалармен қарым–қатынасындағы сыйласу арқылы пайда болады, соның арқасында ол әңгімеден немесе іс-әрекеттен ләззат алады) - тәкаппарлық (бұл қасиеттің жетіспеушілігі), достықсыздық (басқасын ренжітетін нәрсені жасау).

Фараби «идеалды» адамгершілік қасиеттерге жету жолдары туралы ойлана отырып, «әткеншек» бейнесін қолданады. Адамдар, әдетте, моральдық қасиеттің артықтығын немесе оның жетіспеушілігін кезек-кезек таңдай отырып, «шектен шығуға асығады». Жағдай күрделене түседі, өйткені оларға қол жеткізудің жеңілдігі екі шекке ге де тән. Үйлесімділікке қол жеткізу өте қиын және «алтын ортаға» жету де өте қиын. Тек ұзақ мерзімді тәжірибе, күнделікті күш-жігер, парасаттылық пен шешімділік, ұтымды ләззат алуға деген ұмтылыс адамды ондағы «идеалды» адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға жетелейді.

Осылайша, ежелгі түркі жазба дереккөздерінен (Орхон-Енисей) бастап, Қорқыт Ата, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари және Қожа Ахмет Ясауи еңбектері, қыпшақ тіліндегі Codex Cumanicus ескерткіші, Әмір Темірдің жазбасы салыстырмалы талдау көрсетіп жүргендей, тікелей және сөзсіз бір дүниетанымдық және мәдени-тарихи дәстүрге жататынын көрсетеді.

Осы дәстүрге бабамыз Әл-Фарабидің де идеялары жатады деп айтуға толық негіз бар. Оған дәлелдер Фарабидің әлеуметтік-этикалық трактаттарында көптеп кездеседі. Солардың ең мағынасы жоғарылары осы жерде талданды: «Мәңгілік Ел» болудың шарттары, адам өмірінің мәні, «құт» мәселесі, адамның ең жоғарғы моральдық қасиеттері, «қанағат» ілімі.

Түркі әлемінде, Алтайдан Дунайға дейін, Тәңірі терминін қолдану түркі дүниетанымын географиялық, мәдени және тарихи ерекшеліктеріне қарамастан біртұтас дүниетанымға байланыстырады. Олар Біртұтас түркі философиялық дәстүрін құрайды, сонымен қатар Qut – бақыт, qanaqat – өлшем, taqdyr – тағдыр, aqaaq – ата-баба рухы және басқалар.

Әдебиеттер

1. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. Алматы: Жазушы, 1986. – 128 бет.
2. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
3. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 бет.
4. Abu Nasr al-Farabi. The Book of Mind. – Almaty, Abai Club Intl., 2014. – 112 p.
5. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар / ред. алқ.: А. Х. Қасымжанов, Б. Г. Ғафуров, І. К. Кеңесбаев; қаз. тіл. ауд.: Қ. Сағындықов, М. Ишмұхамедов. - Алматы: Ғылым, 1975. - 418 с.

ТҮРКІ ҒҰЛАМАЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ОЙЛАР

Молтобарова Күмісбала Ишанқызы

ҚР ҰҚК Шекара академиясының профессоры, философия ғылымының докторы

Abstract. In this article, the author, considering the cultural and philosophical views of Turkic

thinkers, analyzes the legal ideas of Zhusup Balasagun set forth in his poem "Kutadgu bilig", which is the moral code of its time. Also, in the context of building a fair Kazakhstan, special attention is paid to the ideas of Balasaguni, Kashgari, Babur on the issue of strengthening statehood and the principles of governing the country.

Keywords: humanism, law, social norms, ruler, law.

Қазіргі жағдайларда ортағасырлық түркі ғұламаларының мәденифилософиялық ойлары күш-қуат беретін қайнар көз болып табылады. Ғұлама бабаларымыздың шығармаларындағы идеялар, одан әрі де тәуелсіз Қазақстанда қазақтардың өзін-өзі танып білуі үшін туып отырған мүмкіндіктерге сай, арнаулы, тереңдетіп саналау керек.

Бұл тұрғыда маңызы кеміген адамгершілік және рухани құндылықтарға қайта оралу тұрғысынан мәденифилософиялық және құқықтық идеяларын мұраға қалдырған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» аталатын атақты туындысы - мемлекетті басқару қағидалары мен ұстанымдарын сөз ететін, ел басқарудың ережелері мен заңдарын, мінез-құлық пен әдет-ғұрып нормаларын қамтыған көркем туынды, белгілі бір деңгейдегі адамгершілік кодексі болып табылатындығын көрсету маңызды.

Этикалық-дидактикалық сарында жазылып, ғибрат-уағыздарды бейнелі көркем тілмен жырлайтын бұл шығармада бек, уәзір, әскербасынан бастап диқан, малшы, саудагерге дейінгі, қысқасы қоғамның барлық мүшелеріне қажетті қасиеттер сөз болады, яғни оның қырағы көзі бүкіл қоғамды төменнен жоғарыға дейін қамтиды. Сол кездегі Қарахан мемлекетінің билеушісі, атақты Табғаш Қара-Боғрахан (Қара-Бурахан) «Құтты білікпен» танысқан соң Жүсіп Баласағұнға қатты ырзалығын білдіріп, «Хас Хажыб Жүсіп Баласағұн» деген атақ беріп, өзін хан сарайының бас ақылшысы, ақыны, бас уәзірі етіп қызметке алады. Бұл туралы Ж.Баласағұнның өзі былай жазады:

Хандар ханы Табғаш Қара Боғра - Падишахтың құзырында оқыды. Мархабатпен даңқ қосты атына - Ақылы мен қаламының хақына. Хас Хажыбтық атақ берді тағы да, Мұны сеніп жақын тұтты жанына. Сол мәні үшін жұрт құрметтеп қарады, Аты: Жүсіп Хас Хажыб деп тарады.[Баласағұн, 2015: 15]. Хас Хажыб, яғни Бас уәзір болу - билеушінің көрер көзі, естір құлағы болу деген сөз. Басқа міндеттерін былай қойғанда ол мемлекет заңдары мен сол елдің әдет-ғұрпының ойдағыдай орындалуын қадағалап отырады.

Ал Жүсіп Баласағұн поэмасына – әмірші, патшалар басшылыққа алатын «Билік жүргізу туралы ғылым» деп тағы бір екінші атау беруге болар еді. Бұл еңбекті әлеуметтік-мәдениеттік – әдет-ғұрып, салт-дәстүр, арасында құқықтық нормалар жоғары қойылатын және бағаланатын ахлақтық және адамгершілік ережелердің толыққанды жинағы дей аламыз. Бұны кітап тараулары атауларының үзінділерінен: «...адамдарды басқару заңдары туралы», «...бағыныштыларды қалай лайықты басқарып, тәрбиелеу міндеті туралы», «...бектердің қызметшілері алдындағы міндеттері», бектерге қызмет етуді туралы заңдар мен ережелері туралы», «бек лауазымына сай бек қандай болуы керек...» және т.б. байқауға болады.

Мәңгілік ақиқаттар мен уақытқа бағынбайтын әлеуметтік-мәдени құндылықтар және әлеуметтік нормалар туралы кейінгі ұрпаққа жазып қалдырған данагөй, ойшылдың қырағы көзінен төменнен жоғарыға дейінгі бүкіл қоғам тыс қалмаған. Сондықтан да көп жағдайда Әл-Фарабидің қайырымды мемлекет туралы идеяларына ортақтаса отырып, Баласағұн, мемлекеттің формасы оның билеушісінің адамгершілік тазалығы мен рух биіктігіне, билеуші мен оған бағынушылардың ізгілікті қарым-қатынастарына байланысты болады, деп есептеді. Өз жұмысында философ кемел билеушінің портретін жасап шығаруға ұмтылды, билік басында тұрғандарды адамдар алдындағы негізгі үш міндеті туралы ғақлия айтты. «Біріншіден, - деді Баласағұн, - күмістей тап-таза бол. Екіншіден, адамдарға әділетті заң жаса. Және үшіншіден – жолдарға күзет қоятын бол».

Жүсіп Баласағұнның шығармашылығында көркем-бейнелі түрде автордың өзі өмір кешкен кезеңдегі орта – кейіпкерлер, оқиғалар, түркі қоғамы мен түркі мемлекетінің бір өзіне көшпелілік те, отырықшылық та өмірсалтын үйлестірген, сондықтан да мәдениеттік те, өркениеттік те сипатты біртума хәм дара феномендер жасап шығарған өмірі, мәдениеті, дүниетанымына байланысты адамгершілік және құқықтық арман-аңсарлары бейнеленеді.

Ортағасырлық Шығыс стихиялы түрде емес, керісінше жоғары түрде ұйымдастырыла

дамығандығы қоғамды басқару туралы шығармаларға ерекше тапсырыстар беріліп, байқаулар өткізіліп отырғанынан да көрінеді. Мысалы, XI ғасырдағы селжүк билеушісі Әбу-л-Фатх Мәлік-шах өз кеңесшілерінің арасында мемлекеттік басқару туралы ең үздік кітапқа байқау жариялап, ондай үздік кітап деп уәзір Низамал-Мүліктің «Саясат-наме» кітабы («Басқару кітабы») танылды. [Низам ал-Мульк, 1949: 383].

Жүсіп Баласағұнның бүкіл шығармашылығында дамымай қалу, жетілмеу салдарынан барлық тап, топ өкілдері мен мамандық иелері жапа шеккен сол кезеңдегі қоғамның дамуы үшін жаңа нормативтік негіздер (адамгершілік, құқықтық) жасауға деген ұмтылысы айқын көрінеді. Сондықтан да оның бағыт-бағдары, айтар ақылы барлығына қатысты. Жартылай көшпелі халықтардың барлық саладағы өмірін ережелік негіздермен реттеу, оның ойдағыдай құрылымын жасау, Жүсіптің пікірінше, қол астындағы халыққа ең бастысы – заңды беретін «өзі дана, өзі ақылды, өзі жөншіл» билеушінің міндеті. Ол билеуші - бектің мінез-құлық ережесінің тұтас бір өзіндік ауқымды кодексін жасап шығарды.

Бек халықты тек білікпен сендірер, Барлығын да ақылына жеңдірер Бек дегенің білікпенен берік тұр, Білік кетсе, бек қалады - желік құр. Елді ғана келсе ұзақ билегің, Заңды ұстап, бұрсын елге бүйрегін! Қара ішсе- малы желге ұшады, Ішкіш бектің- тозар елі құсалы! Осындай құқықтық ғақлияларды Ж. Баласағұн бүкіл сословие адамдарына, әртүрлі атақ және түрлі мамандық иелерінің барлығына қарата айтады. Ежелгі заман ақынының әділдігі, турашылдығы өз кезеңі үшін ғана емес, бүгінгі заман үшін, бүгінгі ел билігі үшін және ел азаматтары үшін де аса өзекті екенін мойындауымыз керек. Бұл ретте ойшылдың мұндай көрегендігіне таң қалмасқа да болмайды. Қаталдық пен әділеттілік ол үшін өте маңызды, бұл жайтты бүгінгі күннің «шексіз билікті жақтаушылары» есте сақтаса болар еді. «Өз еліңнің ішінде қандай да бір езгіні жой, жапа-жәбірге тыйым сал, ал, сыртта талау мен тонаудың жолын кес. Ақымақтарды аяусыз жазалап жөнге сал: бұзақыға ем болар қатыгездік». Көріп отырғанымыздай, Баласағұнға жыр әлемінде қиялмен қалықтап ұша беру жат, ол, керісінше аяғын жерге нық басып тұрған, өмірдің шындығынан, алшақ кетпейтін ойшыл ақын. Егер әділеттіліктің шарты заң болса, онда заң да әділеттілікті белсенді түрде қорғауы шарт, яғни қазіргі заман ұғымымен айтқанда, жақсылық, ізгілік өзін қорғай білуі керек.

Ақын және ғалым қарақшылық, талау-тонауға, жамандыққа және азғындыққа деген көзқарасын анық танытар болса, негізгі әлеуметтік топтар мен таптар туралы ол мүлдем басқаша сөйлейді: «...Адамның адамнан айырмасы өте көп, Бірақ, ең басты айырмасы – білімі болып табылады. Олардың әрқайсысын тани білсең болғаны. Білімпаздар – жақсылыққа жол бастар. Ықыласпен оқы да, сөздеріне көңіл қой». Бұл тұста ойшыл білімділік, даналық, қайырымдылық, ізгілік, «жан сұлулығы» және басқару сынды әртүрлі факторлардың өзара тығыз одағы болуы тиістігін тағы да қайталай еске салады.

Жарты адам баласын да бір Алла, Есті-ессіз, ұлық-кішік бар - онда. Ақылды бар, ақымақ бар, бар ғалым, Бай-кедей бар, надан, аңқау, бар залым! Бәрін соның алаламай бөлектеп, Басқаратын қандай болу керек Бек?! Басы ашық бұл шындықтардың, әсіресе, әлеуметтік көмектің нақты болуы тиістігі туралы шындықтың бүгінгі күнде де маңызы үлкен. Көріп отырғанымыздай, азаматтық қоғам, мемлекеттің оған қызмет етуі, ең алдымен, билеушінің халық алдындағы міндеттері туралы (керісінше емес) идеялар осыдан мың жылдай бұрын айтылған. Баласағұнның билеушінің мына міндет-парызы туралы тұжырымдары да тап бүгінгі күн үшін де айтылғандай: Заң алдында бәрі бірдей мен үшін, Кесем әділ. Болмайды ешбір келісім. Біл, әділ заң - басқарудың тұғыры, Бегі әділ ме! - Берік елдің жұлыны! Бек елінде тура заңды ұстаса, Бар тілекке жетер қолы, қысқасы!

Қазіргі таңда азшылықтың баюы көпшіліктің кедейленуінің есебінен жүзеге асырылып отырғаны, жекешелендіру барысында қоғамдық жекеменшікті жекелеген жылпостар су тегінге алып алғаны, елімізде өндірістің дамымай, тек сауда, алып-сату басым болып отырғаны, т.б. туралы көп айтылып келеді, өкініштісі – нәтижесіз әңгіме болып отыр. Даналық үшін кеше немесе бүгін деген ұғым жоқ, сондықтан да бабаларымыз жазып қалдырған ғақлия-өсиеттер - ұшқыр автомобильдер мен небір заманауи технологиялар заманында да өз маңызын жоймаса керек. Билеушіге жүктелер тағы бір парыз-міндет те – «...Үшіншіден, жолдарыңды қарақшылық, тонаушылықтан қорғай біл...» - шаруаның өз өнімін базарға еш алаңсыз жеткізе алмайтын тап бүгінгі күн үшін айтылғандай.

Көбейді елде қорлаушы да, зорлар да, Бас көтермес сорлы болды қорланған. Азаматтық қоғам

мен құқықтық мемлекеттің өзара қарым-қатынастарына сәйкес, алғашқы кезекте мемлекеттің міндеттері тұрады, ал, құқықтары – екінші кезекте және керісінше, азаматтық қоғамның құқықтары алғашқы кезекте болса, міндеттері екінші кезекте.

Баласағұнның кезінде қазіргі демократиялық қоғамның терминдері пайдаланылмаса да, ол құқықтар мен міндеттердің субординациясынан қателеспеген. Билеушінің Халық алдындағы үш басты міндетін санамалай келе ол былай дейді: «Ел алдында бар басты үш парызың, Соны орындап айбарлан да міндет қыл – болсын жауап лайықты өзіңе». Сонымен, билеуші халық алдындағы өз міндет-парызын орындау барысында өзінің құқықтарын жүзеге асырады. Шексіз бола алмайтын ол құқықтарды Баласағұн, билік құрылымдарының құқықтары заңмен шектеулі керек, деп бүгінгі таңда айтатын біздер сияқты, нақты анықтап көрсетеді.

Ойшылдың пікірінше, билеушіге үш түрлі құқық берілген және ол құзырындағыдардан нені талап ете алатынын жақсылап зерделей білуі шарт. Ал, олардың (қара халықтың) бірінші борышы – билеушінің барлық әмірін құрметтеу, кез-келгенін орындау. Бұл барынша әділетті және заңды, өйткені, билеуші өзінің парызына сай, адамдарға әділетті заң жасап берді, сондықтан да ол заңды құрметтеуді, заңды орындауды талап етуге құқылы.

Екінші борышы – қазынаға қарыз болмау, тиісті салықтарын дәл уақытылы төлеп отыру. Бұл мемлекет азаматтарына ауыр соқпауы тиіс, өйткені, билеуші күмістей тап-таза болып, қол астындағыларды талан-тараж, қарақшылық және шапқыншылықтан қорғайды.

Үшіншіден, сенің жауларыңмен жауласа отырып олар достарыңмен тату бола білуі керек. Егер өз борышыңды ойдағыдай атқаратын болсаң, құзырыңдағылар сені көкке көтеретін болады. Әрине, бұл ізгі ниеттердің барлығы да әділетсіздік, зұлымдық, зорлық-зомбылық пен қатыгездік жайлаған сол әлемде жүзеге асырылуы мүмкін емес еді. Әл-Фараби де, Баласағұн да мұны жақсы түсінді.

Есалаңмын әлде ақымақ-жындыбас, -Нені айттым, түсінсем-ау өзім де.

Әлде ессіз, есалаң боп түнердім, Әлде бәрі елес пе – жүдеткен жанды? Ақылшым кім - заңды қайтсем нығайтам, Адалдарды көтеріп, жазалар ем арамды. Ақ ниет пен адал Заң аяқ асты болыпты, Бәрі аяр, зымиян – пейілі адал кім қалды? Ойшыл таным-білімге, мәдениетке, болашаққа үміт артады, сенеді.

Кім дана болса, жақын білімге, Біліктіні жақын тартар түбінде. Білімнен әзіз не бар дейсің жаһанда, «Білімсіз надан!» десе, қорлық адамға! Жырдың соңғы жолдары даналық пен өмірлік бағдарламаның ең биік деңгейін танытады, мұнда болашақтың мәдени айқындамасы бар. Өзінің білімінің кем екенін үнемі мойындап отыру, өз көзқарасыңның дұрыстығына үнемі күмәнданып отыру ғана таңдаған арман-аңсарларың жолында қарекет жасауға бағыттайды. Сонда ғана орындалмайтын қиял сияқты көрінген көп арманыңа қол жеткізуге болады. Пайымдап, зерделеп қарасаңыз, мұның мысалдарын өмірден көп табасыз.

Білім- жарық, нұрын саған шашатын Ақыл болса, асыл болар - болса ер, Білім болса, бектік қылар қылса ер Ақыл кімде болса - болар асыл Ол, Білім кімде болса - бек һәм басың ол. Кісі ұланы қара жерге қол салды, Көтерді бәрін, білімін ол қолданды. Баласағұн өзінің шығармасында болмыстың әлеуметтік-мәдени негіздеріне мән беріп, жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың мәнін саралаған. Оған ғұлама бабамыздың мына афоризмдерінен мысал келтірейік: «даналық бар жерде, ұлылық болады, білім бар жерде биіктік те бар», «білімнің маңызын оқыған біледі, сұлулықтың маңызын шебер біледі». Көріп отырғанымыздай, Баласағұн білімнің маңызын ұсақтатпай, ақыл мен әдемілікті одан да жоғары қояды. Сонымен қатар көрнекті ойшыл Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұнның тіл - адамзат болмысының зор өлшемі екені туралы ойларын мына әйгілі нақыл сөзінен көреміз: «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз, кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз...» [Баласағұн, 1994: 352]. Жалпы «Құдатғу біліктің» авторы Жүсіп Баласағұнның даналық сөздері мен өсиеттеріндегі құқықтық, мәдениеттанушылық сипаттағы ойлары қазіргі күнде де өзінің өзектілігін айқындап тұр.

Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұнның тіл мен білімнің мәніне деген мұндай көзқарасынан әсер алған түркі ғалымы, әйгілі «Диуани лұғат ат- түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбектің авторы Махмұд Қашқари. Олардың ойларының өзара үндестігін түркінің тұңғыш тіл маманың мына сөздерінен айқын көруге болады: «әдептің басы – тіл», «бақыттың белгісі - білім» [Қашқари, 1997: 59]. Мұндай ұстанымда болған ғұлама ойшыл ортағасырлық мұсылман ғылымының барлық дерлік

саласынан хабардар болғаны туралы өзі мұра етіп қалдырған «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінен білесіз.

Мысалы, сол кездегі ұлы адамдар, әдеп-ғұрыптар туралы, медицина саласында дәрілердің түркі тіліндегі атаулары және т.б мәліметтер. Соның ішінде ұлы ойшыл түркілердің саяси, мәдени өміріне ерекше мән беріп, қазіргі кезде де тәрбиелік мәні зор батырлық, ерлік, отансүйгіштік, арнамыс, ұят, достық және т.б ұғымдарға да ерекше назар аударады. Мұның барлығы да Махмұд Қашқаридің пайымдауынша, мемлекетті нығайту, қоғам өмірін жақсарту үшін маңызы зор санаттар.

Ортағасырлық білім-даналық, философиялық-мәдениеттанушылық, әдеби-өнерлік құндылықтар туралы сөз қозғағанда араб-түркітілдес ғұлама ойшылдар шоқжұлдызы арасында билеуші және әскербасы Темірдің ұрпағы, Солтүстік Үндістанда Ұлы Моғолодар империясының негізін салушы, тарихшы, географ, этнограф, жазушы және ақын Захреддин Мұхаммед Бабырды айналып өту мүмкін емес және оның есімі ерекше бөле-жара аталуы шарт.

Бабыр біртума лирикалық шығармалар (ғазалдар, рубаилер), мұсылман заңтануы («Мубайн»), поэтика («Аруз рисаласы») музыка, әскери істер бойынша трактаттар, сондай-ақ «Бабыр хаты» арнайы алфавитін жазды. Алайда оның өміріндегі ең басты еңбегі – әдеби бірден-бір ескерткіш, аса бағалы әскери-философиялық мұра болып табылатын «Бабыр-наме» кітабы [Бабур, 1958: 13]. Бұл еңбегінде ол Қашқари сияқты мемлекеттілікті нығайту мәселесіне көп назар аударады және де бұл орайда Бабыр өзінің шығармасын, шамасы, мемлекетті басқарудың нұсқамалығы деп те қарастырған сияқты. Ол бұқара халықтың жағдайын қайтсем жақсартамын және оларды феодалдардың жүгенсіздігінен қалай қорғаймын деп қам жеді.

Ол ортаазиялық әскери ғылым тарихында алғашқы болып саны көп қарсыластан қорғанудың тактикалық артықшылығын пайдаланды, өзіне дейін түркілерге белгісіз болып келген артиллерияны сынақтан өткізді, ал, әскери саясатта одақтар мен коалицияларды белсене қолданды. Ортағасырлық әлеуметтік-саяси ойдың осындай ұлы өкілдерінің көзқарастары негізінде мұсылман мемлекеттерінің қызметтері, саясаты мен құқықтары дамып отырды. Сондықтан да олардың ғақлиялары ескірмек түгіл, әулеттік, тап-топтық, корпоративтік мүдделерді жалпыадамзаттық, гуманистік, мәдени құндылықтар ысыра бастағандықтан уақыт өткен сайын мейлінше өміршең болып отыр. Демек, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің азаматтары да өмір-болмыс мәнін терең де айқын түсінумен қатар, адам санасының, таным мүмкіншілігінің, соның ішінде, қазақ мәдениетіндегі осындай ғұлама ойшылдарымыздың нағыз құнды танымдарының түп төркініне бойлауымыз қажет. Қазақ халқының рухани бітім, өнеге құндылықтарын, әсіресе, жас ұрпаққа терең ұғыну керектігі айдан анық.

Әдебиеттер.

1. Баласағұни И.Құтадғу білік: Құт әкелетін білім / И.Баласағұни – Астана, «Ғылым» баспасы, 2015. – 576 бет.
2. Низам ал-Мульк. Сиасет-намэ. Книга о правлении вазира XI-го столетия Низам ал-Мулька. Издательство Академии наук СССР, Москва-Ленинград 1949 г. - С.383.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Білім, 1994. – 352 б.
4. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. Дуани лұғат-ит түрік. қазақ тіліне аударған А.Егеубай. 3 т. Хат. Алматы, 1997. - 59 б.
5. Бабур З.М. Бабур-наме: Записки Бабура / [пер. М. Салье]; Акад. наук Узбек. ССР. Ин-т востоковедения. Москва. 1958 - 13 б.

М.МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР СИПАТЫ

Сембаева Гүлнар Мәлікқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия кафедрасының доценті,
философия ғылымының кандидаты

Abstract. The aim and task of this research is to show the source of the creation of a thinker and poet M. Makataev on the basis of exposing of historic, social, spiritual and cultural premise which form his world outlook and specific vision on problem of society with a support on philosophy category apparatus.

Keywords: Poetic outlook, universal and national values, public consciousness

Мұқағали шығармашылығы – қазіргі уақыт қисынынан заңды туындап отырған рухани-мәдени сұраныстарды қанағаттандыруға негіз, бастау болатын ұлағаты мол, берері көп тәжірибе. Ойшыл ақынды толғандырған, ойландырған көптеген мәселелер қазір де өз маңызын жойған жоқ, қайта одан да тереңірек жіті көзқарасты қажет етуде.

Поэзияның ғылыммен арақатынасын Мұқағали ақын өз күнделігінде көрсеткен екен. «Поэзия – ғылым. Зерттеу керек. Адам өмірінің, адам жанының зерттелмеген, қалам тартылмаған несі қалды? Соны табу, соны зерттеу керек. Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол тек – поэзия. Басқа ешқандай да ғылымның қолынан келмейтін шаруа бұл!» (М.Мақатаев, 1991:48б.) Ғылым тарихында өнер мен философия, философия мен негізгі қоғамдық сананың формалары тығыз байланыста болатынын ол дәлелдеген. Әрі ондай қатынастар жалпы ғылыми-методологиялық мәселе. Шығыс ғылымының ғұлама ойшылы Әл-Фараби өзінің шығармашылығында ғылым мен өнердің, поэзияның мәнін анықтауда логиканың тарихи процестегі әмбебаптық мәніне көңіл аударған. Белгілі американың шығыстану ғылымының өкілі Ф.Роузенталь Еуропа елдерінің ойшылдарына қарағанда мұсылман әлемінің философтары логиканың адамның дүниені танып-білудегі мәнін әлдеқайда анығырақ, нақтырақ, тереңірек зерттегенін дәлелдейді. Әл-Фараби белгілі «Поэзия (өнер) туралы деген еңбегінде Аристотельдің, Платонның көркем өнер жайлы ілімін игеріп, оған талдау жасап, мәнін анықтаған. Ол поэзия, риторика туралы ғылыми шығармашылығында адам өмірінде өлеңнің сезімді, эмоцияны, іс-қылығын эстетикалық, интеллектуалдық, мәдени тәрбиелеудегі танымдық қызметін ерекше көрсеткен» (Хайруллаев М.М., 1992:152 б.) Шындығында адам жанының нақты көрінісін поэзия, яғни көркем сөз арқылы шынайы суреттеуге болады. Поэзия арқылы берілген адам болмысының түрлі мәселелерін біз жанымызға жақын қаюылдаймыз. Ақынның беріп отырған өлең сөздерін өз тағдырымызбен салыстыра отырып, түсінуге тырысамыз.

Өз рухани өмірінде адам өзін еркін құбылыс ретінде таниды: ол өзі қалағанындай өмір сүріп, өз өмірін белгілі бір мақсатқа бағыттап, одан өзіне қажетті нәрселерді ала алады. Бірақ тыныш әрі бақытты өмір сүру үшін, қайғы мен қасіретті өзінше, ерекше сезіну үшін, адам өзі таңдаған жолдың ең дұрыс жол екендігіне сенуі қажет. Мұқағали Мақатаев өз заманының төл туындысы-тұлғасы ретінде қоғамның мәдени өмірін бойына сіңіру барысында халқының өміріне терең үңіле білген адам. Ақын өмір сүрген уақыт адам жанын уайым мен қайғыға салған кезеңдердің бірі еді. Соғыс салған жара жазыла қоймай, ел-жұрттың басынан ауыртпашылық кетпеген заман болатын. Сол уақытта пайда болған уайым ақын жүрегінен орын алып, ол дами келіп пәлсафалық мағына тауып, ақын өмірінің мақсатын анықтап берді. Ақын үшін кез-келген адамда екі түрлі әлем өмір сүреді: біріншісі, рухани (еркін) және екіншісі, материалды (тәуелді), бұл дегеніміз ішкі әлем және қоғамдық өмір.

Жалпы өзіміз куә болып отырғандай ойшыл-ақынның қоғамдық ойлары мен саяси-әлеуметтік көзқарастарын қалыптастырып ықпал еткен тарихи-әлеуметтік орта төңірегінде сөз еттік. Соғыс, соғыстан кейінгі кездегі қазақ қоғамындағы шиеленіскен әлеуметтік мәселелер, саяси қайшылықтар, кеңес өкіметінің қыспағы т.б. мәселелер М.Мақатаевтың қоғамдық-саяси көзқарастарын қалыптастыруда ерекше орын алды. Осы кезде ұлтының әлеуметтік жағдайының жақсаруын мұрат еткен, елінің өркениетті қоғам болуын қалаған «қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттық интеллигенция» араласа бастайды. Елінің елдігін, азаттығын батырлары қолдарына қару алып қорғаса, қазақтың зиялы қауымы халқының санасына оқуды, білім алуды уағыздаса, М.Мақатаев сияқты ақындар халқының рухани мәдениетінің жетілуін аңсап, өз ұстанымдарын ұсынды.

«Қоғамдық сана қашанда қоғамдық болмыстың бейнесі, соның туындысы». [Кішібеков,1994:132] Ал жеке сана әрқашанда белгілі бір қоғамның даму дәрежесіне сәйкес келеді. Кез-келген жеке адам белгілі бір қоғамда өмір сүретін болғандықтан оның санасы да қоғамдық болады. Қазақ халқының санасына үстемдік етіп тұрған коммунистік идеалдардың мақсаты өздеріне

тиімді қоғамдық пікірді, саясатты, құқықтық, моральдық, идеологиялық принциптерді халықтың санасына сіңіруге бар күшін салғаны белгілі. Қазіргі зерттеушілер Кеңес өкіметінің отаршыл саясаты мақсатының үш түрлі бағытта іске асырылғанын нақты айтып жүр. Біз де осы пікірді қолдай отырып, оны нақтылауды дұрыс көрдік. Олар:

1. Қазақ жеріне келімсектерді қоныстандыру саясатын жүргізу арқылы оның жерін тартып алып, түпкілікті меңгеру.

2. Рухани сағын сындыру үшін коммунистік идеалдарды халық санасына сіңдіру арқылы орыстандыру, немесе социалистік құндылықтармен уландыру. Діннің орнына атеизмді таратып, адамның ішкі жан-дүниесін тұрлаусыздандыру.

3. Жүздік құрылымдарды уағыздап, қоғамда алауыздықты туғызып, қазақтарды бір-бірімен жауластыру арқылы оларды билеп-төстеу. Бұл қағида «Бөлшекте де – билей бер» деген бұрыннан келе жатқан принципті басшылыққа алды.

Соғыс кезінде және одан кейінгі қазақ қоғамының болмысын дәл және терең бейнелеген көрнекті ақын-жазушыларымыздың шығармалары халықтың ұлттық санасын оятуға арналған көркем туындылар болды. Ол заңдылық та, себебі кез-келген саяси-әлеуметтік өзгеріс халық бұқарасының бірлігі зиялыларсыз болған емес. Үлкен әлеуметтік өзгерістер кезінде зиялылар белсенділік көрсетіп жүріп жатқан процесстерді терең түсініп, ұлттық сананы адамзаттық мәдениет деңгейіне көтеру үшін жан салмай күресті. Ұлы қайраткер Мұстафа Шоқайдың тілімен айтқанда «... белгілі бір мұрат-мақсаттардың төңірегінде жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп атауға болады». [Қасымжанов, 1996:111] Бұл жолда М.Мақатаев та өз күшін аяп қалған жоқ. Қазақ халқының ұлттық санасын оятып, кеңес өкіметінің отарлық саясатының астарын ашу, сөйтіп қазақ қоғамын бодандықтан алып шығу мақстаныда М.Мақатаев шығармаларында астарлы сөзді қолданды. М.Мақатаев «халқының арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтарын мадақтап, өзінің өлендері арқылы халықтың сөзін сөйлеп, мүддесін қорғап», қазақ халқының қоғамдық санасының қалыптасуына, ұлттық сана-сезімінің оянуына үлкен әсер етті.

Халықтың ұлттық сана-сезімінің өсуі, ұлттық әлеуметтік прогрестің басты үрдісі болып табылады. Ұлттық сананың жалпыадамзаттық мәдениет деңгейіне көтерілуінің бірден-бір құралы ағартушылық екенін, білім мен ғылымсыз қоғамның алға ілгерілеу мүмкіндігі аз екенін жақсы түсінген М.Мақатаев сол жолда ерен еңбек етті.

Ақын өмір сүрген қоғам, оның биографиясы туралы өзінен артық ешкім айта алмас. XX ғасырдың екінші жартысында республика партия ұйымы мен Үкіметін басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа, яғни Қазақстанның жан-жақты нығайып, өркениетті елдер қатарына қосылуына үлкен үлес қосқан ірі мемлекет және қоғам қайраткеріне жолдаған ақынның хаты өз өміріне жасалған талдау іспетті. «Біз майдан шебінде болмасақ та, сол жаралы жылдардың тақсіретін жұртпен бірге тартқанымыз аян. Ұжымшар даласы мені мен тұрғыластарымның нағыз мектебі болды. Ыңыршағы айналған аттар мен өгіздер жеккен соқа айдап, тұқым сеуіп, масақ теріп, шөп шаптық біз. Содан кейін ғана партаға отырып, бізді қалай болса солай оқытты». [Мұқағали журналы, 2006:20-23] Осылай ақын өзі өмір сүрген көрінісін суреттей отырып хат жазды. Бірақ талай тіршілік сергелдеңін сөз еткен хат бағытталған адамның қолына жете алмады. Оның себебі неде екендігі бізге жұмбақ. Айтсын деп ақиқатты тіл берілген дегендей, ақын қоғам өміріндегі ақиқатты еш бүкпестен, жасырмастан ашық айтқан. Нағыз ақын деп Мұқағалиды айтсақ артық болмас.

Кез-келген жеке адамды, тұлғаны белгілі бір қоғамның, әлеуметтік ортаның жемісі десек, М.Мақатаевтың да творчествосының қайнар көзі, айқындар өлшемі де – өзі өмір сүрген заманның әлеуметтік-эстетикалық негіздері. Социалистік құрылыстың жүзеге асуы барысында социализм табиғатынан туындайтын еңбекке деген белсенділік пен қоғамдық-саяси қызметке мүдделілік жалпы совет адамдарының маңызды бір өмірлік танымдары болды. М.Мақатаевтың өмірдің мәнін түсіну үшін ол өмір сүрген кезеңнің әлеуметтік-танымдық және мәдени-құндылықтық маңызы үлкен. Мұқағали шығармаларынан уақыт табы таңбасының ақын бойын қаншалықты қыздырғанын аңғарамыз. Осы кезеңде қоғамдық өмірді, экономиканы жаңа өмір талаптарына сай құру, еңбек ұжымдары мен жеке тұлғалардың белсенділігін дамыту негізінде жүзеге асқан болатын. Бұл процесстерді коммунистік партияның жетекшілігімен кеңес, комсомол, кәсіподақ және басқа да бұқаралық ұйымдардың тікелей қатысуымен жанданды. Қоғамдық ұйымдар өздерінің қызметіне

әлеуметтік топтардың басым көпшілігін қамтыды. Қоғамды қайта құрудың күрделі міндеттері мен оның шеңберінің ауқымдылығы сол кездегі көптеген зиялылардың, ойшыл-ақындардың еңбектерінде ерекше орын алды.

Еліміздің соғыстан әлсіреген халық шаруашылығын қалпына келтіріп, оны одан әрі дамыту қоғамдағы өндірістік қатынастарды нығайтуға және көптеген әлеуметтік мәселелердің шешімін табуға жағдай жасады. Партия мен совет өкіметі қоғамдық саяси өмірді белсенділендірудің бұрынғы іс жүзінде дұрыстығын дәлелдеген әдістерімен бірге үнемі жаңа тәсілдер мен жолдарды іздестіріп отырды.

Тағдыр адам басына не салса, адам соған көнуге мәжбүр. Себебі, ешкім ешқашан тағдырынан қашып құтылған емес. Соғыс деген сөздің өзі ауыр, ал оның мағынасын ақын жырлары ашып беріп тұр. Жан мен тәннің амандығын ойлаған сол уақыттарда жамандық жалғыз келмейді деп атамыз қазақ айтпақшы, аштық, жоқшылық бір жағынан қинаса, күн сайын көбейіп жатқан жесір мен жетімнің уайымы тіпті жаман еді. Соғыстың «балы мен шекерін» бейнелей отырып ақын соғыс деген сөзге анықтама беруге тырысады. «Соғыс деген – төккен ары қыздың және ұлдың да» дейді ақын. Осы бір қиын-қыстау күндердің арман-тілек, ақыл-ойдың барлығын құрдымға апарып тұншықтырып тастағанын да жасырмайды. Сонымен қатар ақын соғысты зұлымдықтың айнасы ретінде суреттейді.

Тағдыр түсінігі бойынша, болашақ әлдеқашан жазылып қойған, өзгеріске ұшырамайды. Демек, адам әрекеттері өзінің іс-қимылдарын еркін таңдаудан гөрі, құдай белгілеген жолмен, инстинктпен айқындалады. М.Мақатаевтың шығармаларындағы кейіпкерлерінің азаматтық жауапкершілікті өз өмірінің арқауы етіп алғанын көреміз. Ал, жауапкершілік еркіндіксіз, кісілік қасиеттерсіз өзін толыққанды көрсете алмайды. Француз ойшылы Н.Шатобриан айтқандай «Еркіндік – ұлы игілік, адамдардың бірінші қажеттілігі». (Оливер М., 1999:17 б.) Еркіндік адамды тағдыр билігінен ажыратып, оны жауапкершілігі бар, өзінің кісілік құндылықтарын жоғары көтерген нағыз тұлға деңгейіне жетеледі. Тұлғаның еркіндік феноменінің мәнін түсіну үшін тағдыр мен қатаң себептілік керек. Мұқағали соғыстың «балы мен шекерін» бейнелей отырып, «соғыс деген – төккен ары қыздың және ұлдың да» деп тұжырымдайды. Мұнда альтернатива да, еркіндікті таңдау да жоқ. Бұл кезге тек, отанына, туған жеріне, соғысқа кеткен жақын-тумаларына деген махаббаттан туындаған қатаң қажеттілік пен болашақтағы жақсылыққа деген сенім ғана тән. Осы бір қиын-қыстау кезеңнің арман-тілек, ақыл-ойдың барлығын тығырыққа тіреп, тұншықтырып тастағанын жасырмай, оны зұлымдықтың айнасы ретінде суреттейді. Бұл тарихи қажеттілік адамның ішкі рухани дүниесін шектеп, оның еркіндігін тежегенмен, адам осындай қиын кезеңде өзінің ішкі еркіндігінің, мейірімділігі мен сұлулығының, отанына, халқына деген махаббатының арқасында өздерінің алдарында тұрған мақсаттары мен қызметтерін іштей кедергісіз атқаруға мүмкіндік алады. М.Мақатаев өмірдің осындай бір жақты фатальдігін мойындаса да, адамдардың оған бас имей, мүмкіндігінше өз өмірлерінің мәнін, мазмұнын өздері жасауға талпынуын ерекше пафоспен жырлайды.

Азамат ұғымы өмірдің мәнін түсінуге нақты көмектесетін күрделі, маңызды, жалпы адами мәселелердің бірі. Бұл ұғым көпқырлы, тарихи өзгермелі және көп жағдайда қарама-қайшы болып келеді. Қазақ философиясында осы мәселелермен айналысып жүрген экзистенциалистер, азамат ұғымын оның еркіндігімен, жауапкершілігімен, ішкі құндылықтарымен байланыстырып қарастырады. Бұл жерде, еркіндік, құндылықтар адамның анықтамасы ретінде оның экзистенциясы болып саналады. М.Мақатаев поэзиясындағы майдан тақырыбынан біз туған елдің, тылдағы адамдардың қиын жағдайлары, күйзелген жан-дүниелерін, жауынгер ерлігін, сағыныш пен патриотизмге толы ұлттық рухты, намысты көре аламыз. Бұл шығармалардан бірізді дәйектілік анық байқалады. Сондықтан, бұл шығармаларды еркіндікті, теңдікті, бейбіт тұрмысты аңсаған азаматтық арманы, ата жауына деген балалық кегінің ақындық шежіресі деп айтуға болады. Бұл шығармалардан батырлықты, ерлікті, кісілікті, азаматтықты арқау еткен қазақ жырауларының, ақындардың шығармаларының сарынын байқаймыз.

Соғыс, одан кейінгі кездегі қазақ ауылының халін шынайы суреттеуде Мұқағалидың өзіндік ерекшелігі бар. Соғыс, одан кейінгі тіршілікті жырлай отырып, ол оқырмандарын қайшылықтарға толы ойға жетелейді. Азаматтық адалдығын, туған жеріне деген сүйіспеншілігін, бейбіт өмірдің қызығын, достық, жастықтың жарастығын, соғысты барынша жек көру, ол туралы жан-жақты толық

ақиқатты айту – Мұқағали шығармаларының етене стихиясы болды. Мұқағалидың бұл идеялары Ж.П. Сартрдың еркіндікті адамның басты белгісі деп айтуымен үндес келеді десек көп қателеспейміз. Сартр «еркіндік үшін күресу адамдардың өзгермейтін тағдыры. Адам дегеніміз - еркіндік» десе, Мұқағалидың адам болмысы, оның еркіндігі арқылы көрінеді, еркіндік – адам болмысының мәнін сипаттаушысы, - деген пікірлері Сартрдың жоғарыда айтқан пікірлерінің жалғасы сияқты болып көрінеді. Мұқағали шығармаларындағы Азамат, оның еркіндігі мәселесі моральдік, өнегелік ұғымдар ретінде сипатталады. Бұл мәселелер қазіргі таңда да, сол кезде де саяси-әлеуметтік және рухани өмірдің орталығында тұрған мәселелердің бірі. Оған жету деңгейі қоғам мен оның жалпы мәдени дамуы мен өркениеттілігінің негізгі белгісі болып табылатыны анық.

Дәстүрлі танымдағы құндылықтар әлемі – адамның рухани әрекеті әрі рухани байлығы. Бұл адамның адамгершілік санасының сипатын білдіреді. Яғни, қоғам мен адамдарға жақсылық пен жамандықты, ақиқат пен адасуды, әділеттілік пен әділетсіздікті, мән мен мәнсіздікті ажыратуға негіз болды.

Қазақ қоғамындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың негізгі сипаты ақын шығармаларында осылай көрініс тапқан. Жалпыадамзаттық құндылық, адам өмірінің мәні, оның еркіндігі мәселелері Мұқағали шығармаларында барынша терең қарастырылып, маңызды сипат алған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мақатаев М. Күнделік. – Алматы: Жалын, 1991. -48 б.
2. Хайруллаев М.М. Абу Наср аль-Фараби. -М., 1992. -152 б.
3. Кішібеков Д. Философия. Алматы, Атамұра-Қазақстан, 1994.-132 б.
4. Қасымжанов А.Х. Ұлы даланың зиялылары. Алматы, Қазақ университеті. 1996 ж. -111 б.
5. Мұқағали журналы// Ажал алдында тұрғандаймын// тамыз, 2006, №7-20-23 бб.
6. Оливер М. История философии. Великие мыслители с древних времен до наших дней. – Минск, 1999. С.17.

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Шаттық Әлиев

философия докторы (PhD), ҚР ҰҚК Академиясы

Ризабек Қанашев

ҚР ҰҚК Академиясының курсанты

Annotation. The article examines the issue of common ideas in the works of al-Farabi and Alash intellectuals. The authors try to reveal the spiritual connection between al-Farabi and Alash.

Keywords: philosophy, al-Farabi, the idea of Alash.

Тарихтың әр кезеңінде адамдардың барлығы бақытты өмір сүретін қала мен қоғамның үлгісін іздеп келеді. Ерте заманнан Платон, Аристотель, Конфуций, Мор, Кампанелла, Макиавелли секілді ойшылдар өздерінің үлгісін ұсынды. Адамның, жалпы қоғамның көздеген мақсаты – бақытқа жету болып табылады. Осы бақытқа қалай жетуге болады деген сұрақтың ақ-қарасын әл-Фараби айырып берді.

Биліктің адамгершілік сипатының қалыптасуы қоғамның интеллектуалды және этикалық тұрғыда дамығандығына тәуелді. Осы тұста әл-Фараби саяси элита қоғамды білім нәрімен сусындатуы тиіс, дәлірек айтқанда билеушілер мен имамдар осы іспен айналысулары қажет деп санаған. Қоғамның саяси сауаттылықтан бөлек, мінез-құлық мәнісі де өте маңызды. Екінші ұстаз тәрбиелеу үдерісін «халықтың бойына білімге негізделген этикалық қайырымдылық пен өнерді сіңіру тәсілі» деп көрсеткен. Көп жағдайда зұлмат соғыстардың туындауы, үлкен қақтығыстардың, түсініспеушіліктердің, кикілжіңдердің болып жатуы ізгіліктің кемдігінен. Қазіргі таңда кеңінен насихатталып жатқан халық үніне құлақ асатын үкімет жайлы идеяны Әбу Насырдың ойларынан да байқауға болады.

Әл-Фараби адамдарды «таңдаулы» және «бұқара халық» деп екіге бөлген. «Таңдаулы» адамдар қатарына имамдар мен билеушілер кіреді. «Таңдаулылар» халыққа нені білу қажет екендігін шешеді. «Таңдаулылардың ішіндегі таңдаулысы» – бірінші басшы, халықты басқару өнерін білетін саяси көшбасшы. «Таңдаулылар» «бұқара халыққа» теориялық білім үйретеді [1].

Қазақ даласы батыс үлгісінде білім алған, қазақ халқын жан-тәнімен сүйетін, өмірлерін қызметке арнайтын «таңдаулылардың» пайда болуын ұзақ күтті. Осындай «саяси элита» ХХ ғасырдың басында қазақ интеллигенциясының пайда болуымен жүзеге асты. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және өзгелері «таңдаулы» атанып, «қалың ұйқыдағы» қазағын оятуға тырысты. Әл-Фараби «сауатсыз қалаларда» атап көрсеткендей, ағартушы Абай да өзінің қара сөздерінде қазақ халқының дамыған халықтардан әлде-қайда артта қалғанын бейнеледі. «Алаш» партиясының мүшелері осы кемшіліктермен күресуді өмірлік миссия тұтты.

Бұрын соңды толыққанды қарастырылмаған әл-Фараби мен Алаштың рухани байланысын ашу баяндаманың *өзектілігін көрсетеді*. Баяндаманың *мақсаты* қазақ мемлекеттілігінің даму сабақтастығы мен темірқазығының біз ойлағаннан да тереңде екендігін дәлелдеу.

Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің алтын сандығында сақтаулы әл-Фарабидің ізін жалғаған Алаш зиялылары еңбектерінде де руханият мәселесі айқын көрінеді. Алаш арыстары да әл-Фарабидің ізгі ойларын жалғастырып, халықты білімді, сабырлы, ақылды адами қасиеттерге ие басшы басқаруы тиіс деп түйіндеген.

Білер болсаңыз, әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында басшының *он екі туа біткен табиғи қасиетін* атап өткен:

1. Ол адамның, ең алдымен, мүлдем мінсіз мүшелері болуы керек;
2. Ол айтылғанның бәрін жақсы түсініп, елестете білуі керек;
3. Ол түсінгенін, көргенін, естігенін және қабылдағанының бәрін жадында жақсы сақтай білуі тиіс және осының бәрінің ішінен ештеңе ұмытпауы керек;
4. Басшы көреген және ақылға ие болуы керек;
5. Шешендік қабілетке ие болуы тиіс;
6. Оқуға және танымға деген сүйіспеншілікке ие болуы керек;
7. Тамақтануда, сусын ішуде, нәпсі мәселесінде ұстамдылық сақтауы тиіс;
8. Шындықты және оның жақтаушыларын жақсы көруі тиіс;
9. Ар-намысты қадірлеуі тиіс;
10. Пендешілік өмірдің қасиеттерін жек көруге;
11. Әділеттілік сезіміне ие болып, оны өзім дегендерге де, бөгделерге де қатысты көрсете білуі тиіс;
12. Қажет нәрсені жасау кезінде батыл болуы керек [2].

Жоғарыда аталған қасиеттердің барлығы да Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлының бойынан табылатынына толықтай сенімдіміз. Алғашқы екі қасиеттен бірден үшінші, төртінші, бесіншілерге өтсек, балалық шағынан бастап қазақтың бүкіл тарихын, Шыңғыс хан заманынан бергі тарихты айтып отыратын ақсақалдардың әңгімесін, жыр, дастандарды жатқа білген Әлихан зерек, ақылды, сөзге шешен болып өскен. Алтыншы қасиетке келер болсақ, Әлихан - ғұлама ғалым, ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі публицист. Әлиханның бойынан сегізінші, тоғызыншы, он бірінші, он екінші қасиеттер Патша билігі тұсында, қара халықтың жайын ойлап, озбырлық саясатқа қарсы

айтқан шағымдары, соның нәтижесінде қудалануы бұлтартпас айғақ бола алады. Сегізінші қасиетті Әлиханнның ауыл молдасынан сауат ашып, медреседе білім алуы дәлелдеп-ақ тұр.

Әл-Фарабидің ойынша барлық он екі қасиет бір адамның бойынан табылмаса, бірнеше адамнан құралған билік басқаруы тиіс деген. Бірақ Алаш зиялыларының қай-қайсысын айтпасақ-та барлығы мұсылманша сауат ашқан, білім-ғылымға әуес, әділдік пен халықтың намысын биік көтерген нар тұлғалы азаматтар еді. Демек әл-Фарабидің қайырымды қаласын қалыптастыру Алаш зиялыларының қолынан келер еді. Бірақ оған кедергі болған - сұм заман.

«Үңгірге ұқсас жертөледе күннің сәулесі ұзыннан-ұзақ созылып жатыр. Балалық шақтарынан бері аяқтары кісенделген, көз алдында тек қана күннің жарығы елеңдейді. Өйткені темір кісеннің кесірінен тіпті бастарын да бұра алмайтын жағдайда. Адамдар күннің жарығына арқасымен кері бұрылып тұр. Көретіндері тек күн жарығынан түскен үңгірдің сыртындағы адамдардың өмірі бейнеленетін көлеңке. Кенеттен бір адамның темір кісендері босап, ол жарықтың бойымен жүріп түзге шығады. Айналада бұрын-соңды көрмеген түрлі түстерді, табиғаттың кереметін, аспан мен күнді көріп тамсанады. Көрген-білгеннің бәрін үңгірдегі адамдарға жеткізбек болып оралып, әңгімелеп береді. Айтқандарына сенбей, өтірікші деп танып өлтіріп тастайды...» [3]. Платон, бұл жазбасында көкірегі ояу ойшылдың өз қоғамында қадірі болмайтындығын жеткізеді. Расында өз заманында халқы қадірлемеген ұлылардың ұлылығын күні кеше ғана түсініп жатырмыз. Солар сынды «қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болған» Алаш зиялыларының атқарған игі істеріне тағзым ету керектігін қазақ тәуелсіз ел болғалы ұғынды. Әрине, бұған халықтың еш кінәсі жоқ, барлығы да империялық Ресеймен кейін Кеңес үкіметінің отаршылдық, халықтың санасын мәңгірттендірген идеологиясының зардабы. Соның бірі Кеңес үкіметінің «Алаш» партиясы бағдарламасының орысша аудармасын бұрмалауы.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қаласы» мультимәдени, көптілді және көпконфессиялы жаһандық мемлекет ретінде сипатталады. Алаш ардақтыларының интернационалистік көзқарастарын «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасының «Жергілікті бостандық» тарауында «Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия Республикасының федерациялық бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу». Бұл түпнұсқалық үлгісі. Кеңестер аударған орысша аудармасында: «Автономия киргиз слагается из областей и входит в Российскую федерацию наравне с другими народностями». Шынында келгенде былай болуы керек еді: «Области населенные казахами, объединятся в целое, будут самоуправляться и станут одним из членов Федерации Российской Республики. Казахская автономия, если удастся, будет пока вместе с дружественными народами» [4]. Осы жерде ескеретініміз, біріншіден, түпнұсқада қазақтар мекендейтін деп түртілсе, аудармасында ол туралы бір де сөз жазылмаған. Екіншіден, «Алаш» партиясының негізін қалаушылар нағыз реалистер әрі интернационалистер ретінде, қазақтар мекендейтін облыстарда тұратын барлық ұлттар үшін автономия құру мәселесін бірінші орынға қойған еді. Орысша бұрмаланған аудармада автономия идеясын таза ұлтшылдық тұрғыдан талап еткізді. Оқырманнан тек қазақтарға ғана емес, Қазақстанда тұратын өзге де ұлттарға арналған автономия туралы идеясы бүгіліп қалған. 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында жалпы қазақтық съезінде Әлихан Бөкейханұлы баяндамасында қазақ автономиясын жариялау, милиция һәм Ұлт кеңесі (Үкімет) құру мәселелерін қарастырады. Баяндама ішінде: «Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша Ұлт кеңесі құрылып, мұның аты «Алаш орда» болсын. Алаш ордасының ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы орыс және басқа халықтарға қалдырды», -деп қаулы қылады [4, 176.]. Осы жерден де Алаш қайраткерлерін ұлтшыл деп айыптау орынсыз екендігін байқаймыз.

«Негізгі құқық» деп аталатын III тарауында «Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу» [4, 62 б.] деген бөлігі бар. Бұл жері де орысша аудармасында алынып тасталған. Кеңестіктер таптық қағиданы баянды еткені баршамызға мәлім. 1995 жылғы ҚР Конституциясының 14-бабы 2-тармағында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды». Тарихи тұрғыдан өз уақытынан идеялық жағынан озып кеткен Алаш қайраткерлерінің айтқаны дұрыс болып шықты. Төртінші тарау «Дін ісінде»: «Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болу.

Дін біткенге тең хұқық». Ал аудармада «Дін біткенге тең хұқық» деген ереже түсіп қалған. Бұл қағида да Алаш зиялыларының Қазақстандағы барша ұлттардың қамын ойлағаны, дін мен қанға қарап бөлінбеуді алға тартқанын көрсетіп тұр.

Әл-Фараби армандаған қайырымды қоғамның құлпытасы – *әділдік* еді. II тарауда «Алаш» партиясының жоғары адамгершілік мақсаттарын айқындайтын қағида бар. Онда былай деп жазылған: «Алаш» партиясы *әділдікке жақ*, нашарларға жолдас, жәбірлерге жау болады» [4, 60 б.]. Орыс тілінде «Бедных партия называет и считает товарищами, мироедов – врагами». Бұл аудармада «әділдікке жақ» деген маңызды қағида жоқ. «Жәбір» сөзі де қате аударылған, орыс тілінде «зло, обида, насилие, оскорбление» деп аударылуы тиіс еді. «Мироед» - байлар мен кедейлер арасындағы құбылыс. «Салық» атты VII тарауында: «Салық әл-ауқат, табысқа қарай байға – байша, кедейге кедейше әділ жолмен салынуы тиіс» делінген. Орысша аудармасында тағы да әділ сөзі еленбеген. Бұл – коммунисттердің әдейі Алашордашылардың басты тіреуі – байлар мен молдалар, олар буржуазияшыл, феодалдық қоғамның жақтаушылары деп күйе жаққаны еді. Ал шынында бұл қағида өте *ізгілікті* болатын.

Әл-Фараби асқақтаған қайырымды қоғамның дінгегі – *білім мен ғылым*. «Алаш» бағдарлама жобасының «Ғылым мен білім үйрету» атты IX тарауында, білім барша жұрттың игілігі болуға тиіс делінген. Ал коммунисттерде білім алу құқығы тек жұмысшылар мен кедей шаруаларға ғана тиесілі болатын. «Алаш» партиясының бағдарлама жобасы бойынша білім алу барша жұртқа таратылатын. Бұл қағиданың құндылығы қазіргі уақытта да өз маңыздылығын жоймай отыр.

Жоғарыда аталған қағидалардан түйетін ой – қазақ даласында құқықтық, ізгілік пен еркіндікке негізделген мемлекет ұғымы сонау X ғасырда пайда болған. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық негіздерінің алғышарты XX ғасырдың басында қалыптасқан. «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасы мен «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегінің арасында ізгілік пен әділдікті алға қойған мемлекет құру идеяларының өзара сабақтастығы анық байқалады. Изгілікті қоғам, мінсіз басшы, әділдік ойларын әл-Фарабиден өзге Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік», Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» еңбектерінде жазған.

«Жомарт қандай? Кімді айтамыз сақи деп,
Сақи жан тек ер хақына бас имек!
Сақи емес күміс шашып бөлгендер,
Сақи – елге жанын қиып бергендер!» [5].

Жүсіп Баласағұн халыққа, мемлекетке қызмет етуге шақырады. Жай ғана қызмет етіп қоймай, сол ұлы жолда керек десе жан беруге дайын болуға үгіттейді. Тәуелсіздік жолында жанын аямай, күндіз отырмай, түнде ұйықтамай қызмет қылған Алаш қайраткерлері түгелдей саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Бабалар аманатын сақтай білген Алаш қайраткерлері тәуелсіз Қазақстан Республикасын құруда зор үлес қосты.

Әл-Фараби еңбектері болашақ Алаш зиялылары білім алған мұсылман медресесі оқушыларының оқу ортасына енді. Түркі зиялылары ойшылдың шығу тегін айқын көрсетіп, оны өз отандасы деп санайды. Алгебра және геометрия бойынша алғашқы оқулықтар (Есеп құрал, 1914 жылдың бірінші басылымы), Міржақып Дулатовтың жазуына және баспасына қатысы болған және әл-Фарабидің математикалық әдісі негізінде әзірленген [6].

Алаштың тағы бір көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаев әл-Фарабиді музыкалық-аспаптық өнердің түркі теоретигі ретінде «Түркістан» поэмасында көрсетеді:

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Нацистік вермахт саяси мақсатта Шығыс ойшылдарының мұрасын бұрмалауда кез келген құралдарды пайдаланған. Гитлердің тапсырмасы бойынша еуропалық бағдаршылардың бір бөлігі мұсылман ойшылдарының философиясын, әсіресе әл-Фарабидің ойларын «аса адам» нацистік теориясының арнасында түсіндіруге тырысқан [6, 298 б.]. Аталған шарға саяси қайраткер Мұстафа Шоқай жауап берді. 1941 жылы Мұстафа Шоқай «Түркістан» мақаласында әл-Фарабидің

«қайырымды қала» үлгісі айтылған еңбектің талдауын жасап, жоғарыдағы аталған жалған идеямен қабыспайтындығын нақтылайды.

Түріктердің жоғалған ағартушылық дәуірі, әл-Фарабидің арқасында «Алаш» идеясының берік негізін қалады. Бүгінде Фараби мәдениеті бүкіл Орталық Азияның интеграциялық кодын құрауы мүмкін.

Кемелденген тұлғаны тәрбиелеу үшін әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген қағиданы ұсынған. Осы тұста, Фараби бабамыздың жастар мәселесіне ерекше көңіл бөлгенін байқаймыз. «Қазақтың саяси пікірінің тарихы – қазақ жастарының тарихы. Қазақ халқының ішінде шын саяси қозғалыс жастар оянып, жастар ұйымдасқаннан кейін ғана пайда болады» - деп, Смағұл Сәдуақасов атап өткен. Алаш қайраткерлері артынан азаттық идеясы мен ғылыми мұрамен қоса ізін жалғаған Алашшыл жастарды қалдырды. Смағұл Сәдуақасов, Мұхтар Әуезов, Садықбек Сапарбеков, Абдолла Асылбеков және өзге де жұлдызы жарық тұлғалар Әлихан мен Ахметтердің ізбасарлары еді.

Бүгінгі қазақ жастары бірен-саран Алаш қайраткерлерінің есімін білсе де, еліне қылған қызметі, жасаған игі істерінен бейхабар, кейбірі тіпті, есімдерін естімеген де. Мұның себебіне келер болсақ, БАҚ-та, теледидарда ең бастысы әлеуметтік желіде Алаш зиялыларының насихатталмауы. Бейнероликтер, деректі фильмдер жоқ емес, баршылық, бірақ сапасы нашар. БАҚ – бүгінде ядролық қарумен тең. Тек дұрыс бағытта қолдана білу керек. Біздіңше әлеуметтік желілерде ортақ ақпараттық платформаға ие парақшалар ашып, жастарға тарихи-танымдық контентті сапалы түрде жеткізу - міндет. Осы ретте «Алаш» идеясы қазақ жастарының әлеуметтік желі алаңында ұлттық брендке айналуы тиіс.

Алаш зиялылары құра алмаған егемен ел, әл-Фараби армандаған «Қайырымды қала», бабалар арманы – 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіз ел болуымен мұратына жетті. Алаш идеясы аспаннан түсіп ХХ ғасырдың басында пайда болды деу қате. Мәңгі ел болу, дамыған озық мәдениетке ие болу, кемелдену идеялары – ежелгі түркі заманынан, Тоныкөк ескерткіштерінен, Фараби, Жүсіп Баласағұн, Хайдар Дулати, Абай сынды ойшыл бабаларымыздың еңбектерінен, ХХ ғасырдағы қазақ зиялыларының саяси қағидаларынан табылады. Бабалар мен ұрпақтар арасындағы сабақтастықты үзіп алмау – парыз! Әл-Фарабидің еңбектері Еуропаны Қайта өрлеу дәуіріне әкелді. Оның еңбектерімен танысқан Еуропа ойшылдары утопиялық шығармалар жазды. Сол утопиялық шығармаларды оқып, шабыттанған Карл Маркс марксистік бағытты саясат әлеміне дүниеге әкелді. Дәл осылайша «Алаш» идеясы әл-Фарабидің «Қайырымды қаласының» заңды жалғасы десек қателеспейміз.

Абай, Шоқан Уәлиханов, татар реформаторлары, Исмаил Гаспыралы, Алаш қайраткерлері әл-Фараби идеяларының мұрагерлері бола отырып, еңбектерінде адам – жоғарғы құндылық, азамат – мемлекеттің негізі ретінде жалпыадамзаттық адамгершілік қасиетін иеленуші деп жазған.

Қазақстанның әлеуметтік дамуының жаңа бағытының идеологиялық негізіне арқау болған әл-Фараби мен Алаш идеялары – жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үрдісінде, ұлттың генетикалық кодын сақтауда және жалпыадамзаттық, гуманистік құндылықтарға негізделген «прогрессивті қоғам» құруда идеологиялық бағдарымыз бола алады деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Абу Наср Аль-Фараби. О достижении счастья. – Алма-Ата: «Наука», 1973, – 322 б.
2. Абу Наср Аль-Фараби. «Добродетельный город». – Алматы: Международный клуб Абая, 2014, – 184 б.
3. Платон «Государство». – Москва: Издательство АСТ, 2020, – 283б.
4. Құл-Мұхаммед М. «Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат». – Алматы: «Атамұра», 2000, – 450 б.
5. Жүсіп Баласағұн. «Құтты білік», BRK Group, 2019, – 581 б.
6. Алтаев Ж.А. «Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы». – Алматы: «Сардар», 2020, – 298 б.

КОНЦЕПЦИЯ «СОВЕРШЕННОГО ЧЕЛОВЕКА» В ЭТИЧЕСКОЙ ФИЛОСОФИИ АЛЬ – ФАРАБИ

Нығметова Алия Темірланқызы

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының аға оқытушысы,
философия ғылымының кандидаты

Көшербаева Әлия

Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы, Халықаралық білім беру корпорациясының ассистенті

Огромное значение учения аль-Фараби состоит в том, что оно дает исчерпывающее и всесторонние сведения обо всех существующих на Среднем Востоке отраслях знаний и представляет своего рода энциклопедию наук.

Аль-Фараби выдающийся философ, ученый-энциклопедист и известный на мусульманском Востоке как «Второй учитель» после Аристотеля.

Аль-Фараби классифицировал все известные в его время науки. Все науки он разделял на теоретические (логика, естествознание, математика) и практические (этика, политика). Важную роль в его трудах занимает учение о добродетельном городе, изложенные в его социально-этических трактатах.

Именно на работах аль-Фараби формировалась арабо-язычная средневековая наука, под его влиянием складывалось мировоззрение таких мыслителей Востока как Ибн-Сины, Ибн-Баджи, Ибн-Туфайля, Ибн-Рушда и других видных представителей философии и таких мыслителей эпохи Возрождения как Роджера Бэкона, Леонардо да Винчи и др.

«Большая книга о музыке», аль-Фараби является важнейшим источником сведений о музыке Востока и древнегреческой музыкальной системе.

Несомненно то, что для каждого ультрасовременного человека, который сейчас живет в технологичной и глобальной информационной реальности, укрепление своей личностной автономии и совершенствование своих интеллектуальных способностей в целях приумножения своих нравственных и моральных качеств являются актуальными и целесообразными.

Хотелось бы особо отметить, что мыслитель с мировым именем, ученый и философ, видный представитель мусульманской и арабоязычной философии Абу Насыр аль-Фараби в традициях синтеза античной, тюркоязычной и исламской философии вложил огромный вклад в формирование таких понятий как «достижения совершенства человеком» и «приобретения человеком добродетели и счастья», которые в современных реалиях приобретают свой своеобразный «Второй Ренессанс».

Можно с уверенностью утверждать, что сегодняшняя отрезок истории можно назвать периодом возрождения идеи «Совершенного человека» в новом ракурсе.

Так доказательным примером этому свидетельствует то, что 2020 год в Казахстане был объявлен годом празднования 1150- летнего юбилея мыслителя с мировым именем, ученого и философа Абу Насыра аль-Фараби и 175-летнего юбилея великого казахского поэта и мыслителя Абая Кунанбаева.

Даты празднования были включены в календарь праздничных дат ЮНЕСКО 2020 года.

В Казахстане в честь празднования юбилейных дат были проведены международные симпозиумы и конференции, а также выпущены в свет труды великих мыслителей Востока аль-Фараби и Абая Кунанбаева. Очевидно то, что в условиях данных реалий, как никогда в другое время, человеку необходимо преодолеть свое эгоистическое мышление через конструктивные изменения культуры и формы своего мышления по отношению и восприятию жизненной реальности, и информационной реальности тоже.

Бесспорно и то, что в настоящее время имеет место тенденции того, что статус современного человека, все более, и более принимает своеобразную модель, в которой доминируют такие качества

как подчиненности мышления сегодняшнего человека от тотальной информации, и таких реалий как коммерции и найма.

В настоящий момент имеет место такой тенденции как то, что индивидуальные качества нынешнего человека как личности и индивида поглощаются экономическими и политическими факторами ультрасовременных реалий. В этих условиях повышаются вероятности того, что модернистский человек все более, и более подвержен пребыванию в чувстве одиночества и отчуждения, реально и то, что человек преимущественно сталкивается в таких условиях с внутренними сложностями связанными с поисками себя: «...дурные действия жителей прочих городов придают их душам дурные, несовершенные состояния, и чем больше кто-нибудь из них упорствует в этих действиях, тем более несовершенным становится его душевное состояние, так что души их становятся больными».

Необходимо констатировать факт того, что взамен внутреннего обращения к себе, самоновейшему человеку становится все более, и более комфортно и выгодно приспособливаться к нынешним реальностям с ее всепоглощающей потребительской установками и психологией тотального потребительства.

Имеет место и то, что ультрасовременные информационные технологии, так или иначе, способствуют этому, и имеют некоторую деструктивную тенденцию давления на человека: «В чем совершенство человека?, в счастье. Кака достигается счастье. Через знание и поведение. Какого рода это знание? Оно знание сущности всего и всякого сущего. Каково поведение дающее счастье? Это- добродетельное поведение».

Реально и то, что человек в такой ситуации имеет тенденцию терять себя и свою личную автономию, и он, все больше и больше начинает служить внешним целям. Теперь для него синонимами Счастья и Совершенства становятся ценности различного рода потребительского отношения к жизни, социуму, окружающей среде и тп.

Вполне предметно то, что данный человек в таком контексте, теряет свою самость, и вместе с этим и свои личностные качества. Несомненно то, что восстановить связь с миром на личностно-духовном уровне нынешнему человеку будут способствовать его глубокие познания, ученость, способность к творчеству, любви и искусству.

Причем эти ценности необходимо понимать в их широкой общеполитической интерпретации.

Так, идей и мысли, которые мы находим в наследии представителей тюркоязычной и мусульманской философии как Ходжа Ахмеда Ясави, Д.Руми, аль-Фараби, Абая, а также представителей арабоязычной философии как Аль-Кинди, Ибн- Сины, Аль-Хорезми, Ибн- Рушда и многих др. дают неоценимую возможность нынешнему человеку поднять на высокий уровень свой духовный потенциал как восстановления личностного показателя, и таким образом, гармонично жить и трудиться в реалиях супер современных вызовов и информационной пандемии: «Как среди больных бывают такие, которые ничего не знают о своей болезни, и такие, которые, полагая, что они совершенно здоровы, настолько твёрдо уверяются в этом, что не внемлют словам лекаря, — так же и среди людей с больной душой бывают такие, которые ничего не знают о своей болезни и, считая себя добродетельными и здоровыми душой, совершенно не внемлют словам руководителя, учителя или наставника».

Нынешнему поколению предоставляется неоценимая возможность воссоздать свой индивидуальный проект, где каждому предоставится возможность восстановить свои энергетические и чувственные сферы.

Необходимо подчеркнуть, что информационная пандемия не должна разрушать, а должна содействовать тому, чтобы сегодняшнее молодое поколение имела бы возможность сформировать дополнительные к своему и так нарастающему рациональному и потребительско-приспособленческим установкам еще плюс, и морально - этические модели тоже, для формирования своего «совершенного и добродетельного нрава», и соответствующего этому нраву своего характера и социального поведения. Обосновано то, что аль-Фараби в трактатах как «Взгляды жителей добродетельного города», «О смысле разума», «Тракт о сущности души» дал ответ для последующих поколений, и каждому из нас, на что должно быть направлено, и какую жизненно смысловую цель

преследуют вообще всякого рода знания, и нарастание научного знания человечества вообще, и соответственно нашему ультрасовременному времени разрастание технологий и информации.

«Лечащий тела — врач, а лечащий души — государственный деятель, называемый правителем.»

Достижение совершенства человеком для аль-Фараби является способностью и готовностью разума человека принять «откровения Аллаха», и далее этот разум, который уже приобретает статус потенциального разума, является для аль-Фараби, тем разумом, который способен принять откровения «Создателя», который далее он обозначает как «Деятельным разумом».

И именно таким образом, по учению, аль-Фараби человек достигает «Совершенства», становится мудрецом, философом и обладателем «Совершенного разума».

У аль-Фараби это выступает как «Совершенный разум» человека, как надо понимать мыслителя Востока аль-Фараби, теперь такой человек уже видит и воспринимает бытие во всем его многообразии, но уже как «Божественное единство» в мировом масштабе.

Далее, в «Совершенном человеке» стирается его «я», и теперь, такой человек как понимает аль-Фараби, во всем видит только Бога: «...люди с большой душой, благодаря своему воображению, нарушенному желаниями и обычаями, находят удовлетворение в дурных положениях действиях, страдая при этом от вещей прекрасных и добродетельных или вовсе не представляя их».

Следующее за этим, в приобретении совершенства, обозначенное аль-Фараби, является то, что по мысли Второго Учителя, практические действия человека, уже обладающего столь высоким уровнем созерцания и разума, теперь будут сконцентрированы сообразно «Божественному единству»: «Подобный человек обладает высшей степенью человеческого Совершенства и находится на вершине Счастья» [2,313].

В главе «О качествах главы добродетельного города» аль-Фараби перечисляет двенадцать врожденных и природных качеств, которыми должен обладать первоглава «добродетельного города». К ним относятся: физическое здоровье, понятийные качества, он должен обладать прекрасной речью, ясным слогом, воздержанностью и другими качествами.

Следует отметить, что в контексте соотношения философского и религиозного видов знания о мудром правителе у аль-Фараби обретает новое измерение по сравнению с платоновским идеальным правителем — теперь правитель, не только мудрец-философ, как об этом учил Платон, но и духовный и религиозный предводитель (имам).

Важно отметить, что в современной казахстанской исследовательской парадигме взгляды аль-Фараби интерпретируются как ориентированные на синтез не только античного философского наследия, но и исламской традиции тоже. То есть, фальсафа представляет собой как органичный синтез рационального способа обоснования основных положений мусульманской религий, а также как синтеза всего тюркоязычного способа восприятия, традиции и мироощущения, а также ряда признаков культурных традиции как тюркоязычного, так и доисламского, и элементов суфизма тоже.

Поскольку, аль Фараби утверждает, что по отношению к самому себе человек выступает в двух аспектах - как существа разумного и как существа политического, - то соответственно и человеческое счастье он рассматривает двояко. В первом случае, оно тождественно обретению человеком интеллектуальных добродетелей (мудрости, сообразительности и др.), выступая в качестве теоретического и интеллектуального счастья, а во втором - этических (справедливости, храбрости, великодушия и т. п.). В последнем случае оно совпадает с пониманием практического и гражданского счастья.

Этико-политические воззрения аль-Фараби получили свое дальнейшее развитие в творчестве таких мыслителей как Ибн-Сины, Ибн-Баджи, Ибн-Туфайля, Ибн-Рушда и других видных представителей фальсафы.

Литература

1.Ибрагим Т.К., Ефремова Н.В. Мусульманская философия. Фальсафа. Антология. Казань, 2009. По данному изданию цитируются «Совершенный град» аль-Фараби, а также «Исцеление» Ибн-Сины.

2 аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад. Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Философские трактаты / пер. с арабского. – Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР, 1972. – С. 193-377.

3. аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад. Гражданская политика // Социально-этические трактаты / пер. с арабского. – Алма-Ата: «Наука», 1973. – С. 45-168.

4. Машани А. Эл-Фараби және Абай. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2005. – 296 б.

ЭЛ-ФАРАБИДІҢ САЯСИ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Наурузбаев Дархан

Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының докторанты

Abstract. The importance of these works of Al-Farabi is not only his role in the formation of the political philosophical system in the Muslim world, but also the clear definition of the main rules and principles of political philosophy in these works. Based on these works, as the main issues of the political philosophy of the great scientist, the person and society, the state and its emergence and existence, types, forms of state administration, the role of law, the principles of creating a benevolent city-state, the qualities of a political leader and is a concept.

Key words: Al-Farabi, the benevolent city, political philosophy.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлаг әл-Фараби - ұлы ғалым, энциклопедист, әлемге әйгілі ислам философиясының жарық жұлдызы, қазақ жерінің тумасы. Әл-Фарабидің саяси және әлеуметтік ойшыл ретіндегі даңқы араб-мұсылман әлемінде танымал болған «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы» және «Мемлекеттік қайраткердің афоризмдері» атты еңбектерімен шыққаны белгілі. Ғылыми қызметінің сириялық кезеңінде ол өзінің әлеуметтік-саяси тұжырымдамаларын «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатта» еңбегінде жүйеледі [Алтаев: 2018, 141].

Әл-Фарабидің бұл шығармаларының маңыздылығы оның мұсылман әлемінде саяси философиялық жүйені қалыптастыруындағы рөлі ғана емес, сонымен бірге оның бұл еңбектерінде саяси философияның негізгі ережелері мен принциптерінің нақты айқындалуында болып табылады. Бұл еңбектерге сүйене отырып, ұлы ғалымның саяси философиясының негізгі мәселелері ретінде қазіргі жағдайда өзекті болып табылатын адам және қоғам, мемлекет пен оның пайда болуы мен өмір сүруі, түрлері, мемлекеттік басқару формалары, заңның рөлі, қайырымды қала - мемлекетті құру принциптері, саяси көшбасшы қасиеттері мен концепциясы болып табылады. Айта кету керек, әл-Фарабиді толғандырған бұл мәселелер тек өткенге тиесілі ғана емес, оның көптеген идеялары бүгінгі күні де аса өзекті деп айтуымызға болады. Осыған байланысты Әл-Фарабидің саяси философиясының негізгі мәселелерін зерттеу, оның идеяларын қазіргі қоғамда пайдалану бүгінгі таңда да өте көкейкесті мәселе екендігін толық мойындауымыз қажет. Қалыптасқан пікір бойынша гуманистік және рационалистік сипаттағы әл-Фарабидің саяси тұжырымдамалары шығыс және ежелгі грек философиялық және этикалық-саяси ой пікірлерімен ұштасқан. Дегенмен, әл-Фараби қоғам мен саясатты зерттеуде жаңаша ұстанымдарды көрсетуге ұмтылғаны байқалады және саясатты философия тұрғысынан ғылым ретінде түсінуді негіздеді. Ол өзінің бұрынғы философтардың құнды идеяларын қабылдап қана қоймай, сонымен бірге саяси философияның логикалық-теориялық аппаратын терең байытты [Аль-Фараби: 1972, 193].

Әл-Фарабидің саяси философиясының негізгі мәселелерін талдауда оның теориялық және практикалық жақтарын ажырата білген жөн деп санаймыз. Практикалық тұрғыдан алғанда, оның ілімінде қоғамға, мемлекетке және саясатқа қатысты әлеуметтік-саяси көзқарастар терең негізделгенін, әл-Фарабидің өз дәуірінде қандай ұстанымға ие болғанын анықтау қажет. Теориялық тұрғыдан алғанда, әл-Фараби ілімінің танымдық-эпистемологиялық жақтарына сүйене отырып, оның

көзқарастарының қалай негізделгенін, олардың негізін қандай мәселелер құрайтынын, қарастырылып отырған мәселелер бойынша қандай теориялық тұжырымдамалар жасалғанын көрсету керек.

Әл-Фарабидің саяси философия жүйесінде адам және қоғам мәселесі, «кемелді адам» туралы ілімі маңызды орын алады. Сонымен қатар ғалымның саяси философиясының тағы бір маңызды мәселесі – бақыт мәселесі, оған жетудің жолдары мен тәсілдерін анықтау ойшылдың дүниетаным жүйесінде басым принцип болып саналады. Әл-Фарабидің саяси философиясының қалыптасуы мен дамуында бақыт мәселелесін адамзат қоғамын жетілдірудің әлеуметтік-саяси және моральдық негізі ретінде жеке адамның ғана емес, бүкіл адамзаттың түпкі мақсаты ретінде талдаумен тікелей байланысты екені айқын. Атап айтқанда, ол адам толығымен дамуы үшін ол көптеген мәселелерден тәуелді болады. Өйткені, ол барлық қажетті дүниелерді жалғыз өзі жасай алмайды, әрі қол жеткізе алмайды дейді. Сондықтан адам қоғамда басқа да адамдардың қауымдастығында өмір сүруі керек және сонда ғана ол толық дамып, бақытқа қол жеткізе алады дейді [Касымжанов: 1982, 198]. Осылайша, қауымдастықтың әр мүшесінің іс-әрекеті мен қызметі оның басқа мүшелеріне қажетті дүниелердің барлығын тауып береді дейді. Қауымдастық адамдары көмек көрсетулері арқылы ғана кемелділікке қол жетіп, ел тыныштығын сақтайды және гармонияда өмір сүреді. Бірақ адамдардың барлығы толық кемелдікке жете алмайды және қоғамның да бірнеше түрлері бар. Ғұлама толық мәнді қоғамды үшке бөледі: ұлы, орташа, шағын және оларды барша адам баласының қоғамдарының тұтас жиынтығы дейді. Ұлы қоғам – бұл барлық қоғамдардың толық жиынтығы, жерді мекендейтін барлық халықтардың бірлестігі. Толық қоғамдар идеясы жалпы және жеке категориялардың диалектикалық қарым-қатынасынан туындайтын әл-Фарабидің логикалық ойлауының жоғары деңгейін көрсетеді, мұнда жалпы – көптеген жеке бөліктерден тұратын үлкен қоғам – шағын қоғамдар. Әл-Фараби «ұлы қоғамды» біртұтас әлемдік қауымдастық ретінде түсінеді, бұл оның көзқарастарының гуманистік сипатын, адам өркениетінің прогрессивті дамуындағы ойшылдың оптимизмі мен сенімін көрсетеді.

Әл-Фарабидің пікірінше, барлық халықтардың өзара көмегі мен келісіміне негізделген біртұтас әлемдік қауымдастық («ұлы қоғам») идеясын өз дәуірінің қазіргі тәртібіне наразылық пен айыптау ретінде түсінуге болады; екінші жағынан, бұл идея бейбіт өмір мен жерді мекендейтін барлық халықтардың достығы туралы арманы ретінде көрінеді.

Орта қоғам – бұл ұлы қоғамның, жер аумағының белгілі бір бөлігін алып жатқан кез-келген жеке адамдар мен ұлттар қоғамының бөлігі.

Шағын қоғам – бұл жеке мемлекет ұсынатын орта қоғамның бөлігі.

Толық емес қоғамдар, әл-Фарабидің ілімдеріне сәйкес, толық қоғамдар сияқты бірізділікте қалыптасады. Ойшылдың толық емес қоғамды түсіндіруіне қатысты диалектикалық тенденцияларды да байқауға болады, өйткені жеке ауылдың, кварталдың және көшенің тұрғындары бір тұтас – қоғамды құрайды. Осы мәселеге қатысты әл-Фараби «көше орамның бір бөлігі, үй-көшенің бір бөлігі, қала – жергілікті жердің бір бөлігі, халық – жер тұрғындары жиынтығының бір бөлігі» деп атап көрсетеді [Алтаев: 1997, 301].

Әл-Фарабидің саяси философия жүйесінде қоғам мен мемлекет проблемалары да ерекше орын алады. Әл-Фараби өзінің ілімінде қоғамның, мемлекеттің әлеуметтік құрылымының пайда болу, қалыптасу, өмір сүру себептерін, оның құрылымын, басқару формаларын, сондай-ақ олардың өзгеруі мен эволюциясын және басқа да бірқатар мәселелерді терең талдауға тырысты. Әл-Фарабидің қоғам мен мемлекетке ғана емес, бүкіл философиялық және саяси мәселелерге көзқарастары өзіндік ерекшеліктерге ие, ол ажырамас байланыс пен бірлікті, адам өмірі мен қатынастарының және ғаламдық процестердің өзара тәуелділігін айқындайды.

Мемлекеттің қалыптасу үдерісін талдаудан бұрын ұлы ойшыл қоғамды, оның құрылымын, пайда болу себептері мен формаларын адамзат баласының бірлескен іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырды. Осыған сүйене отырып, ол қоғам, мемлекеттен бұрын пайда болғанын және оның өмір сүруінің шарты деген ұстанымын негіздеді. Ғұлама ғалым «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатта» қоғамның дұрыс құрылымдары, дұрыс заңдары және қала тұрғындарының оң көзқарастарымен байланыстыра отырып, қайырымдыны саяси философиялық аспектіде зерттейді.

Әл-Фараби қоғамды мемлекетпен теңестірді. Қоғам – адамдық мүше. Ол «қайырымды қала» деп атаған «адамның шынайы болып табылуымен байланысты, оның өмір сүруі, тамаша дүниелерге қол жеткізуде адамдар бір-біріне көмектесетін қала» деп сипаттаған [Алтаев: 2018, 141]. Айта кету керек, әл-Фараби қоғамның пайда болу себебін адамның әлеуметтік табиғатынан, адамның адаммен қарым-қатынасына деген қажеттілігін қамтамасыз ету үшін адамдардың өзара әрекеттесуінен, алға қойылған мақсат пен жоғары жетістікке жетуге деген ұмтылысынан көреді.

Әл-Фараби, өзінен бұрынғы ойшылдардан айырмашылығы, рухани жетілдірудің тәсілі ретінде ұжымдық өмір, ұжымдық еңбек қағидаттарына негізделген мәселені дұрыс бағалады. Адам әлеуметтік болмыс екендігі және әрқашан күнделікті өмірде өзінің әр түрлі мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысатыны сөзсіз. Бұл күнделікті қажеттіліктердің әр түрлілігі, Әл-Фарабидің пікірінше, жеке тұлғаларды біріктіруді және олардың қоғамның өмір сүруі мен тұтастығын сақтауға деген ұмтылысын қажет етеді. Алайда адамдардың іс-әрекеті тек олардың материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты деп сену қате болар еді. Ғұламаның осы мәселе бойынша пайымдауы метафизикалық, біржақты, оның қоғамның пайда болу себептері туралы идеялары бұл процесті ғылыми-философиялық түсіндіруден алыс болған. Олардың кемшілігі – ол қоғамның пайда болуындағы және адамның әлеуметтік болмыс ретінде қалыптасуындағы еңбек, материалдық өндірістің рөлі мен маңыздылығын түсінбеді және көре алмады. Сонымен қатар, әл-Фараби адамдар арасында материалдық тауарлар өндіру процесінде қоғам мен оның әлеуметтік-саяси институттарының қалыптасуымен байланысты белгілі бір қоғамдық қатынастар пайда болатынын көрмеді. Әл-Фараби негізгі себептерді аша алмаса да, ол қоғамның пайда болу шарты ретінде адамның қажеттіліктерінен туындайтын материалдық алғышарттарды алға тартты, сол арқылы адамның қоғамдық және саяси табиғатына баса назар аударды. Осыған сүйене отырып, әл-Фараби қоғам мен адами бірлестіктер өзара көмек, қарым-қатынас сезімі, адамдардың өздерінің өмір сүруін қамтамасыз ету және жалпыға ортақ игілікке жету үшін материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға деген ұмтылысы негізінде пайда болған теорияны негіздейді. Әл-Фарабидің көзқарастарының прогрессивтілігі қоғамның пайда болуының негізінде ол негізгі принципті – қажеттілікті мойындады және осы процесті ұтымды түсіндіруге тырысты. Ол адамдардың ынтымақтастыққа, өзара түсіністікке және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген ұмтылысына сенімді болды. Әл-Фарабидің пікірінше, егер туа біткен табиғи сипат пен адамның гетерогенді қажеттіліктерді жетілдіруге және қанағаттандыруға деген ұмтылысы қоғамның пайда болуына себеп болса, онда өзара көмек және адамзаттың өзара шарттылығы қоғам дамуының негізгі қағидасы болып табылады [Джураев: 2004, 176].

Әл-Фарабидің қоғам мен мемлекет және олардың диалектикалық қарым-қатынасы туралы тұжырымдамасын төмендегідей қорытындылауға болады:

1. Қоғам мен мемлекеттің пайда болуының, қалыптасуының негізін адамдардың өзара қатынастарына, бір-бірінің көмегіне деген қажеттіліктері, жалпыға ортақ игілік пен жоғары жетілуге қол жеткізу үшін бірігуге деген ұмтылысы болып табылады. Алайда мемлекеттердің қалыптасуы мен өмір сүруін ойшылдар ең алдымен билеушілердің жеке басымен байланыстырады.

2. Қоғам табиғи түрде дамиды, адамдардың іс-әрекетімен байланысты тұтас әлеуметтік жүйені құрайды.

3. Адамдардың өз мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға тырысатын мақсатты іс-әрекеттері мен ерікті ұмтылыстары мемлекеттің пайда болуының негізін құрайды.

4. Мемлекет жалпыға ортақ бақытқа жетудің құралы, шарты – адам өмірінің түпкі нәтижесі және зияткерлік және адамгершілік деңгейін арттыру тәсілі ретінде әрекет етеді.

5. Адамдардың зияткерлік және адамгершілік деңгейі мен санасына байланысты мемлекеттің тиісті мемлекеттік және әлеуметтік-экономикалық жүйесі қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алтаев Ж. Аль-Фараби – великий мыслитель Востока / Жакипбек Алтаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 210 с.

2. Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад. Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Философские трактаты / пер. с арабского. – Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР, 1972. – С. 193-377.
3. Касымжанов А.Х. Абу Наср Аль-Фараби. – М.: Мысль, 1982. – 198 с.
4. Алтаев Ж. Қазақ философиясының қалыптасуы: философ. ғыл. док. ... дис.: 09.00.03. – Алматы., 1997. – 301 б.
5. Джураев Р. З. Политическая философия Абу Насра ал-Фараби.: Дис. ... канд. филос. наук: 09.00.03 : Душанбе, 2004. – 176 с.

ӘЛ-ФАРАБИ КОНЦЕПЦИЯСЫ: «КЕМЕЛ АДАМ» МОДЕЛІ ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫ АДАМ

Сәрсенғали Ботагөз Жасұланқызы

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты

Annotation. The formation of a noble and perfect person is the basis of social development. The ideas of nobility and perfection have evolved historically alongside human development. Al-Farabi, the first socio-political thinker among Arab philosophers, formed his own concept, considering the essence of human existence, the meaning of his life, his place in the universe, his role in society, nature. He opened the eyes of state associations expressing dissatisfaction with the Islamic concept of man, he was able to expand the breath of Islam in his own way. The problem of a perfect society, a good city and a perfect person is a unique world. The model of a perfect society in the teachings of Al-Farabi has great application not only in the East, but also in the West. One of the main signs of perfection is education. Al – Farabi says: "to be educated is to be able to make discoveries." Today's task is not to memorize the genius thoughts of Al – Farabi, but to strive to become the core of Life Orientation and national ideology.

Keywords: perfect man, morality, Sufism, state, virtuous city.

Мейірбан және кемел адамның қалыптасуында өзіндік сана, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тәрбиелеу сияқты рефлексиялық процестер жүретіндігі анық. Ибн Сина, әл-Фараби, әл-Бируни, Кайковус, Жәми, Давони сынды Шығыс энциклопедист-ғалымдары тұлғалық қасиеттер мен ерік-жігер адамның кемелденуіндегі рөлі ерекше екендігін атайды [Khalilova et al., 2020: 254. Адамның табиғи игілігі ретіндегі саналы әрекетіне сүйене отырып, әл-Фараби адам автономиясының жалпыға бірдей жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігінің, адам еркіндігінің нәтижесінде барлық адамдардың гуманистік теңдігі туралы бірқатар тұжырымдар жасады. Адам өмірінің құндылығы жеке дара, тәуелсіз. Бұл мәселені әл-Фараби өзінің «Игі қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында қарастырған. Әл-Фараби кемел қоғамды үлкен, орта және кіші деп үшке бөледі. Үлкен қоғам – жер бетінде өмір сүретін барлық адамдардың қоғамдарының жиынтығы, орташа қоғам – жердің кейбір бөліктеріндегі адамдардың бірлестігі, кіші қоғам – тұрғындардың шағын бірлестігі. Әл-Фарабидің «қоғам мемлекетсіз болады, ал мемлекет қоғамсыз бола алмайды» деген сөздерінде өте маңызды заңдылық жатқанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Кейінгі ғасырларда ойшыл Гегель де: «Мемлекет – қоғам қалыптасуының нәтижесі, көрінісі» - деген болатын. Бұл тұжырым – мемлекеттің қуаты қоғамның қасиеті мен қабілетіне байланысты екенінің тағы бір дәлелі. Яғни қоғам қандай болса, мемлекет те сондай болмақ деген сөз. Әл-Фараби айтқандай, қоғамның жетілуі оның басшысының және әр мүшесінің бойындағы жоғары адами құндылықтарға -байланысты. Шындығында, қазіргі уақытта елімізде дамыған азаматтық қоғам қалыптастыру үшін Әбу Насыр әл-Фарабидің қайырымды қоғам идеяларына қажеттілік туындауда. Ойшылдың: «Қайырымды қоғам – шынайы бақыт және оған жетудің жолдары туралы нақты білігі мен білімі бар әрі сол білігі мен біліміне сай әрекет ететін адамдар қауымдастығы» деген ұлағаты адамзат дамуы үшін бағдаршам

болары сөзсіз. Әл-Фараби кез келген әлеуметтік деструктивтілік, зұлымдық пен қатыгездіктен арылудың бірден-бір жолы – қайырымдылықта екен-дігін айтады. Трактат соңында мағынаны ашу үшін әл-Фараби ауылды, ауданды, көшені, үйді жеке қарастырады. Әл-Фараби қатаң логикалық жүйелілікпен қалыптастырған бұл кемел қоғамның жүйесі жалпы және жеке ұғымдарының арақатынасына негізделген. Ғалымның логикалық ойлауының нәтижесінің жоғарылығының арқасында еңбегі құнды бағаланып отыр. Демек, әл-Фарабидің пікірінше, қоғамның ең кемел формасы – қала. Ол «қала» терминін қазіргі мағынадағы қаланы, әкімшілік-аумақтық бөлініс бірлігі ретінде белгілеу үшін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік және әлеуметтік топтарды белгілеу үшін де қолданады. Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық ілімінде ізгі қала идеясы маңызды орын алады. Ізгіліктің түпкі негізі ең жақсы адамгершілік қасиеттерден құралған. Адами қасиеттерді әл-Фараби этикалық және интеллектуалдық деп екіге бөледі. Ол адамгершілік қасиеттерге байсалдылықты, батылдықты, жомарттық пен әділеттілікті жатқызса, зиялылық қасиет ретінде даналықты, зеректілікті, тапқырлықты жатқызады. Олай болса, Әл-Фараби этикасының ең маңызды ережелері: нағыз бақыт – осы қасиеттердің барлығына ие болу. Оның үстіне ізгі адамдарды жаратылысынан азат дейді. Бұл тұжырым әл-Фарабидің адамдарды пайымдау мен темпераментіне қарай үш түрге бөлу туралы қызықты ойымен байланысты. Бірінші тип – табиғатта еркін адамдар. Олар іс-әрекеттері ақылға қонымды және батыл жандар. Екінші түрін осы екі қасиетке ие болмаған адамдарды қатыгез деп аталатын адамдар құрайды. Үшінші түрі – табиғаты бойынша құлдар, олар ойлана алады, бірақ шешімділігі жоқ. Табиғатынан азат адамдар шынымен бақытты деп қорытады. Әл-Фараби қала ұғымына «адамдар бірлестігінен құралған өзінің шынайы бақытын тапқанға дейін өзара көмек көрсетуге бағытталған қала» деп анықтама береді. Нағыз бақытқа жету жолындағы бұл ынтымақтастық ізгі қала, барлық басқа адамдар қауымдастығынан ерекшеленеді. Өзін-өзі оқшаулау және жалғыздық адамды бақытты ете алмайды. Әл-Фарабидың пайымдауында ізгілікті қаланың негізгі қағидасы – әділеттілік. Осы мемлекеттің әрбір азаматы өз өмір сүру жолын әділеттілікке арнаса, сот төрелігі де халықтың жағында. Ізгі қаладағы әділеттіліктің үстемдігі тұтастай мемлекеттің қаншалықты тұрақтылық пен дұрыс шешім қабылдауында. Әл-Фараби Аристотельден кейін мәңгілік және динамикалық өмір сүруі тек бір ғана, бірақ екі деңгейлі әлемнің болуы мүмкін деп санады. Дүниенің жансыз болмысынан еш ізгілік болмайтын болғандықтан, бұны бірінші деңгейге жатқызды. Осыған дейінгі түрлі тұжырымдар мен принциптен айырмашылығы, Әл-Фараби аристотельдік мәңгілік дүние принципін қабылдады. Философияның міндеті ол ғаламның әртүрлі бөліктерін сапалы талдау арқылы болмыстың мәңгілік және мәңгілігін сипаттау мен түсіндіруді, ондағы процестерді егжей-тегжейлі сапалы сипаттауды талап етеді. Әл-Фараби үшін «ізгілік» категориясының мағынасында этика деп болмыс, ғалам мен адамның өзі, ал қоғамдағы адам ретіндегі ізгілік ойлау, адамның танымы туралы теологиялық түсінік этиканың басты кілті болып табылады. Шындығында, әл-Фарабидің философиялық жүйесіндегі ең маңызды қоғамдық құбылыстардың бірі – тәрбие. Ол адамның жан-дүниесіне қатысты және жеке тұлғаның жастайынан қоғам мүшесі болуға, өзіндік кемелдік деңгейіне жетуге, сол арқылы өзі жаралған мақсатқа жетуге дайындалуын қамтамасыз ететінін жеткізеді. Дегенмен, Әл-Фараби кітаптарында тәлім-тәрбиеге арналған арнайы жазбалар сирек, оның жазбаларын мұқият қадағалаған кез-келген адам әртүрлі ойы жинақталмаған мәтіндерге кезігеді. Ол оның жалпы философиялық көзқарастарына сәйкес келетін тәрбиелік тұжырымдарын шағын түрде ғана қамтиды. Жекелеген ұғымдар мен ойларды «біртұтас дүниетанымға» біріктіру бұл түсінікті толық ашуға мүмкіндік берді. Шынында да, әл-Фарабидің ойынша, білім беру іс-әрекетінің барлығын жеке тұлғаның белгілі бір кезеңде және белгілі бір мәдениетте құндылықтарды, білім мен практикалық дағдыларды меңгеруі деп қорытындылауға болады. Адам баласы осы мақсат үшін жаратылғандықтан, тәрбиенің мақсаты – жеке адамды кемелдікке жетелеу. Кемел адам (әл-инсан, әл-кәмил) теориялық ізгіліктерге ие, осылайша өзінің интеллектуалдық білімін аяқтаған және практикалық тұрғыда қолдана алатын, адамгершілік қасиеттерге ие жан. Осылай ғана ол адам бұл атаққа ие бола алады. Одан кейін осы теориялық және моральдық ізгі қасиеттерді бойына сіңіріп, жауапкершілігін өз мойнына алған кезде ғана қоғамдастықтың жеке мүшелерінің жан дүниесіне бекіп, басқа адамдарға үлгі болады. Әл-Фараби адамгершілік және эстетикалық құндылықтарды осы негіздемелер бойынша біріктірді: жақсылық - әдемі, ал сұлулық – жақсы. Әдемілікті яғни, жақсылықты – зиялы қауымда бірінші орында қадір

тұтады. [Б.Дербісалиев Ә.Әл-Фараби эстетикасы. – Алматы, 1980. – 36]. Білімнен келетін бұл кемелдік білім мен ізгі мінез-құлықты біріктіреді, бұл бір уақытта бақыт пен жақсылықтың бірігуі секілді. Әл-Фарабидің саяси философиясының ерекшелігі араб-мұсылман мәдениетіндегі саяси теориямен тіке көрсетпегенімен біршама байланысты. Әдепті қала – бұл ең жақсы мемлекеттік жүйе кез келген мәселелерді шешуде, қамтамасыз етуге қабілетті және саяси ұйымдардың ерекшеліктеріне ие. Ізгі қала иерархияға негізделген. Иерархия тек үстемдік пен бағыну қатынастарын ғана емес, сонымен бірге үйлесімділік пен тепе-теңдікті де қамтиды. Бұл мұсылман әлемі көзқарасында барлық дәстүрлі қоғамдарға тән әлеуметтік-саяси жүйе тұрғысынан түсіндіріледі.

Сонымен қатар, ізгі қаланың иерархиясы объективті кеңістік тәртібін көрсетеді, бұл тәртіп әлемнің шындығын бейнелейді. Әл-Фараби болмыстың мәңгілік заңдарымен байланысты қоғамдық даму заңдылықтарын жердегі тіршілік пен ғарыштың тамаша үйлесімін көрсетуші деп санады. Әл-Фарабидің пікірінше, әлемдік үйлесімділіктің құпиясын білмей, кемел қоғам құру мүмкін емес. Ізгі қала тұрғындарының кәсібіне келетін болсақ, ондағы әрбір адам өмір үшін белгілі бір іспен айналысуы керек. Әл-Фараби зұлымдық қаласының болуына қарсы шықты, оның ішінде «надан қала», «мейірімсіз қала», «адасқан қала» деп бөліп қарастырды. Бұл қалалар бақыт және оған жету жолдарын білмейді. Қала тұрғындарының барлығы тек пайдасы үшін жүретін надандардан құралады. Мұнда дене саулығы - байлық, ләззат, нәпсіге ерік беру, абырой мен ұлылық. Бұл жамандықтың әрқайсысы бақыт қаласының тұрғындары надан болғанда басталады. Ал ең үлкен бақыт олар осы жамандықтардың жиынтығы деп санайды. Сәйкесінше бақытсыздықты олар ауру, кедейлік деп қана қарастырады. Өз құмарлықтарына еріп, намыссыз болғандарын байқамайды. «Амбиция қаласы», «қуатқа мұқтаж қала», «еркін қала» деген үш ұғым жаңа қала түсінігін құрайды. Қоғамды «ізгілер» және «надандар» деп бөлудің негізі Әл-Фараби осы топтардың жеке мүдделері мен мақсаттарын қарастырудан шықты. Мақсатты дұрыс қою бақытқа ықпал етеді. Бұл ретте, Әл-Фараби тек мақсаттың болуын ғана емес, оған жету жолын да тұжырымдаған. Ең жақсысы – мақсат пен абыройға жету. Қалаларды «надан» деп сипаттау – әл-Фарабидің сол дәуірдегі қоғамның жүйесіне наразылығының бір түрі екені анық. Надан қалалардың өз заманындағы қоғамға тән келеңсіздіктері: надандық, сарандық, билікке құмарлық, бос өмір сүру. Оларды қаланың басқа өкілдерінен бөлетін де осы жағымсыз ерекшеліктері. Әл-Фараби басында қалыптасқан он екіге жуық Платонның идеяларын қостады. Ғалым адамдарды дене мүшелерінің табиғаты мен қабілетіне қарай ерекшеленетіні сияқты, қала мен одақ мүшелері де әртүрлі деп есептеді. Ал егер билік иерархиясының органында орындалмайтын, тек бағынатын билік органдары болса, мемлекеттік иерархия тек бұйрықты орындау міндеті болып табылатын тап болып табылады. Адам ағзасының басты мүшесі жүрек - дененің кейбір басқа мүшелерінің қызметіне өз әсерін тигізеді. Себебі, егер сіз дененің кез келген мүшесін ренжітсеңіз, бүкіл дененің өмірі тоқтамайды. Ал егер сіз жүректі «алдасаңыз» адам өледі. Адамды рухани және тәндік бірлік ретінде түсіну Әл-Фараби тұжырымында осы тұстан шықты. Кемел адам теориясы тұлғаның үйлесімді дамуы мен психикалық қасиеттерін біріктіреді: салауатты дене, таза ақыл, қиял, жақсы есте сақтау, тапқырлық, мәнерлі сөйлеу, білуге құмарлық, нәпсіні басқара алу, зеректік, шындықты сүю, жанның тектілігі, байлыққа мас болмау және т.б. Әсіресе, Әл-Фараби кемел адамда әділдік қасиетінің болуын қажет деп санаған, ол «...әділдік пен оның жақтаушыларын сүюге, әділетсіздікті және олардан шыққандардың озбырлығын жек көруге, басқаларға әділ болуға, әділеттілікті және әділетсіздік құрбандарын қолдауға, әділ болуға, бірақ қыңыр болмауға, әділетсіздікке бой алдырмауға және табандылық танытуға әділетсіздік пен арамдықты жеңуге бірігуді талап етті ...» [Б.Фермер Х.Г. Жақсы сөздер кітаптары. – Нью Дели, 2002.]. Билеуші болуға лайықты адам осы қасиеттердің барлығын біріктіреді. Оның үстіне мұндай адам қоғамға қала басшысы ретінде қарастырылады. Әл-Фарабидегі кемел адам идеалы идеалды мемлекет басшысымен тұспа-тұс келді, өйткені кемел адамға адамдардың тағдырын сеніп тапсыра алады: ақылды адам ұстаздық ете алады. Ал адамдар қалай ақылға келеді? Ізгі адам ізгілікке тәрбиелейді, бақытты адам адамдарды бақытты ете алады. Бақыт, адамгершілік, кемелдік оған жетудің жолдары мен тәсілдері әл-Фараби дәуірінде проблемалық мәселелердің бірі болды. Бүгінде, бұл мәселе өзектілігін жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адамның кемелдігі, оның қасиеттерін қалыптастыру — бұл өмір бойы жалғасатын және өліммен аяқталатын процесс. Әл Фараби араб халифатында ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекет басқаруға

лайық білім-парасаты, мінез-құлқы барынша кемелденген мінсіз адамның қалыптасуын отбасы тәрбиесінің ең бірінші міндеті деп қарастырған. Бұл – сол қоғамның өркениетке жетуі үшін қажетті тұлғаның моделі ретінде сипатталды. Мұнда туа біткен немесе жас кезінен бойына дарытылып егілетін он екі қасиеттің атын атайды. Әл-Фарабидің мінсіз кемел адам концепциясы: 1. Мүшелері мінсіз. 2. Жадында жақсы сақтайтын. 3. Аңғарымпаз. 4. Өнер-білімге құштар. 5. Қанағатшыл. 6. Шыншыл. 7. Ізгі ниетті. 8. Әділетті. 9. Мінезі қыңыр емес. 10. Шешімшіл. 11. Батыл, ержүрек. 12. Өткір сөз иесі. Ғұлама осы қасиеттердің бәрін бала бойында қалыптастыра отырып «мінсіз адамды» тәрбиелеп шығарамыз деп тұжырым жасайды. Дегенмен, бұл қасиеттердің барлығы бірдей бір кісінің бойына бітіп, дари қоюы – сирек болатын құбылыс. Осыны ескере отырып «...жоғарыда аталған шарттардың алтауы немесе бесеуі оның бойына біткен болса, онда қиялдау қабілеті жағынан теңдесі болмағандықтан, ол осы қаланың айтулы басшысы болмақ» дейді. Тәрбиенің тұлғалық идеясын басшылыққа ала отырып, отбасын және ондағы тәрбиені басқару қашан да мемлекеттік мүддеге сай қойылуы қажеттігін дәлелдейді. Әл-Фараби адамгершілік категорияларына анықтама береді, сол арқылы "орта"ұғымын сипаттайды. Батылдық, ол ұқыпсыздық пен қорқақтық арасындағы ортаны, жомарттықты сарандық пен ысырапшылдық арасында анықтайды. Фарабидің пікірінше, іс-әрекеттегі модерация адам денсаулығы үшін пайдалы. Жаман мінез-бұл дененің ауруы сияқты жоюға болатын жан ауруынан басқа ештеңе емес. Философ "ақыл-парасатқа"үлкен мән беріледі. Атап айтқанда, философ ең керемет ақыл — ой қасиеті-бұл халыққа, адамдарға және ұзақ уақытқа арналған қалаға қамқорлық жасау деп тұжырымдайды. Одан кейін күнделікті өмірде әр өнерге, әр үйге, жеке адамға қолданылатын психикалық қасиеттер пайда болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, «мейірбан адам» және «кемел адам» түсініктерінің түрлі мағыналық жүктемесі бар екені де анық байқалады. Нағыз мейірбан адам намысының қаталдығымен, жанашырлығымен, биязылығымен, ұстамдылығымен, жомарттығымен танылады. Берік ерік-жігерге ие, өзінің өмірлік ұстанымдарының ақиқатына сенімді, ар-намыс пен қадір-қасиеттің өткір сезімі бар мейірбан адам оған мұқтаж кез келген адамға көмектесуге, өзге адамның жағдайына бейім болуға дайын. Сондықтан мейірбандылықты жеке адамның қасиеті және ешбір заңдармен, тыйымдармен, ережелермен, шектелмейтін, өзінің ішкі болмысының табиғи, жақсы көріністерін иелену қабілеті деп түсінуге болады. Әл-Фараби өмірінің соңғы жылдарында сопылық жолмен өмір сүргені белгілі [Әл-Фараби және Ибн Сина. – Алматы, 2014. – 181]. Ұлы ғалым, ойшыл ретінде кемел қоғам мен кемел адам үлгісін жасады. Оның кемелді қоғам тұжырымдамасы идеалды қоғамның негізі болды, ол қайталанбас идея ретінде қарастырылды. Адам өз жолында бірте-бірте өзін-өзі жетілдіру қадір-қасиетін (ақыл-ойы, физикалық кемелдігі және т.б.) сезініп, өзін сол тұрғыда бағалайды. Әлемдегі ең жоғары және бірден-бір маңызды қағида – адамдардың бір-біріне рухани қабілеттерін жетілдіруге көмектесуі ең үлкен күш-жігерді тудырады. Кемел қоғам бүкіл ізгілік пен жақсылықтың жалпы жақсы адамдарға ортақ бірлестігі. Демек, әл-Фарабидың философиялық тұжырымы бойынша адамның бақытқа жету жолы - өзінің сенімі мен түпкі санасының дамуы және басқаларға әсер етуінің, білім мен ілімнің саласында өзін-өзі танумен айналысуында. Ұлы ата-бабаларымыз айтып кеткен ұлағаттарды жас ұрпақ бойына неғұрлым молырақ сіңірсек, соғұрлым ұлтымыздың болашағы да зор болмақ. Адам сапасын, оның білімі мен біліктілігін көтермей, қоғамды ізгілендірмей, қуатты мемлекет құрудың мүмкін еместігін уақыттың өзі көрсетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. әл-Фараби, Талхис науамис Афлатун, ‘Абдәр-Рахман Бадауи редакциясы.: Афлатан фил ислам, Бейрут, Дарул-Андалус, 1982. – С.54.
2. Сатыбекова С.Қ. Әл-Фарабидің гуманизмі. – Алма-Ата, 1975. – Б.136-138.
3. Әл-Фараби. Бақытқа жету кітабы. – Хайдарабат, 1926. – Б.44-46.
4. Лолита Сафронова. Дереккөз: <http://shkolazhizni.ru/archive/0/n-26980/>
5. Жолмұхамедова Н.Кемел іздеуде:Әл-Фараби және Ибн Сина. – Алматы, 2014. – 181,
6. Б.Дербісалиев Ә.Әл-Фараби эстетикасы. – Алматы, 1980. – 36,

7. Б.Фермер Х.Г. Араб музыкасының тарихы. Жақсы сөздер кітаптары. – Нью Дели, 2002.

8. Эрик Вогелин қоғамының жиналысы 2009.

<http://www.lsu.edu/artsci/groups/voegelin/society/2006%20Papers/Samah%20Elha-jbrahim.shtm>

9. Al-Farabi. Traatise көзқарастары. ізгі қала тұрғындары. – Алматы, 1970ж

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛАСЫ» ЖӘНЕ ҚАЗАҚ УТОПИЯСЫ

Сыздықова Макпал Бархықызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры,
элеуметтану ғылымының кандидаты

Бимаханов Талант Дүйсенұлы

PhD философия докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Аңдатпа. Бұл мақалада әлемге әйгілі ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің ең танымал еңбектерінің бірі – «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактаттағы» қоғамтану теориясы мен практикасы саласындағы құндылықтар жазылған. Трактатта ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді. Мәселен, адамның табиғатынан көмекті қажетсініп, қоғам құруға бейілді екенін және қоғамның түрлері көптігін айтады.

Әл-Фарабидің қайырымды және қайырымсыз қалалар туралы ілімі түп-тамырымен Платон және Аристотельдің мінсіз мемлекет және мемлекет түрлері туралы ілімінен бастау алады. Платон өзінің "Мемлекет" деген шығармасында мінсіз қаланың құрылымы туралы ойын білдірген. Әл-Фарабидің "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактаты" – ойшыл дүниетанымының мазмұнды арналарының бірі. Трактатта ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді. Мәселен, адамның табиғатынан көмекті қажетсініп, қоғам құруға бейілді екенін және қоғамның түрлері көптігін айтады. Себебі, әрбір адамның тіршілік етуі мен кемелділікке жетуі үшін қандайда болмасын қауым керек. Әл-Фарабидің пікірінше, "қайырымды қала" идеал болып табылады. Бұл – қайырымды билеуші басқарған феодалдық қала. Оған өзінің мақсатына сәйкес әрекет ететін басқарушы шенеуніктер мен сол шенеуніктердің мақсатын жүзеге асыратын келесі рангілі шенеуніктер көмектеседі, осылайша қоғамның төмен қабаттарына дейін.

Әбу Насыр әл-Фараби бұл кітаптың алғашқы нұсқасын «Китаб ас-сийаса ал-маданийя» деген атпен 942 жылы жазған. Ал толық нұсқасын 948 жылы Мысырда аяқтаған екен.

Кітаптың көшірілген нұсқалары әлемнің бірнеше музейлерінде, мұрағаттары мен кітапханасында сақталған. Атап айтқанда Британия музейінде және Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханасы қорында бұл еңбектің бірегей нұсқалары бар.

Аталған еңбек орта ғасырларда Еуропада кеңінен танымал болған. Ал кейінгі кезеңде алғаш рет 1895 жылы ғылыми айналымға біржола енгізілді. Осы жылы бұл еңбек Голландияның Лейден қаласындағы «Бирбил» баспасында арабтанушы ғалым Фридрих Дитрицидің баспаға әзірлеуімен жарық көрген.

Бұл кітаптың маңыздылығы – автордың өз еңбегінде қала болып қауымдасып өмір сүретін адамзат баласының өзара ешбір қайшылықсыз, мінсіз идеал қоғамы қандай болуы керектігін жан-жақты сипаттауында деуге болады.

Иә, адамзат тарихында меншік пайда болуымен мемлекет құрылып, оның өзіне тән сипаттары туып қалыптасқаны белгілі. Мемлекеттер өзінің құрылымы, басқару формасы, ұстанымы, күш-қуаты тұрғысында қаншалықты сан алуандыққа ие болса, олардың тарих сахнасындағы жетістіктері мен өзіндік ішкі қайшылықтары да соншалықты әркілі болады. Адамзат баласы әрқашанда басқару

механизмі барынша жетілген, мемлекетті құрушы барша халықтың көңілінен шығатын мемлекет құруға әрдайым талпынумен болды. Бұл тұрғыдағы әрекеттерге ой жүгірте отырып алғашқы ой-пікірлер білдіріп, зерттеу жүргізген – антикалық дәуірдің ойшыл-философтары болды. Атап айтқанда грек философтары Платон, Аристотельдер мінсіз де ізгілікті қоғам құру жолдары туралы өз идеяларды ұсынып, трактаттар жазды. Біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда жасаған грек ойшылы Платонның «Республика» еңбегі мен қытайдың философ ақыны Тао Юаньминнің «Шабдалы қайнары» атты туындыларында қайырымды қоғам мәселесі көтерілді. Дегенмен, мұны біз ізгі қоғам құру жөніндегі адамзат ойының ілкі бастаулары деп қарастыра алмаймыз. Себебі, мұндай ой-арман адамзат қоғамындағы алғаш мемлекет қалыптасқан кезден-ақ пайда болғанына еш күмәніміз жоқ.

«Әлемнің екінші ұстазы» атанған ойшыл ғалым Әбу Насыр әл-Фараби өзіне дейінгі грек философтарының идеал мемлекет туралы идеяларын дамыта отырып, өзіндік тұжырым-қорытындыларын ұсынады. Ғалым қайырымды (ізгі) қала тұрғындары қалай болуы керек, оның жағымды-жағымсыз, дарынды-дарынсыз басшысына тән сипат-белгілер қандай т.б. жайлы жан жақты талдау жасайды. Біз бұл турасында төменде кеңінен тоқталатын боламыз. Және де «Қайырымды қала тұрғындары туралы» кітапта жазылған ой-тұжырымдарды біз бір қырынан алып қарағанда, орындалу мүмкіндігі бар, шынайы теория деп қарастырамыз. Және сонымен қатар, Әбу Насыр әл-Фарабидің бұл ой-пікірлерін орындалуы еш мүмкін емес қиял-ғажайыпқа толы жазба ретінде де қарастыра аламыз.

Жалпы алғанда, адамзат баласының ең ұлы арманының бірі де осы қайырымды, идеал қоғам ғой. Дүниежүзіндегі барлық дерлік халықтардың фольклорында, әсіресе, ертегілері мен аңыздарында мәңгілік бақытқа кенелген ел мен жер суреттелетіні – санадағы осы аңсар күй, асқақ арманның сөзбен жасалған сұлу суреті екендігі анық.

Түркілік таным аясындағы қазақ әдебиетінде де осы сипаттағы аңыздар мен ертегілер, кейіпкерлердің шоғыры қомақты. Мәңгілік өлмейтін қалып күүді іздеп сар далада тентіреп мәңгіліктің күүін тартқан Қорқыт, жерінің түгі кілемдей, күн райы жыл бойына қоңыржай, жігіті мәңгі жиырма бесте, қызы мәңгілік он сегізде болатын, жастықтың қуаты сөнбей маздаған Жерұйықты желмаясына мініп алып желіп жүріп іздеген Асанқайғының арманы мен ілкідегі Әл-Фарабидің ізгі қоғам құру туралы ойлары – айналып келгенде сол баяғы адамзат қоғамының бақытты тұрмыс кешуі жолындағы ізденістер емес пе?

Әбу Насыр әл-Фарабидің қайырымды қоғам құрудың қолайлы жолдарын іздейтін алты бөлімді «Қайырымды қала тұрғындары туралы трактаттар» кітабының әр бөлімінде не туралы қарастырылатынын бір-бір сөйлеммен айтып өтелік.

Кез келген мемлекеттің күш-қуаты мығым, бірлігі бекем, тірлігі түзу болуы үшін қажет жағдайдың бірі – биліктің мығым болуы екендігін сонау грек ойшылдарынан бастап, қазақ даласында туған ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби мен Еуропадан шыққан билік теоретигі Никколо Маккиавелийге дейін айтудайын айтып, жазудайын жазып кеткен екен. Бұл ой-пікірлердің бәрі қай заманда болсын, өзекті болып келген және біздің жас мемлекетіміз үшін де ерекше маңызды. Фарабтық Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз мемлекет басшысының бойынан табылуы тиіс он екі ізгі қасиетті атап көрсете отырып, «Қайырымды қаланы» (біздің қазіргі ұғымымыздағы мемлекетті) дәл осындай адам билеуі керек деген ойды айтады.

Әл-Фарабидің ізгі қоғам туралы ойларына қарап, «қайырымды қаланың» яғни мемлекеттің лайықты гүлденіп, өмір сүруі үшін жеке тұлғаның қаншалықты маңызды екендігіне баса мән бергендігін аңғарамыз. Жеке тұлғаның немесе ел басшысының мемлекет дамуындағы рөлі қашан да жоғары болып келген және қазір де солай десек қателеспеспіз. Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала» туралы еңбегінде қала бақытты болудың үлкен кілті – бірінші басшыға байланысты екендігіне баса назар аудартады. Қайырымды қаланың бірінші басшысы – ол қайырымды халықтың, тіпті жер жүзін мекендейтін барша жұрттың басшысы да бола алатындығын айтады. Ол үшін бірінші басшыға тән он екі бірдей қасиет оның бойында жинақталған болуы тиіс.

Біз төменде Әл-Фарабидің атап көрсетуінше, «қайырымды қала» басшысының бойынан табылуға тиісті қасиеттердің мағынасын аша отырып, әрбірінің қысқаша анықтамасын ғана беруді жөн көрдік. 1. Басшының он екі мүшесі бүтін, дені сау болуы керек; 2. Ақыл-есі бүтін, айтылған сөзді ұғатын болуы керек; 3. Есте сақтау қабілеті мықты, алғыр да аңғарымпаз болуы керек; 4. Сөзі

өткір, тілге шешен болуы керек; 5. Өнер-білімге құштар, оқып үйренуден шаршамайтын, білімпаз болуы керек; 6. Тамақсаулықтан, артық ішіп-жеуден, орынсыз сауыққұмарлықтан аулақ болуы керек; 7. Шыншыл болуы, маңына шыншыл адамдарды жиюы, өтірікшілерден аулақ болуы керек; 8. Рухы биік, ар-намысты биік ұстайтын болуы керек; 9. Пасықтықтан аулақ, игі істерге ынтызар болуы керек; 10. Байлыққа құмарлықтан, ашкөздіктен аулақ болуы керек; 10. Әділетсүйгіш болуы, озбырлар мен әділетсіздерді жақтаудан аулақ, ел-жұртқа қайырымды, мейірімді болуы керек; 11. Бір сөзді, бірақ қыңыр болмауы тиіс, жаман қылықтарға ымырасыз болуы керек; 12. Өзі дұрыс деп тапқан істі жүзеге асыруда шешімшіл, қорқып жасқануды білмейтін батыл да ержүрек болуы керек.

Әбу Насыр әл-Фарабидің пікірінше «қайырымды қала» басшысы болу үшін жоғарыдағы қасиеттерге қоса, билеуші болуға деген бейімділік, дарын тіпті ұмтылыс болуы керек екен. «Қайырымды қаланы әрбір кез-келген адам билей бермекші емес, өйткені, ел билеу – екі бірдей нәрсеге байланысты: біріншіден, билемек адамның өз жаратылысында ел билеуге қаншалық әзір екеніне байланысты, екіншіден, билеуші адамның еріктен қуат алып отыратын жағдайы мен қабілетіне байланысты. Жаратылысында ел билеуге кім бейім болса, билік соның үлесіне тимек.»

«Жиырма беске келгенде, бақыт берді басыңа, тақыт берді астыңа, Отыз жасқа келгенде, дүниеге кең едің... Елу жасқа келгенде, үш жүздің баласының атының басын бір кезеңге тіредің», - деп Бұқар жырау жырлағанындай, жаратылысынан ел билеуге бейім, жігерлі де жалынды жас жігіт Әбілмансұр майданда көрсеткен ерлігінен соң аз жылда басқарушылық талантымен жарқырай көрініп, елу жасқа келгенде үш жүзге ықпалы жүретін ханға айналғаны белгілі. Мұндай тұлғаларды жай ғана басшы емес, феномен тұлғалар десек болар.

Әл-Фараби өз туындысында феномен басшының даналық, көрегендік қасиетін әрдайым жоғарыға қояды. Басшының қабілетсіздігінен, біліксіздігінен қаланың құрып та кету мүмкіндігін жоққа шығармайды: «Егер әйтеуір бір кезде басшыларда даналық болмай қалса, онда бұлар басқа шарттардың бәріне сай келе тұрса да, қайырымды қала ағзамсыз қалмақ, сөйтіп қаланы билеуші басшы бұл ретте ағзам бола алмайды, ал қаланың өзі құрып кету қаупіне ұшырайды. Ал егер осы басшыға ақылшы етіп қоярлық бір дана табылмаса, қала біраз уақыттан кейін сөзсіз құритын болады».

Сондай-ақ Әбу Насыр әл-Фараби өз трактаттарында қала басшысының дара билігімен қатар, топтық биліктің түрі салтанат құру мүмкіндігі барлығын да атап өтеді. Мұны біз парламенттік-президенттік басқару үлгісі деп ұқсақ болады: «Жақсы қасиеттердің бәрін өз бойында ұштастыратын адам болмаса, бірақ бұл қасиеттер бір топ адамның арасында жеке-дара дарыған болса, онда бұл топтың мүшелері бірлесе отырып, әкімнің орнына ие болады, оларды жұрт жақсы басшылар және қадірлі адамдар деп атайды, ал олардың басқаруы қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады».

Сонымен қатар Әл-Фараби жазып қалдырған трактаттар жинағында «қайырымды қаламен» қатар, «қайырымсыз қалалар да бар. «Ол қаланың тұрғындары ешқашан бақыт дегенді білмеген, оған жету олардың ойына да кірмеген», - деп «бақытсыз», «қайырымсыз» қалаға сипаттама береді. Бұлардың ең үлкен қателігі – бақыт жолына бірге жұмылып ұмтылмауында: «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат», - деген тұжырым жасаған Әбу Насыр әл-Фарабидің бұл идеялары орта ғасырлық Еуропадағы мемлекетті басқаруға қатысты гуманистік ілімдердің туып-қалыптасуына зор ықпал етті. Әл-Фарабидің қайырымды қала» турасындағы ойларымен үндестік ағылшын гуманисі Томас Мордың (1478-1535) моральдық-философиялық трактаттарында көрініс тапты. Болашақ қиял жүзіндегі социализмнің негізін қалаушы болып саналатын Томас Мордың басты еңбегі – «Утопия» деп аталды. Ол өз еңбегінде жеке меншікке негізделген қоғамды, өз заманының әлеуметтік-саяси қатынастарын негізге ала отырып, қоғамдық меншікке негізделген қоғамдық құрылысты бейнеледі.

Томас Мордың қиялдағы қоғамы еңбек бөлісіне, оның ішінде отбасы қолөнеріне негізделді. Адамдар демократиялық басқару, еңбек теңдігі жағдайында өмір сүріп, күніне алты сағат жұмыс істеп, қалған уақытында ғылым мен өнермен айналысып, үнемі өзін өзі рухани жетілдірумен шұғылданбақ. Томас Мордың «Утопиясындағы» бұл идеялар болашақтағы утопиялық социализмнің бастамасы болды. Қазіргі күні тіпті Еуропаның кейбір елдерінде Томас Мор ұсынған идеялардың толықтай болмаса да негізінен жүзеге асқаны да өмір шындығы емес пе?

Әл-Фарабидің «Қайырымды қаласы» Томас Мордың утопиялық туындысына әсер етсе, өз кезегінде бұл туынды да өзге еуропалық философтарға үлкен әсер еткені анық. «Адамдар бірлестігі

шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам», - деген Әл-Фарабидің тұжырымы италиялық социал-утопист Томазо Кампанелланың (1568-1639) ұжым туралы ой-пікірлеріне негіз болды. Томас Мордан кейінгі еуропалық ең көрнекті утопист-социалист Кампанелла өзінің «Күн қаласы» атты еңбегінде осындай тұжырымдарды көтерді. Томас Мордың «Утопиясынан» «Күн қаласының өзіндік ерекшелігі – өндіріс ұясы отбасы емес, бригада немесе ұстахана болады. Кампанелланың бұлай деуі бүгінгі еңбек ұжымының құрылымын дәл бағамдағандық еді. Күн қаласындағы билік пен басқару азаматтарды тәрбие арқылы бағындыруға; ғалымдардың рөлін арттыруға; мемлекетті басқарудағы халықтың қатысымдылығын жоғары ұстауға негізделеді деп санаған Кампанелла құлдықты, құл иеленушілікті сынады. Мемлекет құқық, әділ сот және жазаға негізделеді деп көрсетіп, тирандыққа ешбір жол жоқ деп нақты белгіледі. Кампанелла ұсынған бұл ой-тұжырымдардың да бүгінгі демократиялық қоғамда көрініс тауып отырғанын анық сезінуге болады.

Арғы дәуірлерден келе жатқан, жүзеге асуы күрделі, қиялдағы дүниелердің жиынтығы утопия деген ұғымның өзі қоғамдық қарым-қатынастардың арманы ретінде, рухани өмірде жалпылама ойды білдіреді десек, қала мәдениеті ауқымындағы арман мен дала мәдениеті аясындағы аңсардың да онша айырмасы болмаса керек-ті. «Қайырымды қала» ұғымын біз, Еуразияның жалпақ даласында емін-еркін көшіп жүрген, сонымен қатар қала салу дәстүрінен де тым аулақ болмаған халқымыздың түсінігінде алып аумақта өмір сүретін, бағынышты билеушісі бар жұрт ретінде танимыз. Бақуатты тұрмыс кешкен мұндай «қайырымды қауымды» біз Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар поэзиясынан көбірек кездестіреміз.

Отаршылдық қамыты қапысыз кигізіліп, салқар далада емін-еркін көшіп-қонып жүрген қазақ жұрты енді нағыз кіріптарлық – рухани бодандыққа ұшырай бастаған тұстағы ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, намысын жоқтап шыққан ерлердің ортақ аңсар-арманы еді бұл. Өктем жұрттар өгдеп келіп бөліске салуының салдарынан туған жердің төсіндегі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» мамыражай тіршіліктің тұнығы анық шайқалған болатын. Осы тұста, ХІХ ғасырдың ортасынан бастап, кешегі керімсал күнді аңсаған шығармашыл тұлғалар шоғыры «зар заман ақындары» деп аталған болатын. Ал олардың туындыларында қазақ сахарасындағы «қайырымды қаланың» яғни Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жосық қылған дәстүрлі көшпелі елдің Дала демократиясы ауқымындағы мемлекет туралы түсінігі анық таңбаланған.

Билік тізгінін нық ұстау ілімінің классигі Маккиавелли өзінің «Патша» шығармасында: «Билеуші қандай әдістермен мемлекетті басқара алады және билікті ұстап тұрады?» - деген сұраққа: «Биліктің мықты негізін қалау арқылы қол жеткізуге болады», - деп жауап берген екен. Демек, ХҮІІІ-ХІХІ ғасырлар – қазақтың феодалдық патриархалды көшпелі қоғамы үшін «қайырымды қала орнату» арманы орындалмас қиял болып қалды. Себебі, биліктің мықты негізін қалаған Бірінші Петр бастаған солтүстік көршінің айы оңынан туып тұрған еді.

«Осы кезеңде еуропалық мәдениет там-тұмдап болса да жетті, оқыған азаматтар туып шыға бастады деп қанша жақауратқанымызбен, Ресей патшалығы қоластындағы бұл ғасырлар қазақ даласы үшін – Еуропалық капиталистік мемлекеттермен салыстырғанда анағұрлым артта қалған аграрлық мемлекеттің мешеу шет аймағы ретінде сипатталары сөзсіз. Мұндай мешеу ел тұрғындарының бақыт, игілік тұрғысындағы мақсұттарын Әл-Фараби былайша қарастырады: «Игілікті алатын болсақ, олар жұрттың ойынша игілік ретінде саналатын алдамшы нәрселерді ғана, жұрттың ойынша өмірлік мақсат болып көрінетін нәрселерді ғана біледі, мәселен, денсаулық, байлық, ләззат, құштарлыққа салыну бостандығы, құрмет пен даңқ осындай нәрселер. Осы игіліктердің әрқайсысы надан қаланың барлық тұрғындарының пікірінше бақыт болып табылады». Ұлы философ сипаттаған, бақыт туралы бұл түсінік қазіргі қоғамымызға да тән емес деп айта алмайтынымыз да анық қой?

Әл-Фараби материалдық құндылықтарды ту еткен надан қалаларды бірнеше топқа жіктейді. Мұның біріншісі – ділгер қала. Оның себебі: тұрғындары тән қажеттілігіне қажетті нәрселер болушы тағам, сусын, киім, баспана, сұқбаттасу және осыған жету үшін бір-біріне көмектесумен ғана шектелетін бей-жай қоғам. Екіншісі – алыс-беріс қаласы. Мұның ерекшелігі: тұрғындар дәулет пен байлыққа жету үшін ғана бір-біріне көмектесуге тырысады. Өзге мақсаттарды көздемейтін

саудагерлік сипаттағы қала. Үшіншісі – пасықтық пен бақытсыздық қаласы. Бұл қаланың ермегі – тұрғындары тағамнан, ішімдіктен, сұқбаттасудан ләззат алуға тырысады, сезім мен қиялға әсер ететін ләззаттарға, сауық құрып, сайран салуға құштар келеді. Төртіншісі – даңғой қала. Даңғой қала тұрғындары өзге жұрттың сый-құрметіне бөленіп, мақтау алу үшін, өздері жайында басқа халықтар біліп, айта жүруі үшін, сөзбен де, іспен де мадақтап, дәріптеуі үшін, өздерін не жат көзіне, не бір-біріне сән-салтанатымен жарқырата көрсетуге құмар болмақ. Надан қалалардың әміршілері де осы қалалардың өздеріне ұқсас болады. Олардың әрқайсысы өздері билейтін қаланың ісін жүргізгенде жеке бастарының құштарлықтары мен ниеттерін қанағаттандыруды көздейді», - деп анықтама берген Әл-Фараби қайырымсыз қалалар жіктемесін бұдан әрі қарай мансапшыл қала, құштар қала, өнегесіз қала, құбылмалы қала, адасқан қала сияқты қалаларға бөліп, әрқайсысына жеке-жеке сипаттама береді. Қысқаша айтқанда, мұның бәрі – «бақытсыз қаланың» алуан сипаттары болмақ.

Ендеше, мұндай «бақытсыз қаланың» лас батпағына батып, қайырсыз қоғамда өмір сүрмеудің жолын неге іздемеске? Иә, адамзат қоғамының бастамашыл, азаткер тұлғалары бұл мәселеге әрдайым бей-жай қарамаған. Мұны біз әр дәуірдегі көркем шығармалардан анық аңғарамыз. Зорлық пен зомбылық, арсыздық, жауыздыққа жол бермейтін, бейбітшілік сүйгіш азаматтардан құралған «қайырымды қоғам» құруға деген аңсар өзге дәуірді айтпағанда тіпті коммунизмге әне-міне жетеміз деп сендіріп, социалистік реализмнің шеңберіне шектелген кеңес дәуірі қаламгерлер шығармаларында да көрініс берді. Оралхан Бөкейдің «Атаукере» романында иен тауда екі баланы тәрбиелеп жататын бір кейіпкер бар. Шынайы өмірде мұндай адамның болу-болмауы екіталай шығар. Бірақ ақсақалдың асырап-баптап отырған ұл мен қызы Әл-Фарабидің тілімен айтқанда адами шынайы қарым-қатынастан аулақтап бұзылған «қайырымсыз қаланың» жағымсыз әдет, салттарынан қашық ортада өсіп жатады. «Ұлымның аты - Қозы, ал қызымның есімі – Баян, ырымдап әдейілеп қойдым. Егер тегін қуаласаң, бірі – батыстан, бірі – шығыстан. Әдейі Қазақстанның екі қиыр шетіндегі балалар үйінен алып келдім. Қандары араласып, балталаса бөлінбейтін ұжымды ел болсын дегенім», - дейді ақсақал. Бұл да болса, ұлтымыздың мінезіне тән қазақы утопия емей немене? Оралхан Бөкейдің саяқ шалы өзінің елден жырақ жүрген бұл қылығын мына сөзбен нықтап түсіндіреді: «Егер мен елден қашсам, баламның саудайы қылық, арзан қызықтан таза өссін дегенім», - дейді.

Мұндағы әбден былық-шылыққа батқан немесе құлдық сана жан дүниесін әбден сансырата жаулап, тобырлық күйге түскен қоғамнан қашу, сөйтіп біртіндеп азат ойлы, өр халық тәрбиелеу идеясы адамзатқа түскен қасиетті кітаптарда көрініс табатын көне еврейлік аңыздарға жетелегендей. «Бұзылған халықтан» аулақ кетіп, жоғарыдағы Алтайдың қусындағы қазақ шалдың мақсатымен бағыты үндес Мұса пайғамбар: «Я, Раббым! Мен сөзімді өзіме және бауырларыма ғана өткізе аламын. Бұзақы елден арамызды ажырата гөр!» - деп Исрайыл ұрпақтарын ертіп жөнелу үшін жалбарынып дұға қылып, Алла-Тағала сол дұғасын қабыл қылмаушы ма еді. Исрайыл ұрпақтары қырық жыл бойы Тигр сахарасында саяқ өмір сүріп, Мұса пайғамбар осы қырық жылда туған сәбилердің барлығын өзі тәрбиелеп шыққаны туралы аңызға сену-сенбеу – өз еркіміздегі дүние. Бірақ бәрібір де мұның астарында «қайырымды қала» идеясы жатқандығы айдан анық.

Қорыта айтқанда, Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала туралы» трактаттар жинағы – әлемдік ақыл-ой қазынасының қымбат жауқарының бірі ретінде адамзат баласының игілігіне қызмет ете бермек. Сонау орта ғасырларда аталған еңбекке қандай қызығушылық танытылса, қазіргі адамзат қоғамы да бұл еңбекті кәдеге жаратып, ондағы ой-тұжырымдардан сабақ ала берері сөзсіз. Әл-Фарабидің «қайырымды қала тұрғындары» мен қазақтың кешегі көшпелі қоғамы өкілдерінің халыққа ұнамды мемлекет ұғымы турасындағы ой-пікірлердің ұқсастығына да тоқталдық. Мұны адамзат қоғамына жайлы да мінсіз мемлекет құруға деген мәңгілік ұмтылыс, аңсармен түсіндіруге болатын шығар, бәлкім.

Әдебиеттер тізімі

1. Көшербаев Қырымбек. Құндылықтарымыз құлдырамасын [Мәтін] / Қ. Көшербаев. - Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2021. - 344 б.

2. Қартабаева Ерке Тамабекқызы. Шығыс елдерінің ежелгі және орта ғасырлар тарихы [Мәтін] : оқулық / Е.Т. Қартабаева. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 330 б.
3. Әбішев Қажымұрат. Философия [Мәтін] : оқу құралы / Қ. Әбішев, Ә.Қ. Әбішева. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 450 б.
4. Тюркские языки и этносы: языковые и этнодемографические процессы [Текст] : монография / Э.Д. Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Д.М. Насилов и др. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 381 с.

ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

Жиенбекова Айнұр Абдрахманқызы

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Abstract The article is devoted to topical issues affecting some aspects of the modern education system. Social processes unite the global world and education becomes a single system in this world. The Bologna declaration is one of the most important documents in the field of integration of Education. The processes taking place in society cause changes in the field of education and contribute to the development of the general educational component. For modern education, the question remains open: how to build the meaningful side of education in existing educational paradigms. This article is devoted to the spiritual and moral education of young people, which is considered through the lens of the value orientations of modern society. This is largely due to the development of the global information space. Modern society needs spiritually mature and socially responsible citizens, for which a clear state policy is needed to develop general priorities for the spiritual life of civil society, and in this regard - the formation and improvement of a holistic value system. The problem of spiritual security of the individual, society and the state as a condition for the prosperity and successful solution of the internal tasks of socio-economic and spiritual development. The interests of the country and the people should come to the fore. The problems of studying the spiritual and moral values of modern education, the process of their development, clarifying the essence and content are of particular importance at present, since it is directly related to the future of our country, which needs people with a stable worldview and a broad culture.

Key words: spiritual education, moral education, values, strategy, value orientations, initiative, professional competence, socialization, training, knowledge, skills and abilities, spirituality, education, culture, globalization

ҚР-дағы заманауи білім әрқашан шығармашылық, интеллектуалдық, рухани-адамгершілік тұлғаны тұрақты тұтас дүниетаным мен кең мәдениетке тәрбиелеу және оқыту орталығы болды. Құндылықтар дүниетанымның мазмұндық құрылымына енгізілген және ҚР болашағы жас ұрпақтың бойында қандай құндылықтар қалыптасатынына байланысты. Елге рухани - адамгершілік бағдарлары берік кәсіби, шығармашылық тұлғалар, өз елінің өркендеуіне ұмтылатын, өз кәсібінің, отбасының, кәсіпорынның шеңберінде ғана емес, мемлекет пен бүкіл әлемнің ауқымында ойлай алатын патриоттар қажет [1].

Сондықтан жаһандану мен бәсекелестік жағдайында қазіргі қоғамдағы патриотизм мен ұрпақтар сабақтастығы рухында студент жастарды тәрбиелеу мен оқытудың рөлі артып келеді.

Қазіргі қоғамды реформалау кезеңінде елеулі өзгерістерге ұшыраған жоғары білімнің аксиологиялық негіздерін әлеуметтік-философиялық талдау қажеттілігі.

Отан, парыз, ар-намыс, қадір-қасиет, кәсіпқойлық, жауапкершілік және т.б. сияқты дәстүрлі ұғымдар айтарлықтай өзгеріп, мазмұны жағынан өзгеріп, бұрынғы мағынасын жоғалтады.

Қоғамдағы салыстырмалы рухани вакуум, дәстүрлі мәдени құндылықтардың беделін түсіру және нақты белгіленген жаңа рухани бағдарлардың болмауы қазіргі білім беруде рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастыру мәселелерін шешуде елеулі проблемаларға алып келеді [Мясников, 2008: 41-53].

Қазіргі қоғамның тұрақтылығы мен тұрақтылығы көбінесе жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарына, олардың әлеуметтік қасиеттеріне байланысты.

Алынған білім, дағдылар жүйесі ғана емес, сонымен бірге оқу процесінде қалыптасқан адамның дүниетанымы да анықтаушы болуы керек.

Білім алушылардың біртұтас рухани шоғырландырушы бастама бола алатын, жеке тұлғаның салыстырмалы рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ҚР-ның көпұлтты мемлекет ретінде әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани дамуының маңызды факторы ретінде әрекет етуге мүмкіндік беретін базалық рухани-адамгершілік құндылықтар жиынтығына жалпы бағдарын сақтау және нығайту маңызды [Наливайко, 2002:191].

Қазіргі білім берудің рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытудың қарама-қайшы процестерін ашудың, олардың қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік саласындағы рөлі мен орнын өзгертуді қарастырудың маңыздылығы.

ЖОО-дағы күрделі қарама-қайшы процестерді шешудің шарттарының бірі-дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген, бәсекеге қабілетті және жоғары білікті мамандарды дайындауға мүмкіндік беретін, өз елінің Отанының игілігі үшін жұмыс істеуге дайын, оны қорғауға қабілетті және дайын тәрбиенің құндылық әлеуеті.

Қазіргі қоғамға рухани жетілген және әлеуметтік жауапты азаматтар қажет, ол үшін азаматтық қоғамның рухани өмірінің жалпы басымдықтарын әзірлеу бойынша нақты мемлекеттік саясат қажет және осыған байланысты-біртұтас құндылық жүйесін қалыптастыру және жетілдіру .

Әлеуметтік-экономикалық және рухани дамудың ішкі міндеттерінің өркендеуі мен сәтті шешілуінің шарты ретінде жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің рухани қауіпсіздігі мәселесі. ел мен халықтың мүдделері бірінші орынға шығуы керек,

Осылайша, қазіргі білім берудің рухани-адамгершілік құндылықтарын зерттеу, олардың даму процесі, мәні мен мазмұнын нақтылау мәселесі қазіргі кезде ерекше маңызға ие, өйткені ол тұрақты дүниетанымы мен кең мәдениеті бар адамдарға мұқтаж еліміздің болашағымен тікелей байланысты.

Бұл мәселе пәнаралық сипатқа ие, өйткені қазіргі заманғы университеттік білім беру феноменін кез-келген салаға жатқызу өте қиын, өйткені оның көп функциялылығына байланысты қазіргі заманғы ресейлік университеттік білім берудің рухани-адамгершілік құндылықтары мәселелері педагогикалық, әлеуметтанулық, мәдениеттанулық, философиялық және басқа зерттеулерде қарастырылады.

Әлеуметтанушылар мен философтар әлеуметтену процесінде тұлғаның құндылық негіздерін қалыптастыру мәселелеріне қызығушылық танытты [Акулич, 2006:146-160].

Философиялық жұмыстар қазіргі қоғамдағы және әлемдегі өзгерістерге байланысты құндылық басымдықтарының өзгеруін анықтай отырып, білім берудің аксиологиялық, эпистемологиялық, онтологиялық аспектілеріне қатысты болды.

Білім-бұл әлеуметтік процестер мен институттардың әсерін сезінетін, осы әлеуметтік институттардың сипаты мен тиімді жұмыс істеу мүмкіндіктеріне айтарлықтай әсер ететін адами капитал. Бұл болашақты қалыптастыруға шешуші қатысатын білім.

Экономикалық, рухани даму мен қауіпсіздіктің шешуші факторы, сондай-ақ геосаяси мәселелерді шешудің құралы сапалы және тиімді білім болуы мүмкін және болуы керек .

Гуманистік парадигманың аксиологиялық негіздері Ақпараттық қоғам мәдениетіндегі білім беруді реформалаудың құндылық негізі болуға арналған.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің құндылық-мақсатты міндеті-адамның рухани және зияткерлік мәдениетінің негізі ретінде әлеуметтік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Мәдени парадигма тұрғысынан жоғары мектеп өзінің ерекшеліктері бар басқа мәдени-білім беру жүйелерімен өзара әрекеттесуге бағытталған ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің мазмұнын

сақтауды, халықаралық жоғары білім беру жүйелерінің табысты тәжірибесін игеруге ұмтылуды жақтауы керек.

Жоғары мектептің мәдени-білім беру кеңістігін дамыту білім берудің жұмыс істеуінің тұрақтылығын, оған білім беру қызметінің рухани-құндылық мазмұнын бұзуға қабілетті бөтен құндылықтардың араласуынан қорғауды қамтамасыз етуді көздейді [6].

Білім беру мазмұнына "жалпы маңызы бар құндылықтар үшін жауапкершілік", "еркін құндылық өзін-өзі анықтау", "құзыреттілік", "білімділік", "адамгершілік өмір салты" сияқты гуманистік құндылықтарды енгізу және игеру, тұрақты әлемдік дамуға бағдарлану, әлеуметтік-мәдени жағдайдың ерекшеліктерін түсіну қажет, бұл білім берудің негізгі доминанттарының өзегі болуы керек.

Қазіргі білім берудің рухани-адамгершілік құндылықтарының маңызды және мазмұнды жағын зерттеу мәселесін қолда бар Теориялық дереккөздерді талдау негізінде анықтауға болады.

Қазіргі қоғамда адамның рухани келбетінің өзгеруі, оның үлкен материалдық игіліктерге қол жеткізуге деген ұмтылысы байқалады. Қазіргі қоғамның жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік құндылықтар санаттары құндылықтарды көбейту арқылы есыстырылады, кәсіпкерлікті, материалдық әл-ауқатты, күшті құқықты дәріптейді, осылайша тұтынушылық қоғамның идеологиясын ерекше жақсы және лайықты өмір салты ретінде енгізеді [7].

Айта кету керек, біздің қоғамда тарихи кезеңнен бастап Ұлттық сипаттағы белгілердің қалыптасуына әсер еткен дәстүрлер қалыптасты: Отанға деген сүйіспеншілік, руханилық, діндарлық және т. б. Осыған байланысты білім беру қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес қоғамдық пайдалы қызметтің барлық негізгі бағыттары бойынша жоғары білікті кадрларды даярлауды қамтамасыз ету, жеке тұлғаның зияткерлік, мәдени және адамгершілік дамуға, білім беруді тереңдетуге және кеңейтуге, ғылыми-педагогикалық біліктілікке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатына ие. Біз қазір қалап отырған нәрсе болашақта көрініс табады және жастардың білім деңгейі мен сапасына байланысты болады. Сонымен қатар, алынған білім, Дағдылар, яғни Кәсіби құзыреттілік жүйесі ретінде маңызды, сонымен қатар жастардың дүниетанымы, олардың құндылықтары, құндылық бағдарлары, сенімдері мен мұраттары.

Білім беру-қазіргі қоғамның рухани жаңғыруына, ұрпақтар сабақтастығына, азаматтық және патриоттық тәрбиеге, рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына жауапты мәдениеттің бірегей құбылысы.

Рухани-адамгершілік құндылықтар мәдениетті талдаудың негізгі негізі болып табылады, күнделікті өмірді толтыратын, өмір әлемі неден тұрады.

Рухани-адамгершілік құндылықтар философиялық-аксиологиялық талдауға жатады, өйткені олар дүниетанымның мазмұнды кенепіне тоқылған. Сондықтан "құндылық" ұғымын теориялық тұрғыдан түсіну маңызды. Құндылық-өркениет жағдайында қалыптасқан және адамдар олардың мәдениеттің жалпы мағыналы үлгілеріне және әр адамның болашақты жобалау, "басқаша" бағалау және өткенді есте сақтау қабілеті байланысты болатын шекті мүмкіндіктерге қатынасының тікелей тәжірибесі. Құндылықтар адамның әлеуметтік-мәдени белсенділігінің мүмкін болатын шектерінің бірін белгілейді. Құндылықтар иерархиясы қоғамның мәдени және қоғамдық-саяси даму деңгейіне байланысты өзгерді [8].

XX ғасырда құндылықтар проблемасы адам өмірінің іргелі мәселелерімен, жеке және ұжымдық қажеттіліктер, мүдделер, ұмтылыстар тұрғысынан шындықтың танымдық объектілері мен құбылыстарын бағалаумен тығыз байланысты басымдықтардың біріне айналуға. Құндылықтар жүйесі адамгершілік, эстетикалық, діни, әлеуметтік-саяси, көркемдік құндылықтарды қамти бастады.

Аксиологиялық талдаудың міндеті-болмыстың жалпы құрылымындағы құндылықтың қалай мүмкін болатындығын және оның ақшалай болмыс әлемімен, қоғам мен мәдениеттің берілгендігімен, адамға бағытталған құндылықтар ретінде шындықта қалай жүзеге асырылатындығын түсіну. Жалпы, Ерекше және жеке қатынастардың әдіснамалық принципіне сүйене отырып, құндылықтардың бүкіл жүйесі жалпыадамзаттық, социоцентрлік және жеке құндылықтардың жиынтығы арқылы ұсынылуы мүмкін. Жалпыадамзаттық құндылықтар әртүрлілікте бірлік қағидатын жүзеге асырады және кез-келген тарихи дәуірде әр түрлі елдердің, әр түрлі халықтардың құндылық тәсілдерінің ұқсастығын көрсетеді. Олар уақыт сынынан өтіп,

өздерінің шынайы әлеуетін сақтап қалды. Оларға ең жалпы тәртіптің құндылықтары жатады: адам, өмір, еңбек, бейбітшілік, бостандық, теңдік, шындық, жақсылық, Сұлулық. Жоғарыда айтылғандардың туындылары-екінші ретті құндылықтар: әл-ауқат, бақыт, заңдылық, мәдениет, ынтымақтастық, әділеттілік және т.б. бұл құндылықтарды құндылық жүйесінің өзегі деп санауға болады [9].

Жеке құндылықтар тұлғаның құрылымдық және мазмұнды мазмұнымен анықталады. Рухани дамыған тұлға үшін ар-ождан, қадір-қасиет, Ар-намыс, жауапкершілік, парыз сияқты моральдық-адамгершілік құндылықтар өте маңызды рөл атқарады.

Руханият мәселесін зерттейтін ғалым философтар "рух", "руханият" адамның мәнінің негізгі құрамдас бөлігі екенін атап көрсетеді. Адамның шынайы қағидасының мәні-адам рухының қолма-қол ақшасы, оның ақыл-ойы мен еркі, тиісінше, "рух, рухани" ұғымы адамның ішкі әлемін білдіреді, оның барлық ақыл-ой және адамгершілік күштері С. и. Ожеговтың "руханият" сөздігінде "рухани, адамгершілік және зияткерлік мүдделердің материалдық мүдделерден басым болуынан тұратын жанның қасиеті" ретінде анықталады". Ең тән-адамның ең жақсы қасиеттерінің жиынтығы ретінде руханият туралы түсінік [11]. Өйткені, рухани адам әрқашан өзінің айналасындағы әлеммен қарым-қатынасын жақсылық, шындық, Сұлулық негізінде жүзеге асыруға тырысады.

Демек, руханияттың қайнар көздерінің бірі-ар-ұждан, ал руханияттың көрінісі-махаббат. Профессорлар Г. в. Платонов, А. Д. Косичев әзірлеген руханият тұжырымдамасы жеті компоненттен тұрады:

1 компонент-жақсылық пен махаббаттың моральдық категорияларында бекітілген моральдық-психикалық қасиеттер;

2 компонент-ар - ождан, парыз сезімі, мінез-құлқына моральдық жауапкершілікті түсіну, өкіну және өзін-өзі сынау қабілеті, шындыққа, жақсылыққа деген сүйіспеншілік, өтірік пен жеккөрушілікке деген жеккөрушілік;

3 компонент-мейірімділік, жанашырлық, аяушылық, кедейлерге, қарттарға, науқастарға және бақытсыздарға қамқорлық;

4 компонент-пікірлер мен іс-әрекеттердің идеялық-эмоционалды көтерілуі, жоғары патриотизм, жаңа, прогрессивті ұмтылыс, батылдық пен нақты жетістіктердің тектілігі;

5 компонент - түсіну және сұлулық сезімі;

6 компонент-ақыл, интеллект, білім мен шығармашылыққа ұмтылу;

7 компонент-табиғатқа жауапкершілікпен қарау [Платонов, 1998: 3–30].

Көріп отырғаныңыздай, бұл тұжырымдамада моральдық сипаттамалар маңызды орын алады, ал адамгершілік адамның ойлау, сезіну және әрекет ету қабілетін оның рухани бастауларына сүйене отырып сипаттайды, яғни. Моральдық нормалар, ережелер мен талаптар адамның мінез-құлқының біліміне, дағдылары мен әдеттеріне ауысып, оның тұрақты сақталуын анықтаған кезде. Адамның руханилығы туралы айтатын болсақ, біз оның адамгершілік жүйесін, мінез-құлқында әлеуметтік өмірдің жоғары құндылықтарын сақтай білуді, ақиқат, жақсылық пен сұлулық мұраттарына ұмтылуды айтамыз.

Гуманистік дүниетанымның негізінде құндылықтар адамның жеке басының, адамдағы барлық адамның қадір-қасиетін, оның ең жоғары рухани құндылықтарын растауға қызмет етеді және қызмет етуі керек деген идея жатыр. Осыған байланысты жоғары оқу орнының білім беру жүйесі жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін және жеке тұлғаның өзін белсенді және мақсатты түрде қалыптастыруы керек. Жоғары мектептің рухани-адамгершілік құндылықтарының мәнін анықтау кезінде осы әлеуметтік құбылыстың келесі атрибуттарын бөліп көрсеткен жөн.

- біріншіден, рухани-адамгершілік құндылықтар онтологиялық болып табылады, өйткені олар адамға имманентті түрде тән. Олардың онтологиясы мынада: адам рухани-адамгершілік құндылықтар мен қатынастар саласынан тыс өмір сүре алмайды. Сонымен қатар, құндылықтар адамға туғаннан берілмейді, құндылық бағдарлары әлеуметтену процесінде қалыптасады.

Рухани-адамгершілік құндылықтар тікелей берілмейді және нақты көрсетілмейді. Олар ұтымды емес. Сондықтан, эпистемологиялық аспектіде олардың танымы және мінез-құлық практикасында кейіннен жүзеге асырылуы, ең алдымен, нақты болмыс, сондай-ақ мәдени механизмдер: тәрбие, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, нормалар, рәсімдер арқылы жүзеге асырылады.

- екіншіден, рухани-адамгершілік құндылықтар бір уақытта объективті және субъективті. Рухани-адамгершілік құндылықтардың объективтілігі сүйіспеншілік пен жеккөрушіліктің жан-жақты сезімінің объективтілігімен, жеке тұлғаның қалауы мен қабылдамауының жиынтығымен анықталады.

Құндылықтардың субъективтілігі: олардың адамға жататындығында, онсыз олар жоқ, олар тек адами қатынастар түрінде және олар арқылы өмір сүреді; адамның оларға деген таңдаулы көзқарасында; тұлғаның құндылық бағдарларының өзгеруінде.

- үшіншіден, рухани-адамгершілік құндылықтар - нақты-тарихи. Олар белгілі бір дәуірде белгілі бір елдің даму ерекшеліктерімен анықталады.

Рухани-адамгершілік құндылықтар мазмұнының өзгеруі қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы өзгерістерге, білім беру саясатының бағытына байланысты. Тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде рухани-адамгершілік құндылықтардың иерархиясы, олардың құрылымы, мазмұны әр түрлі болуы мүмкін. Бұрынғы, ескірген немесе талап етілмеген құндылықтарды жоғалту, сондай-ақ жағдайға, уақытқа байланысты жаңа құндылықтардың пайда болуы мүмкін.

Бүгінгі таңда толеранттылық (діни, этникалық, ұлттық және т.б.) сияқты құндылықтың пайда болу фактісін айтуға болады.

-төртіншіден, кеңейіп келе жатқан жаһандану жағдайында білім берудің рухани-адамгершілік құндылықтарының әлеуеті басқа елдер мен халықтардың құндылықтарына құрметпен қарау, сабақтастық, аға буынға құрмет көрсету, ұлттық дәстүрлерді ұқыпты сақтау кезінде ұлттық құндылықтардың басымдығына бағдарлануы тиіс; шынайы теңдікті, халықтар бостандығын, лайықты өмірді қамтамасыз етуді білдіретін халықтар достығының құндылығы; басқа ұлттық, діни және әлеуметтік ортадағы адамдарға.

- бесіншіден, рухани-адамгершілік құндылықтардың әлеуеті шығармашылық, гуманистік бағытқа ие, онда жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделері үйлесімді түрде үйлесуі керек.

Жеке тұрғыдан алғанда, рухани-адамгершілік құндылықтар біздің әрқайсымыз, біріншіден, құндылық ретінде адамзат ұрпағының өкілі екендігімізді түсінумен байланысты; екіншіден, әрқайсымыз мемлекеттік, жалпыұлттық (ұлтаралық) құндылықтармен байланысты белгілі бір мемлекеттің азаматы; үшіншіден, жеке тұлға белгілі бір мемлекеттің өкілі ретінде әрекет етеді этноәлеуметтік (ұлттық) құндылықтармен байланысты ұлттар; жеке тұлға белгілі бір қоғамның бөлігі болып табылады, ол өз кезегінде топтық, ұжымдық, корпоративтік, таптық құндылықтармен байланысты. Осыған байланысты жеке тұлға, қоғам және мемлекет мүдделерінің ақылға қонымды үйлесімі болуы керек.

- алтыншыдан, қазіргі білім берудің рухани-адамгершілік құндылықтарына тән белгілер: жүйелілік, иерархия, тұрақтылық, әлеуметтік-мәдени детерминизм [Бондарева, 2019: 43–513].

Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде өзгертін жеке және әлеуметтік үйлесімділік шарасы рухани-адамгершілік құндылықтарды анықтайды. Қазіргі білім берудегі гуманизмнің маңыздылығы баға жетпес. Гуманизмнің негізін қалау-адамгершілікке, жанашырлыққа, шыдамдылыққа, жанашырлыққа, көмекке, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге қабілеттілік, біз болашақ рухани-адамгершілік қоғамды қалыптастырамыз, мұнда әр адам іс-әрекеттің, таным мен қарым-қатынастың толыққанды субъектісі болып табылады және қоғамда болып жатқан барлық нәрсеге жауапты. Рухани-адамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұнын қарастыра отырып, бұл әлеуметтік институт бола отырып, "ішкі процесс, адам өз өмірінде ұстанатын "білім" және /немесе "үлгілерді" құру процесі" ретінде анықталатын, жастарды қоғамдағы өмір мен жұмысқа дайындауда маңызды рөл атқаратындығын атап өтеміз.. оларды әртүрлі қызмет салаларына тарту және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Осылайша, білім-бұл адамның мәдениеті мен шығармашылығы, ал "жанның шығармашылығы - бұл тарихтың, халықтың тағдырының, мәдениеттің дәстүрлерінің және идеалдардың, кемелдіктің таптырмас ізденісінің қатысуы ...» .

Білім-бұл әлеуметтік ұйымдастырылған процесс және оның алдыңғы ұрпақтардың тарихи жинақталған білімі мен тәжірибесін беру, өзін-өзі дамыту, инновация қабілетін қалыптастыру арқылы субъектіні қоғамдық мәдениетке тарту нәтижесі.

Мазмұндық жағынан ЖОО-дағы рухани-адамгершілік құндылықтар махаббат, патриотизм, отбасы, табиғат сияқты құндылықтармен ұсынылған; құрмет, гуманизм, әділеттілік, толеранттылық, жасампаз еңбек, азаматтық ұстаным, ұжымшылдық, халықтар достығы; білім, шығармашылық; бостандық, қадір-қасиет, еңбексүйгіштік, ар-ождан, адалдық, жауапкершілік, парыз.

Әдебиеттер

1. Качество современного отечественного образования: сущность и проблемы. – Новосибирск: Изд-во НГПУ, 2009. – 312 с.
2. Мясников В.А. Образование сегодня: новые возможности, новые проблемы // Мир образования - образование в мире. - 2008. - № 1. - с. 41-53.
3. Наливайко Н.В. Философия образования: комплексный анализ. Новосибирск, 2002. 191 с.
4. Кумбс Ф.Г. Кризис образования в современном мире: системный анализ. – М., 1970.
5. Акулич М.М. Глобализация и образование // Безопасность Евразии. 2006. - № 2. с. 146-160
6. Каган, М.С. Философская теория ценности. СПб: ТОО ТК «Петрополис».- 1997.- 205 с.
7. Философия образования высшей школы: монография/ Т.А.Белогурова, С.Н.Климов, Н.Ю. Налетова и др.; под общ. ред. С.Н.Климова и И.А. Климова.- М.: МГУПС, 2015.- 226 с.
8. Калюжина, Е.В. Высшее образование как социокультурный феномен: институциональный аспект: автореф. дис. ... канд. филос. наук: 09.00.11/ - Челябинск, 2012. - 26 с.
9. Яковлева, И.В. Социально-философский анализ проблем развития российского высшего образования: автореф. дис. ... канд. филос. наук : 09.00.11/. - Красноярск, 2004.- 25 с.
10. Перевозчикова, Л.С. Аксиологические основания гуманистической парадигмы высшего образования в культуре информационного общества: автореф. дис. ... докт. философ. наук : 09.00.13 / Тула, 2009. – 42 с.
11. Ожегов, С.И.и Шведова, Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук. Институт русского языка им.В.В.Виноградова. 4-е изд., доп.-е.-М. : ООО «ИТИ Технологии», 2008. 944 с.
12. Проблема духовности личности: состав, типы, назначение // Платонов Г. В., Косичев А. Д. Вестник МГУ. Сер. 7: Философия. 1998. № 2. С. 3–30.
13. Бондарева Я. В., Молчан Э. М. Духовно-нравственные ценности как вектор развития социальных систем // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Философские науки. 2019. № 1. С. 43–51

ДІНДАРЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ²

Алтайқызы Айкерім

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану орталығының жетекші ғылыми қызметкері, PhD

Аннотация. Мақала «діндарлық» ұғымының мәнін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан ашуға арналған. Діндарлықтың түрлері мен негізгі тұжырымдамалық сипаты анықталған. Автор «діндарлық феноменін» зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін талдау арқылы тақырып аясында ғылыми-дінтанулық көзқарасын қорытындылайды.

Кілт сөздер: діндарлық, әлеуметтік құбылыс, дін және діндарлық, діндарлықтың мәні, діндарлықтың түрлері.

² Мақала АР09259797 «Қазақстандағы діндарлықтың арту процестері: ерекшеліктері, үрдістері, қоғамның және адами капиталдың дамуына әсері (пәнаралық талдау)» ғылыми жобасы аясында орындалды.

Діндарлықты нақты конфессиямен байланысты адамның сәйкестігі ғана деуге келмейді. Себебі ол әлеуметтену қызметін де атқарады, әлеуметтік әрекетке мән-мағына береді. Яғни рухани-өнегелік ережелердің бағыт-бағдары мен жүйесін анықтайды. Діндарлықты екі тұрғыдан қарастыруға болады: 1) ол – әлеуметтік топтың сипаты және діндарлық рухани сана мен мінез-құлықта көрініс табады; 2) жеке тұлғаның өзіндік діни тәжірибесі.

Қазіргі қоғамдағы діннің орнына деген әртүрлі көзқарастар бар, осыған байланысты оның рөлін, мүмкіндіктері мен әрі қарай даму жолдарын бір ғана бағытта бағалау мүмкін емес. XX ғасырдың тәжірибесі діндердің келешегіне қатысты жасалған біржақты болжамдардың дәрменсіздігін көрсетті – діннің жақын арада дауасыз жойылуы немесе бұрынғы кездегі үстемдігінің қайта жаңғыруы. Бүгін дін қоғам өмірінде маңызды рөл атқарып, терең және қайтарымызсыз өзгерістер болып жатыр [1].

Бірқатар дінтанушылардың пікірінше, діннің мәнін түсіну оның формалары мен болмыстық сипаттамаларына жету арқылы мүмкін [2; 3]. Дін әртүрлі халықтардың рухани және материалдық ерекшеліктерімен байланысты. Жалпы дін құбылысының қалыптасуына әртүрлі адам мен топтар ат салысқан. Сондықтан белгілі бір дінге қатысты діндарлық әр тұлғаның түсінігіндегі ерекше және жеке діни тәжірибемен байланысты. Демек дін жеке адамның дүниені сезінуі және оған деген көзқарасы ретінде бүкіл діни топтың ішіндегі дәстүрмен қалыптасады. Сонымен қатар дербес адамның психикасының, іс-әрекетінің, қылығының және уәждерінің көрінісі ретінде байқалады. Бұл туралы ғалым О.Ф. Лобазова да айтады: «діндарлық – жеке тұлғаның өміріндегі дін болмысының дара үлгісі» [4, 89 б.]. Осыған орай «діндарлық» ұғымын анықтау барысы «дін» түсінігін айқындаудың әртүрлілігімен байланысты күрделі болмақ. Әртүрлі діни дәстүрлерде діндарлықтың мәні мүлдем басқа реңктерге ие болуы мүмкін – қарапайым құдайға сенуден зайырлы өмірден толық бас тартуға дейінгі тақуалық; діни дәстүрлерде діндарлық туралы, оның ақиқаты мен жалғандығы туралы пікірталастар көп. Аталмыш ұғымды тұжырымдаудағы басты қиыншылық – әр конфессия ақиқат пен құтқаруға апаратын жол өздерінің дәстүрі деп түсінуінде.

Діндарлық – әлеуметтік тұрғыдан қарама-қайшы құбылыс, себебі зайырлы мемлекетте діни сенім бостандығына кепілдік берілген, яғни адам діндарлықтың кез келген үлгісін іс жүзінде жүзеге асыра алады. Діндарлық заң аясынан шыққан жағдайда және басқа адамдардың құқықтарын бұзған жағдайда қайшылықтарға алып келеді. Алайда діндарлық әлеуметтену қызметін атқару арқылы діни өзгерістер ахуалында өзі өзгереді және діни кеңістікті басқа күйге ауыстырып отырады.

Осылайша бір конфессияның аясында діндарлық анықтамасының ортақ түсінігінің қалыптаспауы айқындалады. Яғни діндарлықты әлеуметтік-философиялық ұғым ретінде динамикалық құбылыс және жеке тұлғалардың қоғамдық қарым-қатынастарының нәтижесі деп қаратырған абзал. Сонымен қатар діндарлыққа әлеуметтік процестердің бастауы мен қозғаушы күші ретінде де қарастыруға болады. Бұндай діндарлықтың мәнін зерттеуге бағытталған тәсілдер дін әлеуметтануына жатады, олар эмпирикалық сипатқа ие. Бұған қоса діндарлықтың мағынасын тұжырымдаудың конфессиялық мысалдары бар, олар ақиқатқа сай діндарлықты табуға ұмтылады. Дегенмен объективті көзқарасты қалыптастыру үшін бұл түсініктің әлеуметтік-философиялық талдауына жүгінген дұрыс. Сондықтан діндарлықтың мәнін анықтау үшін әлеуметтік және теологиялық көзқарастардың ортақ тәсілі ұтымдырақ болмақ. Діндарлықтың мәні туралы жаңа көзқарасты қалыптастыру эмпирикалық деректерді, сонымен қатар этномәдени және конфессиялық ерекшеліктерді ескере отырып мүмкін болады, бұл жағдайда әлеуметтік философия діндарлықты зерттеудің теориялық бағдарларын жасауға мүмкіндік береді.

Неміс ғалымы Георг Зиммельдің [5] пікірінше, «дін діндарлықты емес, діндарлық дінді қалыптастырады». Бұл – ғалымның дін мен діндарлықтың айырмашылығы мен мәніне деген көзқарасының қысқаша түйіні. Ол дін – аяқталған (дайын) өнім емес, өмірлік үдеріс, дәстүрлі мазмұнының тұрақтылығына қарамастан әр жан оны өзіне бейімдеуі тиіс деп санайды [6]. Діннің мазмұны түрлі сезімдерді тудыруы мүмкін, олар дінді үнемі жаңартып отырады. Осы тұрғыдан алғанда діннің қайнаркөздері бар, оның көрінісі мен іс-әрекеті діннің тарихи пайда болуынан айтарлықтай біраз уақыт өткеннен кейін орын алады.

Г. Зиммель діндарлықты діннен былайша ажыратады: діндарлық адам тәжірибесінің ішкі формасы және ол діннен бұрын жүреді. Яғни, оның ойынша, дін діндарлықтың эмпирикалық

транспозициясы, ал ұйымдастыру деңгейі шіркеу, секта, конфессия мен қозғалыстар арқылы жүзеге асады. Г. Зиммельдің әлеуметтік-дінтанулық көзқарасында діндарлық пен әлеуметтілігінің арасында параллелизм бары анық. Әлеуметтанушының «Ақша философиясы» [7] еңбегінде былай дейді: егер біз мәдениетті жетілдіру және әсемпаздыққа ұмтылу десек, яғни өмірдің парасаттандырылған формалары, ақыл-ой және тәжірибелік еңбекті жүзеге асыру, біз бұл құндылықтарды белгілі бір контекстте қарастырамыз. Алайда олардың объективті мағынасы болғандықтан автоматты түрде бұл контекстіге тиісті деп айта алмаймыз. Бұл пікірді Г. Зиммель дінге қатысты да айтады. Бастпақыда дін – жай ғана табиғи құбылыс болады, кейінірек оның рухани мәні артады, одан әрі толығымен мәдениетке айналады. Әлеуметтік ахуалдың діни сипаты көп жағдайда оның дамуының белгілі бір кезеңіне сай болып келеді.

Сюзанна Хугевен бастаған бірқатар батыстық ғалымдар «Діндарлық пен әл-ауқат арасындағы байланыс» [8] туралы жоба жазады. Оның негізінде келесі тұжырымдар жасалған. Дін мен халықтың ауқаттылығы туралы пікірталас көп ғасырларға созылып келеді. Фрейд дінді «табанды ойлардың әмбебап неврозы» деп сипаттаса, ал Ницше христиандықты «адамзаттың аса зор бақытсыздығы» десе, замануи ғылыми әдебиет діннің психологиялық денсаулыққа деген оң әсері туралы көбірек айтады. Мәселен, жеке тұлғаның діндарлығы депрессияның төмендігімен, бақыт сезімінің молдығымен және өмір сүру деңгейіне деген жоғарғы разылығымен байланысты. Ғалымдар тіпті өлім мөлшерінің төменірек екенін айтады. Алайда, авторлардың пікірінше, дін мен әл-ауқаттылық арасындағы деректілік, әмбебаптылық пен әдістемелік қыр-сыры – шешілмеген мәселе. Бұл жобандағы әлеуметтік зерттеу 24 елдің 10 мыңнан астам қатысушылары арасында жүргізілген. Әлеуметтік зерттеуде негізгі екі сұрақ бойынша талдау жасалды: 1) Діндар адамдардың әл-ауқаты қандай, жоғарғы деңгейде ме? 2) Діндарлық пен ауқаттылық ара қатынасының діндегі мәдени нормаларды қабылдаумен байланысы бар ма? Бұл жерде әл-ауқаттылық – әлеуметтік, экономикалық және психологиялық – бағыттар аясында қарастырылған. Жалпы эмпирикалық нәтижелер діни нанымдар мен адамның денсаулығы, оның психологиялық жағдайы арасындағы жағымды байланысын көрсетті. Өмірлік қиындықтар мен күйзелістерге ұшыраған адамдар үшін дін маңызды құрал қызметін атқарады. Ал діндегі мәдени нормалар мен бағдарлар көп жағдайда экономикалық өмір сүруі деңгейіне әсер етпейді.

Қазақстандық дінтанушы ғалымдардың – Қ.А. Затов, Қ.М. Борбасова, Ж.Е. Алдиярова [9] – пікірінше, дін әлеуметтануында діндарлық дегеніміз «тылсым күшке, «қасиеттілікке» сенетін және оған құлшылық жасайтын, дін мен оның қағидаттарын ұстанатын индивидтер мен олардың топтарына тән күйді айтады» [9, 42 б.]. Діндарлық құбылысындағы назар аударатын ең маңызды мәселе – діни сенімдегі канондар тұлға мен қауымдастықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін ынталандыруында. Сонымен қатар, ғалымдардың айтуынша, діндарлық дәрежесі оның белгілерінің көріністері арқылы айқындалады. Оған сенімнің беріктігі немесе әлсіздігі, құлшылық жасау жүйелігі мен діни ұстанымдардың тұрақтылығы сияқты санаттарды жатқызады.

Дінтанушы Б. Мырзаев әлемдік діндер арасында көптеген айырмашылықтар болғанымен, діндарлықтың негізгі өлшемдері көрініс табатын жалпы бағыттар ұқсас келеді деп санайды [10]. Бұндай ұқсастықтарға ғалым Жаратушының сипатын және оған сиынудың түрін, діни ұғымдарды, сенім мен құлшылықтарды, оларға ықпал етуші факторларды, дін мен Құдайға деген сенімнің пайда болуын, діндарлықтың түрлерін, діни құндылықтарды және басқа да осы сияқты өлшемдерді жатқызады. Аталмыш өлшемдерді негізгі бес топқа бөліп көрсетеді:

- 1) идеологиялық – сенім жүйесі;
- 2) әдет-ғұрыптық – діни тәжірибелер мен амалдар, яғни дұға жасау, ғибадат, қажылық, құрбандық шалу, қасиетті кітапты оқу;
- 3) тәжірибелік – әрбір дін өкілдерінің жеке діни тәжірибесі, жаратушымен байланысы;
- 4) ділдік – белгілі бір дінді ұстанушылардың ол туралы білімі, негізгі нанымдары мен құндылықтары туралы ақпараты;
- 5) ықпал етуші – жеке тұлғаның діндар болып өмір сүру арқылы тұтас қоғамның рухани көзқарастарына әсер етуі және бұл діндарлықтың діни қағидаларды сақтап жалғастыруға ұмтылуы.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда діндарлықтың түрлерін әртүрлі тәсіл бойынша анықтайды. Соның бірі діндарлықты – дәстүрлі, сыртқы діни сенім және квазидіндарлық – деп

қарастыру. «Дәстүрлі діндарлық деп елдің дәстүрлі діни сенімі ғана емес, мінәжаттық қызметі мен діни қауымдастықта мүше болуы да жатқызылады. Сыртқы діни сенім діндарлығы дәстүрлі білім шеңберінен шығатын тылсым күштерге мінәжат етумен сипатталатын дәстүрлі емес діндарлық болып табылады. Квазидіндарлық деп табиғи күштерге құлшылық аталады» [11, 178 б.]. Алайда қазіргі әлемге күрделену үрдістерінің салдарынан идеологиялық плюрализм тән. Сондықтан жаңа діни ағымдар мен сананың қалыптасуына байланысты діндарлық типологиясына деген жаңа ғылыми көзқарастар көп.

Дін адамдардың діни емес қажеттіліктерін де толықтыра алады. Мысалы, әлеуметтік қажеттіліктер – діни ұйымдар тарататын мінез-құлықтың діни нормалары мен ережелері, догматтар мен аңыз оқиғалар жүйесі арқылы дүниетанымдық, рухани, танымдық, коммуниктивті салалар айқындалады. Эстетикалық қажеттіліктер – ғибадат аясындағы көркемділік элементтер арқылы шешіледі. Әлеуметтік байланыстарға, жұбаныш табуға және әлеуметтік белсенділікке қатысты қажеттіліктер – діни қауымдастықтарда жүзеге асады.

Діндарлық ұғымы – белгілі бір нақтыланған күйдегі (яғни діндегі) мәдениет саласы. Осыған байланысты Бергер дінді әлеуметтік институт ретінде қарастырып, оған әлеуметтік ахуал мен мәдени-тарихи ортадағы өзгерістер ықпал етеді деп есептейді. Дін институттары мен наным жолдары үлгісінде киеліні объективизациялау – мәдени және биологиялық дүниелердің диалектикасын сыртқа көрсету, ол мәдениетте және адамның күнделікті тұрмысында көрінс табады. Ғалымның «Жасанды секуляризация» [12, 14 б.] мақаласынан діндарлықты шынайлықты құрастырудың субъективті деңгейіндегі дін институционализациясының көрінісі деген анықтаманы табуға болады. Яғни сыртқы әлемнен және жеке легитимациядан объективация процесінде – адамның қалай әрекет ету керектігі туралы ағымдағы «білімді» қабылдау және қолдау. Бергердің пікірінше, қай мотивтер шын мәнінде діни, қайсысы діни емес екенін анықтау оңай емес, екі нұсқаның дәлелдерін кездестіруге болады. Қоғамның экономикалық даму процесінде діннің рөлі өзгереді, бірақ оның негізгі қызметі өзгеріссіз қалады – өлімнің шарасыздығы алдында жеке адамдарды ортақ қоғамға біріктіру.

Діни бірегейліктің тереңдігіне жақындау өте қиын, өйткені діндарлық тәжірибе ретінде «саналы емес деңгейде» тамырланған сезім және ол «объективті» зерттеу әдістеріне қол жетімсіз [13]. Бірақ оның сыртқы көрінісінің ерекшеліктерін зерттеуге болады. Сонымен қатар, діндарлықты зерттеуде бір ғылымның шеңберімен шектелуге болмайды. Психология діндардың ішкі жеке тәжірибесіне сүйенсе, философия діндарлық түсінігіне анықтама берсе, әлеуметтану қоғамдағы діни сезімнің әртүрлі көріністерін ашып көрсетуі тиіс. Дін зерттеушілерін толғандыратын басты сұрақ – белгілі бір конфессияға тәуелсіз, трансконфессиялық болып табылатын діндарлықтың әмбебап сипаттары болуы мүмкін бе? Әрүрлі діндерді тарихи, мәдени және әлеуметтік аспектілерінде түсіну мәселесі де осыған тікелей байланысты.

Өкінішке орай, зерттеушілердің көпшілігі әртүрлі діндер мен діндарлыққа христиан теологиясының көзқарасы арқылы қарайды және олардың әрқайсысы өзінің жеке түсіндірмесін береді. Мысалы, И. Вах «Діндердің салыстырмалы зерттеуі (The comparative study of religions)» атты еңбегінде діни тәжірибенің ойлаудағы, әрекеттегі және қоғамдағы көрінісін талдайды [14]. Алайда, В.В. Овдиенко мен Н.С. Сидоренконың пікірінше, ең алдымен, діндарлық ұғымына анықтама беру керек [13]:

Діндарлық дегеніміз не? Ол дінтанушылар мен дін әлеуметтанушылары әртүрлі түсіндіретін көптеген аспектілерді қамтиды. Адамның таза ішкі өлшемі бар рухани қабілеті – сенімге қарағанда, діндарлық сыртқа бағытталған. Яғни, ең алдымен, оның табиғаты толығымен – әлеуметтік. Діндарлықтың көп өлшемділігін, демек, оны зерттеудің күрделілігін не көрсетеді?

✓ көптеген элементтерді қамтитын конфессиялық өзін-өзі сәйкестендіру: жеке адамның белгілі бір дінді таңдауынан бастап, діни сезімі мен діни тәжірибенің әртүрлі деңгейлеріне дейін;

✓ діндарлықтың көрінісі, ол да көп қырлы болуы мүмкін: діни әдет-ғұрыптарды сақтау және белгілі бір діни символдық жүйені қабылдаудан бастап, өз рәміздерін және тіпті жаңа дінді құрастыруға дейін;

✓ қоғамның жеке адамның діндарлығына деген көзқарасы. Бұл толық қабылдау болуы мүмкін, және, керісінше, конфессиялық қарсыласу немесе ол екеуінің ерекшеліктерін біріктіруі

мүмкін. Мысалы, қазіргі әлемде христиандық пен исламның диалогы аясында конфессиялық бәсекелестікті байқауға болады, ал екінші жағынан, діндер арасындағы шекаралардың анықталуы қиын синкретизмге негізделген көптеген жаңа діни ұйымдар мен қозғалыстар пайда болуда. Әсіресе діндарлық, ғылым, философия және тарих сияқты әртүрлі бағыттардың синтезі жиі кездеседі. Сонымен қатар, егер бұрын дін адамды «таңдаса», қазір адамның өзі «дінді таңдайды».

Осылайша діндарлық – жеке адамның діни қатынастар жүйесіне араласуы, ол әртүрлі дәрежеде болуы және дәстүр, ұйым немесе қозғалыс ретінде жүзеге асуы мүмкін. Бұндай араласу әлемге және өзіне деген ерекше қарым-қатынас сезіміне негізделген. Діндарлықтың ең бастапқы функциясы – адамның өзінің әлеуметтік тағдырын/бағдарын жүзеге асыру деп қорытындылауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Багаева К.А. Сущность религиозности как социально-философская проблема // Манускрипт. – 2016. – № 3(65). – С. 15-17.
- 2) Гараджа В. И. Религиоведение. – М.: Аспект-Пресс, 1995. – 350 с.
- 3) Митрохин Л. Н. Заключение // Религия и политика в посткоммунистической России. – М.: Знание, 1994. – С. 76-93.
- 4) Лобазова О. Ф. Религиозность современного российского общества: дисс., д. филос. н. – М., 2010. – 314 с.
- 5) Simmel G. Essays on Religion. – New Haven: Yale University Press, 2013. – 244 p.
- 6) Simmel G. Sociology of Religion. – Philosophical Library, 1959. – 76 p.
- 7) Simmel G. The Philosophy of Money. – Routledge, 2011. – 596 p.
- 8) A many-analysts approach to the relation between religiosity and well-being // Religion, Brain & Behavior. – 2022. // <https://www.tandfonline.com/doi/epdf/10.1080/2153599X.2022.2070255?needAccess=true&role=button>
- 9) Затов Қ.А., Борбасова Қ.М., Алдиярова Ж.Е. Діндарлық феномені, мәні мен типтері // ҚазҰУ Хабаршысы, Дінтану сериясы. – 2019. – № 3(19). – 40-47 б.
- 10) Діндарлықтың негізгі өлшемдері қандай? 15.05.2020. // <https://kazislam.kz/dindarlyqtyng-negizgi-olshemderi-qand/>
- 11) Құсайынов Д.Ө., Нуров М.М. Зайырлылық пен діндарлық арақатынасы мәселесіне // Адам әлемі. – 2021. – № 4 (90). – 173-180 б.
- 12) Бергер П. Фальсификационная секуляризация // Государство, религия, Церковь в России и за рубежом. – 2012. – № 2 (30). – С. 8-20.
- 13) Овдиенко В.В., Сидоренко Н.С. Религиозность как социокультурное явление // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. – 2014. – № 2. // <https://cyberleninka.ru/article/n/religioznost-kak-sotsiokulturnoe-yavlenie>
- 14) Wach J. The Comparative Study of Religions. – Columbia University Press, 1958. – 231 p.

СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ АҒА РТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Әпенев Болат Мейрамұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, философия ғылымының кандидаты

Abstract. The idea of enlightenment is the central problem of the worldview of the akyns of Syr. If we analyze the socio-political and cultural situation of the Kazakh society in that period, we can see that this phenomenon had its own deep prerequisites. One of them is that Kazakh society is under the influence of Russian colonialism and suffers from its political consequences. The poets of Syr, like the veterans of Alash, believed that the main way to get rid of colonialism was to turn to education and science, to raise public, especially political consciousness.

Keywords: Enlightenment, knowledge, literacy, science, art

Адам және қоғам өмірінде білім мен ғылымның ролі мен маңызын жоғары бағалайтын ағартушылық идеясы адамзат тарихындағы ең бір ізгілік идеяларының бірі болды. ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы адамзат қоғамының қарқынды дамуы, өркениеттілікке аяқ басуы қазақ даласының да көзі ашық азаматтарының ой-толғамына жаңа серпін берді. Олар қазақ қоғамының әлемнің өркениетті елдерімен тең болуының басты алғышарты қоғамның ғылым мен білімге белсенді бет бұруы екенін түсіне білді және өз еңбектерінде қоғамды, жастарды ағартушылыққа үндеп, білім алуға шақырды.

Тұрмағанбет ақынның да өмір сүрген заманы қазақ даласына батыста пайда болып, орыс мәдениеті арқылы қоғам өміріндегі ғылым мен білімнің ролін жоғары бағалайтын ағартушылық идеясының кеңінен ене бастаған кезең болатын. Әр адам өз заманының тумасы. Сондықтан оның ой-толғамдарының өз заманы шындығымен үндесетіндігі заңдылық. Тұрмағанбет те заман ағымынан қалыспай, өз жырларында жастарды білім алуға, оқуға, адамгершілікке, жаман мен жақсыны тануға бірлікке үндейді:

Жасыңнан оқу оқып, үлгі үйрен де,
Ел билеп ұлғайған соң тыныстандар!
«Болайын жақсы жігіт!» дегендерің
Ұстаздың осы айтқанын шын ұстандар! [Ізтілеуұлы, 2007: 26].

Гректер де сезімге бой бермей, оны ақылға жеңдіру адамның басты қасиеті санаған және «дана адам ешқашан билікке ұмтылмайды, өйткені ол өз сезімінің құлы емес» -деген даналық сөз қалдырған. Тұрмағанбет нәпсіге бой алдыру ақымақтың ісі екенін, оның орнына білімге бет бұрып, халық арасындағы қараңғылықпен күресуге шақырады.

Ілімге ықыласты шын қойсаңдар,
Аз болсын ұйқы менен тамақтарың.
Ілімнің құлпын қолға ұстасаңдар –
Басқаның байқарсыңдар бар ақпарын...
Болсаңдар, балаларым, хатқа ұста,
Төрден жай аларсыңдар, тұрмай тыста.
Төр түгіл, төменнен де тимей орын
Жүрсеңдер жалқаулықпен жазы-қыста...
Айналған адамдардай құр құнысқа.
Сауалын Сүлейменнің берген шешіп
Білімге бай болған соң бір құмырсқа [Ізтілеуұлы, 2007: 28-30].

Байқап отырғанымыздай, ақын жырларында ағартушылық мазмұндағы білімге, сауаттылыққа шақыратын, білімнің адам өміріндегі тигізер жақсы қырларын ашуға, білімге жетудің көп еңбекті қажет ететіндігін түсіндіруге бағытталған өлең жолдары өте көп.

Ұлдарым, қолыңа ал қаламыңды,
Хат үйрен, ойыңға қой алаңыңды.
Хатқа ұста қатарыңнан бола қойсаң,

Білерсің жолдас, жора, жараныңды.
Көп оқып, көйіл көзін ашып алсаң,
Жүргізер жұртқа сенің араныңды.
Үгіт сөз осылайша біз – ағаңнан,
Сен түгіл, алты алашқа таралыңды.
«Айтатын ағаң ақыл сен емес бе?» - демей,
Білімге жастай жұмса бар әлінді [Ізтілеуұлы, 2007: 32].

Қазақтың ұлы ақыны Абай өз шығармаларының өзегі болып табылатын «Адам бол» қағидасында адам болмысын «Жан» мен «Тәнге» бөледі. Адамның адамдығы оның «Жанында», яғни рухани дүниесінде екенін тұжырымдаса, Тұрмағанбет өз өлең жолдарында ақыл мен ғылым адам үшін оның адами қасиеттерінің жарқын көрінісі екенін, сондықтан күйбең тіршіліктен арылып, өнер мен ғылымға да ұмтылу қажеттігін баса атап өтеді.

Өнер мен кен-ғылымға уақыттың барда,
Себеп не сабынып қол созбайтұғын [Ізтілеуұлы, 2007: 43].

Ақынның бұл ойлары, жоғарыда атап өткендей, оның ағартушық идеясын халық арасында айқын таратушылардың бірі болғанын айғақтайды. Надандыққа салынбай, ғылым мен өнерге бет бұру, ел арасында ғылым мен өнердің артықшылығы мен жақсылығын түсіндіру ақын шығармашылығының өзегі болып табылады.

Қимаймын «адам»-«далын» надандарға
Надан көп осы жүрген адамдарда.
Далаға «далдың» әрпін жібермеңдер,
Ғылымға ойдың көзін қалаңдар да!
Ғылымға олай болмай, бой ұрыңдар,
Сөзімнің сыңайына қараңдар да! [Жанбершиева, 2013: 48].

Тұрмағанбет өз жырларында адамгершілік қағидаларымен бірге ағартушылық идеяларын ұштастыра білген жан-жақты ойшыл деп тұжырымдауға болады. Төмендегі жыр жолдарында жақсылық, жомарттық, қамқорлық, өнер, ғылым, ағартушылық, білім ұғымдарын бір адам болмысы ұғымына жинақтап, кемел адам ұғымының өзіндік бір идеалын жасайды.

Шамдай бол, түн пернесін ашатұғын,
Жердей бол, бар мақұлық басатұғын.
Үйреніп өнер, ғылым бол адамдай,
Айнала әтір сусын шашатұғын [Жанбершиева, 2013: 96].

Әрине дарындар ел ішінде. Жаңа ғылым мен өнерді үйренетіндер де солар. Сейтжан ақын ойы осындай талапты жастарды тауып, оларға дұрыс бағдар беріп, өнер мен білімге баулу, осындай жастардың көзін ашу, жарыққа шығару. Бұл дүниенің тірлігі таусылмайды. Сондықтан, бос тірлікке аз уақытты зая кетірмей, ақын ойы болашақтың қамын ойлап, өнер мен білімге, ғылымға бет бұру, заман ағымынан қалыспау қажет [Сейтжан, 2006: 19]. Заманның азуы, ондағы адам құндылықтарының өзгеруі ақын-жыраулар шығармашылығының басты өзегі екенін жоғарыда айтып өттік. Ақын ойынша, заманның азуының көріністері елдің мал мен жерінен айрылуы, орыстардың үстемдігі, қазақтардың оларға еліктеп, тілін шұбарлап, өз түбірі мен тілін жоғалта бастауы, елдің орыс заңдарымен өмір сүре бастауы, дінінен ажырап, шарифат заңдарының бұзылуы. Қарап отырсақ, айтылған мәселелердің біздің қоғамымызда әлі де орын алып отырғанын байқауға болады. Мұның өзі ақын жырларының әлі күнге дейін өз өзектілігін жоймағанын білдіреді [Сейтжан, 2006: 21]. Ақын арманы өзге ұлттармен, елдермен тең болу. Өз жырларында қазақ халқының болашағына уайымдап, оның алдағы күні не болары туралы қауіп келтіреді. Шындығында, сол замандағы қазақ халқының тағдырын тарих талқысына салап қарасақ, қазақ халқының бірнеше рет жойылып, тарих сахнасынан өшіп кете жаздағанын байқауға болады. Атап айтсақ, азамат соғысы, конфискация мен ұжымдастыру, ұлт зиялыларының репрессиясы, аштық пен ұлы отан соғысы және тағы басқалар. Мұның өзінен ақынның болашақ алдындағы қорқынышы негізсіз болмағаныны байқауға болады [Сейтжан, 2006: 21-22].

Қазақ халқының қасиетті ұлттық құндылықтары діні, тілі мен жері. Бұл құндылықтарынан айрылған, жоғалтқан халық өзін ұлт ретінде жоғалтады. Сейтжан ақын осы ұлт үшін қауіп-қатерді

дәл уақытында анық бағамдай білген және бүкіл қазақ халқын ойлануға, алдағы күніне қам қылуға, жерін, тілін, дінін қорғап қалуға шақырады. Өйткені, тіл мен дін, туған жер кез-келген халық үшін ұлттық негізі, түбірі, тамыры болып табылады. Олардан айрылып, жоғалтқан ұлт тамырынан айрылған томармен тең мәңгүртке айналады. Бұл жерде ақынның орыс отаршылдығының негізгі бағытары мен тәсілдерін, пиғылдарын анық аңғарып, қазақ халқын ертерек ескертуге, оятуға талпынғанын байқаймыз [Сейтжан,2006: 22].

Сейтжан салдың өмір сүрген уақыты орыс отаршылдығының, одан әрі қызыл империяның билік құрып, үстемдік еткен кезеңдерімен сәйкес келді. Кеңес үкіметінің жүргізген саясатының бір бағыты дінге қарсы бағытталды. Бірақ ақын төмендегі өлеңінде кеңестік саясаттың тек қазақ халқына емес, бүкіл мұсылман баласына қарсы бағытталып отырғанын сынап, халықтың тықырға, жарға таяғанын айтып, оның алдағы болашағына алаңдайды. Сол заманда Сейтжан ақынның кеңестік жүйеің солақай саясатын ашық сынауы оның батылдығын, халқына адалдығын, азаматтық белсенділігін көрсетеді.

Мұсылманның баласына,

Келеді нәубет һәммасына.

Шығып жүрміз жар басына,

Қалай болар заман алда? [Сейтжан,2006: 31]

Кеңестік идеологияның басты ұраны барлық халықтардың нәсілі мен жынысына қарамастан тең болуы, кедейлерге теңдік әперу, шаруаларға жер беру секілді сөздер болды. Ақын өз өлеңдерінде «дос дегеніміз қас болды» дей отырып, айтылған ұрандардың тек сөз ретінде қалғанын, кеңес үкіметінің саясаты қазақ халқы үшін үлкен қайғы мен аштық әкеліп, ел ардақты азаматтарынан, бас көтерер ерлерінен айрылғанын, халықтың өз жері мен малынан айрылғанын баса айтады. Өз өлеңдерінде ақын қазақ халқына бұдан әрі шыдауға болмайтындығын, оянып, қоғамда болып жатқан нәубеттерді көріп, оған ұрындырған солақай саясатқа қарсы шығуға шақырады.

Оян қазақ, көзіңді аш,

Дос дегенің болды ғой қас.

Төгілді қан, кесілді бас,

Қалай болар заман алда? [Сейтжан,2006: 31-32]

Басына бақытсыздық түсіп, азып тозған елінің жағдайына күйіне отырып, ақын елге демеу болар жан іздейді, елдің көпті көрген ақсақалдарынан, қарияларынан демеу күтеді. Жоғарыдағы өлең жолдарынан отызыншы жылдары орын алған кеңестік репрессияның көрінісін байқауға болады. Ақын қариялардан елге ие болуға, ел боздақтарын кеңес үкіметі қылышынан алыпқалуға қаракетқылуға шақырады.

Сонымен, сыр сүлейлерінің дүниетанымында өз бастауын батыс елдерінен алатын ағартушылық идеясы орталық мәселе ретінде орын алады. Сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси және мәдени жағдайын саралайтын болсақ, бұл құбылыстың өзіндік терең алғышарттары болғанын байқауға болады. Соның бірі ретінде қазақ қоғамының орыс отаршылдығының ықпалында болып, оның саяси зардаптарын тартуын атауға болады. Сыр ақындары алаш ардагерлері секілді отаршылдықтан арылудың басты жолы білім мен ғылымға бет бұрып, қоғамдық, әсіресе саяси сананы көтеру деп санады. Қазақтың біртуар ұлы Мұстафа Шоқай бір халықтың екінші бір халыққа үстемдік жасауы, ең алдымен, олардың саяси санасының теңсіздігінен деп тұжырымдайды. Сыр ақындарының бұл тұрғыдағы ойларын талдай келе, олардың ой-толғамы да осы пікірмен толығымен үндесетіндігін байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тұрмағанбет Ізтілеуұлы. Шығармалары. I том. Алматы, Жазушы, 2007 ж.
2. Сейтжан ақын мен жорықбай жырау. Алматы, Арыс баспасы, 2006 ж.
3. Философия тарихы : Оқулық / Ж. Алтай, А. Қасабек, Қ. Мұхамбетали. - Алматы, Паритет, 2006 ж.
4. Жанбершиева Ұ. Тұрмағанбет Ізтілеуовтың әдеби мұрасы. Алматы, Арыс баспасы, 2013 ж.
5. Жүншеев Р.Е. Философия [Мәтін]: Оқу құралы / Р.Е. Жүншеев, Ө.С.- Алматы, 2007.

ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ КЫРГЫЗСКИХ НОМАДОВ И ИХ ОТРАЖЕНИЕ В СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ И ФИЛОСОФСКОЙ МЫСЛИ

Бектанова Айгуль Карибаевна

Қырғыз-Ресей Славян университетінің философия кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы,

Annotation. Kyrgyz traditional culture is a nomadic culture. It has a specific socio-cultural matrix, which differs from the culture of settled peoples. The article examines some features of the traditional culture of the Kyrgyz nomads, it is noted that it is closely related to their economic structure and way of life. Attention is drawn to the fact that many traditions, norms and customs were reflected in folklore, socio-political views and philosophically significant statements of Kyrgyz akyns and thinkers.

Keywords: traditional culture, tribal community, nomads, traditions, sociocultural matrix..

Основными сферами человеческой жизнедеятельности являются экономика, культура, религия и среда обитания. Они обуславливают социокультурную матрицу, существующую в обществе. Социокультурная матрица – это некая совокупность норм, ценностей, традиций и моделей поведения, которые сложились в ходе развития и функционирования конкретной социальной системы. По мнению российских обществоведов В. А. Колесникова и О. А. Полюшкевича, «социокультурная матрица – это основа зарождения и условие развития всех форм социальных институтов, социальных отношений и личного опыта. Данные формы зависят от конкретных географических, исторических и культурно-религиозных особенностей того или иного региона. Личный и общественный опыт человека всегда встроены в эти системы. Они определяют как повседневный уклад жизни, так и какие-либо знаковые, особые, переломные моменты жизни всего сообщества» [Колесников, Полюшкевич, 2013].

Ядро социокультурной матрицы кыргызов составляют нормы и ценности, зародившиеся еще в недрах кочевой общины и соответствующей ей традиционной культуры. Специфика традиционной культуры кыргызов была связана с их хозяйственным укладом и соответствующим ему образом жизни, являющим собой неразрывное единство двух фундаментальных начал – социального и природного. Структура кочевого социума представляла синкретическую целостность, элементы (сфера производства, семья, быт, социальные институты, мировоззрение) которой были «настолько органически взаимосвязаны и взаимозависимы, что немислимо представить структурно-функциональные характеристики каждого из них вне связи с другими элементами общества. Такое органическое состояние общественных отношений у кочевников, в конечном счете, определяет ту фундаментальную структурную особенность культуры, которая заключается в том, что в данном типе социума практически все без исключения социальные элементы, включая производственные, осуществляют определенные культурные функции. Поэтому культура в кочевом обществе – не есть особый срез, сфера или область общественной жизни, а исторически и экологически обусловленное естественное состояние социума» [Алимбай, Муканов, Аргынбаев, 1998:72].

Еще одной особенностью традиционной культуры кыргызов была ее родоплеменная организация. «В отличие от оседлых народов, у номадов ярко выражена родоплеменная идентичность, являющаяся отождествлением кочевников с той или иной родоплеменной структурой, культивирующей соответствующую идеологию, ценности, взаимопомощь и взаимоподдержку» [Джусупбеков, 2009:132]. Другими словами, в основе социальной организации кыргызских номадов лежал трайбализм. К этому можно добавить и то, что член общины идентифицировал себя не только с тем или иным родом, но и с той территорией, которая являлась естественной средой его обитания.

Системообразующей основой культуры номадов являются выработанные веками основополагающие принципы, нормы и формы отношений общинников друг к другу, окружающей среде, природе и т. д., а также способы их осуществления, которые в органическом единстве образуют традиции кочевой общины. «Традиции, выступая одной из социальных норм человеческих, общественных отношений, составляют необходимый компонент жизни общества. В них аккумулируется и передается от одного поколения к другому социальный опыт людей. Благодаря им, обеспечивается преемственность прошлого, настоящего и будущего в развитии общества» [Мукасов, 1999:16-17]. Традиционные нормы поведения определялись в основном идеологией, вытекавшей из культа предков, ибо общины, как традиционный институт социальной организации кыргызов, были основаны и основываются поныне на генеалогии предков. Каждый род считает себя потомками одной родовой ветви, детьми одного предка – праотца (бир атанын балдары). Поэтому одним из неперенных моментов в идеологии культа предков была обязательность знаний своих предков до седьмого колена. Это способствовало, с одной стороны, изучению своих генеалогических корней, а с другой стороны, формированию коллективной социальной памяти, что содействовало сохранению и дальнейшей ретрансляции традиционного способа бытия кочевников.

Красной нитью через традиции общинников проходила идея уважения и почитания старших. Старшие, соблюдая традиционные нормы поведения, не допуская нарушения общепринятых правил, должны были служить примером для младшего поколения, ведь социализация личности проходила только в рамках общины. Кыргызы были уверены, что поступки и деяния молодежи во многом определялись соответствующим поведением их старших сородичей: «Аганы көрүп ини өсөт, эжени көрүп, синди өсөт» («Глядя на старшего брата, растет младший, глядя на старшую сестру, растет и младшая»), «Мурунку көч кайда барса, кийинки көч ошол жакка барат» (Куда следует прежняя кочевка, туда идет и следующая). В свою очередь, молодежь старалась походить на своих дедов и отцов, ведь за скверный нрав и неподобающие в традиционном обществе поступки кыргызы винули не самих нарушителей, а их родителей: «Энеси жаман эзелде онолбойт» («У кого мать плохая, тот вовек не исправится»), «Баланын тентек болмогу үйүнөн» («Озорство ребенка – от дома»). Как видим, старшее поколение несло большую ответственность за воспитание и социализацию подрастающего поколения. Своими поступками, словами, поведением в обществе «отцы» транслировали поведенческую информацию «детям», что содействовало формированию и упрочению характерных для кочевой общины норм поведения. В конечном счете, сложился определенный устойчивый стереотип поведения, основанный на культе предков.

Идеология, основанная на культе предков, затрагивала очень многие аспекты межличностных отношений. Поведение каждого члена общины должно было соответствовать традиционным нормам, выработанным предками в течение многих веков и доведенным до сакрализации. Отдельный член рода не мог представить свое существование вне родовой общности. Причины этого носили как объективный, так и субъективный характер. Объективными причинами были, во-первых, жизненная необходимость совместной организации хозяйственной и производственной деятельности, и, во-вторых, потребность совместного отражения внешней военной агрессии. Сакрализация же традиционных норм родового общества и доминирование, согласно терминологии французского антрополога Л. Леви-Брюля, пралогического мышления чисто субъективно не позволяла индивидууму вырваться из рамок коллективного целого даже в мыслях. Родовая община представляла собой своеобразный «микромир и микрокосм, социум, в котором конституируется вся социальная жизнь индивида, обеспечивается его жизнедеятельность и бытие» [Масанов, 1995:139]. Поэтому, «если не наиболее значительный, то, во всяком случае, наиболее приемлемый, удобный и в этом смысле идеальный тип личности в традиционном обществе – это не незаурядный, яркий, выдающийся человек, а, напротив, индивид, как можно полней воплощающий в себе некоторую сумму выработанных в течение длительного времени устойчивых типичных, обретших силу нормы, освященных традицией качеств», который «целиком был ориентирован на интересы своего рода, племени, ассоциируя и отождествляя себя только с его членами» [Стамова, 2009:155-156, 171].

Но было бы неверным сказать, что традиционное общество кочевников было безликим и однородным. Безусловно, в нем существовала социальная градация. Прежде всего, социальный

статус индивида определялся принадлежностью к определенному роду, имя которого было его «визитной карточкой». Чем выше статус того или иного рода в общей системе родоплеменных отношений, тем значительней и социальное положение представляющей его личности. В каждом же отдельно взятом роде социальный статус личности определялся его местом в вертикальной родовой структуре. Также в каждом роде были свои герои, свои поэты и певцы, словом, свои выдающиеся личности.

арбитра, представители казахской нации реализуют принципы толерантности, невзирая на слабый уровень владения государственным языком представителями некоренных этносов.

Классическим примером позитивных сдвигов в сфере осуществления политики мультикультурализма явилось создание в далеком 1995 г. Ассамблеи Народов Казахстана. Вопреки возникновению деструктивных межнациональных отношений в ряде бывших советских республик, Казахстану удалось не только пресечь целую волну межэтнических трений, но и выстроить особую модель межнациональной политики. Первоначально институт Ассамблеи Народов Казахстана задумывался в качестве совещательно-консультативного органа при президенте. Только, начиная с 2007 г., Ассамблея Народов Казахстана стала реальным политическим субъектом, получив политические полномочия в рамках функционирования Парламента. Проведение политики предоставления равных прав и возможностей стало обретать реальное содержание, конечной целью которой было достижения согласия. Межконфессиональное согласие не следует ассоциировать лишь с искусственным сохранением ныне существующего конфессионального многообразия. Единство – это, прежде всего, связь многообразных элементов при одновременном наличии между ними гармонии как целого. «Ведь развитие только и может осуществляться благодаря творческому взаимодействию, взаимообогащению, взаимовлиянию многообразных сторон целого, в противном случае многообразие будет не развиваться, а распадаться. Именно мультикультурализм является адекватной моделью межэтнического и межконфессионального диалога и взаимодействия в республике Казахстан» [Нысанбаев, 2002: 24].

Таким образом, хочется отметить, что межрелигиозный диалог являет собой уникальное явление современной культуры. Он содержит в себе сложный процесс преодоления ценностно-мировоззренческих противоречий посредством поиска таких социальных целей, которые заложат основу позитивной межрелигиозной практики. Именно поэтому межрелигиозный мир нельзя считать некой утопией, поскольку он есть вполне реальная ценность, наполненная определенным содержанием. Именно поэтому философия и идеология межрелигиозного мира должна стать важнейшим приоритетом выстраивания внутренней и внешней политики многими современными странами.

Использованные источники:

1. Стюарт Д. Синкретизм верований казахов и его актуализация // Глобализация и диалог конфессий в странах Центральной Азии: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2002. – С. 227-231.
2. Цепкова И.Б. Проблема толерантности в современном казахстанском обществе // Евразийское сообщество. – 2000. – № 4. – С. 149-154.
3. Скворцов Л.В. Перспектива толерантности // Человек: образ и сущность. Толерантность и архитектура эмоций / редкол.: Л.В. Скворцов. – М.: ИНИОН РАН, 1996. – С. 8-45.
4. Надыров М.К. Социально-философское исследование феномена массовости: дис. ... докт. филос. наук: 09.00.11. – Бишкек: Институт философии и права НАН КР, 2004. – 216 с.
5. Бестужев-Лада И.В. Диалог между религиями: Возможен ли? Нужен ли? // Вопросы философии. – 2002. – № 4. – С. 60-66.
6. Нысанбаев А.Н. Гуманистические основы межконфессионального диалога и философия взаимопонимания // Глобализация и диалог конфессий в странах Центральной Азии: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2002. – С. 13-25.
7. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра. – 2003, – 288 с.
8. Президент Касым-Жомарт Токаев выступил на открытии VII Съезда лидеров мировых и традиционных религий [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/prezident-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-uchastie-v-rabote-vii-sezda-liderov-mirovyh-i-tradicionnyh-religiy-1485829> (дата обращения: 14.09.2022).

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАШЫҚТАНУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫҢЫҢ РӨЛІ

Андатпа: Қарастырып отырған мақалада қазіргі заманауи қоғамда оқу үдерісі үнемі дамып отыруды талап ететін басымдылықтардың ауысымы және әлеуметтік құндылықтар пайда бола бастауын қарастырған: ғылыми – техникалық өрлеу адамның қажеттіліктерін, адамдардың рухани байлықтарының дамуын үнемі жетілдіруді қанағаттандыруға жауап беретін өндірістің осындай дәрежесіне жетудің тәсілі ретінде қарастырады.

Түйін сөздер: Ойлау, машықтану, ғылым, техника, индукция, тәжірибе, тіл, сана.

Ойлаудың тілсіз өмір сүре алмайтындығы сияқты, тілдің де ойлаусыз мүмкін еместігін шешендер сөзіндегі даналық ойлар да дәлелдейді. Даналық сөздер дұрыс ойлау мәдениетінен туындайды. Даналық ең абзал нәрселерді мейлінше жақсы танып білу деген сөз. Ал өз мәнін ақылмен пайымдауға және білуге қабілетті болса, онда ол ең абзал нәрселерді мейлінше жақсы танып біледі [1, б 75]. Жүйелі логика бар жерде жүйелі түсінік қалыптасады. Таным теориясында тіл мен логиканың байланысын былайша түсіндіреді: «Точно так же не вызывает сомнения, что логика в качестве руководства к правильным суждениям оказывает влияние и на языковое выражение (и в особенности выражение понятий и суждений) и тем самым представляет место для определенных описательно-семасиологических соображений» [2, б 8].

Бүгінде кез келген салада, әсіресе бүгінгі Қазақстанның дүниежүзіне бәсекелі мемлекет болып танылып жатқан уақытында, салауатты да, сауатты ой жеткізетін бүгінгі ұрпақтың тілі шولاқ, ойы ойпаң болмауын қадағалау әрине, ұстаздар қауымына келері сөзсіз. Тіл мен ойлаудың өзара байланысы ұғымдар арқылы жүзеге асады. Бұл туралы С.Негимов, Г.Қосымова, Б.Қасым, Ф.Шамсиева т.б. ғалымдардың оқу құралдары көптеген оқу орындарында тандау пәндерінің негізіне айналды.

Ұғымның пайда болуы санада өтетін пайымдау әрекетінің нәтижесі. Пайымдау арқылы логика ғылымы ойқорытындыларын жасап, қорытпа білім алуда қолданылатын ойлау заңдарын зерттейді. Логика таным теориясының бөлігі ретінде ежелгі Қытай, Үнді және Греция елдерінде біздің жыл санауымыздан бұрын V- IV ғасырларда зерттеле бастаған. Дегенмен, логиканың ғылым ретінде қалыптасқан отаны Ежелгі Греция деп саналады, ал оның негізін салушы ұлы ғалым Аристотель болды. Сондықтан ол логиканың атасы деп саналады. Аристотель ойлаудың формалары туралы өзіне дейін жинақталған білімдерді талдай отырып, логика ғылымының барлық мәселелерін жан-жақты зерттеді. Өзі жасаған бұл ғылымды Аристотель логика демей, «Аналитика» деп атады. Осы еңбегінде өзі ашқан ойқорытындының ерекше формасы – силлогизмді жан-жақты зерттеп, логикалық дәлелдеудің мәнін, ұғымдарды анықтау және бөлу әдістерін, т.б. ашып берді [2, 346]. Дискурдың сабақ барысында туып, оның аяғы таусылмайтын дауға апаратын жері де сол силлогизмге байланысты. Сондықтан сабақ барысында осындайға мұқият болуды қадағалау қажеттілікті туғызады. Силлогизмнің үш терминінің (P-M-S) арасындағы қатынастар адамның ойлау практикасында сан мың рет қайталана келе, аксиомалық сипатқа ие болады. Ал аксиома дегеніміз – ақиқаттығы өзінен-өзі көрініп тұрған, арнайы дәлелдеуді қажет етпейтін қағида екенін математикадан білеміз. Сондықтан да силлогизм адамның ой қорытындысының табиғи формасы. Силлогизмнің аксиомасы терминдердің (ұғымдардың) көлемі және белгілері жағынан екі түрлі тұжырымдалады, үшінші ой тудырады.

Индукциялық ой қорытынды дегенімізде, ғылым мен практиканың кез келген саласында таным үдерісі эмпириялық танымнан, яғни жеке нәрселер мен құбылыстардың сапалары мен қасиеттерін талдаудан басталады. Бір нәрселердің бәрінде тектес табиғат және қоғам құбылыстарын бақылау барысында зерттеуші ұқсас қайталанатын белгілі бір қасиеттерін табады. Олардың ұдайы қайталана беруі: ол қасиеттер белгілі бір топқа жататын барлық құбылыстар үшін ортақ жалпы қасиет екенін көрсетеді. Сөйтіп, жекеше білімнен жалпы білімге көшудің логикалық формасы –

индукция әдісі қолданылады. Индукциялық ой қорытындының негізгі идеясы – жеке айғақтарды жинақтап, жалпы ойқорытып шығару. Бұл жалпылау өзінің мазмұны мен маңызы жағынан алуан түрлі – күнделікті қарапайым іс- практикалық әрекеттен бастап, ғылымдағы тәжірибелік жалпылау немесе ғылымдардың ең жалпы заңдарын қорытып шығару. Индукциялық ой қорытындының негізіне бір топқа жататын құбылыстарда қайталанатын белгілер жайлы тәжірибе жолымен шығарылған жеке-дара жағдайлар алынады. Дедукциялық ойқорытындымен салыстырғанда, индукциялық ой қорытындының ақиқат сілтемелері әрдайым қажетті түрде ақиқат қорытынды бере бермейді, өйткені индукциялық ойқорытынды жеке деректерге, тәжірибелік мәліметтерге негізделетіндіктен, ол деректердің барлық көріністерін түгел қамти алмайды. Тәжірибенің толық аяқталу-аяқталмауы индукциялық қорытындының логикалық сипатына айтарлықтай әсерін тигізеді. Сондықтан индукциялық қорытынды, негізінен, ықтималдық сипатта болады.

Тәжірибелік зерттеудің толықтығына, аяқталған-аяқталмағандығына индукция *толымды* және *толымсыз* болып екі түрге бөлінеді. Толымды индукция дегеніміз – белгілі бір құбылыстың барлық жағдайларын толық қамтитын алғышарттардан жалпы қорытынды шығаруымызға болатын индукциялық ой қорытындының бір түрі. (Мысалы, геометрияда денелердің қасиеттерін, ал географияда дүниенің бөліктерін, дүние жүзіндегі елдерді және т.б. оқып үйренгенде толымды индукцияны қолдануға болады). Толымды индукциядан шығатын қорытынды тек белгілі жағдайларға ғана қатысты болады. Мұнда басқа оқиғалар болуы мүмкін емес. Өйткені олай болғанда индукция толымды болмас еді. Толымды индукцияны қолдану мүмкіндіктері шектеулі, өйткені көптеген нәрселер мен құбылыстардың тобына жататын жеке түрлерін толық тізіп шығу іс жүзінде мүмкін емес. Зерттеушінің зерттеуі тиіс нәрселер мен құбылыстардың тобы шексіз болса, онда ойқорытынды толымсыз индукция формасында құрылады. Толымсыз индукция дегеніміз – зерттеліп отырған құбылыстың барлық жағдайларын қамтымайтын алғышарттардан жалпы қорытынды шығаратын индукциялық ой қорытындының бір түрі. Толымсыз индукцияның ерекшелігі және сонымен бірге құндылығы мынада: біз толымсыз индукция арқылы зерттеп отырған құбылыстың барлық жағдайлары жөнінде жалпы қорытынды жасай алмаймыз. Бірақ толымсыз индукцияның сілтемелерінде ол жағдайлардың бәрі емес, біразы ғана көрсетіледі. Алайда толымсыз индукцияны қолданатын жағдайлар есепке алынбаса, оның бұл ерекшелігі қате қорытындыларға әкеп соқтыруы мүмкін. Мысалы, адамдар аққудың барлығы ақ болады деп ойлап келген. Бұл қорытынды толымсыз индукция арқылы жасалған. Толымсыз индукцияның мұндай түрін қайшы жағдайлар кездеспейтін жай атап көрсету индукциясы деп атайды. Ғылыми индукция дегеніміз – белгілі топқа жататын нәрселердің кейбір бөлігінің себепті байланыстарын және мәнді қасиеттерін зерттеу негізінде, сол топқа жататын барлық нәрселер жөнінде жалпы қорытынды шығаратын индукциялық ой қорытындының бір түрі. Мұндай қорытынды жасау мүмкіншілігі бір текті нәрселердің, құбылыстардың өздеріне тән заңдылықтары мен себептерін білуге негізделген. Ғылыми индукция мен толымсыз индукцияның айырмасы осы жай атап көрсетуден қорытындыланады. Мысалы, біз өзіміз көріп жүрген құстардың барлығының ауамен тыныс алатынын байқаймыз. Осыдан «барлық құстар ауамен тыныс алады» деген қорытынды жасаймыз. Бұл жай атап көрсету индукциясы деп аталады. Бірақ, біз бірнеше немесе тіпті бір құстың тіршілік ету үдерісін есептегенде ауаның өмір сүруге қажетті нәрсе екенін анықтағанбыз, енді біз ауаның барлық құстарға қажетті екені туралы жалпы қорытынды шығара аламыз. Бұл ғылыми индукция болады. Ол өзінің қорытындыларында тек байқалған фактілердің санына сүйенуден гөрі (жай атап көрсету индукциясы секілді), фактілерді мұқият және жан-жақты зерттеуге басымырақ сүйенеді. Егер фактілер зерттеу ісіне жаңа материалдар беретін болса және мұндағы заңдылықты тереңірек түсіну үшін мүмкіндік беретін болса, ғылыми индукция үшін фактілердің саны маңызды болады. [3, б 73]. Біріншіден, ежелгі грек ойшылдары таным процесіне талдау жасай отырып, мазмұны әр түрлі ойқорытындылардың нәтижесінің ақиқат болуы тек алғышарттардың ақиқаттығына ғана емес, сондай-ақ пайымдау барысында олардың арасындағы байланыс түріне де тәуелді деген қорытындыға келді. Екіншіден, ежелгі гректер жұрт алдында сөйлей білу өнеріне айрықша мән берген. Әдемі сөйлей білу, жұртты сендіре білу қабілеті аса жоғары бағаланып, оны үйренуге баса назар аударылды. Қазақ тіліндегі күрделі атаудың ішкі мағыналық құрылымы мен лексикалық мағынасының арасындағы тәуелділікті зерттеген проф. Б.Қасым: «Адам заттар мен құбылыстарды

танып білу нәтижесінде жаңа атаудың өзіне ғана тән белгіні таңдауы, дүниетанымына байланысты белгілеуі атаудың ұғымдық белгісі болып саналады. Ұғымдық, танымдық белгі адам санасында қалыптасқан өмірде бар заттар мен құбылыстарды ұқсату, елестету арқылы тандалынып, жаңа атау жасалуына арқау, өзек болады», – дейді [2, б 198]. Адам миында қандай ой пайда болмасын, ол тілдік материалдың негізінде ғана туындап, іске асады. Тіл – ойды білдіретін таңбалар жүйесі. Тілдегі кез келген сөз дыбыстардың қосындысы немесе таңбалар жиынтығы ретінде материалдық нәрселерге қолданғанға ғана мағынаға ие болады [3, б 73]. Шешендік сөздерде заттың қасиеттерін іріктеп танып білуден туындаған семантикалық мәні өзара түсінікке құрылған тілдік қатынасты құрайды. Адам мен адамның арасындағы қатынаста көбінесе сөздердің ауыс, келтірінді мағыналары белгілі бір психикалық және логикалық мазмұнмен бірлікте құлқын реттеп отырады. Мысалы: «Дүниеде не жеттім?» деген Жәнібектің сұрағына Қарабас шешен: Оты жоқ жер жетім, Басшысы жоқ ел жетім, Елінен ауған ер жетім, Тыңдаусыз сөз жетім, Жоқтаусыз қыз жетім, – деп жауап береді. [4, б 23].

Ой қорытуда сөздің нақты, дәлді болу үшін лебіз мазмұнды болуы керек. Жалпылама сөйлеуден аулақ болу қажет, бұл - тыңдаушыны жалықтырмаудың алғы шарты. Лебіздің мазмұнды, ұтымды, әсерлі шығуы тек, сен кімнің алдында ой жеткізесің, қандай өзектілікті қозғайсың, мәліметтің қаншалықты жаңашылдығы бар, дәлелдемелердің жеткіліктілігі бар ма, осыларды сараптап алу нәтижесінде ғана, дағдыға айналдырған жағдайда машықтанған сөз әдебі ойқорытудың танымдық деңгейіне жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік -эстетикалық трактаттар. Алматы,1975. 420 б.
2. Г.Қосымова.Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. Ғылым, Алматы, 2005. 295б
3. Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім, М.Изотов, К.Жүкешев. Қоғамдық білім негіздері: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық / т.б. – Алматы: Мектеп баспасы, 2006 жыл.
4. С.Негимов. Шешендік шиырлар. Ғылым. Алматы,1991ж. 285б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Серікбай Гүлжан Жанисқызы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия кафедрасының докторанты

Аңдатпа. Қазіргі қоғам өзінің дамуының жаңа кезеңінде. Жаһандану адамдардың жалпы және бірыңғай мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға әкелуде. Мақалада тұлға мәселесінің философия тарихындағы эволюциясы қарастырыла отырып, қазіргі Қазақстандық қоғамдағы тұлға қалыптастыру мәселесінің аспектілері қарастырылады. Адамда тұлғалық қасиеттерін жетілдіру, тәрбиелеу бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі. Осы тұрғыда, адамды жетілдіруде қоғамның орны, рөлі айқындалады.

Кілт сөздер: адам, тұлға, өзін-өзі жетілдіру, қоғам.

Тұлға қалыптыру мәселесі қазіргі заманның философиялық пікірталастары аясында ерекше орын алатыны сөзсіз. Мұның көп бөлігі қазіргі өркениетке тән жаһандық өзгерістерге байланысты. Бұл өзгерістер өмір салтымызға, өзіміз туралы не ойлайтынымызға және коммуникативтік байланыстар желісіне терең әсерін тигізіп отыр. Қазіргі қоғамдағы адам әрқашан трансформация барысында, жан-жақты әрі үздіксіз даму барысында, ол көптеген бірегейліктердің бір уақытта

қалыптастырудың үздіксіз процесіне қатысады. Индивид жеке «Менінің» барған сайын мозаикалық, нақтыланбаған күйін сезінеді. Индивидтің жеке «Мені» қоғамда орын алатын сыртқы факторлар мен жағдайларға бағынатындығын сезінеді. Сол себептен қазіргі жағдай тұрғысынан тұлға және тұлғалық қалыптасу мәселесін, оның генезисін және оны негізгі факторларын зерттеу ерекше маңызға ие. Бұл мәселенің қалыптасуының эволюциясы классикалық философияға тән.

Тұлғаның классикалық субстанциялық концепциясы антикалық философиямен, оның ішінде ең алдымен Платонның есімімен байланысты. Платон философиясында адам мәндер мен идеялар әлемінің аспектісінде қарастырылады, онда оның жаны пайда болып, қалыптасады [1, б. 225]. Адам өзінің негізгі табиғатына сәйкес идеялар әлеміне бағынады және оның шынайы мәні уақыттан тәуелсіз, барлық тарихи және объективті болмыстың арғы шетінде. [1, 226-бет]. Адам өмірінің мақсаты – игіліктің жоғарғы идеясына жақындау, бұл жеке адамға қатысты құндылық – жалпыға бірдей принциптің бастамасын көрсетеді. Платондағы жеке тұлға туралы түсінік толығымен жоққа шығарылмаса да, ол идеялар әлемімен және игілік тұжырымымен салыстырғанда артта қалады. Аристотельдің тұжырымдамасы Платонның ұстанымынан біршама ерекшеленеді, өйткені адамның дара табиғаты оның тұтас мәнімен бірге танылады. Аристотельдегі адам, Платон сияқты, әмбебап, Мәңгілік, субстанциялық және маңызды сипатқа ие. Софистика, скептицизм және эпикуреизм сияқты философиялық ілімдерде тұлғаның индивидуалдығы туралы ұғымының пайда болуының белгілі бір алғышарттары болғанына қарамастан, ол антикалық философияда толық мәнде дами алмады.

Бұл мәселеге байланысты ортағасырлық христиан философиясы адам бойындағы ерекше, қайталанбас тарихи бастаманы табуға тырысты. Құдайды тұлғалық негізде тану, тұлғалық махаббат, индивидтің өлместігі, өтелу және құтқару – антикалық философияның көзқарастарымен қарама-қайшылыққа түскен негізгі элементтер болды [1, с. 228]. Адам ол-толғауының еркіндігінің салдарында, тұлға мәселесі жаңа серпіліс алды. Ренессанс философиясында жеке адам алғаш рет өзінің, өзінің "Менінің" автономды санасының шынайы мағынасында қол жеткізеді. Мұндай үрдіс Жаңа ғасыр философиясында одан да маңыздырақ бола түседі. Мысалы, Гегель философиясында, мұнда тұлға ұғымы міндетті сипатқа ие әмбебап нормаларды тану аспектісінде қарастырылады, және келесі әйгілі принципке сүйенеді: "адам бол және басқаларды тұлға ретінде құрметте" [2, 98-бет].

Әл-Фараби философиясының негізгі ерекшелігі – адам, тұлға қалыптастыру мәселесіне ерекше мән беруі. Адам мәселесі әл-Фараби ілімінің өзегін құраған. Ортағасырлық философияда адам мәселесі дін мәселесімен біте қайнасып жатқан. Құран Кәрімге сәйкес адам Құдайдың жаратылысы және Жаратушысына тұтастай тәуелді, барлық іс-әрекеті діни қағидалармен реттелген және нұсқауланған. Әл-Фараби индивидтен тұлға қалыптастыру мәселесін философиялық тұрғыда шешуге талпынды. Әл-Фарабидің адам мәселесін жаңа қырынан қарастыруы, дін мен философияның байланысын зерттеп, оларды бір-бірін жоққа шығаратын емес, керісінше толықтырушы ғылымдар ретінде тұжырымдауы ортағасырлық философияның тың жаңалығы болған. Осыған орай, әл-Фараби философия ғылымының да беделін айқын көрсеткен, себебі оның пайымдауынша болмыс мәнін ұғынуда философия тек таңдаулы адамдардың құралына айналса, дін қалың жұртшықтың көңілінен шығатын құрал болып табылады.

Әбу Насыр әл -Фараби – Орта шығыста философиялық зерттеулердің объектісі ретінде адам мәселелерін талқылайды. Осы арқылы ойшыл адам мен оның болмысы жайлы ой-тұжырымдарды барынша кеңейтті. Адам мәселесінмен қоса оның өмірінің маңызын және ерекшеліктерін ашып көрсетуге тырысты. Әл Фараби адамның нағыз өмірлік болмысымен және оның бақыт жолына жету мақсатын айқындайтын философия практикалық философия деп аталады. Практикалық философия адам мен оның өміріне байланысты негізгі сұрақтарға жауап іздейді. Әл Фараби философиясында адам мәселесі мен соған байланысты сұрақтар әлемге байланысты жалпы метафизикамен ұқсас болып келеді. Ойшыл адам мәселесін зерттеген кезде ең алдымен адамды қоғаммен байланыстырады. Яғни дүние бастауын адамзаттың қоғамымен байланыстыра келе, алғашқы болмыстың табиғи заңдарға бағыну процессін және бір-бірімен пара-пар даму сатыларымен байланысты екенін пайымдайды. Ол өз зерттеулерінде әлемнің алғаш пайда болуын және оның болмысын зерттейді. Адамзат осы сан алуан қоғамның бір бөлшегі деп сипаттайды.

Әл Фараби философиясында адамның тұлғалық сипатқа жетуінің бірден бір жолы ол өзін-өзі кемелдендіру деп сипаттаған. Кім өзін - өзі танып білуге ұмтылса, өзінде ізгі қасиеттер мен оларға

жету жолдарын тапқысы келсе ең алдымен адам дұрыс жүріс-тұрысты икемдену керек деп сипаттаған. Адамның жанын тазартуы сол бойындағы ізгі қасиеттердің көмегімен жүзеге асады. Осыны пайдалана отырып адам шынайы ізгілікке қол жалғай алады. Философ адамның өміріндегі ғылым мен білімнің рөлін жоғары бағалаған. Оның айтуынша ғылым адамға теориялық күшін жетілдіруге өте қажетті деп сипаттайды. Адамның практикалық ғылымын күшейту процессі бойындағы батылдық, пәктілік, даналық сияқты ізгі қасиеттердің арқасында жүзеге асады.

«Әділеттілікке қатыстыға келсек, ол адамдық күштердің екеуімен де ара-қатынаста болады және ізгіліктерге қарама-қарсы кеселді қылықтарға жоламайды» [3] «Тазалық- сезімдік күшке, ал батылдылық-ашуға, даналық- айыра білуші күшіне жатады. Әділеттілікке, олардың ізгіліктері мен бөліктері, оның түрлері немесе құрамдас бөліктері сияқты жетілгендік күштерінің жиынтығы жатады: бұлар- мырзалық, сабырлылық, төзімділік, бекзаттық, пәктілік, мейірімділік, кешірімділік, қамқоршылдық, қалтқысыздық, тұйықтылық, даналық, айқындылық, көрегендік, естілік, шешімділік, шыншылдық, достыққа адалдық, махаббат, аяушылық, ұяттылық, кеңпейілдік, сөзге беріктілік, кішіпейілділік»[3]

Қазіргі Қазақстандық қоғамда тұлға қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие. Қазіргі кезеңде қоғамда орын алған трансформациялық үдерістер қоғам даму парадигмаларының өзгеруіне, жаңа әлеуметтік қатынастардың қалыптасуына әкелді. Қоғам, адам өміріндегі әлеуметтік іргетастың негізі бола отырып, адам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Қоғамның интеллектуалды, моральдық және экономикалық, техникалық дамуы адамның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Қоғамдағы техникалық өркениеттің және рухани құндылықтардың үйлесімді түрде қарым-қатынас жасауы, оны материалды және рухани тұрғыдан прогресске алып келетін басты фактор деп сипаттасақ болады. Соның негізінде тұлға немесе индивид – қоғам болмысының алғаш бастауы. Адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас екі жаққа ықпал етуші үрдіс. Өз жағдайын, интеллектуалды деңгейін, білімін, рухани құндылықтарын прогрессивті бағытқа бұрған тұлға, өз айналасын өзгертуге үлкен қадам жасайды.

«Кез-келген қоғамның даму тенденциясы ондағы адамдар мен әлеуметтік топтардың даму тенденциясы арқылы айқындалады. Біздің елімізде адамды дамытуға осы соңғы мезгілде ғана көңіл аударыла бастадық», - дейді белгілі ғалым Ә.Н. Нысанбаев [4].

Қоғам барған сайын интеллектуалды элементтің – жаңа білімдерді, дағдылар мен тәжірибелердің жасап шығарудың, яғни әлеуметтік-экономикалық прогрестің қозғаушы күшінің даму деңгейіне мүдделі ғана болып қоймай, оларға тәуелді бола түсуде. Қоғамның дамуы қазіргі таңда адамның шығармашылық тұлға ретінде қасиеттерімен – бұрын жалпы қоғамның дамуы үшін аса маңызды болмаған, оның ішкі потенциалымен анықталады деуге болады. Тұлға қалыптатырудағы мұндай іс-шаралардың маңызы айырықша.

Адам әлеуметтік тіршілік иесі ретінде, біріншіден қоғамға дағдылануға (енуге) және өзінің тұрмыс-тіршілігіне қажетті барлық игіліктерге қол жеткізуге, сондай-ақ қоғамда қордаланған материалдық, рухани игілікттерді өндіру, айырбастау, тұтыну дағдыларына ие болуға, түптеп келгенде өзін-өзі қоғамдық өмірде қорғауға әрекет етеді. Қоғам адамды биологиялық тіршілік иесі деңгейінен әлеуметтік тіршілік иесіне көтере отырып, оны ең алдымен өзі үшін қоғамның сақталуына, өркендеуіне қызмет етуге итермелейді. Демек, әрбір адамның яғни, әлеуметтік тіршілік иесінің өмірінің мәні – бұл өзі өмір сүріп отырған қоғамға қызмет ету.

Рухани-адамгершілік сипатқа ие жеке тұлға ретіндегі адам өмірінің мәні өзі белгілеген өмірлік ұстанымын жүзеге асыру. Адамның өмірінің мәні – өзінің биологиялық жаратылысын, әлеуметтік мақсатын және тұлғалық мұратын толықтай іске асыру. Яғни осы үштіктің жүзеге асуы болып табылады. Адамға бұл өмір мәндік қызметін ұғынуға және орындауға біріншіден, өзі өмір сүріп отырған қоғамдық орта ахуалы зор ықпалын тигізеді.

Қазіргі кездегі қоғамдық прогрестің негізгі бағыты гуманистік, демократиялық қоғам орнату болып табылады. Маркстік теорияға сәйкес қоғамдық прогрестің екі тарихи түрі бар. Олар: антогонистік және антогонистік емес. Прогрестің антогонистігінің негізі жеке меншіктің пайда болып, дамуы және адамның өндірген өнімін басқа біреудің пайдалануы, қоғамдық байлықтың оның тек бір бөлігінің қолында шоғырлануы. Қоғамдық прогрестің антогонистік емес түрі – жоғары күрделі даму түрі болып табылады. Ол қоғамнан саналы әрекетті талап етеді. Қоғамдық байлық тек

жеке адамдардың мүддесіне ғана емес, барлық қоғам мүшелерінің игілігіне қызмет етеді. Мемлекет бұл жерде әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін біріктіруші, қоғамда ортақ мақсатты жүзеге асыруға жұмылдырушы органға айналады.

XX ғ. үшінші жартысында орын алған технологияның қарыштап дамуы, компьютердің жаппай қолданысқа енуі және ақпараттандыру процесі жаңа қоғамдық жағдайдың қалыптасуына алып келді. Осының нәтижесінде қоғам жайлы теориялар да жаңа сипатта дами бастады. Алғашында Ю. Хабермас, Э. Гидденс ақпараттық қоғамды индустриалды қоғамның бір кезеңі деп қарастырды. Д. Белл, Э. Тоффлер ақпараттық қоғамды индустриалды қоғамнан кейін келетін жаңа кезең деп түсіндірді. Бұл туралы зерттеуші Т.Б. Қилыбаев өзінің мақаласында: «Ақпараттық саланың кеңюіне байалынысты кәсіби дағдылық, қоғамның білім беру саласы, еңбектің түрі өзгереді. Сол еңбек үдерісіне қатысып отырған адамдардың іс-әрекеті, рөлі өзгеріп, оның интеллектуалды, шығармашылық еңбегі алға қойылады» [5, 85 б.] деп атап көрсетеді.

Ақпараттық қоғам институтының басшысы, көрнекті жапондық ғалым И. Масуданың ойынша, замануи қоғам көбінесе компьютерлік технологияны қолдануға негізделеді, ал қоғам өмірін технологиялық тұрғыдан дамыту бірте-бірте адам ақыл-ой еңбегінің орнын басады. Масуданың пайымдауынша, мемлекеттегі өндірістің жетекші саласы – бұл өнімін замануи телекоммуникациялық технологиялар арқылы тарататын өндіріс болып табылады [6, 145 б.].

Замануи өркениет – әуелі қалалық өркениет. Қала әлеуметтік ортаның негізі, оның орталығы. Облыстың материалды және әлеуметтік қорлары қала игілігіне жұмсалатыны сөзсіз. Урбанизация бүгінгі күні қарқынды дамыған құбылысқа айналып отыр. 2008 жылы адамзат тарихында алғаш рет, қала тұрғындарының саны ауылдық округтер көрсеткішінен жоғарылады. Бүгінгі әлеуметтік көрсеткіштерге сүйенсек, 2030 жылы әлемдік халық санының 60% қалалық орталықтарға өмір сүреді деген болжам бар. 2050 жыл қарсаңында бұл көрсеткіш 3,2 пайызға өзгеруі ықтимал. Осы себептен қалалық әлеуметтік-экономикалық, мәдени, материалдық, технологиялық, білім-беруші ресурстар барынша прогрессивті бағытта дамуы тиіс.

Адам табиғатынан біріншіден, белсенді әрі жасампаз тіршілік иесі, ол қоршаған ортасын мақсатты түрде өзгертуге бейімделген. Екіншіден, адам әлеуметтік жаратылыс, сондықтан қала адамның шығармашылық қызметінің нысаны мен нәтижесі болып табылады. Қалада адамның өмірдің барлық саласындағы әрекеттері көрініс табады, демек қала – адамның әлеуметтену процесінің квинтэссенциясы. Қоғам, адам өміріндегі әлеуметтік іргетастың негізі бола отырып, барлық салаларын қамтиды. Қоғамның интеллектуалды, моральдық және экономикалық, техногенді дамуы, адамның тұлғалық қасиеттерінің өркендеуіне үлкен мүмкіншілікті ұсынады. Қоғамдағы техногенді өркениеттің және рухани құндылықтардың үйлесімді түрде қарым-қатынас жасауы, қоғамды материалды және рухани тұрғыдан прогресске алып келетін басты фактор деп сипаттасақ болады. Соның негізінде адам немесе индивид қоғам болмысының алғаш бастауы.

Осы идеялардан негіз алатын ең үлкен мәселелердің бірі – қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың арақатынасының мәселесі. Адамдардың қоғамдық санасы олардың әлеуметтік жағдайларының, әлеуметтік болмысының айнасы деп сипаттауға болады. Қоғамдық сана – адам іс-әрекетінің тәжірибесі мен әлеуметтік болмысының негізінде құралады. Осы факторлардың негізінде қоғамдық сананың мәні мен табиғаты түсіндіріледі. Оның негізгі жүйесі және идеологиялық астарын зерттей келе, оның объективті материалды негізіне көз жеткізуге болады. Қоғамдық сананы осы тұрғыда зерттеген кезде, оны адам өмірінің реалді үрдісінің көрінісі екендігіне көзіміз жетеді. Карл Маркстің әлеуметтік философиясында қоғамдық сана, қоғамдық болмыстың дамуына тиесілі екендігі туралы айтады. Бірақ сонымен қатар қоғамдық сана «салыстырмалы дербестікке» де ие. «Салыстырмалы дербестік бұл өзіндік логикаға ие, және қоғам өмірінің әр бөлігіне өз әсерін тигізетін құбылыс. Қоғамдық сана өз бойына, ғылым, өнер, мораль, мәдениет, дін сияқты салалардың өмірлік құнды деректерін қалыптастырып отырады. Сабақтастық – қоғамдың сананың дамуының басты ерекшелігі. Экономиканың, моральдық нормалардың, саясаттың, құқық нормаларының және жалпы қоғамның дамуына білімнің орасан зор түрде қосатын көмегі бүгінгі таңда айқын көрінеді» [7, 10 б.].

Қоғамдық болмыс – адамдардың материалды және рухани қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіншілік беретін құрал. Сонымен қатар қоғамның техникалық, инфрақұрылымдық, технологиялық, материалдық тұрғыдан дамуы қоғам мүшелеріне

білім деңгейін лайықты түрде дамытуға жол ашады. Білім сапасын жақсарту және адамдардың интеллектуалдық деңгейін көтеру қоғамның әлеуметтік, саяси, мәдени дамуына жақсы жағдай тудырады.

Әдебиеттер

1. Брюнинг В. Философская антропология. Исторические предпосылки и современное состояние // Западная философия: Итоги тысячелетия. – Екатеринбург; Бишкек. 1997.
2. Гегель Г.В.Ф. Философия права. – М., 1990.
3. Әл-Фараби әлеуметтік-этикалық тракттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 448 б.
4. Нысанбаев Ә. Еліміздегі адам ресурсы: сана мен сапа // Егемен Қазақстан. – 7 мамыр, 2004.
5. Қилыбаев Т.Б. Әлеуметтік капиталдың ақпараттық қоғамдағы дамуы // әл Фараби атындағы ҚАЗҰУ. Барманқұлов оқулары. Ақпараттық қоғам жағдайындағы электронды бақ ұлттық және жаһандық мәселелері, таяу болашағы. Халықаралық дөңгелек үстел материалдары. – 2011, 145 б.
6. Чернов А.А. Становление глобального информационного общества: проблемы и перспективы. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2004. – Р. 284 с.
7. Гуревич П.С., Спирова Э.М. Размеживание и тенденции современной философской антропологии. Москва, 2015.- 258 с.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЦИФРЛЫ ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ МЕН МОТИВАЦИЯСЫ

Бекенова Жұмагүл Нұрдәулетқызы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия кафедрасының докторанты

Аңдатпа. Мақалада жаһандану үрдісіндегі ақпараттық әлемнің даму бағыты және оның адамға ықпал етуінен туындайтын өзекті заманауи мәселелер жан-жақты қарастырылады. Әр дәуірдің өзіндік үстем құндылықтары болады. Қоғам, сана өзгерген тұста құндылықтарымыздың да жаңартылуы заңдылық. Ал мұның бәрі қазіргі ақпараттық қоғамдағы құндылықтар жүйесін ғылыми тұрғыдан сараптау қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, ақпараттық кеңістік біртұтас құбылыс ретінде зерделеніп, цифрлы қоғамның жағымды және жағымсыз қырлары анықталады. Мақалада жауапкершілік пен еркіндік категорияларына өмірлік маңызды экзистенциалдық категориялар ретінде талдау жасалынған. Бұл философиялық ұғымдар адам тіршілігінің маңыздылығын сипаттайды. Еркіндік пен жауапкершілік бақылау, сараптама, тәжірибе жасау нәтижесінде адам білімінің артуына көмектеседі.

Кілт сөздер: цифрлық қоғам, гуманизм, жауапкершілік, еркіндік, адам өмірінің мәні, тарихи жауапкершілік.

Кіріспе. Ақпараттандырудың жаһандық тұрғыда дамуы және мәдениет дағдарысының тереңдеуі өзара терең байланысты. Ақпараттық қоғам феномені мәдени дағдарыс жағдайында көрініс табады. Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы адамгершілік ережелерінің жаңа тенденцияларын зерттеу қажеттілігі туындап отыр, осыған байланысты теориялық жүйе ретінде ақпараттық этиканы дамыту қажет. Мәдениет дамуының қазіргі кезеңінде адам мен техниканың қарым-қатынас жүйесіне

моральдық нормалар мен құндылықтарды енгізу қажеттілігі туындап отыр. Егер алдыңғы дәуірлерде моральдық қатынастар жүйесі қоғам мен жеке адамның, екі адамның арасындағы қарым-қатынас ретінде құрылса, онда қазіргі заманғы мәдениет адамды қиындыққа душар етті: адам басқалармен жанама түрде өзара әрекеттеседі, бұл анонимділік пен іс-әрекеттің моральдық бақылаусыздығын тудырады. Ақпараттық этика қолданбалы этика ретінде бұл елесті шешуге арналған. Сондықтан қазіргі уақытта ақпараттық жүйелерде этикалық бағыттағы жұмыс үрдісі байқалады, жанама қатынастарды моральдық және құқықтық тұрғыда реттеуге ықпал ететін құқықтық және этикалық нормалар мен ережелерді әзірлеу қажеттілігі туындап отыр.

Менің ойымша, ақпараттық қоғамның моральдық дилеммаларын жеңудің негізгі құралы ақпараттық этика. «Сөздің құнсыздануы», «шындыққа немқұрайлы қарау», «жедел жариялылық», «коммерциялық қызығушылық», «сенсацияға ұмтылу», «жедел іске асыру» мәдениеттің жалпы дағдарыстық жағдайынан туындаған ақпараттық қоғамның негізгі моральдық кемшіліктеріне айналды [1, 48-49 б.].

Қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістіктің негізгі моральдық дилеммасы: қоғамда ақпараттың көптігі мен сенімді болуы арасындағы қайшылық. Бұқаралық ақпарат таратушылардың жеке арсыздығы миллиондаған адамдардың психикалық және моральдық жағдайына қатты әсер етуі мүмкін. Мұның дәлелі ретінде пандемия кезінде таралған жалған ақпараттардан байқасақ болады. Месенджерлер арқылы таралған көптеген қарама-қайшы пікірлердің нәтижесінде адамда экзистенциалды дағдарыс пайда болады, психикалық бұзылулар дамиды.

Қазіргі заманғы ақпараттық мәдениеттің адамгершілік логикасын сипаттайтын моральдық дилеммалар ерекше маңызға ие:

- 1) қоғамның жоғары хабардарлығы мен ақпараттың дәйексіздігі арасындағы қайшылық;
- 2) ақпараттың көптігі мен оның пайдасыздығы, мағынасыздығы арасындағы қайшылық;
- 3) ақпараттың кең таралуы мен оның қол жетімсіздігі арасындағы қайшылық;
- 4) қазіргі заманғы адамның ақпаратпен жан-жақты қамтылғандығы мен ақпараттың адам психикасына деструктивті әсері арасындағы қайшылық;
- 5) сөз бен пікір бостандығы мен сананың манипуляциясы арасындағы қайшылық [2].

Цифрлық қоғамды моральдық тұрғыда реттеудің негізгі тетіктері:

- тиісті комитеттер тарапынан құқықтық және этикалық бақылау шеңберінде қоғамның «ашық моральдық проблемаларын» ұғынуға ықпал ету;

- нақты қарым-қатынасты виртуалдылықпен ауыстыру нәтижесінде пайда болған адамдар арасындағы оқшауланудан шығару. Дәстүрлі мәдениеттің әлеуетін пайдалана отырып, коммуникацияның дәстүрлі тәсілдерін насихаттау қажет;

- қазіргі техникалық дамыған қоғам мен рухани-адамгершілік надандық арасындағы мәдени алшақтықты жоюға ықпал ету;

- Қазіргі интернет-тәуелділіктің төмендеуіне ықпал ету;

- заманауи медиа мәдениеттің ақпараттық әлеуетін пайдалана отырып, қоғамды ізгілікке шақыру;

- медиабілім ресурстарын пайдалана отырып, қоғамды рухани-адамгершілік ағартуға бағыттау;

- интернеттегі мінез-құлық пен қарым-қатынасты нормативтік реттеу тәсілі ретінде желілік этикеттің дамуына ықпал ету; ақпараттық қоғамның қолданыстағы этикалық кодекстерін жетілдіру [3, 140 б.].

Моральдық мәселелерді шешуде рефлексия маңызды орын алады. Алайда, қазіргі технологиялық өмірдің жедел қарқынында адамдар философиялық рефлексияны қажет етпейді көбінесе нақты, жедел шешімдер қабылдауды талап етеді.

Адам баласына берілген еркіндік пен жауапкершілік, оны айналадағы болмысты зерттеп, тануға қызықтырады. Сондықтан бұларды иеленгендер қашанда белсенді позицияда тұрады. Таңдау еркіндігі арқылы әрекеттене отырып, адам тәжірибесін байытады, өзін көрсету мүмкіндігіне ие болады. Олар өз еркімен әрекет етіп, ойлай алатын мүмкіндіктен тұрады.

Объективті әлемде біз өзімізден басқа бар нәрсені көрмейміз, тек, өзіміздің еркін әрекетіміздің ішкі шектелуін ғана байқаймыз. Еркіндік үшін алғышарт қажет, адам өз әрекетінде еркін, соңғы

нәтижесінде қажеттілікке тәуелді. Адам еркіндігі мәселесі қазіргі таңда саяси және рухани өмірдің орталығында тұр, оған жету деңгейі қазіргі қоғаммен, оның жалпы мәдени дамуы демократиялығымен анықталады және өркениеттілігінің негізгі критерийі болып табылады [4, 480 б.].

Қаншалықты абстрактілі ұғым болса да, еркіндіктің нақты, тарихи және әлеуметтік жағдайда мазмұны бар. Еркіндік пен жауапкершіліктің байланысы адам болмысының әмбебаптық сипаттамасы. Қарапайым түсінікте еркіндік біреудің үстемдігінсіз өмір сүру, қалаған әрекетін іске асыра алу қабілеті болып саналады. Еркін таңдау, ерікті адам, ерікті ерік, азамат еркіндігі, еркін ойлар, еркін махаббат міне қарап тұрсаңыз, қоғамдық сана мен бұқаралық мәдениетте еркіндіктей анағұрлым қажетті де, лайықты ұғым жоқ та шығар. Сондықтан, адамзат үшін еркіндік пен жауапкершілік – мемлекет қайраткерлерінің, жастар субмәдениетінің риторикалық атрибуты болып саналады. Еркіндік пен жауапкершіліктің философиялық интерпретациясы әртүрлі түсіндірулермен байланысқан. Мұнда орталық мәселе ретінде, еркіндік пен қажеттілік арақатынасын алуға болады. «Краткий словарь философии права» кітабында жауапкершілікке мынадай анықтама берілген: «Жауапкершілік – тұлғаның әлеуметтік ортадан қоғам мен мемлекеттен нормативтік үлгіге сәйкестікті талап ететін этикалық-құқықтық категория». Жауапкершілік ұғымында әлеуметтік нормаларды ұстану үшін моральді-құқықтық санаға шақыратын мәжбүрлік сипат бар. Бұл біздің жоғарыда айтып кеткен анықтамамызға ұқсас болып тұр. Еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысы адамзат дамуының ажырамас бөлігі, олар материалды игіліктер мен ақпаратқа өзара айырбас жасаумен байланысты [5, 320 б.].

Философиялық сөздікте де жауапкершілік пен еркіндік өзінше анықталып жүр. Анықтамасы бойынша: «Жауапкершілік – этика және құқық саласымен байланысқан, ерекше, әлеуметтік және моральді, құқықтық тұлғаның қоғамға, адамзатқа қатынасын білдіреді, ол өнегелік парыз атқарумен сипатталады». Анықтамада көрсетілгендей, шындығында, қазіргі кезде жауапкершілік этика мен құқық саласында ең көп қолданыс тапқан, өнегелік парыз сезімімен байланысқан. Дегенмен, бұл анықтаманы толық, жан-жақты деп айту қиын, себебі, адам онтологиясының осы мәселеге қатысты келесі маңызды көрінісі – еркіндікпен байланыссыз қарастырған. Жауапкершілік – еркіндіктің керісінше жағы, оның екінші «мені», ол еркіндікпен үздіксіз байланысқан, еркіндіктің имманентті шектеушісі болып табылады.

Философиялық әдебиетте: жауапкершілікке қоғам алдында адамның өз міндеті мен парызын сезінуінің моральдік-психологиялық категориясы деген анықтама беріліп жүр. Бұл тұрғыдан қарағанда, жауапкершілік – адамдардың өз әрекетінің нәтижесін көре білу мүмкіндігі, оның қоғамға әкелер пайдасы, не зияны бар ма, осыны анықтау болып табылады. Қалай десек те, бұл екі ұғым философиялық қана емес, антропологиялық, онтологиялық, діни, этикалық, құқықтық ұғымдар ретінде күнделікті тұрмысымызда көп кездесетінін байқаймыз. Этикалық тұрғыдан жауапкершілік ұғымына жақын ұғымның бірі әдеп болып табылады, ол туралы саралап көрсек: әдеп – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтық атауы. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен байланысты. Бұл сипатта әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады.

Объективті әлемде біз өзімізден басқа бар нәрсені көрмейміз, тек, өзіміздің еркін әрекетіміздің ішкі шектелуін ғана байқаймыз. Еркіндік үшін алғышарт қажет, адам өз әрекетінде еркін, соңғы нәтижесінде қажеттілікке тәуелді. Адам еркіндігі мәселесі қазіргі таңда саяси және рухани өмірдің орталығында тұр, оған жету деңгейі қазіргі қоғаммен, оның жалпы мәдени дамуы демократиялығымен анықталады және өркениеттілігінің негізгі критерийі болып табылады. Еркіндік пен жауапкершілік тұлғаның өмір сүруінің шарттары, адамдар өз әрекетінің мақсатын анықтағанда едәуір еркіндікті иеленеді. Еркіндік те, жауапкершілік те абсолютті ұғымдар емес. Еркіндік бізді күреске итерме-лейді, адамдық қуаныш пен ләззаттан бас тартуға сүйрейді. Қайғыру, тәуекел, жеңіліс арқылы болған еркіндіктің өзі өмірімізді жақсы ете алады, сондықтан оған адам ғана таңдау жасайды. Еркіндік пен жауапкершілік мәселесі өздерінің әлеуметтік мәнінде қоғамдық өмірде, саясатта, заң, басқа да заңды актілерде, өнерде, көркем әдебиетте кең тарағандықтан антропо-логия, саясаттану, заң ғылымдары, психология, мәдениеттану, әлеуметтану, этика, қоғамтану пәндерінің орталық мәселесі ретінде көреміз.

Бұл категориялар адамзат дамуының әрбір кезеңінде, әр дәуірдің философтары, әлеуметтанушылары болсын, тіпті христиандық, ислам және буддизм дінінің өзі еркіндік мәселесіне өзінше қарап, өздігінше тұжырым жасаған, алайда мәселе күрделілігінің салдарынан толық шешілмеген және бұл ұғымдардың өзара байланысының әлеуметтік-философиялық, діни-этикалық аспектілері жайлы зерттеу жоқ, сондықтан біз осы мәселені көтеріп отырмыз.

Қаншалықты абстрактілі ұғым болса да, еркіндіктің нақты, тарихи және әлеуметтік жағдайда мазмұны бар. Еркіндік пен жауапкершіліктің байланысы адам болмысының әмбебаптық сипаттамасы. Қарапайым түсінікте еркіндік біреудің үстемдігінсіз өмір сүру, қалаған әрекетін іске асыра алу қабілеті болып саналады. Еркін таңдау, ерікті адам, ерікті ерік, азамат еркіндігі, еркін ойлар, еркін махаббат міне қарап тұрсаңыз, қоғамдық сана мен бұқаралық мәдениетте еркіндіктей анағұрлым қажетті де, лайықты ұғым жоқ та шығар. Сондықтан, адамзат үшін еркіндік пен жауапкершілік – мемлекет қайраткер-лерінің, жастар субмәдениетінің риторикалық атрибуты болып саналады. Еркіндік пен жауапкершіліктің философиялық интерпретациясы әртүрлі түсіндірулермен байланысқан. Мұнда орталық мәселе ретінде, еркіндік пен қажеттілік арақатынасын алуға болады. «Краткий словарь философии права» кітабында жауапкершілікке мынадай анықтама берілген: «Жауапкершілік – тұлғаның әлеуметтік ортадан қоғам мен мемлекеттен нормативтік үлгіге сәйкестікті талап ететін этикалық-құқықтық категория». Жауапкершілік ұғымында әлеуметтік нормаларды ұстану үшін моральді-құқықтық санаға шақыратын мәжбүрлік сипат бар. Бұл біздің жоғарыда айтып кеткен анықтамамызға ұқсас болып тұр. Еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысы адамзат дамуының ажырамас бөлігі, олар материалды игіліктер мен ақпаратқа өзара айырбас жасаумен байланысты [6, 639-640 бб.].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған ақпаратты тасымалдау мен өңдеу құралдарының дамуы, оларды жеткізу мен тарату жылдамдығының күрт артуы, ақпараттық үрдістердің қарқынды дамуы басталды. Аталған үрдістер қоғамның жаңа үлгісінің пайда болуына және оны басқару мен қызмет етуін қамтамасыз ету қажеттілігіне алып келді.

Ақпараттық этика - медиа мәдениеттің манипуляциялық әсеріне идеологиялық және моральдық тұрғыда қарсы тұруға көмектеседі. Осылайша, қазіргі ақпараттық қоғамда адам мінез-құлқын моральдық реттеудің маңызды әдісі ретінде әрекет ететін «ақпараттық этика» үлкен мәнге ие екені нақтыланды.

Жалпыға ортақ қол жетімді Интернеттің пайда болуының арқасында қазіргі қоғамдағы әртүрлі деңгейдегі құрылымдар элементтерінің арасындағы қатынастардың бір-бірімен араласуын көруге болады. Бұл адам баласының дамуын айқындайтын жаһандық мақсаттағы басқарушылық шешімдер қабылдауға, оның жүйеге кіруші әрбір элементке іс жүзінде жетуіне және олардың іс-әрекеттерін осы мақсаттарға жету жолында бағыттауға мүмкіндік береді. Интернет кеңістіктің дамуына мемлекет, корпорациялар және желі ішіндегі қауымдастықтарда өздері қалыптастыратын адамдар тобы әсер етеді.

Бұрын еңбек құралдары адамның физикалық мүмкіндіктерін кеңейтіп келсе, қазіргі таңда ақпараттық құрылымдардың дамуы әсерінен еңбекте адамның зияткерлік қабілеттіліктері күшеюде. Сонымен бірге, еңбек үрдісінің интеллектуализациясы адамның технологиялық үдерістерге қатысу бостандығын жоғарылатып, тұлғаның шығармашылық қалыптасуына мүмкіндік ашуда [7, 255 б.].

Ақпараттық қоғамның жалпылама әлеуметтік-мәдени ахуалы дәстүрлі құндылықтар мен өмірлік стандарттарды қайта қарау мәселесін тудыруда.

Қазіргі кезде барлық мемлекеттерге тән бұқаралық сана мен бұқаралық мәдениет тарихи даму барысында күрделі өзгерістерге ұшырады. Желілік құрылым басымдылығы орын алған қазіргі жағдайда адамзат өзара қарым-қатынас әлемін ақпараттық-технология өлшемдеріне сай қайта қалыптастыруға нық қадам басты. Бұл желілік құрылымның онтологиялық сипаты мен мәні және адамның жаңа медиашындықтағы орны туралы мәселені шешуге итермелейді. Себебі, желілік құрылым субъект санасында әлем мен адамның, әлеуметтік ортаның бұрынғыдан өзгеше бейнесін қалыптастырады. Медиа құралдарының дамуы мен жетілуі тұңғыш рет «бұқаралық адамды» әлеуметтік үрдістегі жеткілікті түрде ықпал ете алатын анонимді топқа айналдырды. Осыған орай әлеуметтік өмірдегі «статус иерархиясы» да өзгеріске ұшырады. Ендігі жерде «бұқаралық адам» өзін

қоғамдық жүйеге «бағыныштылығына» қарай бірегейлендірмейді, керісінше заманауи өмірдің бірден-бір қажетті және қозғаушы күші ретінде сезініп, әрекет етеді.

Әлеуметтік өмір үрдістеріне қатысушы барлық адамдардың ақпараттық өзара әрекеттестігімен байланысты желілік құрылымның дамуы қоғамдық және тұлғалық өрлеудің басым алғышарттарының бірі болып табылады.

Цифрлық қоғам өзінің коммуникациялық мүмкіндіктерімен қатар, өзінің бойында жасырын қауіп-қатерге де ие. Адам бостандығын басқару, психиканы бағдарламалау, нейролингвистикалық бағдарламалау, саяси пиар-технологиялар – осылардың бәрі қолдарында бар «қаскөйлер» дәстүрлі моральдық құндылықтар тұрғысынан қарағанда тұтас мемлекет пен ел үшін апатты зардаптарға алып келуі мүмкін [8, 440 б.].

Әлбетте, бейнелі ақпарат таратудағы техникалық мүмкіндіктердің орасан зор рөлін ерекше атап өту – маңызды құбылыс. Эфирлік толқын арқылы тараған сигналдар бүгінде ұялы телефон толқындары арқылы таралуда. Өткен ғасырдың 50 – жылдарындағы сіріңкенің қорапшасындай теледидарлар қазіргі таңда бөлменің жартысындай көлемді алып жататын жұқа плазмалық теледидарларға ұласты. Бұрын-соңды көрермендер теледидар тамашалауға арнайы уақытта арнайы жерге баруға мәжбүр болса, бұл күнде қалталы телефондар - смартфондардың көмегімен әлемнің кез-келген нүктесінде көре алатындай деңгейге жетті.

Болашақта көпжақты құбылыс әрі пәнаралық күрделі мәселе ретінде цифрлық қоғамдағы құндылықтар жүйесі басқа қырынан да зерттелуі тиіс деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Плешаков В.А. Виртуальная социализация как современный аспект квазисоциализации личности // Проблемы педагогического образования. Сборник научных статей. Вып. 21. – М., 2005. – 48-49 б.
2. Мантатова Л.В.. Стратегия развития: Ценности новой цивилизации. - Улан-Удэ: издательство ВСГУТУ, 2004.
3. Вальденфельс Б. Ответ Чужому: основные черты респонзивной феноменологии // Вальденфельс Б. Мотив Чужого. Мн.: ПроPILEI, 1999..123-140 б.
4. Йонас Г. Принцип ответственности Опыт этики для технологической цивилизации. М.: Айрис-пресс, 2004. 480 б.
5. Ореховский А.И. Философия ответственности. Методологический, концептуально-теоретический, правовой, аналитико-прогностический аспекты. М.: Алгоритм, 2015. 320 б.
6. Сартр Ж.-П. Бытие и Ничто: Опыт феноменологической онтологии. – М.: Республика, 2000. 639 б. (Мыслители XX века)
7. Философия ответственности / Под ред. Е. Н. Лисанюк, В. Ю. Перова. СПб.: Наука, 2014. 255 б.
8. Ши Тао. Собрание высказываний о живописи // Завадская Е.В. Эстетические проблемы живописи старого Китая. М.: Искусство, 1975. 440 б.

КАТОЛИЧЕСКАЯ ЭСТЕТИКА В ДУХОВНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КАЗАХСТАНА

Мкпо Дана Сериковна

эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының магистранты

